Том 33

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

33
ТОМ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1979

ЗК 2
Л 40

Л $\frac{10102-223}{401(07)-79}$ 2—79. 0101020000.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отыз үшінші томына 1917 жылы август — сентябрьде жазылып, 1918 жылы жеке кітап болып басылып шыққан «Мемлекет және революция. Марксизмнің мемлекет туралы ілімі және пролетариаттың революциядағы міндеттері» деген шығарма, сондай-ақ бұл шығармаға арналған, В. И. Ленин «Марксизм мемлекет туралы» деп атаған дайындық материалдар еніп отыр.

XX ғасырдың басында капитализм өзінің соңғы сатысына — империализм сатысына енді, Ленин бұл сатыны социалистік, пролетарлық революцияның қарсаңы деп сипаттады. Капитализмнің қайшылықтарын мейлінше шиеленістірген бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) бірқатар империалистік елдерде революциялық дағдарыстың пісіп жетілуін тездетті.

Екінші Интернационалдың оппортунистік лидерлері (Э. Бернштейн, К. Каутский және басқалар) бұл кезде марксизм негіздеріне, социалистік революция мен пролетариат диктатурасына, буржуазиялық мемлекетті пролетарлық мемлекетпен революциялық жолмен ауыстыруға қарсы шықты, капитализмнің социализмге бейбіт ұласуы теориясын қорғады. Мемлекет атаулыға, оның ішінде пролетариат диктатурасына да, анархистер қарсы болды. Өзінің бірқатар мақалаларында Бухарин мемлекет туралы мәселе жөнінде антимарксстік, жартылай анархистік көзқарастарды жақтады.

Империализм дәуірі пролетариат пен оның маркстік партиялары алдына буржуазияның үстемдігін құлатып, жұмысшы табының саяси өкіметті жеңіп алуы міндетін қойды. «Сонымен, пролетариаттың социалистік революциясының мемлекетке көзқарасы туралы мәселе,— деп атап көрсетті В. И. Ленин,— тек практикалық-саяси маңыз ғана алып отырған жоқ, сонымен бірге өзін капиталдың тепкісінен құтқару үшін бұқараның таяу уақытта не істеуі керек екендігін ашып түсіндіретін мәселе ретінде де мейлінше көкейтесті маңыз алып отыр» (осы том, 4-бет).

Пролетариат күресінің жаңа революциялық тәжірибесін творчестволықпен қорыту, соның негізінде социалистік революцияның маркстік теориясын, мемлекет туралы ілімді одан әрі дамыту сол кезеңде революцияшыл марксистердің алдында тұрған басты міндет болды. Ең алдымен ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың мемлекет жөніндегі көзқарастарын қалпына келтіріп, жүйелі түрде баяндап беру және оларды жаңа тарихи жағдайға бейімдей отырып дамыту қажет болды, ал бұл көзқарастар халықаралық оппортунизмнің лидерлері мен идеологтары тарапынан ревизияға ұшырады.

Бірінші дәрежелі маңызы бар бұл міндеттерді Ленин творчестволық марксизмнің аса үздік шығармасы — «Мемлекет және революция» деген кітабында орындап шықты. Мемлекет туралы маркстік ілім бірінші рет мейлінше толық және жүйелі түрде баяндалған Ленин еңбегі мемлекет теориясын тереңдігі мен жан-жақтылығы жөнінен теңдесі жоқ ғылыми баяндау, марксизмнің жауларына қарсы күрестегі партиялылықтың жарқын үлгісі болып табылады. Ленин бұл шығармасында Маркс пен Энгельстің мемлекет жөніндегі көзқарастарының қалай дамығанын көрсетті, мемлекет туралы мәселе марксизмнің түбегейлі мәселелерінің бірі болып табылатынын атап айтты. Ленин мемлекеттің қоғамның таптық сипатымен байланысын талдады, социалистік революция мен пролетариат диктатурасының заңдылығын және болмай қоймайтындығын дәлелдеді, пролетарлық мемлекет пен пролетарлық демократияның мәні

мен міндеттерін ашып көрсетті, социализм мен коммунизм туралы маркстік ілімді дамытты, басқа да мәселелерді баяндады.

«Мемлекет және революция» деген еңбекте мемлекет туралы маркстік ілімнің аса маңызды бөлімі — социалистік мемлекет теориясының негіздері қаланды, В. И. Ленин Совет өкіметінің тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекет туралы ілімді одан әрі дамыта түсті.

Мемлекеттің шығуы, мәні мен маңызы туралы мәселе әрқашан мейлінше шиеленіскен идеологиялық күрестің объектісі болып келді және болып отыр. Буржуазиялық философияның, тарихтың, правоның, саяси экономияның, публицистиканың өкілдері мемлекет туралы мәселені әдейі шатастырады, ал бұл мәселе, Лениннің көрсеткеніндей, өте қиын теориялық мәселелердің бірі болып табылады. Олар мемлекет жөнінде толып жатқан теориялар ұсынып, қанаушы таптардың үстемдігін ақтайды, буржуазиялық мемлекеттің таптық сипатын көлегейлейді. Еңбекшілерді қоғамдық өмірдің түбегейлі мәселелерінен алаңдата отырып, буржуазиялық идеологтар қазіргі империалистік мемлекетті мадақтайды, оны таптан жоғары тұрған, «жұрттың бәрі рақат өмір сүретін» мемлекет деп бейнелейді, оның қоғам өміріндегі реакциялық ролін теріске шығарады.

Маркс пен Энгельстің шығармаларын терең талдау негізінде Ленин «Мемлекет және революция» деген кітабында мемлекет дегеніміз не, ол қашан және қандай негізде пайда болды, әр түрлі тарихи кезеңдерде мемлекет неліктен әр түрлі формаларда болып, әр түрлі роль атқарады деген сұраққа тек марксизм ғана дұрыс, ғылыми жауап берді деп атап көрсетті.

Ленин мемлекет дегеніміз тарихи құбылыс деп көрсетеді. Қанаушы таптардың қолындағы үстемдік құралы ретіндегі мемлекет қоғам антагонистік таптарға бөлінген кезде пайда болды. «Мемлекет дегеніміз,— деп жазды Ленин,— таптық қайшылықтардың *ымыраласпайтындығының* жемісі мен көрінісі. Таптық қайшылықтар қай жерде, қай кезде және қаншалық объектив-

ті түрде ымыраласа *алмайтын болса,* мемлекет те сол жерде, сол кезде, соншалық пайда болады» (8-бет). Таптық саяси ұйым болып табылатын қанаушылық мемлекеттің қолында өкімет құралдары болады, осы өкімет құралдары арқылы үстем тап халықтың көпшілігі болып саналатын еңбекшілер бұқарасын бағындырып ұстайды. Сөздің өз мағынасында алғанда, мемлекет бір таптың екінші бір тапты басып-жаныштауына қызмет ететін ерекше машина ретінде құл иеленушілік, феодалдық және капиталистік қоғамдық-экономикалық формациялардан көрінеді. Капитализмнен социализмге өту кезеңінде мемлекеттік өкіметті халықтың азшылығы — қанаушыларды басып-жаныштау үшін пайдаланатын пролетариат диктатурасы тарихи тұрғыдан алғанда болмай қоймайды. Пролетариат диктатурасы — өтпелі мемлекет және оның қанаушылық мемлекеттен түбегейлі айырмашылығы бар. Социалистік қоғамда мемлекет таптық үстемдік құралынан жалпы халықтың еркін білдіретін органға айналады. Мемлекетке деген қажеттілік, Лениннің көрсеткеніндей, коммунистік қоғамның орнауына байланысты толық жойылады.

Социалистік революция мен пролетариат диктатурасы мәселелері, коммунистік қоғамның екі фазасы туралы ілім «Мемлекет және революция» деген кітапта негізгі орын алады.

Қоғамдық дамудың негізгі заңдылықтарын ашқан марксизм-ленинизм мемлекеттік өкімет туралы мәселе революция атаулының түбегейлі мәселесі деп көрсетті. Ленин өзінің шығармасында Маркс пен Энгельстің XIX ғасырдағы буржуазиялық-демократиялық революциялардың, 1871 жылғы Париж Коммунасының тарихи тәжірибесі негізінде пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы теориясын қалай талдап жасағанын, социалистік революцияның буржуазиялық мемлекетке көзқарасы туралы аса маңызды қағидаларды қалай тұжырымдағанын көрсетіп берді; Ленин олардың ілімін әрі қарай дамытып, пролетариаттың империализм дәуіріндегі таптық күресінің жаңа тарихи тәжірибесін қорытты.

Саяси өкіметті жеңіп алмайынша, пролетариаттың капиталистік қанауды жоя алмайтыны туралы Маркс пен Энгельс «Коммунистік партияның манифесінде-ақ» жазған болатын. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», «Франциядағы азамат соғысы», «Гота программасына сын» деген шығармаларында, Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта Бебельге жазған хатында, Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінің үшінші басылуына Энгельстің жазған алғы сөзінде, басқа да еңбектерінде Маркс пен Энгельс әлгі қағиданы нақтылай түсті. Тек социалистік революция арқылы ғана жұмысшы табы саяси өкіметті жеңіп алып, пролетариат диктатурасын орната алады, социалистік революцияның барысында буржуазиялық мемлекеттік машинаны қиратады және жаңа мемлекеттік аппарат жасайды деген Маркс пен Энгельстің тұжырымы революциялардың тәжірибесі мен сабақтарын зерттеу мен қорытудың нәтижесі болды.

Ленин марксизмнің негізін салушылардың бұл тұжырымына талдау жасап, оның пролетариаттың жаңа тарихи жағдайлардағы революциялық күресі үшін теориялық және практикалық маңызын ашып берді. Ол былай деп көрсетті: еңбекшілердің мүдделеріне дұшпандық тұрғыдан қарайтын буржуазиялық мемлекетті буржуазиялық революциялар барған сайын жетілдіре түсті және оны қанаушы таптардың мүдделеріне бейімдей түсті. «Буржуазиялық мемлекеттердің формалары мейлінше алуан түрлі,— деп жазды Ленин,— бірақ бәрінің мәнісі бір: бұл мемлекеттердің бәрі қалай болғанда да, сайып келгенде, *буржуазияның диктатурасы* болмай қоймайды» (39-бет).

Буржуазиялық мемлекеттік машинаның күшеюі, оның пролетариатқа және барлық еңбекшілерге қарсы бағытталған чиновниктік және әскери аппаратының өсуі, алып монополиялары бар, монополистік капитализм мемлекеттік-монополистік капитализмге айналып отырған империализм дәуіріне өте-мөте тән. Монополиялардың құрылуы мен өсуі мемлекеттің экономикаға, финанс олигархиясының мүдделерін көздеп капита-

листік өндіріс процесіне тікелей араласуына әкеліп соқтырады.

Қазіргі буржуазиялық мемлекет, ірі капиталистердің бөлмей-жармай үстемдік етуінің құралы бола отырып, демократияны барған сайын көбірек шектейді және жояды, ал капитализм жағдайындағы демократия онсыз да жалған және күзелген демократия болып табылады. Ленин өз елдерінің еңбекші бұқарасын және езілген елдердің халықтарын тонап, қанап отырған империалистік мемлекеттердің (Америка Құрама Штаттарының, Англияның және басқаларының) реакциялық және басқыншылық мәнін ашып берді. Ленин буржуазиялық мемлекеттік машинаны революция жасау арқылы қирату қажеттілігін империализм монополизмге дейінгі капитализмнен гөрі анағұрлым кең көлемде дәлелдей түсетінін атап көрсетті.

Империализм өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы жанжалды күшейтеді, капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке капиталистік формасы арасындағы қайшылықты, жұмысшы табы мен оны қанаушылар арасындағы қайшылықты шиеленістіреді және тереңдетеді, социализмнің экономикалық және саяси алғы шарттарын жасайды, социалистік революцияны сөзсіз болатын етеді. Империализм тұсында, деп атап айтты Ленин, революцияның әлеуметтік базасы кеңейеді. Революция халықтың басым көпшілігін, буржуазия қанап отырған жұмысшылар мен шаруаларды социалистік өзгеріс жолындағы қозғалысқа қатыстыра отырып, нағыз халықтық революцияға айналады. Социалистік революция буржуазияның диктатурасын құлатып, пролетариаттың диктатурасын орнатады, ал пролетариат диктатурасы өкіметтен шеттетілген қанаушы таптардың қасарысқан қарсылығын жеңеді. «Таптар күресін мойындауды,— деп үйретеді Ленин,— *пролетариат диктатурасын* мойындауға дейін *жеткізетін* адам ғана — марксист» (38-бет). Ленин пролетариат диктатурасы туралы мәселе социалистік революцияның түбегейлі мазмұны туралы мәселе болып табылады деп көрсетті. Ленин буржуазия өкіметін құлату жолындағы күресте

Россияның Коммунистік партиясы мен жұмысшы табын идея жағынан қаруландырды.

Қажеттілігін Маркс, Энгельс, Ленин теориялық жағынан негіздеген социалистік революция мен пролетариат диктатурасының орнатылуы капитализмнен социализмге өтудің басты заңдылықтары болып табылатындығын, ал бұл заңдылықтар социализм жолына түсетін елдердің бәріне тән екендігін Совет Одағы мен басқа да социалистік елдердің тәжірибесі көз жеткізе дәлелдеді.

Қазіргі ревизионистер мен реформистер осы замангы дүние жүзілік даму проблемалары жөніндегі маркстік-лениндік түсінікке шын мәнінде буржуазиялық идеология алдында тізе бүгу болып табылатын көзқарастарды қарсы қояды. Олар капитализмнің социализмге бейбіт ауысуын уағыздайды, қоғамды революциялық жолмен өзгертудің, социалистік революция мен пролетариат диктатурасының қажеттілігін теріске шығарады. Олар бейне бір мемлекеттік-монополистік капитализм қазірдің өзінде капитализм емес деп пайымдайды.

Мұндай пайымдаулардың негізсіздігін Ленин өзінің «Мемлекет және революция» деген еңбегінде көрсетіп берді. «Бейне бір монополистік немесе мемлекеттік-монополистік капитализм,— деп жазды Ленин,— *қазірдің өзінде-ақ* капитализм *емес,* оны қазірдің өзінде-ақ «мемлекеттік социализм» деп атауға болады деген және сол сияқты буржуазиялық-реформистік пікір — ең көп тараған қате пікір... *Мұндай* капитализмнің социализмге «жақындығы» пролетариаттың шын өкілдері үшін, барлық реформистердің істеп отырғанындай, социалистік революцияны теріске шығаруға және капитализмді боямалауға төзімділікпен қарауды көрсететін дәлел болуға тиіс емес, социалистік революцияның жақындығын, жеңілдігін, жүзеге асатындығын, оны кейінге қалдыруға болмайтындығын көрсететін дәлел болуға тиіс» (74—75-беттер).

Париж Коммунасы мен бірінші орыс революциясының тәжірибесін, халық бұқарасының империализм дәуіріндегі азаттық күресінің сипаты мен ерекшелікте-

рін қорыта келіп, Ленин 1916 жылдың өзінде-ақ пролетариат диктатурасының саяси формалары әр түрлі болады деген аса маңызды теориялық қағида айтты. Ленин бұл мәселеге «Мемлекет және революцияның» екінші басылуында қайта оралып, ол кітаптың екінші тарауын пролетариат диктатурасына арналған жаңа параграфпен толықтырды. Ленин былай деп атап көрсетті: капитализмнен социализмге өту жұмысшы табының мемлекеттік өкіметінің әр түрлі формаларын бермей тұра алмайды, ал бұл формалардың мәні сөзсіз біреу болады, ол: *пролетариат диктатурасы*.

Елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде орнатылған Совет өкіметі пролетариат диктатурасының Париж Коммунасынан кейінгі екінші формасы болды. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа мен Азияның бірқатар елдерінде пролетариат диктатурасының жаңа формасы — халықтық демократия құрылысы пайда болды. Бұл құрылыс социалистік революцияның империализм әлсіреген, күштердің арақатынасы социализм пайдасына өзгерген жағдайдағы даму өзгешелігін, сондай-ақ осы елдердің тарихи және ұлттық ерекшеліктерін бейнеледі.

Өзінің шығармасында Ленин пролетариат диктатурасының мәні мен міндеттерін, оның социалистік революция жеңгеннен кейін жаңа қоғам құрудағы орасан зор ұйымдастырушылық ролін ашып көрсетті. В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі мемлекет болып табылатын пролетариат диктатурасының тарихи, өткінші сипатын атап көрсетті.

Ленин пролетарлық мемлекеттің демократизмін, оның буржуазиялық демократиядан түбегейлі айырмашылығын ерекше атап көрсетті. Пролетариат диктатурасы, деп үйретеді Ленин, мемлекеттің жаңа типі, «*жаңаша* демократиялық (пролетарлар мен жалпы кедейлер үшін) және *жаңаша* диктаторлық (буржуазияға қарсы) мемлекет» (39-бет) болып табылады. Пролетарлық мемлекет еңбекшілердің мүдделерін қорғайды. Пролетариат диктатурасының буржуазиялық мемлекеттен түбегейлі айырмашылығы, Лениннің атап көрсеткеніндей, мем-

лекеттік ұйымның формаларынан және ол ұйым атқаратын тарихи рольден көрінеді.

Жұмысшы табының шаруалармен, барлық еңбекшілермен, халықтың басқа да демократиялық топтарымен одағы, бұл одақта жұмысшы табының басшылық роль атқаруы пролетариат диктатурасының негізі, оның пролетарлық мемлекеттің демократиялық мәнін ашып көрсететін жоғары принципі болып табылады. Жұмысшы табы мен шаруалардың, барлық еңбекшілердің түбегейлі саяси және экономикалық мүдделерінің ортақтығы мұндай одақтың объективтік негізі болып қызмет етеді. «Мұндай одақ болмайынша,— деп жазды Ленин,— демократия баянды болмайды, социалистік өзгеріс жасау да мүмкін болмайды» (44-бет).

В. И. Ленин пролетариат диктатурасын «езушілерді басып-жаншу үшін езілгендер авангардының үстем тап болып ұйымдасуы» (97-бет) деп атады. Пролетариат диктатурасы капитализмді қайта қалпына келтіруге тырысатын құлатылған қанаушы таптардың қарсылығын басады; ол мемлекеттік өкіметті мұндай қайта қалпына келтіру әрекеттерінен революцияның жеңістерін қорғап қалу үшін және баянды ету үшін пайдаланады. Алайда Лениннің көрсеткеніндей, пролетариат диктатурасының мәні, оның күші күштеуде емес, жұмысшы табының ұйымшылдығы мен тәртіптілігінде.

Адамның адамды қанауы атаулыны жою, социализм орнату — пролетариат диктатурасының алдында тұрған негізгі міндет. Бұл міндетті орындау үшін демократиялық централизм принципі бойынша құрылған жаңа, нағыз халықтық басқару системасы керек. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік және шаруашылық қызметіндегі мұндай принциптің қажеттілігі өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншікке негізделген ірі социалистік шаруашылықтың мәнінен туады. Бұдан әрі Ленин пролетариат диктатурасы елді қорғау үшін, жеңген пролетариаттың басқа елдердің халықтарымен интернационалдық байланысын баянды ету үшін, социалистік демократияны кеңейту және жетілдіру үшін керек деп корсетті.

«Мемлекет және революция» деген еңбекте жоғары түрпатты демократия ретіндегі пролетарлық демократия туралы мәселе жан-жақты баяндалған, пролетарлық демократияның буржуазиялық демократиядан сапалық айырмашылығы ашып көрсетілгеп, буржуазиялық демократияның шектеулі, формальды сипаты көрсетілген. Демократияны ақырына дейін дамыту, мұндай дамытудың формаларын іздестіру, оларды практикада сынау, деп атап айтты Ленин, қоғамды социалистік жолмен қайта құру жолындағы күрестің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Ленин буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға қарай даму процесін талдады. Халықтың орасан зор көпшілігі тек пролетариат диктатурасы жағдайында ғана мемлекеттік өкіметті өз мүдделеріне пайдалануға тұңғыш рет мүмкіндік алады. Мұның тек қанаушы таптарға ғана қатысы болмайды, ал олар жойылганнан кейін демократия түгелдей жүзеге асырылады. Сондықтан пролетарлық мемлекет халық бұқарасына сүйене отырып, онымен тығыз байланыста және оның тікелей бақылауында болады. Демократиялық басқару аппараты — пролетарлық мемлекеттің сипатты белгісі. Басқару аппараты елдің коммунизмге қарай ілгері жылжуына орай барган сайын жетілдіріле түседі. Тек коммунизм ғана, деп атап көрсетті Ленин, «шын мәнінде толық демократияны бере алады, ал ол толық болса, соғұрлым тез керексіз болады, өзінен-өзі құриды» (99-бет).

Ленин «Мемлекет және революция» деген кітабында коммунистік қоғамның екі фазасы туралы маркстік ілімді дамытып, нақтылай түсті, мемлекеттің құруының экономикалық негіздері туралы мәселеге теориялық жағынан терең талдау жасады.

Ленин былай деп көрсетті: тарихи дамудың объективтік заңдарына байланысты капитализмді сөзсіз алмастыратын жаңа, коммунистік қоғамның екі фазасы бола отырып, социализм мен коммунизм ортақ экономикалық негізде — адамның адамды қанауына мүлде жол бермейтін өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік негізінде дамиды. Социализм мен коммунизм

арасындағы айырмашылық олардың экономикалық, саяси және мәдени кемелдену деңгейімен айқындалады. «Әдетте социализм деп аталып жүргенді,— деп жазды Ленин,— Маркс коммунистік қоғамның «бірінші» немесе төменгі фазасы деп атаған болатын. Өндіріс құрал-жабдықтары *ортақ* меншік болғаннан кейін, «коммунизм» деген сөзді бұл арада да қолдануға болады, тек мұның толық коммунизм *емес* екендігін ұмытпау керек» (108-бет).

Социализм тұсында, немесе коммунистік қоғамның бірінші фазасы тұсында, экономикалық даму дәрежесі «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принципті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан социализм тұсында, деп атап көрсетті Ленин, еңбек өлшемі мен тұтыну өлшемінің есебін жүргізу және оларды бақылау ең басты нәрсе болып табылады. Мемлекет социализм тұсында қоғам мүшелері арасында еңбекті бөлу мен өнімді бөлудің реттеушісі болады.

Социализмнің нығаюы негізінде дамитын коммунистік қоғамның жоғары фазасын сипаттай келіп, Ленин еңбегіне қарай бөлу принципі қолданылатын социализмнен өзгеше «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген принцип коммунизмнің негізгі принципі болады деп көрсетті. Мұның өзі қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар жойылған, еңбек адамның бірінші қажетіне айналған, материалдық және рухани игіліктер молшылығы қамтамасыз етілген қоғамдық дамудың неғұрлым жоғары сатысында ғана мүмкін болады. Ленин коммунизм өндіргіш күштерді орасан зор дамытуды және жаңа адам тәрбиелеуді көздейді деп көрсетті. «Адамзат осы ұлы мақсатқа қандай кезеңдер арқылы, қандай практикалық шаралар арқылы жететіндігін біз білмейміз және біле де алмаймыз. Бірақ социализмді бейне бір жансыз, қатып қалған, мәңгі өзгермейтін бірдеңе дейтін әдеттегі буржуазиялық түсініктің түпсіз өтірік екендігін, шынына келгенде, қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан жедел, нағыз, шын мәнінде бұқаралық да-

муы, халықтың *көпшілігі*, содан соң бүкіл халық қатысатын дамуы *тек* социализмнен *ғана* басталатынын түсініп алудың зор маңызы бар» (109-бет).

Ленин өзінің еңбегінде коммунистік қоғамның жоғары фазасында мемлекеттің құруы мәселесіне көп көңіл бөледі. Мемлекеттің құруы ұзаққа созылатын процесс деп атап көрсете отырып, Ленин бұл процестің коммунизмнің жоғары фазасының дамуының шапшаңдығына тәуелділігін көрсетеді және бұл мәселелерді шешуге керекті материал ол кезде әлі болмағандықтан, мемлекеттің құруының мерзімі мен нақты формалары туралы мәселені ашық қалдырады.

Ленин «Мемлекет және революция» деген шығармасында маркстік партия социализм мен коммунизмнің жеңісі жолындағы күреске басшылық ететін және бағыт сілтейтін күш болып табылады деп көрсетті. «Марксизм жұмысшы партиясын тәрбиелей отырып,— деп жазды Ленин,— өкіметті қолына ала алатын, *бүкіл халықты* социализмге *бастай* алатын, жаңа құрылысқа бағыт беріп, оны ұйымдастыра алатын, буржуазиясыз және буржуазияға қарсы өз қоғамдық тұрмысын құру ісінде барлық еңбекшілер мен қаналушылардың ұстазы, басшысы, көсемі бола алатын пролетариат авангардын тәрбиелейді» (29-бет).

Совет Одағының Коммунистік партиясы осы тарихи міндет биігінен көрінді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін қамтамасыз еткен Коммунистік партия Лениннің басшылығымен елімізді социализм жолына салды, социализм орнату жоспарын талдап жасады. Ал социализм Совет Одағында нақты өмір шындығы болып отыр. Елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын кооперативтендіру, мәдени революция осы жоспардың негізгі буындары болды.

Социализм құрылысы процесінде партия коммунистік қоғамның бірінші фазасына байланысты бірқатар аса маңызды теориялық проблемаларды дамытып, нақтылай түсті. Мысалы: өндіріс құрал-жабдықтарына меншіктің екі формасы (мемлекеттік немесе жалпы халықтық және топтық немесе колхоздық формалары) туралы мәселе, ал бұл формалар жеке меншіктің екі

формасы — капиталистік және ұсақ шаруалық формаларды революциялық жолмен өзгертудің нәтижесінде заңды түрде туған болатын. Социалистік меншіктің екі формасы жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы айырмашылықты анықтайды. Социализм тұсында қала мен деревня арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар сақталады.

«Мемлекет және революция» деген шығарманың маңызы қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде мейлінше толық ашылып отыр. Негізгі мазмұны капитализмнен социализмге өту болып отырған қазіргі дәуір — қарама-қарсы қоғамдық екі система күресінің дәуірі, социалистік революциялар мен ұлт-азаттық революциялары дәуірі, империализмнің күйреу, отаршылдық системаның жойылу дәуірі, барған сайын жаңа халықтардың социализм жолына өтуі, социализм мен коммунизмнің бүкіл дүние жүзілік көлемде салтанат құруы дәуірі. Қазіргі дәуірдің негізгі күштері — халықаралық жұмысшы табы, дүние жүзілік социализм системасы.

Қазіргі заманның Коммунистік манифесі деп әділ аталған Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасы ғылыми коммунизм теориясына қосылған аса маңызды үлес, ленинизмді дамытқандық болып табылады. Коммунистік қоғамды дамытудың марксизм-ленинизмнің негізін салушылар талдап жасаған жалпы заңдылықтарына сүйене отырып, партия Программасы еліміздегі социализм құрылысының тәжірибесін қорытады және партия мен совет халқының социализмнен коммунизмге өту дәуіріне арналған міндеттерін айқындайды. Советтік социалистік қоғамның бұған дейінгі бүкіл дамуы әзірлеген коммунизм орнату ісі совет халқының тікелей практикалық міндеті болып отыр.

Коммунистік партияның Программасында өндіріс құрал-жабдықтарына бірыңғай жалпы халықтық меншік орнатылған, қоғамның барлық мүшелеріне толық әлеуметтік теңдік қамтамасыз етілген тапсыз қоғамдық құрылыс ретінде коммунизмге кең сипаттама берілді. «Коммунизм,— делінген КПСС Программасында,— ерікті және саналы еңбеккерлердің жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамы, онда қоғам өзін өзі басқаратын

болады, қоғам игілігі үшін еңбек ету барлық жұрттың ең бірінші өмірлік керегіне және түсініп сезінген қажетіне айналады, әркімнің қабілеті халық үшін барынша тиімді пайдаланылады» («Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы». Алматы, Қаз. мемл. баспасы, 1961, 62-бет).

Программа коммунизм құрылысының өзара байланысты үш міндетін, атап айтқанда: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адамды — коммунистік қоғамның белсенді құрылысшысын тәрбиелеу міндеттерін шешуді көздейді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға КПСС Программасы еліміздің дамуының ішкі және сыртқы жағдайларынан туып отырған экономикалық, әлеуметтік және мәдени міндеттер тізбегіндегі шешуші буын деп қарайды. Бұл басты экономикалық міндетті жүзеге асыру — елді толық электрлендіру, осы негізде техниканы, қоғамдық өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіру, табиғат, материал және еңбек ресурстарын жан-жақты әрі тиімді пайдалану, еңбек өнімділігі жөнінде және жан басына шаққанда өнім өндіру жөнінде ең дамыған капиталистік елдерден едәуір озық болу деген сөз.

Партия барлық еңбекшілерді коммунистік құрылысқа қатыстыруды, жан-жақты және үйлесімді дамыған, дүние жүзілік дамудың барысы мен перспективаларын терең ұғынатын, ел ішіндегі оқиғаларды дұрыс түсінетін жаңа адамды тәрбиелеуді коммунизмге қарай жеңіспен ілгері басудың аса маңызды бір шарты деп есептейді.

Лениннің коммунизм құрылысы материалдық ынталандыру принципіне сүйенуге тиіс деген нұсқауын басшылыққа ала отырып, Программа еңбегіне қарай ақы төлеу қазіргі кезеңде еңбекшілердің материалдық және мәдени қажеттерін өтеудің негізгі көзі болып отыр деп атап көрсетеді. Материалдық және мәдени игіліктер молшылығы жасалған кезде ғана, еңбек қоғамның барлық мүшелері үшін бірінші өмірлік керегіне айналған кезде ғана,— өнімді коммунистік бөлуге көшу аяқ-

талады. Өндіргіш күштердің мықтап өсуі мен социалистік өндірістік қатынастардың жетілдірілуі негізінде, делінген партия Программасында, қала мен деревня арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы айырмашылықтардың бірте-бірте жойылуы жүзеге асырылып, мұның өзі совет қоғамындағы таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуына жеткізеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасында Лениннің социалистік мемлекет туралы негізгі қағидалары одан әрі дамытылды және нақтыландырылды. Онда пролетариат диктатурасының тарихи, өткінші сипаты, пролетариат диктатурасы мемлекетінің жалпы халықтық мемлекетке айналуы туралы мәселелерге творчестволылықпен талдау жасалған, коммунизм құрылысы дәуірінде мемлекетті сақтау қажеттілігі дәлелденген. «Жұмысшы табы диктатурасының қажеттілігі,— деп атап көрсетіледі партия Программасында,— мемлекет жойылмастан бұрын-ақ жойылады. Жалпы халықтық ұйым болғандықтан мемлекет коммунизм толық жеңіп шыққанға дейін сақталады» (101-бет).

Программада жалпы халықтық мемлекеттің сипаты, міндеттері мен функциялары, коммунистік қоғамдық өзін өзі басқаруға көшу жолдары белгіленген, мемлекеттің құруы туралы мәселе нақтыландырылған. Партия коммунизм құрылысы дәуірінде социалистік мемлекеттікті дамытудың басты бағыты социалистік демократияны жан-жақты өрістету мен жетілдіру, барлық азаматтардың мемлекетті басқаруға, шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылық етуге белсене қатысуы, мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту және оның қызметіне бақылауды күшейту деп санайды.

Мемлекеттің құруы мемлекеттік аппаратты үздіксіз қысқартуды, ал содан кейін оны толық жоюды, оның функцияларын қоғамдық ұйымдарға беруді, сондай-ақ қоғам мүшелерін қандай да болсын мәжбүр етушілікке қажеттілікті бірте-бірте жоюды көздейді. Мемлекеттің толық құруы үшін, деп көрсетіледі КПСС Программасында, ішкі және сыртқы жағдайлар жасалуы қажет, яғни: елде кемелденген коммунистік қоғам орнатылып,

социализм халықаралық аренада жеңіске жетіп, ығаюы керек.

* *
*

«Дайындық материалдар» бөлімінде В. И. Лениннің «Марксизм мемлекет туралы» деген атпен белгілі болған жазбалары, «Мемлекет және революция» деген кітабына арналған жоспарлары, конспектілері және жазбалары, «Мемлекеттің ролі туралы мәселе жөнінде» деген жазылмаған мақаласына арналған материалдары (бұларда Н. И. Бухариннің «Империалистік мемлекет теориясы жөнінде», «Империалистік қарақшылық мемлекет» деген екі мақаласына ескертпелер бар), сондай-ақ «Мемлекеттің ролі туралы мәселе жөнінде» деген мақаласының жоспары жарияланып отыр. «Мемлекет және революция» деген кітапқа арналған дайындық материалдар Лениннің мемлекет проблемаларын, пролетарлық мемлекеттік өкіметтің сипаты, функциялары мен міндеттері туралы мәселені қаншалықты терең зерттегенін көрсетеді. Олар Лениннің ғылыми творчестволық лабораториясымен, Лениннің жұмыс істеу тәсілдерімен және әдістерімен таныстырады.

«Марксизм мемлекет туралы» деген жазбалар ерекше назар аударарлық, бұл жазбаларда К. Маркс пен Ф. Энгельстің мемлекет пен пролетариат диктатурасы туралы айтқан аса маңызды пікірлері, К. Каутскийдің, А. Паннекуктің, Э. Бернштейннің кітаптары мен мақалаларынан Лениннің көшірмелер алып, жасаған ескертпелері, қосымшалары, қорытындылары мен тұжырымдары бар. Бұларда аса маңызды теориялық қағидалар ұсынылған және терең талдап жасалған, бұл қағидалар «Мемлекет және революция» деген кітапта жан-жақты дамытылды, негізделді және тиянақты түрде тұжырымдалды.

«Марксизм мемлекет туралы» деген еңбектің өз алдына зор маңызы бар. Онық марксизмнің аса бағалы теориялық мұрасы қамтылған біраз материалдары пайдаланылмай қалды.

«Мемлекет және революция» деген кітаптың жоспарлары Лениннің өз еңбегін «1905 және 1917 жылдардағы

орыс революцияларының тәжірибесі» деген тағы да бір тараумен толықтырмақ болғанын немесе кітаптың осы проблемаға арналған екінші бөлімін жазбақ болғанын көрсетеді. Бірақ Лениннің бұл ойы жүзеге аспай қалды. 1917 жылғы Октябрь социалистік революциясының қарсаңы «бөгет жасады»,— еңбектің ойластырылған бөлімі не себепті жазылмағандығын Ленин кітаптың бірінші басылуына жазған соңғы сөзінде міне осылай түсіндірді. «Мұндай «бөгетке» тек қана қуануға болады..,— деп атап көрсетті Ленин.—«Революцияның тәжірибесін» жазғаннан гөрі, оны жасау әлдеқайда ұнамды да, пайдалы да» (осы том, 133-бет).

Өзінің келесі еңбектерінде, әсіресе «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Ұлы бастама», «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген шығармаларында Ленин Советтердің қызметіне терең талдау жасап, пролетарлық мемлекет туралы маркстік ілімді жаңа қағидалармен, тұжырымдармен байытты.

Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітабы Совет Одағы Коммунистік партиясының, барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының идеялық-теориялық қаруланауына қосылған аса ірі үлес. Партия мен совет халқы Лениннің данышпандық идеяларын Октябрь революциясының жеңісі жолындағы, социализм орнату жолындағы күресте басшылыққа алды. Олар коммунистік қоғамның кең өрістетілген құрылысының ұлы міндеттерін тарихта тұңғыш рет шеше отырып, сол идеяларды басшылыққа алады.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

МАРКСИЗМНІҢ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ ІЛІМІ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ[1]

1917 ж. август — сентябрьде, II тараудың 3-параграфы — 1918 ж. 17 декабрьден ертерек жазылған

1918 ж. Петроградта «Жизнь и знание» баспасы жеке кітап етіп басып шығарған

1919 ж. Москва — Петроградта «Коммунист» баспасы бастырып шығарған кітаптың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет туралы мәселе теориялық жағынан да, практикалық-саяси жағынан да қазіргі уақытта өте-мөте маңызды болып отыр. Империалистік соғыс монополистік капитализмнің мемлекеттік-монополистік капитализмге айналу процесін ерекше тездетіп, шиеленістіріп жіберді. Капиталистердің құдіретті одақтарымен жымдаса қосылып бара жатқан мемлекеттің еңбекшілер бұқарасын сұмдық езуі барған сайын сұмдық болып барады. Алдыңғы қатарлы елдер — біз олардың «тылы» туралы айтып отырмыз — жұмысшылар үшін соғыс-каторга түрмелеріне айналып барады.

Созылып бара жатқан соғыстың құлақ естімеген сұмдықтары мен ауыртпалықтары бұқараның жағдайын адам төзгісіз етіп, оның ашу-ызасын күшейтіп отыр. Халықаралық пролетарлық революция көріне көзге өсіп келеді. Бұл революцияның мемлекетке көзқарасы жөніндегі мәселе практикалық маңыз алып отыр.

Біршама бейбіт дамудың ондаған жылдарында жиналған оппортунизм элементтері бүкіл дүние жүзіндегі ресми социалистік партияларда үстемдік етіп отырған социал-шовинизм ағымын туғызды. Сөз жүзінде социализм, іс жүзінде шовинизм болып отырған бұл ағымның (Россияда — Плеханов, Потресов, Брешковская, Рубанович, бұлардан кейін сәл бүркеулі түрде Церетели, Чернов мырзалар мен К°; Германияда — Шейдеман, Легин, Давид және басқалар; Франция мен Бельгияда — Ренодель, Гед, Вандервельд; Англияда — Гайндман мен фабийшылдар[2], т. т., т. б.) өзгешелігі,

«социализм көсемдері» тек «өз» ұлттық буржуазиясының мүдделеріне ғана емес, нақ «өз» мемлекетінің мүдделеріне қызмет етуге арамдықпен малайша бейімделіп отыр, өйткені ұлы держава делініп жүрген державалардың көпшілігі толып жатқан ұсақ және әлсіз халықтарды көптен бері қанап және құл етіп келеді. Ал империалистік соғыс осы сияқты олжаларды бөлісу және қайта бөлісу үшін жүргізіліп жатқан соғыстың дәл өзі болып отыр. Еңбекшілер бұқарасын жалпы буржуазия атаулының ықпалынан, әсіресе империалистік буржуазияның ықпалынан құтқарып алу үшін күресу «мемлекет» жөніндегі оппортунистік соқыр сенімдермен күреспейінше мүмкін емес.

Біз әуелі Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы ілімін қарастырамыз, қарастырғанда, әсіресе осы ілімнің ұмытылып қалған немесе оппортунистік бұрмалауға ұшыраған жақтарына толық тоқталамыз. Содан кейін біз оны бұрмалаудың басты өкілі, қазіргі соғыс кезінде әбден масқара болып күйреген екінші Интернационалдың (1889—1914 жж.) ең әйгілі көсемі — Карл Каутскийді әдейілеп тексереміз. Ақырында, біз 1905 жылғы және әсіресе 1917 жылғы орыс революцияларының тәжірибесінің басты-басты қорытындыларын шығарамыз. Осы кейінгі революция қазіргі кезде (1917 ж. августың бас кезінде), сірә, өз дамуының алғашқы кезеңін аяқтап келе жатқан болуы керек, бірақ жалпы алғанда бүкіл осы революция империалистік соғыс туғызатын социалистік пролетарлық революциялардың желісіндегі буындардың бірі деп қана ұғынылуға тиіс. Сонымен, пролетариаттың социалистік революциясының мемлекетке көзқарасы туралы мәселе тек практикалық-саяси маңыз ғана алып отырған жоқ, сонымен бірге өзін капиталдың тепкісінен құтқару үшін бұқараның таяу уақытта не істеуі керек екендігін оған түсіндіретін мәселе ретінде де мейлінше көкейтесті маңыз алып отыр.

Автор

Август, 1917 ж.

ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Осы, екінші, басылуы өзгеріссіз дерлік басылып отыр. Тек II тарауға 3-параграф қана қосылды.

Автор

Москва.
17 декабрь, 1918 ж.

I ТАРАУ

ТАПТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

1. МЕМЛЕКЕТ — ТАПТЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЫМЫРАЛАСПАЙТЫНДЫҒЫНЫҢ ЖЕМІСІ

Езілген таптардың революцияшыл ойшылдары мен көсемдерінің азаттық жолындағы күресінде олардың ілімдерінің тарихта талай рет көргенін Маркстің ілімі қазір көріп отыр. Езуші таптар ұлы революционерлердің тірі кезінде оларды үнемі қуғындап отыратын, олардың іліміне мейлінше дөрекі түрде өшігіп, оны мейлінше құтырына жек көріп, мейлінше өрескел түрде өтірік пен өсекті жаудыра қарсы алатын. Ұлы революционерлер қайтыс болған соң оларды зиянсыз иконаға айналдыруға, былайша айтқанда, оларды қасиетті адамдар етіп көрсетуге, езілген таптарды «жұбату» үшін және оларды ақымақ ету үшін әлгілердің *есімін* белгілі дәрежеде даңққа бөлеуге әрекет істеледі, сөйтіп революциялық ілімнің *мазмұнын* жойып, революциялық өткір жүзін мұқалтып, қадірін кетіре береді. Марксизмді осылайша «өңдеуде» қазір буржуазия мен жұмысшы қозғалысының ішіндегі оппортунистер бір жерден табысып отыр. Бұл ілімнің революциялық жағын, оның революциялық жан-жүйесін ұмытып, өшіріп, бұрмалап жүр. Буржуазияға қолайлы жерін немесе қолайлы болып көрінген жерін алдыңғы қатарға шығарып, соны дәріптеп жүр. Бұл күнде социал-шовинистердің бәрі де «марксистер», олармен ойнамаңдар! Неміс буржуазиялық ғалымдары, марксизмді құрту жөніндегі кешегі мамандар, «неміс ұлтының» Марксі дегенді жиі айтатын болып жүр, оларша, тонаушылық соғыстарды жүргізу үшін өте жақсы ұйымдасқан жұмысшы одақтарын Маркс тәрбиелепті-міс!

В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген қолжазбасының бірінші беті.— Август — сентябрь, 1917 ж.
Кішірейтілген

Істің жағдайы осындай болып отырғанда, марксизмді бұрмалаушылыққа адам айтқысыз жол беріліп отырғанда, біздің міндетіміз — ең алдымен Маркстің мемлекет туралы ақиқат ілімін *қалпына келтіру*. Бұл үшін Маркс пен Энгельстің өз шығармаларынан толып жатқан ұзақ цитаттар келтіру қажет. Әрине, ұзақ цитаттар баяндауды ауырлатады, оның түсінікті болуына ешқандай жәрдем етпейді. Бірақ цитаттар келтірмейінше, мүлде болмайды. Ғылыми социализмнің негізін салушылардың көзқарастарының жиынтығы туралы және бұл көзқарастардың дамуы туралы оқушы өз бетімен түсінік алуы үшін, сонымен бірге қазір үстем болып отырған «каутскийшілдіктің» бұл көзқарастарды бұрмалағаны документ арқылы дәлелденіп, айқын көрсетілуі үшін Маркс пен Энгельс шығармаларының мемлекет туралы мәселе жөнінде айтқан жерлерінің бәрі, немесе ең болмағанда барлық түйінді жерлері, сөз жоқ, мүмкіндігіне қарай неғұрлым толық келтірілуге тиіс.

Сөзді Фр. Энгельстің 1894 жылы Штутгартта 6-рет басылып шыққан «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген ең көп тараған шығармасынан бастайық[3]. Бізге цитаттарды неміс тіліндегі түпнұсқалардан аударуға тура келеді, өйткені орысша аудармалары, қаншама көп болғанымен, көбінесе не толық емес, не өте қанағаттанғысыз жасалған.

«Мемлекет,— дейді Энгельс өзінің жасаған тарихи талдауын қорыта келіп,— тіпті де қоғамға сырттан таңылған күш болып табылмайды. Мемлекет дегеніміз, Гегель айтқандай[4], «адамгершілік идеясының шындығы» да емес, «парасат бейнесі мен шындығы» да емес. Мемлекет дегеніміз қоғамның белгілі бір даму сатысындағы жемісі; мемлекет дегеніміз сол қоғамның шешілмейтін өз қайшылықтарына белшесінен батқандығын, ымыраласпайтын қарама-қарсылықтарға бөлінгендігін, қоғамның сол қарама-қарсылықтардан құтылуға дәрменсіздігін мойындағандық. Ал осы қарама-қарсылықтар, экономикалық мүдделері бір-біріне қайшы таптар жемісеіз күресте бірін

> бірі және қоғамды жалмап қоймауы үшін, бұл үшін, шамасы, қоғамнан жоғары тұратын күш, қақтығысты тежей алатындай, оны «тәртіптің» шегінен шығармай ұстап отыра алатындай күш қажет болған. Міне осы күш, қоғамның өзінен шыққан, бірақ өзін одан жоғары қойған, барған сайын өзін оған жат етіп бара жатқан күш — мемлекет» (немісше алтыншы басылуының 177—178-беттері)[5].

Мемлекеттің тарихи ролі мен маңызы туралы мәселе жөніндегі марксизмнің негізгі идеясы бұл жерде әбден анық айтылған. Мемлекет дегеніміз таптық қайшылықтардың *ымыраласпайтындығының* жемісі мен көрінісі. Таптық қайшылықтар қай жерде, қай кезде және қаншалық объективті түрде ымыраласа *алмайтын болса,* мемлекет те сол жерде, сол кезде, соншалық пайда болады. Және керісінше: мемлекеттің болуы таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығын дәлелдейді.

Марксизмді бұрмалаушылық нақ осы ең маңызды және түбірлі пункттен басталып, негізгі екі бағытпен жүргізіледі.

Бір жағынан, мемлекет тек таптық қайшылықтар мен таптық күрес бар жерде ғана болатындығын даусыз тарихи фактілердің күшімен амалсыз мойындап отырған буржуазияшыл, әсіресе ұсақ буржуазияшыл идеологтар Маркcті былайша «түзеткен» болады: оларша, мемлекет таптарды *ымыраластыратын* орган болып шығады. Марксше, егер таптарды ымыраластыру мүмкін болса, мемлекет тумас та еді, өмір сүріп тұра алмас та еді. Мещан және филистер профессорлар мен публицистерше, мемлекет таптарды нақ ымыраластыратын болып шығады,— бұлар әрдайым ешбір бөтен ойсыз-ақ Маркс осылай айтты деседі! Марксше, мемлекет — таптық *үстемдік* органы, бір тапты екінші бір тап *езетін* орган, мемлекет — таптардың қақтығысын тежей отырып, әлгі езгіні заңдандыратын, орнықтыратын «тәртіп» жасағандық. Ұсақ буржуазияшыл саясатшылардың пікірінше, тәртіп дегеніміз бір тапты екінші бір таптың езуі емес, таптарды нақ ымыраластыру; қақтығыс-

ты тежеу — езілген таптардың езушілерді құлату үшін жүргізетін күресінің белгілі құралдары мен әдістерін тартып алу деген сөз емес, қайта ымыраластыру деген сөз.

Мәселен, 1917 жылғы революцияда, мемлекеттің маңызы мен ролі туралы мәселе өзінің дәл бүкіл аумағымен қойылған кезде, бұл мәселе дереу қимыл жасау, және де жаппай қимыл жасау мәселесі ретінде іс жүзінде қойылған кезде, барлық эсерлер (социалист-революционерлер)[6] мен меньшевиктердің бәрі «мемлекет» таптарды «ымыраластырады» деген ұсақ буржуазиялық теорияға қарай бірден және түгел сырғыды да кетті. Бұл екі партияның сансыз көп қарарлары мен саясатшыларының мақалалары басынан аяғына дейін осы мещандық және филистерлік «ымыраластыру» теориясына толы. Мемлекет дегеніміз белгілі бір таптың үстемдік органы екендігін, ол тап өзінің антиподымен (өзіне қарама-қарсы таппен) ымыраласа *алмайтындығын*, осыны ұсақ буржуазиялық демократия еш уақытта да түсіне алмайды. Біздің эсерлер мен меньшевиктердің тіпті де социалистер емес (мұны біздер, большевиктер, үнемі дәлелдеп келеміз), социалистік дерлік сылдыр сөздер айтатын ұсақ буржуазиялық демократтар екендігінің ең айқын көріністерінің бірі — олардың мемлекетке көзқарасы.

Екінші жағынан, марксизмді «Каутскийше» бұрмалаушылық анағұрлым нәзік болып келеді. Мұнда мемлекет дегеніміз таптық үстемдік органы екендігі де, таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығы да «теория» жүзінде теріске шығарылмайды. Бірақ мына қағида ұмытылып немесе көмескіленіп жүр: егер мемлекет дегеніміз таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығының жемісі болса, егер ол қоғамнан *жоғары* тұрған және «өзін қоғамға *барған сайын жат етіп бара жатқан*» күш болса, онда езілген таптың күштеу революциясын жасамайынша азаттыққа жетуі мүмкін еместігі былай тұрсын, *қайта* мемлекеттік өкіметтің үстем тап құрған және әлгі «жат болып бара жатқандығы» бойынша біткен аппаратын *да құртпайынша* азаттыққа жете алмайтындығы айқын.

Теория жағынан өзінен-өзі айқын осы қорытындыны Маркс революцияның міндеттеріне нақты-тарихи талдау жасау негізінде барынша анық етіп жасады, мұны біз төменде көреміз. Ал Каутскийдің... «ұмытып кеткені» және бұрмалап жібергені нақ осы қорытынды,— мұны біз бұдан былайғы баяндауымызда толық көрсетпекпіз.

2. ҚАРУЛАНҒАН АДАМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ ОТРЯДТАРЫ, ТҮРМЕЛЕР ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

«...Ескі гентильдік (рулық немесе кландық) ұйымға қарағанда[7],— дейді одан әрі Энгельс,— мемлекеттің айырмашылығы, біріншіден, мемлекет бодамдарының территориялық бөліктерге бөлінуі...»

Бұл бөлінушілік бізге «табиғи нәрсе» сияқты болып көрінеді, бірақ оның өзі ата-тегіне, руға қарай құралған ескі ұйымдарға қарсы ұзақ уақыт бойы жүргізілген күрестің нәтижесі.

«...Екінші бір айырмашылық белгісі — қоғамдық өкіметтің құрылуы, бұл өкімет енді өзін өзі қарулы күш етіп ұйымдастыратын халықпен тікелей сәйкес келмей қалады. Осы ерекше қоғамдық өкіметтің қажет болған себебі — қоғам таптарға жіктелген кезден бастап, халықтың өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымы болуына мүмкіндік қалмады... Бұл қоғамдық өкімет әрбір мемлекетте бар. Бұл өкімет тек қаруланған адамдардан ғана емес, сонымен бірге заттық шылаулардан, түрмелер мен күштеп көндіруші әр түрлі мекемелерден құралып отыр, бұларды рулық (кландық) қоғам құрылысы білмейтін еді...»[8]

Энгельс мемлекет деп аталатын «күштің», қоғамнан шықса да, өзін одан жоғары қойған және өзін оған барған сайын жат етіп бара жатқан күштің ұғымын кеңінен алып көрсетіп отыр. Бұл күш, негізінен алғанда, неден құралады? Бұл күш өздерінің қарамағында түрмелері және басқалары бар қаруланған адамдардың ерекше отрядтарынан құралып отыр.

Біздің қаруланған адамдардың ерекше отрядтары туралы сөз қылуға правомыз бар, өйткені мемлекет атаулының бәріне тән қоғамдық өкімет «өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымы» бар қаруланған халықпен «тікелей сәйкес келмейді».

Революцияшыл ұлы ойшылдардың бәрі сияқты, Энгельс те саналы жұмысшылардың назарын нақ мына нәрсеге: үстем болып жүрген тоғышарлар үшін оншалық назар салуға тұрмайтын, әбден үйреншікті болып кеткен нәрсеге, тек берік қана емес, сонымен бірге тастай қатып қалған деуге болатындай соқыр сенімдермен дәріптелген нәрсеге аударуға тырысады. Тұрақты әскер мен полиция — мемлекеттік өкімет күшінің басты құралдары, ал мұның басқаша болуы мүмкін бе?

Энгельс сөзін арнаған және бірде-бір ұлы революцияны басынан кешірмеген, жақыннан байқап көрмеген XIX ғасырдың аяғындағы европалықтардың орасан көпшілігінің көзқарасынша, мұның басқаша болуы мүмкін емес. «Халықтың өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымы» дегеніміз не?— бұл оларға мүлдем түсініксіз. Қоғамнан жоғары қойылған, өздерін қоғамға жат етіп бара жатқан, қаруланған адамдардың ерекше отрядтарының (полиция, тұрақты армия) қажет болған себебі не деген сұраққа Батыс Европа филистері мен орыс филистері Спенсерден немесе Михайловскийден алынған екі-ақ ауыз жел сөзбен жауап беруге, қоғамдық өмірдің күрделіленгендігін, функциялардың бөлініп, жіктелгендігін, т. с. дәлел қылып жауап беруге бейім-ақ.

Басты және негізгі мәселені — қоғамның ымыраласпайтын жау таптарға жіктелгендігін көлегейлейтін мұндай дәлелдер «ғылыми» сияқты болып көрінеді және тоғышарды тамаша ұйытады.

Осы жіктеліс болмаған болса, «халықтың өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымы» таяқ ұстап жүретін үйірлі маймылдардың, немесе алғашқы адамдардың, немесе клан қоғамдарына біріккен адамдардың жабайы ұйымынан өзінің күрделілігі, техникасының жоғарылығы және басқалары жағынан өзгеше бөлектенген

болар еді, бірақ мұндай ұйымның болуы мүмкін болар еді.

Ондай ұйымның мүмкін болмаған себебі цивилизация қоғамы жау таптарға, оның үстіне ымыраласпайтын жау таптарға жіктелген, ал олардың «өздігінен қимыл жасайтын» болып қарулануы олардың арасында қарулы күрестің болуына ұрындырар еді. Мемлекет құрылады, ерекше күш, қаруланған адамдардың ерекше отрядтары жасақталады, сондықтан әрбір революция, мемлекеттік аппаратты қирата отырып, бізге ашық тап күресін көрсетеді, үстем таптың *өзіне* қызмет етуші қаруланған адамдардың ерекше отрядтарын қайтадан орнатуға тырысатындығын, ал езілген таптың, қанаушыларға емес, қаналушыларға қызмет ете алатын сол тектес жаңа ұйым құруға тырысатындығын бізге айқын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген пайымдауларда Энгельс теория жүзінде қойған мәселені, атап айтқанда, қаруланған адамдардың «ерекше» отрядтары мен «халықтың өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымының» өзара қатынасы туралы мәселені әрбір ұлы революция алдымызға практика жүзінде айқын түрде және оның үстіне бұқаралық қимыл көлемінде қойып отыр. Европа мен орыс революцияларының тәжірибесі осы мәселені қалай нақты көрсететіндігін біз әлі көреміз.

Ал Энгельстің баяндауына қайта оралайық.

Ол былай деп көрсетеді: кейде, мәселен, Солтүстік Американың кейбір жерлерінде, өлгі қоғамдық өкімет өлсіз болған (бұл арада әңгіме капиталистік қоғамда сирек кездесетін ерекшелік туралы және Солтүстік Американың империалистік дәуірінен бұрынғы оның еркін колонистер басым болған жерлері туралы болып отыр), бірақ, жалпы айтқанда, ол өкімет күшейіп барады:

> «...Мемлекет ішінде таптық қайшылықтар неғұрлым шиеленіскен сайын және бір-бірімен іргелес мемлекеттер неғұрлым үлкейіп, олардың халқы көбейген сайын қоғамдық өкімет күшейе түседі. Ең болмаса қазіргі Европаға көз салыныз-

даршы, мұнда тап күресі мен жаулап алу бәсекесінің қоғамдық өкіметті жоғары шапшытып жібергені сонша — осы өкіметтің өзі бүкіл қоғамды және тіпті мемлекетті де жұтып қою қаупін туғызып отыр...»[9].

Бұл сөздер кеш дегенде өткен ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде жазылған. Энгельстің соңғы алғы сөзі 1891 жылы 16 июньде жазылған деп көрсетілген[10]. Ол кезде империализмге қарай бет бұру — трестердің толық үстемдігі мағынасында да, ең ірі банктердің құдіреттілігі мағынасында да, орасан зор отарлау саясаты мағынасында да және басқалары жағынан да — Францияда жаңа-жаңа басталған еді, ал Солтүстік Америка мен Германияда әлі бәсеңірек болатын. Содан бері «жаулап алу бәсекесі» алға қарай орасан зор қадам жасады, өйткені XX ғасырдың екінші он жылдығының бас кезінде жер шарын әлгі «бәсекелескен жаулап алушылар», яғни тонаушы ұлы державалар біржолата бөлісіп алған болып шықты. Содан бері соғыс, теңіз қарулары өлшеусіз өсті, сөйтіп Англияның немесе Германияның дүние жүзіне үстемдік етуі үшін туған, олжаны бөлісу үшін туған 1914—1917 жылдардағы тонаушылық соғыс қоғамның барлық күштерін жыртқыш мемлекеттік өкіметтің «жұтып қоюын» барып тұрған апатқа таяды.

«Жаулап алу бәсекесі» ұлы державалардың сыртқы саясатының ең маңызды өзгеше белгілерінің бірі екендігін Энгельс 1891 жылдың өзінде-ақ көрсете білді, ал 1914—1917 жылдары, дәл осы бәсеке әлденеше есе асқынып, империалистік соғысты тудырған кезде, социал-шовинизмнің оңбағандары «өз» буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғайтындықтарын «отанды қорғау», «республика мен революцияны қорғау» деген сияқты сылдыр сөздермен бүркемелеп отыр!

3. МЕМЛЕКЕТ — ЕЗІЛГЕН ТАПТЫ ҚАНАУ ҚҰРАЛЫ

Қоғамнан жоғары тұрған ерекше қоғамдық өкіметті ұстап тұру үшін салықтар мен мемлекеттік қарыздар керек.

«...Қоғамдық өкіметке және салық алу правосына,— деп жазады Энгельс,— ие болған чиновниктер, қоғам органдары ретінде, қоғамнан *жоғары* болып алады. Рулық (кландық) қоғам органдарына ықтиярлы, ерікті түрде білдірілген құрмет,— егер тіпті бұлар сол құрметке жете алған күнде де,— енді оларға жеткіліксіз...» Чиновниктердің қасиеттілігі және оларға ешкімнің тие алмайтындығы туралы айрықша заңдар шығарылады. «Ең бейшара полиция қызметшісінің де» клан өкілдеріне қарағанда көбірек «беделі» бар, бірақ тіпті цивилизациялы мемлекеттің әскери өкіметінің басшысы да қоғам «таяқтың күшінсіз-ақ құрметтеп отырған» клан старшинасына қызығар еді[11].

Мұнда көтерілген мәселе — мемлекеттік өкімет органдары ретіндегі чиновниктердің пұрсатты жағдайы туралы мәселе. Оларды қоғамнан *жоғары* еткен не? деген мәселе негізгі мәселе ретінде айтылып отыр. Осы теориялық мәселені Париж Коммунасының 1871 жылы практика жүзінде қалай шешкендігін және оны Каутскийдің 1912 жылы реакцияшылдықпен қалай бүркемелегендігін біз кейін көреміз.

«...Мемлекет таптардың қарама-қарсылығын ауыздықтап ұстау қажеттігінен туғандықтан; сонымен бірге ол осы таптардың қақтығысуларынан туғандықтан, ол, жалпы қағида бойынша, ең қуатты, экономика жағынан үстем таптың мемлекеті болады, бұл тап мемлекеттің көмегімен саяси жағынан да үстем тап болып алады, сөйтіп езілген тапты басып-жаншуға және қанауға жаңа құралдар табады...» Тек ежелгі мемлекет пен феодалдық мемлекет қана құлдар мен крепостнойларды қанау органдары болып қойған жоқ, сонымен бірге «қазіргі өкілетті мемлекет те капиталдың жалдама еңбекті қанау құралы болып отыр. Алайда, күресуші таптардың күштері теңбе-тең түсетін, мемлекеттік өкімет екі таптың ортасында арада жүруші сияқты болып көрініп, екі таптың екеуі

жөнінде де уақытша белгілі дәрежеде өз алдына дербес болатын дәуірлер ерекше жағдай ретінде кездесіп отырады...»[12] XVII және XVIII ғасырлардағы абсолюттік монархия, Франциядағы бірінші және екінші империяның бонапартизмі, Германиядағы Бисмарк осындай болған.

Өз тарапымыздан қоса айтайық: революцияшыл пролетариатты қуғындауға көшкеннен кейінгі республикалық Россиядағы Керенскийдің үкіметі осындай болды, ол кезде, ұсақ буржуазияшыл демократтар басшылық еткендіктен, Советтер әлсіз болды *да,* ал буржуазия *әлі* Советтерді тура қуып жіберерліктей күшті болмады.

Демократиялық республикада — дейді одан соң Энгельс — «байлық өзінің өктемдігін жапамалап пайдаланады, бірақ оның есесіне сенімдірек пайдаланады», атап айтқанда, біріншіден, «чиновниктерді тура сатып алу» арқылы (Америка), екіншіден, «үкімет пен биржаның арасындағы одақ» арқылы пайдаланады (Франция мен Америка)[13].

Қандай демократиялық республикаларда болса да байлықтың құдіреттілігін қуаттаудың және жүзеге асырудың осы екі әдісін қазіргі уақытта империализм және банктердің үстемдігі асқан шеберлікке жеткізе «дамытты». Мәселен, егер Россиядағы демократиялық республиканың алғашқы айларында, былайша айтқанда, «социалист» эсерлер мен меньшевиктердің коалициялық үкіметте буржуазиямен некелесіп, желегі түспеген айында, капиталистерді және олардың тонаушылығын, соғыс жабдықтарын жеткізу ісінде олардың қазынаны талаушылығын ауыздықтау шараларының бәріне де Пальчинский мырза саботаждық жасаумен болса, егер содан кейін министрліктен кеткен Пальчинский мырзаға (оның орнын, әрине, дәл соның өзіндей екінші бір Пальчинский басты) капиталистер жылдық ақысы 120 000 сом болатын жылы орын «сыйласа»,— мұның аты не? тура сатып алғандық па әлде тура сатып

алғандық емес пе? үкіметтің синдикаттармен одақтасқандығы ма әлде «тек қана» достық қарым-қатынас жасағандығы ма? Черновтар мен Церетелилердің, Авксентьевтер мен Скобелевтердің атқарып жүрген рольдері қандай? — Бұлар қазынаны ұрлаушы миллионерлердің «тура» одақтастары ма әлде тек қана жанама одақтастары ма?

Демократиялық республиканың тұсында «байлықтың» құдіреттілігінің *сенімдірек* болатын себебі — ол байлық саяси механизмнің жеке кемшіліктеріне, капитализмнің нашар саяси жамылғысына бағынышты емес. Демократиялық республика — капитализмнің мүмкін болатын ең таңдаулы саяси жамылғысы, сондықтан да капитал, осы ең таңдаулы жамылғыны қолына түсіріп алып (Пальчинскийлер, Черновтар, Церетелилер және К° арқылы), өздерінің өктемдігін әбден сенімді, әбден күдіксіз етіп орнататындығы сонша — буржуазиялық-демократиялық республикадағы адамдардың да, мекемелердің де, партиялардың да *ешбір* алмасуы бұл өктемдікті мызғыта алмайды.

Тағы да бір айтып өтерлік нәрсе — Энгельс жалпыға бірдей сайлау правосын да буржуазия үстемдігінің құралы деп әбден айқын атайды. Энгельс, неміс социал-демократиясының ұзақ уақыттық тәжірибесін әдейі еске ала отырып, былай дейді: жалпыға бірдей сайлау правосы —

> «жұмысшы табының есейгендігінің көрсеткіші. Ол қазіргі мемлекетте бұдан көбірек бере алмайды және еш уақытта да бермейді»[14].

Біздің эсерлер мен меньшевиктер сияқты ұсақ буржуазиялық демократтар, сондай-ақ олардың бір туысқан бауырлары, Батыс Европаның барлық социал-шовинистері мен оппортунистері, жалпыға бірдей сайлау правосынан нақ бұдан «көбіректі» күтеді. Бұлар «*қазіргі* мемлекетте» жалпыға бірдей сайлау правосы еңбекшілер көпшілігінің еркін шын білдіре алады және оның жүзеге асуын баянды ете алады деген жалған пікірге өздері де сеніп жүр, халықты да ұйытып жүр.

Біз бұл арада осы жалған пікірді тек атап қана өтеміз және Энгельстің мейлінше анық, дәл, нақты айтылған сөзі «ресми» (яғни оппортунистік) социалистік партиялардың насихаты мен үгітінде қадам басқан сайын бұрмаланып отырғандығын тек көрсетіп қана өтеміз. Энгельс бұл арада түгін қалдырмай сөгіп отырған пікірдің бүкіл жаяғандығын кейінірек Маркс пен Энгельстің *«қазіргі»* мемлекетке көзқарастарын баяндаған жерімізде толығырақ анықтап көрсетеміз.

Өзінің көзқарастарының жалпы қорытындысын Энгельс өзінің жұртқа әбден мәлім шығармасында мына сөздермен баяндайды:

> «Сонымен, мемлекет мәңгі жасап келе жатқан жоқ. Мемлекетсіз де өмір сүрген, мемлекеттің, мемлекеттік өкіметтің не екендігін де білмеген қоғамдар болған. Қоғамның таптарға жіктелуімен қажетті түрде байланысты болған экономикалық дамудың белгілі бір сатысында сол жіктелістен барып мемлекет қажет болды. Қазір біз тез адымдап, өндіріс дамуының мынадай бір сатысына: бұл таптардың өмір сүруі қажет болудан қалғаны былай тұрсын, өндіріске тікелей бөгет болатын сатысына жақындап келеміз. Бұрын таптар қалай сөзсіз туған болса, олар солай сөзсіз жоғалмақ. Таптардың жоғалуымен бірге мемлекет те сөзсіз жоғалмақ. Өндірушілердің ерікті және тең ассоциациясы негізінде өндірісті жаңаша ұйымдастыратын қоғам бүкіл мемлекеттік машинаны сол кездегі өзінің нағыз тиісті орнына жібермек: ескілік мұраларының музейіне апарып, ұршықпен, қола балтамен қатар қоймақ»[15].

Осы заманғы социал-демократияның насихат және үгіт әдебиетінде бұл цитат жиі кездесе бермейді. Тіпті бұл цитат кездесе қалған күнде де, оны көбінесе иконаның алдында тағзым еткен сиқылды болып келтіргендері көрініп тұрады, яғни Энгельсті ресми түрде құрметтеу үшін келтіргендей болып көрінеді, осылайша «бүкіл мемлекеттік машинаны ескілік мұраларының

музейіне жібергеннен» революцияның құлашы қаншалық кең, қаншалық терең екендігі аңғартылғандығына ой жүгіртуге ешқандай әрекет жасалмайды. Тіпті көбінесе Энгельстің мемлекеттік машина деп нені атағанын ұққандықтары да көрінбейді.

4. МЕМЛЕКЕТТІҢ «ҚҰРУЫ» ЖӘНЕ КҮШТЕУ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Энгельстің мемлекеттің «құруы» жөнінде айтқан сөздері жұрттың бәріне мәлім, олар цитатқа жиі алынады, марксизмді әдеттегідей оппортунизмнің түсіне бояп, бұрмалаушылықтың мәні неде екендігін айқын көрсетеді, сондықтан бұл сөздерге толығырақ тоқталу қажет болады. Бұл сөздер алынған жердегі пайымдауды түгел келтірейік:

> «Пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алады да, өндіріс құрал-жабдықтарын ең алдымен мемлекеттің меншігіне айналдырады. Ал мұнысы арқылы ол пролетариат ретінде өзін өзі жояды, мұнысы арқылы ол таптық айырмашылықтар мен таптық қарама-қарсылықтардың бәрін, сонымен бірге мемлекет ретінде мемлекетті де жояды. Бұрын өмір сүрген және күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан қоғамға, таптық қарама-қарсылықтардың ішінде өріс алып отырған қоғамға, мемлекет қажет болды, яғни қанаушы таптың өндірісінің сыртқы жағдайларын сақтау үшін, демек, әсіресе қаналушы тапты белгілі бір өндіріс әдісі арқылы белгіленетін басып жаншу жағдайларында (құлдық, крепостниктік тәртіп, жалдама еңбек) күштеп ұстап отыру үшін қанаушы таптың ұйымы қажет болды. Мемлекет бүкіл қоғамның ресми өкілі болды, сол қоғамның корпорация сияқтыға шоғырлануы болды, бірақ ол мемлекеттің осындай болғандығының себебі, тек сол мемлекеттің өз заманында бір өзі бүкіл қоғамның өкілі болған таптың мемлекеті болғандығынан ғана: ежелгі заманда ол құл иеленушілердің — мемле-

кет азаматтарының — мемлекеті болған, орта ғасырларда — феодал дворяндардың мемлекеті болған, біздің заманымызда — буржуазияның мемлекеті болып отыр. Мемлекет ақырында шынымен бүкіл қоғамның өкілі болғанда, ол өзін өзі керексіз етеді. Басып-жаншып ұстау керек болатын бірдебір қоғамдық тап қалмайтын кезден бастап, тап үстемдігімен бірге, өндірістегі қазіргі анархиядан туған жеке тіршілік ету жолындағы күреспен бірге, сол күрестен туатын қақтығысулар мен эксцестер (шектен шығып кетушіліктер) құрып бітетін кезден бастап,— сол кезден бастап басып-жаншитын да еш нәрсе болмайды, басып-жаншуға арналған ерекше күш — мемлекет қажет те болмайды. Мемлекет шынымен бүкіл қоғамның өкілі ретінде көрінетін бірінші акт — қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын өз иелігіне алуы — сонымен бірге оның мемлекет ретінде өз бетімен істеген соңғы актісі болады. Ол кезде мемлекеттік өкіметтің қоғамдық қатынастарға араласуы бір саладан соң екінші бір салада артық бола бастайды да, өзінен-өзі ұйқыға кетеді. Адамдарға үкім жүргізудің орнын заттарды билеп, өндіріс процестеріне басшылық ету басады. Мемлекет «жойылмайды», *ол құриды*. «Ерікті халық мемлекеті» деген сөздерді, уақытша үгітшілік сөз болып өмір сүруге право алған, бірақ сайып келгенде ғылыми жағынан дәйексіз сөздерді, осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек. Анархистер деп аталатындардың мемлекет бүгін-ертеңнен қалмай жойылуға тиіс деген талабын да осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек» («Анти Дюринг». «Евгений Дюринг мырзаның ғылымды құлатуы», немісше 3-басылуының 301—303-беттері)[16].

Энгельстің ой-пікірлерге тамаша бай осы пайымдауынан қазіргі социалистік партиялардағы социалистік ой-пікірдің шынымен игілігіне айналғаны — мемлекетті «жою» жөніндегі анархиялық ілімнен өзгеше, Марксше, мемлекет «құриды» деген ұғым ғана болды деп, қате-

лесіп кетуден қорықпай-ақ, айтуға болады. Марксизмді мұнша күзеушілік — оны оппортунизмге айналдыру деген сөз, өйткені мұндай «түсінік бергенде» өзгеріс ақырындап, бір қалыппен, бірте-бірте болады деген, секірістер мен дауылдар болмайды деген, революция болмайды деген күңгірт түсінік қана қалады. Мемлекеттің «құруы» деген сөздің айтылып жүрген, кең өріс алған, жалпылама, егер осылай деп айту мүмкін болса, ұғымы, революцияны теріске шығарғандық болады демегеннің өзінде, революцияны көмескілегендік болатындығы күмәнсыз.

Ал оның бер жағында, мұндай «түсінік беру» — марксизмді тек буржуазияға ғана тиімді етіп мейлінше дөрекі түрде бұрмалау, Энгельстің ең болмағанда жоғарыда біз толық келтіріп өткен «қорытынды» пайымдауында көрсетілген ең маңызды жағдайлар мен ой-пікірлерді ұмытуға теория жағынан негізделген бұрмалау.

Біріншіден. Бұл пайымдауының ең басында Энгельс: пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алғаннан кейін «мұнысы арқылы мемлекет ретінде мемлекетті жояды» деп отыр. Мұның не деген сөз екендігін ойлау «әдетте жоқ». Әдетте бұл не мүлдем еленбейді, не Энгельстің «гегельдік әлсіздігі» тәрізді бірдеңе деп есептеледі. Шынында бұл сөздерде аса ұлы пролетарлық революциялардың бірінің тәжірибесі, 1871 жылғы Париж Коммунасының тәжірибесі қысқаша айтылған; ол туралы біздің әңгімеміз тиісті жерінде толығырақ айтылмақ. Шынында Энгельс бұл арада пролетарлық революцияның *буржуазия* мемлекетін «жоятыны» туралы айтып отыр, ал мемлекеттің құруы жайындағы сөздердің социалистік революциядан *кейінгі пролетарлық* мемлекеттіктің қалдықтарына қатысы бар. Энгельсше, буржуазиялық мемлекет «құрымайды», оны революцияда пролетариат *«жояды»*. Сол революциядан кейін барып пролетарлық мемлекет немесе жартылай мемлекет құриды.

Екіншіден. Мемлекет — «басып-жаншуға арналған ерекше күш». Энгельстің осы өте тамаша, аса терең мағыналы анықтамасы бұл арада әбден айқын айтылып отыр. Ал бұл анықтамадан шығатын қорытынды — бур-

жуазияның пролетариатты, ат төбеліндей байлардың миллиондаған еңбекшілерді «басып-жаншуға арналған ерекше күшінің» орнын пролетариаттың буржуазияны «басып-жаншуға арналған ерекше күші» (пролетариат диктатурасы) басуға тиіс. «Мемлекет ретінде мемлекетті жоюдың» мәнісі де осында. Қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын өз иелігіне алу «актісінің» мәнісі де осында. *Осылай* бір (буржуазиялық) «ерекше күштің» орнын екінші бір (пролетарлық) «ерекше күштің» басуы мемлекеттің «құруы» арқылы тіпті де бола алмайтындығы өзінен өзі айқын.

Үшіншіден. «Құру» туралы, тіпті одан да гөрі айқынырақ және әдемірек —«ұйқыға кету» туралы айтқанда Энгельс «бүкіл қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын мемлекет өз иелігіне алғаннан» *кейінгі*, яғни социалистік революциядан *кейінгі* дәуірге туралап әбден айқын, анық айтқан. «Мемлекеттің» бұл кездегі саяси формасы нағыз толық демократия болатындығын бәріміз де білеміз. Бірақ әңгіме бұл жерде, демек, Энгельсте, *демократияның* «ұйқыға кетуі» мен «құруы» туралы болып отырғандығы марксизмді арсыздықпен бұрмалап жүрген оппортунистердің бірде-біреуінің миына кіріп те шықпайды. Бір қарағанда мұның өзі өте таңқаларлық нәрсе сияқты болып көрінеді. Бірақ мұның өзі демократияның *да* мемлекет екендігіне, ендеше, мемлекет жоғалғанда демократияның да жоғалатындығына ой жүгіртпеген адамға ғана «түсініксіз». Буржуазиялық мемлекетті тек революция ғана «жоя» алады. Жалпы алғанда мемлекет, яғни нағыз толық демократия, тек қана «құриды».

Төртіншіден. Энгельс өзінің «мемлекет құриды» деген атақты қағидасын айтып, іле-шала бұл қағиданың оппортунистерге де қарсы, анархистерге де қарсы бағытталып отырғандығын нақты түсіндіреді. Бұл ретте «мемлекеттің құритындығы» туралы қағидадан туып, оппортунистерге қарсы бағытталған қорытындыны Энгельс бірінші орынға қойып отыр.

Мемлекеттің «құруы» туралы оқыған не естіген 10 000 адамның 9990-ының Энгельс өзінің осы қағидадан туған қорытындыларын *тек* анархистерге *ғана* қар-

сы бағыттап қоймағандығын мүлдем білмейтіндігіне немесе олардың естерінде жоқ екендігіне бәстесуге болады. Ал қалған он адамның, сірә, тоғызы «еркін халықтық мемлекеттің» не екендігін, бұл ұранға қарсы шыққандықтың неліктен оппортунистерге қарсы шыққандық болатындығын білмейді. Тарих осылай жазылады! Революциялық ұлы ілімді білдірместен үстем тоғышарлыққа айналдыру осылай болады. Анархистерге қарсы қорытынды мың мәрте қайталанды, аяқ асты етілді, жұрттың миына мейлінше қара дүрсін сіңірілді, соқыр сенімдей берік орнықты. Ал оппортунистерге қарсы қорытынды көмескіленді және «ұмытылды»!

«Еркін халықтық мемлекет» 70-жылдардағы неміс социал-демократтарының программалық талабы және айтылып жүрген ұраны болды. Бұл ұранда демократия деген ұғымды мещандықпен көпірте суреттегендіктен басқа ешбір саяси мазмұн жоқ. Бұл ұранда жария түрде демократиялық республика аңғартылғандай болғандықтан ғана, Энгельс оны үгітші тұрғысынан қарап «уақытша» «мақұлдауға» дайын болған-ды. Бірақ бұл ұран оппортунистік ұран еді, өйткені ол буржуазиялық демократияны бояп көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге жалпы мемлекет атаулыға айтылған социалистік сынды ұқпағандықты да көрсетті. Біз демократиялық республиканы жақтағанда капитализм тұсында пролетариат үшін ең тәуір болатын мемлекет формасы ретінде жақтаймыз, бірақ ең демократиялық буржуазиялық республикада да халықтың көретін күні жалдама құлдық болатындығын ұмытуға біздің правомыз жоқ. Содан соң. Мемлекет атаулының қандайы болса да — езілген тапты «басып-жаншуға арналған ерекше күш». Сондықтан мемлекет атаулының *қандайы болса да* еркін *емес,* халықтық *емес.* Маркс пен Энгельс 70-жылдары өздерінің партиялас жолдастарына мұны әлденеше рет түсіндірген болатын[17].

Бесіншіден. Мемлекеттің құруы туралы пайымдауы жұрттың есінде қалған Энгельстің сол шығармасында күштеу революциясының маңызы туралы пайымдау бар. Оның роліне берілген тарихи баға Энгельстің шығармасында күштеу революциясының нағыз панегирикі-

Книгоиздательство „ЖИЗНЬ и ЗНАНІЕ".
Петроградъ, Поварской пер., д. 2, кв. 9 и 10. Телефонъ 227-42.

Библіотека Обществовѣдѣнія. Кн. 40-я

В. ИЛЬИНЪ (Н. Ленинъ).

ГОСУДАРСТВО И РЕВОЛЮЦІЯ

Ученіе марксизма о государствѣ и задачи пролетаріата въ революціи.

ВЫПУСКЪ I.



ПЕТРОГРАДЪ.
1918

В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітабының титул парағы — 1918 ж.
Кішірейтілген

не айналып отыр. Бұл «ешкімнің есінде жоқ», бұл ой-пікірдің маңызын сөз қылу және тіпті ойлау қазіргі социалистік партиялардың әдетінде жоқ, бұқара арасында жүргізілетін күнбе-күнгі насихат пен үгітте бұл ой-пікірлер ешқандай роль атқармайды. Ал шындығында бұл ой-пікірлер мемлекеттің «құруымен» сыңдарлы тұтас бір нәрсе болып, айрылмастай байланысқан.

Энгельстің ол пайымдауы мынау:

> «...Күштеу тарихта басқа да» (жауыздық істеуден басқа) «роль, атап айтқанда революциялық роль атқарады, Маркстің айтуынша, ескі қоғам атаулының қандайы болса да жаңа қоғамға жүкті болған кезде, күштеу сол ескі қоғамды босандырушы болады[18], күштеу дегеніміз қоғамдық қозғалыс өзіне жол ашатын және қатып, семіп қалған саяси формаларды қиратататын құрал болып табылады,—осылардың бәрі жөнінде Дюринг мырза жұмған аузын ашпаған. Ол, жалғыз-ақ, қанаушылардың қожалық етуін құлату үшін, мүмкін, күштеу керек болар дегенді күрсініп, ыңқылдап әрең айтып отыр,— амалыңыз не, соны көресіз! өйткені күштеуді қолданудың қандайы болса да оны қолданушының берекесін кетіреді-міс. Ал осы сөздер жеңімпаз революция атаулының нәтижесі болған жоғары адамгершілік және идеялық өрлеуге қарамастан айтылып отыр! Осы сөздер Германияда айтылып отыр, мұнда халыққа еріксіз таңылуы мүмкін күштеу қақтығыстың ең болмағанда мынадай артықшылығы болар еді: ол Отыз жылдық соғыс[19] қорлығының зардабынан ұлттық санаға сіңіп қалған малайлық рухын құртар еді. Ал осындай күңгірт, былжыр, дәрменсіз поптық ой тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ең революциялық партияға батылы барып өзін ұсынып отыр-ау?» (немісше 3-басылуының 193-беті, II бөлімнің 4-тарауының соңы)[20].

1878 жылдан 1894 жылға дейін, яғни өзі қайтыс болғанға дейін, Энгельс неміс социал-демократтарына тал-

мастан ұсынып келген күштеу революциясының осы панегиригін мемлекеттің «құруы» туралы теориямен бір ілімге қалайша біріктіруге болады?

Әдетте мұның екеуі де эклектицизм арқылы, біресе ана, біресе мына пікірге беталды (немесе өкімет иелеріне жағыну үшін) идеясыз немесе софистік жармасу арқылы біріктіріледі, соның өзінде, жиі демегенмен де, жүз жағдайдың тоқсан тоғызында алдыңғы қатарға нақ сол «құру» қойылып отырады. Диалектика эклектицизммен алмастырылады: мұның өзі осы кездегі ресми социал-демократиялық әдебиетте марксизм жөнінде әбден үйреншікті болып кеткен, әбден кең тарап кеткен құбылыс. Мұндай алмастырушылық, әрине, жаңалық емес, ол тіпті гректердің классикалық философиясының тарихында да байқалған. Марксизмді оппортунизм етіп көрсеткенде эклектицизмді диалектика етіп көрсетушілік бұқараны бәрінен де гөрі оңай алдайды, процестің барлық жақтарын, дамудың барлық тенденцияларын, бір-біріне қайшы ықпалдардың бәрін және басқаларын ескеріп отырған тәрізді жұртты алдамшы түрде қанағаттандырады, ал іс жүзінде қоғамдық даму процесін ешқандай сындарлы және революциялық жолмен түсіндірмейді.

Маркс пен Энгельстің күштеу революциясының болмай қоймайтындығы туралы ілімінің буржуазиялық мемлекетке қатысы бар, мұны біз жоғарыда айтқанбыз және бұдан былайғы баяндауымызда толығырақ көрсетеміз. Буржуазиялық мемлекеттің пролетарлық мемлекетпен (пролетариат диктатурасымен) ауыстырылуы «құру» жолымен *болмайды*, қайта, жалпы ереже бойынша, тек күштеу революциясы арқылы ғана болады. Энгельс жырлаған күштеу революциясының панегиригі, Маркстің талай рет айтқан сөздеріне әбден сай келетін панегирик — («Философия қайыршылығы»[21] мен «Коммунистік Манифестің»[22] күштеу революциясының болмай қоймайтындығы туралы мақтанышпен, ашық айтылған соңғы жағын еске түсірейік; 1875 жылы Гота программасына айтылған сынды еске түсірейік, мұнда, 30 жылдай өткеннен кейін, Маркс ол программаның оппортунизмін аяусыз әшкерелейді[23]) — бұл панегирик

«елігу» де емес, тақпақ та емес, айтыс үшін қолданылған әдіс те емес. Бұқараны күштеу революциясына *осындай*, дәл осындай тұрғыдан қарайтын етіп үнемі тәрбиелеудің қажеттілігі Маркс пен Энгельстің *бүкіл* ілімінің негізіне алынып отыр. Қазіргі үстем болып отырған социал-шовинистік және каутскийшілдік ағымдардың Маркс пен Энгельстің іліміне опасыздық етуі *осындай* насихатты, осындай үгітті бұл ағымдардың қай-қайсысының болса да ұмытқандықтарынан айқын көрінеді.

Буржуазиялық мемлекеттің пролетарлық мемлекетпен ауыстырылуы күштеу революциясынсыз мүмкін емес. Пролетарлық мемлекеттің жойылуы, яғни мемлекет атаулының жойылуы «құру» жолымен болады, оның басқа жолмен жойылуы мүмкін емес.

Маркс пен Энгельс, әрбір жеке революциялық жағдайды зерттей отырып, әрбір жеке революция тәжірибесінің сабақтарын талдай отырып, әлгі көзқарастарын толық және нақты дамытып отырды. Енді біз бұлардың ілімінің сөзсіз ең маңызды осы бөлегіне көшпекшіміз.

II ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ. 1848—1851 ЖЫЛДАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

1. РЕВОЛЮЦИЯ ҚАРСАҢЫ

Есейген марксизмнің тұңғыш шығармалары, «Философия қайыршылығы» мен «Коммунистік Манифест», дәл 1848 жылғы революцияның қарсаңында жазылған. Осы жағдайға байланысты бұл шығармалардан, марксизмнің жалпы негіздерінің баяндалуымен қатар, белгілі дәрежеде сол кездегі нақты революциялық жағдайдың бейнеленуін көріп отырмыз, сондықтан бұл шығармалардың авторлары 1848—1851 жылдардың тәжірибесінен қорытынды шығарардың дәл алдында олардың мемлекет туралы не айтқанын қарастырып өткеніміз, сірә, қолайлырақ болар.

«...Жұмысшы табы,— деп жазады Маркс «Философия қайыршылығында»,— даму барысында,

ескі буржуазиялық қоғамның орнына таптар мен олардың қарама-қарсылығын болғызбайтын ассоциацияны қояды; ол кезде асылында ешқандай саяси өкімет те болмайды, өйткені нақ саяси өкіметтің өзі буржуазиялық қоғамның ішіндегі таптардың қарама-қарсылығының ресми көрінісі болып табылады» (1885 жылғы немісше басылымының 182-беті)[24].

Мемлекеттің таптар жойылған соң жоғалатындығы жөніндегі ой-пікірдің осы жалпы баяндалуын Маркс пен Энгельс содан бірнеше ай өткеп соң, атап айтқанда, 1847 жылы ноябрьде жазған «Коммунистік Манифестегі» баяндалуымен салыстырып қарау сабақ боларлық:

«...Пролетариаттың дамуының негұрлым жалпы фазаларын суреттей келіп, біз өмір сүріп отырған қоғам ішіндегі азды-көпті бүркемелі түрдегі азамат соғысын шолып өттік, бұл соғыс ашық революцияға айналатын, сойтіп пролетариат буржуазияны күштеп құлату арқылы өз үстемдігін орнататын пунктке дейін шолып өттік...

...Жоғарыда біз мынаны көрдік: жұмысшы революциясындағы алғашқы адым — пролетариатты үстем тапқа айналдыру» (сөзбе-сөз айтқанда: көтеру), «демократияны жеңіп алу.

Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазиядан барлық капиталды бірте-бірте тартып алу үшін, барлық өндіріс құралдарын мемлекеттің, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариаттың қолына орталықтандыру үшін және өндіргіш күштердің жиынын мүмкіндігінше тезірек көбейту үшін пайдаланады» (1906 жылғы немісше 7-басылуының 31 және 37-беттері)[25].

Біз бұл жерде марксизмнің мемлекет туралы мәселе жөніндегі ең тамаша және аса маңызды идеяларының бірінің, атап айтқанда, «пролетариат диктатурасы» (Париж Коммунасынан соң Маркс пен Энгельс осылай айта бастады)[26] идеясының тұжырымы беріліп отырға-

кын көреміз, ал одан соң мемлекеттің өте қызғылықты анықтамасы беріліп отырғанын көреміз, бұл да марксизмнің «ұмытылған сөздерінің» қатарына қосылады. *«Мемлекет, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат»*.

Ресми социал-демократиялық партиялардың үстем болып жүрген насихат және үгіт әдебиетінде мемлекеттің осы анықтамасы ешқашан тек түсіндірілмей ғана жүрген жоқ. Ол ол ма. Бұл анықтама тура ұмытылып қалған, өйткені ол анықтама реформизммен мүлде ымыраласпайды, ол анықтама «демократияның бейбіт дамуы» жөніндегі кәдімгі оппортунистік соқыр сенімді де, мещандық жалған үмітті де бет қаратпайды.

Пролетариатқа мемлекет керек — мұны барлық оппортунистер, социал-шовинистер мен каутскийшілдер қайталайды, олар Маркс ілімінің өзі осылай деп нандырады; бірақ мынаны қоса айтуды «ұмытады»: біріншіден, Марксше, пролетариатқа тек құритын мемлекет қана, яғни дереу құри бастайтын болып, құрымай тұра алмайтын болып құрылған мемлекет керек. Ал, екіншіден, еңбекшілерге «мемлекет» керек, «яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат» керек.

Мемлекет — күш көрсететін ерекше ұйым, белгілі бір тапты басып-жаншитын күштеу ұйымы. Ал пролетариатқа қандай тапты басып-жаншу керек? Әрине, тек қанаушы тапты ғана, яғни буржуазияны басып-жаншу керек. Еңбекшілерге мемлекет тек қанаушылардың қарсылығын басу үшін ғана керек, ал мұны басуға басшылық ету, оны жүзеге асыру ақырына дейін бірден-бір революцияшыл таптың, буржуазияға қарсы күресте, оны әбден құлатуда барлық еңбекшілер мен қаналушыларды біріктіре алатын бірден-бір таптың — пролетариаттың қолынан келеді.

Қанаушы таптарға саяси үстемдік қанауды қолдау мүдделері үшін керек, яғни халықтың орасан көпшілігіне қарсы ат төбеліндей азшылықтың құлқын құмарлық мүдделері үшін керек. Қаналушы таптарға саяси үстемдік қанау атаулыны толық жою мүдделері үшін керек, яғни қазіргі құл иеленушілердің, яғни помещиктер мен капиталистердің ат төбеліндей азшылығына

қарсы халықтың орасан көпшілігінің мүдделері үшін керек.

Ұсақ буржуазияшыл демократтар, тап күресін таптар келісімі туралы қиялға ауыстырған осы бір социалистсымақтар, социалистік өзгерісті де қиял жолымен түсінді, қанаушы таптың үстемдігін құлату түрінде емес, қайта өздерінің міндеттерін ұғынған көпшілікке азшылықты бейбіт бағындыру түрінде түсінді. Таптан жоғары мемлекеттің болуын мойындаумен тығыз байланысты осы бір ұсақ буржуазиялық утопия практика жүзінде еңбекші таптардың мүдделерін сатып кетуге әкеліп соқтырды, мұны, мәселен, 1848 және 1871 жылдардағы француз революцияларының тарихы да көрсетті, мұны XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Англиядағы, Франциядағы, Италиядағы және басқа елдердегі буржуазиялық министрліктерге «социалистік» қатысу тәжірибесі де көрсетті[27].

Бұл күнде Россияда эсерлер партиясы мен меньшевиктер партиясы қайта жаңғыртып отырған осы ұсақ буржуазиялық социализмге қарсы Маркс бүкіл өмірі бойына күрес жүргізді. Маркс тап күресі туралы ілімді дәйекті түрде жүргізіп, оны саяси өкімет жөніндегі, мемлекет жөніндегі ілімге дейін жеткізді.

Буржуазияның үстемдігін құлату, ерекше тап ретінде, тек пролетариат тарапынан ғана мүмкін; пролетариаттың өмір сүруінің экономикалық жағдайлары оны буржуазияның үстемдігін құлатуға әзірлейді, соны іс-теуіне мүмкіндік те, күш те береді. Буржуазия шаруалар мен барлық ұсақ буржуазиялық жіктерді бөлшектеп, бытыратып отыратын болса, пролетариатты ол топтастырып, біріктіріп, ұйымдастырып отырады. Ірі өндірістегі өзінің экономикалық роліне байланысты тек пролетариат қана *бүкіл* еңбекші және қаналушы бұқараға көсем бола алады; ал бұл бұқараны буржуазия қанайды, езеді, оны пролетарларды жаныштағаннан кем жаныштамайды, қайта көбінесе күштірек жаныштайды, бірақ өз азаттығы үшін *өз алдына* дербес күресу бұл бұқараның қолынан келмейді.

Маркстің мемлекет туралы және социалистік революция туралы мәселеге қолданған тап күресі туралы ілімі

пролетариаттың *саяси үстемдігін,* оның диктатурасын, яғни ешкіммен бөліспейтін және тікелей бұқараның қарулы күшіне сүйенетін өкіметті сөзсіз мойындатады. Буржуазияны құлату ісі пролетариатты *үстем тапқа,* буржуазияның болмай қоймайтын, арпалысқан қарсылығын баса алатын, жаңа шаруашылық укладын жүргізуге *бүкіл* еңбекші және қаналушы бұқараны ұйымдастыра алатын үстем тапқа айналдыру арқылы ғана жүзеге асады.

Пролетариатқа мемлекеттік өкімет, күш көрсететін, бір орталыққа бағынған ұйым, күштейтін ұйым қажет, қанаушылардың қарсылығын басуы үшін де, социалистік шаруашылықты «жолға салу» ісінде халықтың орасан көп бұқарасына, шаруаларға, ұсақ буржуазияға, жартылай пролетарларға *басшылық етуі* үшін де қажет.

Марксизм жұмысшы партиясын тәрбиелей отырып, өкіметті қолына ала алатын, *бүкіл халықты* социализмге *бастай* алатын, жаңа құрылысқа бағыт беріп, оны ұйымдастыра алатын, буржуазиясыз және буржуазияға қарсы өз қоғамдық тұрмысын құру ісінде барлық еңбекшілер мен қаналушылардың ұстазы, басшысы, көсемі бола алатын пролетариат авангардын тәрбиелейді. Керісінше, қазір үстем болып отырған оппортунизм жұмысшы партиясынан капитализм тұсында тәп-тәуір «орналасып», жақсы ақы алатын, өзінің тұңғыштық правосын қара көжеге сататын, яғни халықтың буржуазияға қарсы революцияшыл көсемдері болудан бас тартатын жұмысшылардың бұқарадан қол үзген өкілдерін тәрбиелейді.

«Мемлекет, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат», -- Маркстің бұл теориясы оның пролетариаттың тарихтағы революциялық ролі жөніндегі бүкіл ілімімен айрылмастай байланысқан. Бұл рольді аяқтап шығу пролетарлық диктатура, пролетариаттың саяси үстемдігі болып табылады.

Ал егер пролетариатқа буржуазияға *қарсы* күштеудің *ерекше* ұйымы ретіндегі мемлекет керек болса, онда бұдан өзінен-өзі мынадай қорытынды шығады: буржуазияның *өзіне* арнап жасап алған мемлекеттік машинасын алдын ала жоймай тұрып, қиратпай тұрып, мұндай

ұйымды құру мүмкін бе? «Коммунистік Манифест» дәл осы қорытындыға әкеп тірейді және 1848 — 1851 жылдардағы революцияның тәжірибесін қорытқанда Маркс осы қорытынды туралы сөз қылады.

2. РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Біз шұғылданып отырған мемлекет туралы мәселе жөнінде Маркс «Луи Бонапарттың 18-ші брюмері» деген шығармасының бір жеріндегі мына пайымдауында 1848 — 1851 жылдардағы революцияның қорытындыларын шығарады:

> «...Бірақ революция негізді. Ол әлі де қыл көпірден өту жолында. Ол өз ісін жүйелеп орындайды. 1851 жылғы 2 декабрьге дейін» (Луи Бонапарттың мемлекеттік төңкеріс жасаған күні) «ол өзінің әзірлік жұмысының жартысын аяқтады, қазір ол екінші жартысын аяқтап келеді. Парламентарлық өкіметті құлатуға мүмкіндік алу үшін, ол әуелі парламентарлық өкіметті кемеліне келтіреді. Енді, бұған қолы жеткеннен кейін, ол *атқарушы өкіметті* кемеліне келтіреді, оны нағыз таза белгісіне жеткізеді, оны оқшаулайды, *қиратушы күштің бәрін соған қарсы шоғырландыру үшін»* (курсив біздікі) «оны өзіне қарсы бірден-бір обьект етіп қояды. Сөйтіп революция өзінің алдын ала істейтін жұмысының осы екінші жартысын аяқтаған кезде, Европа өзінің орнынан көтеріліп, масаттана: е, кәрі кортышқан, сен інді жақсы-ақ қазады екенсің!— дейтін болады.
>
> Өзінің орасан зор бюрократиялық және әскери ұйымы бар, аса күрделі және жасанды мемлекеттік машинасы бар, жарты миллион армиясымен қатар тағы да жарты миллион адам чиновник әскері бар осы атқарушы өкімет, француз қоғамының бүкіл денесін нақ тордай шырмап алған, оның бойындағы тыныс алатын жерлерінің бәрін бітеп алған осы сұмдық паразит-организм самодержавиелік монархия дәуірінде туды, феодализмнің

құлдыраған кезінде, бұл организм сол құлдыраудың тездеуіне өзі көмектескен кезде туды». Бірінші француз революциясы орталықтануды дамытты, «ал сонымен бірге үкімет билігінің көлемін, атрибуттарын ұлғайтып, көмекшілерінің санын көбейтті. Бұл мемлекеттік машинаны Наполеон аяқтады». Легитимді монархия мен Июль монархиясы «көбірек еңбек бөлінісінен басқа тыңнан еш нәрсе қосқан жоқ...

...Ақырында, парламентарлық республика өзінің революцияға қарсы күресінде, жазалау шараларымен бірге, үкімет билігінің құралдары мен орталықтануын күшейтуге мәжбүр болып шықты. *Төңкерістердің бәрі бұл машинаны қиратудың орнына оны жетілдіре берді»* (курсив біздікі). «Бірінің орнын бірі басып, үстемдік үшін күрескен партиялар осы орасан зор мемлекеттік ғимаратты қолына түсіруді өздері жеңгенде алатын ең іргелі олжа деп есептеді» («Луи Бонапарттың 18-ші брюмері», 98—99-беттер, 4-басылуы, Гамбург, 1907 ж.)[28].

Бұл тамаша пайымдауда марксизм «Коммунистік Манифестегіге» қарағанда алға қарай орасан зор қадам жасап отыр. Онда мемлекет туралы мәселе әлі өте абстракт түрде қойылған, аса жалпы ұғымда және мейлінше жалпылама сөздермен айтылған. Мұнда мәселе нақты қойылып отыр, мұнда қорытынды да өте дәл, анық, практикада сезілерлік етіліп жасалған: бұрынғы революциялардың бәрі мемлекеттік машинаны жетілдіре берген, ал оны қирату, сындыру керек делінген.

Бұл қорытынды — марксизмнің мемлекет туралы ілiміндегі басты, негізгі қорытынды. Ал нақ осы негізгі қорытындыны үстем болып отырған ресми социал-демократиялық партиялар тек мүлдем *ұмытып* қана қойған жоқ, сонымен бірге II Интернационалдың ең көрнекті теоретигі К. Каутский тура *бұрмалаған* (мұны төменде көреміз).

«Коммунистік Манифесте» тарихтың жалпы қорытындылары шығарылған, бұл қорытындылар мемлекетті

таптық үстемдік органы деп тануға мәжбүр етеді және пролетариат, әуелі саяси өкіметті қолына түсірмейінше, саяси үстемдік алмайынша, мемлекетті «үстем тап болып ұйымдасқан пролетариатқа» айналдырмайынша, буржуазияны құлата алмайды, ал бұл пролетарлық мемлекет өзі жеңіп шыққан соң дереу құри бастайды, өйткені таптық қайшылықтары жоқ қоғамда мемлекеттің керегі жоқ және оның болуы мүмкін емес деген қажетті тұжырымға келтіреді. Мұнда буржуазиялық мемлекеттің орнын осылай пролетарлық мемлекеттің басуы — тарихи даму тұрғысынан қарағанда — қандай болуға тиіс деген мәселе қойылып отырған жоқ.

Нақ осындай мәселені Маркс 1852 жылы алға қойып, шешкен болатын. Өзінің диалектикалық материализм философиясынан айнымайтын Маркс революцияның ұлы жылдарындағы — 1848 — 1851 жылдардағы тарихи тәжірибені негіз етіп алады. Маркстің ілімі бұл жерде де — қай кезде болса да — терең философиялық дүние танушылықпен, тарихты жете білушілікпен баяндалған *тәжірибені қорыту* болып табылады.

Мемлекет туралы мәселе нақты қойылып отыр: буржуазиялық мемлекет, буржуазияның үстемдігі үшін қажетті мемлекеттік машина тарихи жағынан алып қарағанда қалай пайда болды? буржуазиялық революциялардың барысында және езілген таптар өз алдына дербес бой көрсетіп отырғанда ол машинаның өзгерістері қандай, ол машинаның эволюциясы қандай? пролетариаттың сол мемлекеттік машина жөніндегі міндеттері қандай?

Буржуазиялық қоғамға тән орталықтанған мемлекеттік өкімет абсолютизм құлаған дәуірде пайда болды. Бұл мемлекеттік машинаға екі мекеме: чиновниктер мен тұрақты армия өте-мөте тән. Бұл мекемелердің нақ буржуазиямен мыңдаған арқаулар арқылы байланысып жататындығы Маркс пен Энгельстің шығармаларында талай рет айтылған. Бұл байланысты әрбір жұмысшының тәжірибесі мейлінше айқын етіп, бадырайтып көрсетеді. Жұмысшы табы бұл байланысты білуді өз басынан кешіріп барып үйренеді,— міне сондықтан да бұл байланыстың болмай қоймайтындығы туралы ғылымды,

ғылым болғанда, ұсақ буржуазиялық демократтар не надандықпен, ұшқарылықпен теріске шығаратын ғылымды, не тиісті практикалық қорытындылар шығаруды ұмытып, одан да бетер ұшқарылықпен «жалпы түрде» мойындайтын ғылымды жұмысшы табы соншалықты оңай аңғарып, соншалықты берік еске тұтады.

Чиновниктер мен тұрақты армия, бұлар — буржуазиялық қоғамның денесіне жабысқан «паразит», паразит болғанда, осы қоғамды жегідей жеп жатқан ішкі қайшылықтар туғызған паразит, бірақ бұл — өмір сүруге керекті тыныс алатын жерлерді «бітеуші» паразиттің дәл өзі. Қазіргі кезде ресми социал-демократияда үстем болып отырған каутскийшілдік оппортунизм мемлекетті *паразиттік организм* деп білетін көзқарасты анархизмге тән ерекше де өзгеше көзқарас деп есептейді. Әлбетте, империалистік соғысқа «отан қорғау» деген ұғымды қолдану арқылы империалистік соғысты ақтауға және боямалап корсетуге дейін барып, социализмді адам айтқысыз масқара еткен мещандарға марксизмді бұлай бұрмалау өте-мөте пайдалы, бірақ, қалай дегенмен де, мұның өзі — марксизмді сөзсіз бұрмалағандық.

Бұл чиновниктік, әскери аппарат феодализм құлағаннан бері Европа басынан кешірген сансыз көп буржуазиялық революциялардың бәрінен өтіп, дамып, жетіліп, нығайып келеді. Атап айтқанда, нақ ұсақ буржуазия едәуір дәрежеде осы аппарат арқылы ірі буржуазия жағына шығарылады және соған бағындырылады, бұл аппарат шаруалардың, ұсақ қолөнершілердің, саудагерлердің және басқалардың жоғарғы топтарына біршама қолайлы, тыныш және құрметті жылы орындар береді, бұл жылы орындар осы орындарға ие болғандарды халықтан *жоғары* қояды. Россияда 1917 жылғы 27 февральдан[29] кейінгі жарты жылдың ішінде не болғанын алып қараңыз: бұрын көбінесе құрметпен қаражүздіктерге беріліп келген чиновниктік орындар енді кадеттердің, меньшевиктердің, эсерлердің олжасына айналды. Қандай да болсын елеулі реформалар жасау, шынында, олардың ойына да келген емес, ондай реформаларды «Құрылтай жиналысына дейін» кідіртуге — ал Құрыл-

тай жиналысын ептеп-септеп соғыстың аяғына дейін кідірте тұруға тырысты! Ал олжапы бөлісуді, министрлердің, министр орынбасарларының, генерал-губернаторлардың, тағысын-тағылардың орындарын иеленуді кідірткен жоқ, ешқандай Құрылтай жиналысын күткен жоқ! Үкімет құрамы жөніндегі айла-амалдар, шынында, жоғарыда да, төменде де, бүкіл елде, барлық орталық және жергілікті басқару орындарында етек алған осы бөлісудің және «олжаны» қайта бөлісудің тек белгісі ғана еді. 1917 жылы 27 февральдан 27 августқа дейінгі жарты жылдың ішіндегі қорытынды, обьективтік қорытынды күмәнсыз: реформалар кейінге қалдырылды, чиновниктік орындар бөліске салынды, ал бөлістің «қателері» бірнеше қайта бөлісу арқылы түзетілді.

Ал әр түрлі буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың арасында (егер орыс мысалын алсақ, кадеттердің[30], эсерлердің, меньшевиктердің арасында) чиновниктік аппаратты «қайта бөлісулер» неғұрлым көп жүргізілсе, езілген таптарға, сол таптарды бастаушы пролетариатқа, өздерінің *бүкіл* буржуазиялық қоғамға бітіспес жау екендіктері соғұрлым айқын бола бастайды. Барлық буржуазиялық партиялар үшін, соның ішінде тіпті ең демократиялық партиялар мен «революциялық-демократиялық» партиялар үшін де, революцияшыл пролетариатқа қарсы қолданылатын жазаларды күшейту қажеттігі, жаза қолданатын аппаратты, яғни бәз-баяғы мемлекеттік машинаны нығайту қажеттігі осыдан келіп шығады. Оқиғалардың осындай барысы революцияны мемлекеттік өкіметке қарсы *«қиратушы күштің бәрін шоғырландыруға»* мәжбүр етеді, мемлекеттік машинаны жақсартуды емес, қайта оны *қиратуды*, *жоюды* міндет етіп қоюға мәжбүр етеді.

Міндетті осылай қойдыртып отырған — логикалық пайымдаулар емес, оқиғалардың нақты дамуы, 1848 — 1851 жылдардың естен кетпейтін тәжірибесі. Тарихи тәжірибенің іс жүзіндегі негізін Маркстің қаншалықты мықты ұстағандығы мынадан көрінеді: әлгі құртылуға тиіс мемлекеттік машинаны *немен* ауыстыру керек деген мәселені 1852 жылы ол әлі нақты алға қоймаған болатын. Мұндай мәселені алға қою үшін ол кезде тә-

жірибе әлі материал бере қоймаған еді, тарих бұл мәселені кейінірек, 1871 жылы күн тәртібіне қойды. 1852 жылы, табиғи-тарихи байқаудың дәлдеп көрсетуімен айтқанда, пролетарлық революция мемлекеттік өкіметке қарсы «қиратушы күштің бәрін жұмылдыру» міндетіне, мемлекеттік машинаны «сындыру» міндетіне *жақындап келді* деп тек қана атап көрсетуге болатын еді.

Бұл арада Маркстің тәжірибесін, байқаулары мен қорытындыларын жинақтау, бұларды Францияның үш жылғы, 1848 — 1851 жылдардағы тарихынан гөрі кеңірек шекте алып қолдану дұрыс па?— деген сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұрақты талдау үшін, әуелі Энгельстің бір ескертпесін еске салып өтейік, ал содан соң нақты деректерге көшеміз.

> «...Франция,— деп жазды Энгельс «18-ші брюмердің» 3-басылуына арналған алғы сөзінде,— Франция — таптардың тарихи күресі әрбір ретте басқа елдердегіден гөрі көбірек жеріне жеткізіліп келген ел. Францияда өзгере беретін саяси формалар неғұрлым айқын түрде шыңдалып жасалды, ал осы формалардың ішінде әлгі тап күресі ілгері басты және олардан күрес нәтижелері көрініс тапты. Орта ғасырларда феодализмнің ордасы болған, Ренессанс заманынан бері біртектес сословиелік монархияның үлгілі елі болған Франция ұлы революция кезінде феодализмнің күл-талқанын шығарды да, буржуазияның таза үстемдігін тамаша айқын етіп орнатты, мұны Европаның өзге елдерінің ешқайсысы да істей алмаған еді. Үстем буржуазияға қарсы бас көтеріп келе жатқан пролетариаттың күресі де мұнда өзге елдер әлі білмеген шиеленіскен формада көрініп отыр» (1907 жылғы басылуының 4-беті)[31].

Соңғы ескертпесі ескірді, өйткені 1871 жылдан бері француз пролетариатының революциялық күресінде үзіліс болды, алайда бұл үзіліс, қаншама ұзақ болса да, келешек пролетарлық революцияда Францияның таптар күресін жеріне жеткізе жүргізетін маңдайалды

ел ретінде өзін көрсете алуы мүмкіндігін ешбір жоймайды.

Алайда XIX ғасырдың аягы мен XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы елдердің тарихына жалпы көз жіберіп қарайық. Сонда біз мына процестің неғұрлым баяу, неғұрлым алуан түрде, анағұрлым кең аумақта болғандығын көреміз: республикалы елдерде де (Франция, Америка, Швейцария), монархиялы елдерде де (Англия, белгілі дәрежеде Германия, Италия, Скандинавия елдері, т. т.), бір жағынан, «парламентарлық өкімет» жасалып келгендігін, екінші жағынан, буржуазиялық құрылыстың негізін өзгертпей, чиновниктік орындар «олжасын» бір бөлісіп, қайта бөліскен әр түрлі буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың өкімет үшін күрес жүргізгендігін,— ақырында, «атқарушы өкіметтің», оның чиновниктік және әскери аппаратының кемеліне келіп, нығая түскендігін көреміз.

Мұның жалпы алғанда капиталистік мемлекеттердің бүкілең жаңа эволюциясының ортақ белгілері екендігінде ешбір күмән жоқ. Бүкіл капиталистік дүниеге тән дәл сол даму процестерін Франция үш жылда, 1848—1851 жылдары, тез, айқын және жинақы түрде көрсетіп берді.

Әсіресе империализм, банк капиталы дәуірі, орасан зор капиталистік монополиялар дәуірі, монополистік капитализмнің мемлекеттік-монополистік капитализмге ұласу дәуірі «мемлекеттік машинаның» адам айтқысыз күшейгендігін көрсетіп отыр, монархиялы елдерде болсын, ең еркін республикалы елдерде болсын, пролетариатқа қарсы қолданылатын жазалардың күшеюіне байланысты «мемлекеттік машинаның» чиновниктік және әскери аппаратының құлақ естімеген дәрежеде өскендігін көрсетіп отыр.

Күмән жоқ, бүкіл дүние жүзілік тарих қазір мемлекеттік машинаны «қирату» ісіне пролетарлық революцияның «барлық күшін шоғырландыруға» 1852 жылғыға қарағанда өлшеусіз кең көлемде бастап келеді.

Пролетариаттың мемлекеттік машинаны немен ауыс-

тыратындығы жөнінде Париж Коммунасы зор сабақ боларлық материал берді.

3. МАРКСТІҢ 1852 ЖЫЛҒЫ МӘСЕЛЕ ҚОЙЫСЫ*

1907 жылы Меринг «Neue Zeit»[32] журналында (XXV, 2, 164) Маркстің 1852 жылы 5 мартта Вейдемейерге жазған хатынан алынған үзінділерді жариялады. Бұл хатта, айта кетейік, мынадай бір тамаша пайымдау бар:

> «Ал енді маған келсеңіз, қазіргі қоғамда таптар барлығын табу да, олардың арасындағы күресті табу да менің сіңірген еңбегім емес. Буржуазия тарихшылары осы таптар күресінің тарихи дамуын, ал буржуазия экономистері таптардың экономикалық анатомиясын менен көп бұрып баяндап жазған-ды. Менің істеген жаңалығым — мыналарды дәлелдеп көрсеткендігім болды: 1) таптардың өмір сүруі өндіріс дамуының белгілі бір тарихи фазасына (historische Entwicklungsphasen der Produktion) ғана байланысты, 2) тап күресі сөзсіз пролетариат диктатурасына жеткізеді, 3) бұл диктатураның өзі тап атаулыны құртып, таптар болмайтын қоғамға жетудегі өткел ғана болады...»[33].

Маркс осы сөздері арқылы, біріншіден, буржуазияның алдыңғы қатарлы және неғұрлым терең ойшылдарының ілімінен өз ілімінің басты және түбірлі айырмашылығын, ал екіншіден, мемлекет туралы өз ілімінің мәнісін тамаша анық көрсетіп отыр.

Маркстің іліміндегі басты нәрсе — тап күресі. Осылай деп өте жиі айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ бұл дұрыс емес. Ал осы қателіктен барып екінің бірінде марксизмді оппортунистікпен бұрмалаушылыққа, оны буржуазияға қолайлы болатындай етіп боямалаушылыққа жол беріледі. Өйткені тап күресі туралы ілімді Маркс *емес*, *қайта* Маркске *дейін* буржуазия жасаған және, жалпы айтқанда, буржуазияға *қолайлы* етіп жа-

* Екінші басылуына жазылған қосымша.

саған. Таптардың күресін *ғана* мойындаған адам әлі марксист емес; ондай адам буржуазиялық ойлау мен буржуазиялық саясат шеңберінен шыға алмай да қалуы мүмкін. Марксизмді таптар күресі туралы іліммен шектеу — марксизмнің өрісін тарылтқандық, оны бұрмалағандық, оны буржуазияға қолайлы нәрсеге айналдырғандық. Таптар күресін мойындауды *пролетариат диктатурасын* мойындауға дейін *жеткізетін* адам ғана — марксист. Марксистің кәдімгі толып жатқан ұсақ буржуадан (тіпті ірі буржуадан да) ең үлкен айырмашылығы да осында. Марксизмді *шын мәнінде* ұғынғандықты және мойындағандықты осы айырмашылық арқылы сынап отыру керек. Европаның тарихы жұмысшы табын *практика жүзінде* осы мәселеге таяп алып келген кезде, барлық оппортунистер мен реформистер былай тұрсын, сонымен бірге барлық «каутскийшілдер» де (реформизм мен марксизмнің арасында ауытқып жүрген адамдар) пролетариат диктатурасын *мойындамайтын* сорлы филистерлер, ұсақ буржуазиялық демократтар екендіктерін көрсеткендігіне таңданып болмайды. Каутскийдің 1918 жылы августа, яғни осы кітапшаның бірінші басылуынан көп кейін шыққан «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасы — марксизмді мещандық бұрмалаудың, марксизмді *сөз жүзінде* екіжүзділікпен мойындап, *іс жүзінде* одан пасықтықпен айнығандықтың үлгісі (менің мына кітапшамды қараңыз: «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», Петроград және Москва, 1918 ж.*).

Қазіргі оппортунизм өзінің басты өкілі, бұрынғы марксист К. Каутский арқылы Маркстің *буржуазиялық* позиция жөніндегі жоғарыда келтірілген сипаттамасына толық дөп келеді, өйткені бұл оппортунизм тап күресін мойындау саласын буржуазиялық қатынастар саласымен шектейді. (Ал тап күресін сол саланың ішінде, сол саланың шеңберінде «принципті түрде» мойындаудан бірде-бір білімді либерал бас тартпайды!). Оппортунизм тап күресін мойындауды оның ең басты жеріне дейін, капитализмнен коммунизмге *өту* дәуіріне

* Қараңыз: Шығармалар, 28-том, 223—327-беттер. *Ред.*

дейін, буржуазияны *құлату* және оны толық *жою* дәуіріне дейін *жеткізбейді*. Шынына келгенде, бұл дәуір адам айтқысыз кескілескен тап күресінің, оның адам айтқысыз шиеленіскен формаларының болмай қоймайтын дәуірі болып табылады, ендеше бұл дәуірдің мемлекеті де сөзсіз *жаңаша* демократиялық (пролетарлар мен жалпы кедейлер үшін) және *жаңаша* диктаторлық (буржуазияға қарсы) мемлекет болуға тиіс.

Одан соң. *Бір* таптың диктатурасы жалпы таптық қоғам атаулы үшін ғана емес, буржуазияны құлатқан *пролетариат* үшін ғана емес, сонымен бірге капитализмді «тапсыз қоғамнан», коммунизмнен айыратын бүтін бір *тарихи дәуір* үшін де қажетті екендігін ұғынған адам ғана Маркстің мемлекет туралы ілімінің мәнісін көңіліне тоқиды. Буржуазиялық мемлекеттердің формалары мейлінше алуан түрлі, бірақ бәрінің мәнісі бір: бұл мемлекеттердің бәрі қалай болғанда да, сайып келгенде, *буржуазияның диктатурасы* болмай қоймайды. Капитализмнен коммунизмге өту, әрине, орасан көп және алуан түрлі саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады, ол: *пролетариат диктатурасы*[34].

III ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ. 1871 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖ КОММУНАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ. МАРКСТІҢ ТАЛДАУЫ

1. КОММУНАРЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЕРЛІК НЕДЕ?

Жұртқа мәлім, Коммунадан бірнеше ай бұрын, 1870 жылдың күзінде, Маркс үкіметті құлатуға әрекет жасау торыққандықтан істелетін зердесіздік болар еді дей келіп, Париж жұмысшыларын сақтандырған болатын[35]. Бірақ 1871 жылы мартта жұмысшылар батыл ұрысқа *еріксіз тартылып*, олар мұны қабыл алғанда, көтеріліс фактіге айналған кезде, Маркс істің түбі насырға шабатындығын аңғарса да, пролетарлық революцияны аса зор шаттықпен құттықтады. 1905 жылы ноябрьде жұмысшылар мен шаруалардың күресін мақтап жазып, ал 1905 жылдың декабрінен кейін: «қолға қару алмау

керек еді»[36] деп либералдарша айқай салған, марксизмнің күйіншті-атақты орыс ренегаты Плеханов сияқты, Маркс қозғалыстың «мезгілсіздігін» педанттықпен сөгіп, сіресіп қалған жоқ.

Алайда, Маркс, өзі айтқандай, «аспанға атой салған» коммунарлардың ерлігіне тек сүйсініп қана қойған жоқ[37]. Бұқаралық революциялық қозғалыс көздеген мақсатына жете алмағанымен, Маркс оны орасан зор маңызы бар тарихи тәжірибе деп білді, бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның ілгері басқан белгілі адымы, жүздеген программалар мен пайымдаулардан әлдеқайда маңызды практикалық адым деп білді. Осы тәжірибеге талдау жасау, одан тактикалық сабақ алу, сол тәжірибеге сүйене отырып, өз теориясын қайта қарау — Маркс өзінің міндетін міне осындай деп білді.

Маркс «Коммунистік Манифеске» бір ғана «түзету» енгізуді қажет деп тапқанда, оны өзі Париж коммунарларының революциялық тәжірибесіне сүйене отырып енгізген еді.

«Коммунистік Манифестің» немісше жаңа басылуына арналған, оның авторларының екеуі де қол қойған соңғы алғы сөздің жазылған уақыты 1872 жылғы 24 июнь деп көрсетілген. Осы алғы сөзде авторлар, Карл Маркс пен Фридрих Энгельс, «Коммунистік Манифестің» программасының «кейбір жерлері қазір ескіріп қалды» дейді.

> «...Әсіресе Коммунаның дәлелдегені,— дейді мұнан әрі олар,—«жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны тек жай меңгере салып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды»...»[38].

Бұл цитаттағы екінші тырнақшаға алынған сөздерді авторлар Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасынан алып келтірген[39].

Сөйтіп, Маркс пен Энгельс Париж Коммунасының негізгі және басты бір сабағын орасан зор маңызы бар сабақ деп біліп, олар мұны «Коммунистік Манифеске» елеулі түзету етіп енгізген.

Нақ осы елеулі түзетуді оппортунистердің бұрмалағандығы өте-мөте айта қаларлық деу керек, ал «Коммунистік Манифесті» оқыған жұрттың жүзден тоқсан тоғызына болмаса да, сірә, оннан тоғызына сол түзетудің мәні мәлім болмаса керек. Бұл бұрмалау жөнінде біз төменде, бұрмалаушылықтарға әдейі арналған тарауда, толығырақ сөз қыламыз. Бұл арада мынаны атап өтудің өзі жеткілікті: Маркстің жоғарыда біз келтірген әйгілі нақыл сөздерін көп айтылып жүрген, тұрпайы «ұғуға» қараганда, Маркс бұл арада өкіметті басып алуға қарама-қарсы баяу даму идеясын және басқа сол сияқтыларды атап көрсетіп отырған тәрізді.

Шынына келгенде *нақ керісінше.* Маркс мынадай ой-пікір айтып отыр: жұмысшы табы «даяр тұрған мемлекеттік машинаны» тек жай басып ала салумен ғана шектелмей, оны *қиратуы, сындыруы* керек.

1871 жылы 12 апрельде, ягни дәл Коммунаның кезінде, Маркс Кугельманға былай деп жазған:

> «...Егер сен менің «18-ші брюмерімнің» соңғы тарауына көз салсаң, онда мынаны көресің: мен онда француз революциясының келесі әрекетін былай деп жариялаймын: бюрократиялық-әскери машинаны, бұған дейін болып келгеніндей, бір қолдан екінші қолға бере салмау керек, қайта оны *сындыру* керек» (курсив Маркстікі; түпнұсқада zerbrechen делінген), «континентте болатын әрбір шын халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт та нақ осындай. Біздің париждік ер жүрек жолдастарымыздың әрекетінің өзі де дәл осы» («Neue Zeit»-тің 709-беті, XX, 1, 1901—1902 жыл)[40]. (Маркстің Кугельманға жазған хаттары орыс тілінде кем дегенде екі рет басылып шықты, соның бірі менің редакциялауыммен, менің жазған алғы сөзіммен шықты*.)

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 403—412-беттер. *Ред.*

3*

«Бюрократиялық-әскери мемлекеттік машинаны сындыру керек» деген сөздер революцияда пролетариаттың мемлекет жөніндегі міндеттері туралы мәселедегі марксизмнің қысқа тұжырымдалған басты сабағын білдіреді. Міне, нақ осы сабақ мүлде ұмытылғаны былай тұрсын, тіпті марксизмді үстем болып жүрген, каутскийшілдік, «түсіндіру» арқылы тура бұрмаланылған!

Ал енді Маркстің «18-ші брюмерге» жасаған сілтемесіне келетін болсақ, біз оның тиісті жерін жоғарыда толық келтірдік.

Маркстің келтірілген пайымдауының екі жерін ерекше атап өтудің мәні бар. Біріншіден, ол өзінің қорытындысын тек континент көлемінде ғана жасап отыр. 1871 жылы солай етуі түсінікті, ол кезде Англия әлі де таза капиталистік елдің үлгісі болған, бірақ соғысқұмарлары мен едәуір дәрежеде бюрократиясы жоқ ел еді. Сондықтан Маркс Англияны қорытындысынан сырт қалдырған, онда революция, тіпті халықтық революцияның өзі де, «даяр тұрған мемлекеттік машинаны» қирату жөнінде алдын ала қойылатын шарт*сыз-ақ* болғандай еді және болуы ол кезде мүмкін де еді.

Енді, 1917 жылы, бірінші ұлы империалистік соғыс дәуірінде, Маркстің бұлай шек қоюы сырт қалады. Соғысқұмарлары мен бюрократизмі жоқтығы жағынан алғанда ағылшын-саксон «бостандығының» бүкіл дүние жүзіндегі ең ірі және соңғы елдері болып саналатын Англия да, Америка да барлығын өзіне бағындыратын, барлығын өзі басып-жаныштайтын бюрократиялық-әскери мекемелердің жалпы европалық лас, қанды батпағына әбден белшесінен батты. Енді Англияда да, Америкада да «әрбір шын халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт» — «дайын тұрған» (оларда 1914—1917 жылдары «европалық», жалпы империалистік, дәрежеге жеткізіле әзірленген) «мемлекеттік машинаны» *сындыру, қирату* болады.

Екіншіден, бюрократиялық-әскери мемлекеттік машинаны қирату «әрбір шын *халықтық* революцияға алдын ала қойылатын шарт» болып табылады деген Маркстің өте терең ескертпе пікірі ерекше көңіл бөлуге тұрарлық. Бұл «халықтық» революция деген ұғымның

Маркстің аузынан шығуы таңырқарлық нәрсе сияқты болып көрінеді, сондықтан Струвенің жолын ұстаған, өздерін марксистерміз деп санағылары келетін орыс плехановшылдары мен меньшевиктері Маркстің осы сөзін, сірә, «абайсыздық» деп жариялауға да барар еді. Олар марксизмді мынадай сорақы-либералдық бұрмалаушылыққа душар етті: олар үшін буржуазиялық революция мен пролетарлық революцияны бір-біріне қарсы қоюдан басқа еш нәрсе жоқ, ал бұл қарсы қоюдың өзін де олар мейлінше жансыз түсінеді.

Мысалға XX ғасырдың революцияларын алатын болсақ, онда Португалия революциясын да, түрік революциясын да, әрине, буржуазиялық революция деп мойындауға тура келеді. Бірақ бұлардың ешқайсысы да «халықтық» революция болып табылмайды, өйткені халық бұқарасы, оның орасан көпшілігі бұл екі революцияның ешқайсысында да белсеніп, өз алдына дербес, жеке өздерінің экономикалық және саяси талаптарымен көзге түсін бой көрсетпеді. Керісінше, 1905—1907 жылдардағы орыс буржуазиялық революциясы, онда кей-кейде Португалия және түрік революцияларының үлесіне тиіп қалған «тамаша» табыстардай табыстар болмаса да, күмән жоқ, «шын халықтық» революция болды, өйткені халық бұқарасы, оның көпшілігі, қоғамның езгі мен қанаудан жапа шеккен ең «төмендері» өз алдына дербес бас көтерді, революцияның бүкіл барысына *өз* талаптарының, қиратылатын ескі қоғамның орнына өздерінше жаңа қоғам орнатуға жасаған *өз* әрекеттерінің ізін қалдырды.

1871 жылы Европа континентінде пролетариат бірде-бір елде халықтың көпшілігі болған емес. Қозғалысқа шын көпшілікті тартатын «халықтық» революция әрі пролетариатты, әрі шаруаларды қамтығанда ғана сондай революция бола алар еді. «Халықты» құрайтын да ол кезде осы екі тап еді. «Бюрократиялық-әскери мемлекеттік машинаның» бұл екі тапты езуі, жаншуы, қанауы оларды біріктірді. Бұл машинаны *қирату*, оны *сындыру* —«халықтың», оның көпшілігі — жұмысшылардың және шаруалар көпшілігінің шын тілегі осы, ең кедей шаруалардың пролетарлармен ерікті түрде одақ

жасауының «алдын ала қойылатын шарты» да осы, ал мұндай одақ болмайынша, демократия баянды болмайды, социалистік өзгеріс жасау да мүмкін болмайды.

Жұртқа мәлім, Париж Коммунасы да осындай одаққа жету үшін өзіне жол салуға ұмтылды, бірақ бірсыпыра ішкі және сыртқы себептердің салдарынан мақсатына жете алмады.

Олай болса, «шын халықтық революция» туралы сөз қозғағанда, Маркс, ұсақ буржуазияның ерекшеліктерін ешбір есінен шығармастан (бұл ерекшеліктер туралы ол көп те, жиі де айтқан болатын), Европаның континенттік мемлекеттерінің көпшілігіндегі таптардың 1871 жылғы іс жүзіндегі арасалмағын өте қатты ескерді. Ал екінші жағынан, Маркс мемлекеттік машинаны «қирату» жұмысшылардың да, шаруалардың да мүддесі екенін, оларды біріктіретінін, олардың алдына «паразитті» құртып, оны басқа бір жаңа нәрсемен ауыстыру жөнінде ортақ міндет қоятынын атап көрсетті.

Ал оны атап айтқанда немен ауыстыру керек?

2. ҚИРАТЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК МАШИНАНЫ НЕМЕН АУЫСТЫРУ КЕРЕК?

Бұл сұраққа 1847 жылы, «Коммунистік Манифесте», Маркс әлі мүлде абстракт жауап берген болатын, дәлірек айтқанда, міндеттерді көрсетіп, оларды шешу әдістерін көрсетпейтін жауап берген болатын. Оны «пролетариатты үстем тап етіп ұйымдастырумен», «демократияны орнатумен» ауыстыру керек — «Коммунистік Манифестің» берген жауабы міне осындай еді[41].

Пролетариаттың осы үстем тап ретінде ұйымдасуының нақты формалары қандай, бұл ұйымдасудың өзі барынша толық және дәйекті етіп «демократияны орнатумен» қалай үйлеседі деген сұрақтың жауабын Маркс, утопияға салынбай-ақ, бұқаралық қозғалыстың *тәжірибесінен* күткен болатын.

Коммунаның тәжірибесі қаншама шағын болғанымен, бұл тәжірибеге Маркс «Франциядағы азамат соғысында» барынша зер салып, талдау жасайды. Осы шығарманың ең маңызды жерлерін келтірейік:

XIX ғасырда орта ғасырлардан шыққан «орталықтанған мемлекеттік өкімет және оның барлық жерде бар органдары: тұрақты армия, полиция, бюрократия, дін басылары, сот сословиесі» дамыды. Капитал мен еңбектің арасындағы таптық антагонизмнің дамуына байланысты «мемлекеттік өкімет барған сайын еңбекті езу үшін құрылған қоғамдық өкімет сипатына, таптық үстемдік машинасы сипатына ие болды. Тап күресінің ілгері басқан белгілі қадамы болатын әрбір революциядан кейін мемлекеттік өкіметтің таза езушілік сипаты барған сайын ашық көрінеді». 1848—1849 жылдардағы революциядан кейін мемлекеттік өкімет «капиталдың еңбекке қарсы соғысының ұлттық құралына» айналды. Екінші империя мұны баянды етті.

«Коммуна империяның тікелей қарама-қарсылығы болды». «Тек таптық үстемдіктің монархиялық формасын ғана емес, сонымен бірге таптық үстемдіктің өзін де жоюға тиіс болған республиканың» «Коммуна белгілі бір формасы болды...»

Пролетарлық, социалистік республиканың осы «белгілі бір» формасы атап айтқанда қандай болды? Оның құра бастаған мемлекеті қандай болды?

«...Коммунаның бірінші декреті тұрақты әскерді құртып, оның орнына қаруланған халықты қою болды...»

Социалистік партия деп аталгысы келетін партиялардың бәрінің де программасында қазір осы талап бар. Бірақ олардың программаларында қанша құн барлығы бәрінен де гөрі біздің эсерлер мен меньшевиктердің әрекеттерінен көрініп отыр, бұлар іс жүзінде дәл 27 февраль революциясынан соң жаңағы талапты жүзеге асырудан бас тартты!

«...Коммуна Париждің әр түрлі округтерінде жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша сайлан-

ған қала мүшелерінен құрылды. Олар жауапты болды және кез келген уақытта орындарынан түсірілетін болды. Бұлардың көпшілігі жұмысшылардан немесе жұмысшы табының белгілі өкілдерінен болғаны өзінен-өзі түсінікті...

...Бұған дейін мемлекеттік үкіметтің құралы болып келген полиция озінің барлық саяси функцияларынан дереу жұрдай етіліп, Коммунаның кез келген уақытта ауыстырылатын жауапты органына айналдырылды... Басқару ісінің басқа да барлық салаларындағы чиновниктер жөнінде де солай істелді... Коммунаның мүшелерінен бастап, жоғарыдан төменге дейін, қоғамдық қызметті *жұмысшы жалақысындай* ақыға атқаруға тиіс болды. Пұрсаттылық атаулының қандайы болса да және өкіл болғаны үшін жоғары мемлекет шеніндегілерге ақша беру атаулының қандайы болса да сол шендермен бірге жойылды... Тұрақты әскер мен полицияны, ескі үкіметтің материалдық билігінің осы құралдарын жойған соң, Коммуна рухани езгі құралын, поптардың күшін қирату ісін дереу қолға алды... Сот шеніндегілер оздерінің алдамшы тәуелсіздігінен айрылды... олар бұдан былай ашық сайланып қойылатын болды, жауапты болатын және қажет болғанда орнынан түсірілетін болды...»[42]

Сонымен, қиратылған мемлекеттік машинаны Коммуна «тек қана» неғұрлым толық демократиямен ауыстырған сияқты: тұрақты армия жойылады, барлық қызмет адамдары толық сайланып қойылатын және қажет болғанда орындарынан түсірілетін болады. Ал шынына келгенде осы «тек қана» деп отырғанымыздың озі бір мекемелерді принципінде мүлде басқа текті мекемелермен орасан зор ауыстырғандықты корсетеді. Мұнда дәл «санның сапаға айналуының» бір түрі байқалып отыр: жалпы қандай дәрежеде мүмкін болса, сондай дәрежеде мейлінше толық және дәйекті жүргізілген демократия буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға айналып отыр, мемлекеттен (=белгілі бір

тапты басу үшін жұмсалатын ерекше күш) енді шынында мемлекет емес бір нәрсеге айналып отыр.

Буржуазияны және оның қарсылығын басып отыру әлі де болса қажет. Коммуна үшін бұл өте-мөте қажет еді, ал оның жеңіліске ұшырауының бір себебі осыны жеткілікті дәрежеде батыл істемегендігінде болды. Бірақ мұнда басып-жаншушы орган енді құлдық кезінде де, крепостниктік тәртіп кезінде де, жалдама құлдық кезінде де әрдайым болып келгені сияқты, азшылық емес, қайта халықтың көпшілігі. Ал халықтың көпшілігі өзін езушілерді *өзі* басып-жаншитын болғандықтан, басып-жаншу үшін жұмсалатын «ерекше күштің» *енді керегі жоқ!* Осы мағынада мемлекет *құри бастайды*. Пұрсаттылығы бар азшылықтың (пұрсатты чиновниктер, тұрақты армияның бастықтары) ерекше мекемелерінің орнына, мұны көпшіліктің өзі тікелей орындай алады, ал мемлекеттік өкіметтің функцияларын атқарудың өзі неғұрлым бүкіл халықтық атқару болған сайын, ол өкіметтің қажеттілігі де соғұрлым азая түседі.

Бұл ретте Коммунаның Маркс баса көрсетіп отырған мына шаралары: өкілдігі үшін ақша беру атаулының қандайы болса да жойылуы, чиновниктердің ақша жағынан пұрсаттылығы атаулының қандайы болса да жойылуы, мемлекеттегі қызмет адамдарының *бәрінің де* ақысының *«жұмысшы жалақысындай»* мөлшерге түсірілуі — өте тамаша. Мұнда дәл буржуазия демократиясынан пролетариат демократиясына, езушілер демократиясынан езілген таптардың демократиясына, белгілі бір тапты басып-жаншуға жұмсалатын *«ерекше күш»* ретіндегі мемлекеттен езушілерді халық көпшілігінің, жұмысшылар мен шаруалардың *жалпы күшімен* басып-жаншуға *бетбұрыс* бәрінен де гөрі айқынырақ көрініп отыр. Мемлекет туралы мәселе жөніндегі нақ осы аса айқын, бәлкім, ең маңызды пунктке келгенде Маркстің берген сабақтары өте-мөте ұмытылған! Көпшілікке арналған түсініктерде — ал бұл түсініктердің саны жоқ — осы туралы айтылмайды. Христиандар, мемлекеттік дін ережесін алғаннан кейін, демократиялық-революциялық рухтағы бастапқы христиандықтың

«аңқаулықтарын» «ұмытып кеткені» сияқты, әлгіні де, дәл бір заманы өтіп кеткен «аңқаулықтай» көріп, ауызға алмау «әдеті бар».

Мемлекеттік жоғары чиновниктердің ақысын азайтқандық аңқау, қарапайым демократизмнің «жай ғана» талабы сияқты болып көрінеді. Ең жаңа оппортунизмнің «негізін салушылардың» бірі, бұрынғы социал-демократ Эд. Бернштейн буржуазияның «қарапайым» демократизмді мазақтаған арсыз келекесін қайталап айтуға талай рет жаттыққан болатын. Барлық оппортунистер сияқты, қазіргі каутскийшілдер сияқты, Бернштейн де, біріншіден, «қарапайым» демократизмге белгілі дәрежеде «кері оралмайынша», капитализмнен социализмге өту *мүмкін емес* екендігін (өйткені олай етпеген күнде мемлекеттік функцияларды халық көпшілігінің және түгел бүкіл халықтың атқаруына қалай көшуге болады?), ал екіншіден, капитализм мен капиталистік мәдениет негізіне сүйенген «қарапайым демократизм» алғашқы қауымдық немесе капитализмнен бұрынғы замандардағы қарапайым демократизм емес екендігін мүлдем ұқпаған. Капиталистік мәдениет ірі өндірісті, фабрикаларды, темір жолдарды, почтаны, телефонды және басқаларды *туғызды,* ал *осы негізде* ескі «мемлекеттік өкімет» функцияларының орасан көпшілігінің оңайланып кеткендігі соншалық, олар тіркеу, жазу, тексеру сияқты өте оңай операцияларға айналуы мүмкін, сондықтан бұл функциялар сауатты адамдардың бәрінің де қолынан әбден келеді, бұл функцияларды кәдімгі «жұмысшы жалақысындай ақы» алып атқаруға әбден болады, бұл функциялардың пұрсаттылық, «әкімдік ету» сияқты өлеңкелі жақтарының бәрін алып тастауға болады (алып тастау керек те).

Барлық қызмет адамдарының бәрінің де толық сайланып қойылатын болуы, *кез келген уақытта* орындарынан түсірілетін болуы, олардың ақыларының кәдімгі «жұмысшы жалақысындай» етілуі — осы қарапайым және «өзінен-өзі түсінікті» демократиялық шаралар, жұмысшылардың және шаруалар көпшілігінің мүдделерін әбден біріктіре отырып, сонымен бірге капитализмнен социализмге апаратын көпір де бола алады.

Бұл шаралардың қоғамды мемлекеттік, таза саяси негізде басқаша құруға қатысы бар, бірақ «экспроприаторларды экспроприациялау» ісін жүзеге асырумен немесе әзірлеумен, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын капиталистік жеке меншіктен алып, қоғамдық меншікке өткізумен байланыстырылғанда ғана бұл шаралар, әрине, мәнді де, маңызды да болады.

> «Коммуна,— деп жазды Маркс,— шығынның ең үлкен екі статьясын, армия мен чиновниктерді құртты да, барлық буржуазиялық революциялардың арзан үкімет болсын деген ұранын шындыққа айналдырды»[43].

Ұсақ буржуазияның басқа да топтарынан сияқты, шаруалардан да тек болмашы азшылық қана «жоғары көтеріледі», буржуазиялық мағынада айтқанда «адам қатарына қосылады», яғни не ауқатты адамдарға, буржуаға, не қамтамасыз етілген және пұрсатты чиновниктерге айналады. Шаруалары бар капиталистік ел атаулының бәрінде де (ал ондай капиталистік елдер көп) шаруалардың орасан көпшілігі үкіметтен тепкі көріп, оны құлатуды аңсайды, «арзан» үкімет орнатуды аңсайды. Мұны *тек* пролетариат *қана* жүзеге асыра алады, ал пролетариат мұны жүзеге асыра отырып, сонымен бірге мемлекетті социалистік жолмен қайта құруға қарай қадам жасайды.

3. ПАРЛАМЕНТАРИЗМДІ ҚҰРТУ

> «Коммуна,— деп жазды Маркс,— парламентарлық болмай, жұмыс істейтін, әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын корпорация болуға тиіс болды...
>
> ...Үстем таптың қай мүшесі парламентте халықтың өкілі болуға, халықты басып-жаншып отыруға (ver-und zertreten) тиіс екендігін үш немесе алты жылда бір рет шешудің орнына, мұның орнына, жеке сайлау правосының басқа жұмыс берушінің қай-қайсысының болса да көздеген мақ-

сатына қызмет ететіні сияқты, жалпыға бірдей сайлау правосы коммуналарға ұйымдасқан халыққа оның өз кәсіпорындарына жұмысшылар, бақылаушылар, бухгалтерлер іздестіріп тауып алуы үшін қызмет етуге тиіс болды»[44].

1871 жылы парламентаризмге берілген осы тамаша сын да социал-шовинизм мен оппортунизмнің үстем болуы салдарынан енді марксизмнің «ұмытылған сөздерінің» қатарына жатып отыр. Кәсібі бойынша министрлер мен парламентарийлер, пролетариатқа опасыздық жасағандар, осы күнгі «іскерсымақ» социалистер парламентаризмді сынауды түгелімен анархистердің еншісіне беріп қойды, сөйтіп осы ғажап-ақылды дәлелге сүйеніп, олар парламентаризмді сынаудың *қандайын болса да* «анархизм» деп жариялады!! «Алдыңғы қатарлы» парламентті елдердің пролетариаты Шейдемандар, Давидтер, Легиндер, Самбалар, Ренодельдер, Гендерсондар, Вандервельделер, Стаунингтер, Брантингтер, Биссолатилер және К° сықылды «социалистерді» көргенде барынша жиіркеніп, анархо-синдикализмнің оппортунизммен бір туысқандығына қарамастан, анархо-синдикализмді барған сайын жиі ұнатса, мұның таңданарлық ештеңесі жоқ.

Бірақ Маркс үшін революциялық диалектика ешқашан да сәнге айналған жел сөз, сылдыр сөз болған емес, революциялық диалектиканы сылдыр сөзге айналдырып жібергендер — Плеханов, Каутский және басқалар. Маркс анархизмнің буржуазиялық парламентаризмнің ең болмағанда «мал қорасын» да пайдалана білмегендігі үшін, әсіресе көзге көрініп тұрған революциялық жағдай жоқ кезде пайдалана білмегендігі үшін анархизмнен үзілді-кесілді қол үзе білген, бірақ ол сонымен бірге парламентаризмді шын революциялық-пролетарлық тұрғыдан сынай да білген.

Үстем таптың қай мүшесі парламентте отырып алып, халықты басып-жапышатындығын, қыспаққа салатындығын бірнеше жылда бір-ақ рет шешушілік — міне бұл тек парламентті-конституциялы монархияларда ғана емес, ең демократиялық республикаларда да бур-

жуазиялық парламентаризмнің шын мәнісі болып табылады.

Ал егер мемлекет туралы мәселе қоятып болсақ, егер парламентаризмді мемлекет мекемелерінің бірі ретінде пролетариаттың *осы* саладағы міндеттері тұрғысынан алып қарастыратын болсақ, онда парламентаризмнен құтылудың жолы қандай? парламентаризмсіз болудың амалы қайсы?

Тағы да қайталап айтуға тура келеді: Маркстің Коммунаны зерттеуге негізделген сабақтарының ұмытылғандығы соншалық — қазіргі «социал-демократ» (социализмнің қазіргі сатқыны деп оқыңыз) парламентаризмді анархиялық немесе реакциялық тұрғыдан сынаудан басқа ешқандай сынды ұқпайды.

Парламентаризмнен құтылудың жолы, әрине, өкілдік мекемелерді және оларды сайлап қою тәртібін құртуда емес, қайта өкілдік мекемелерді сылдыр сөздің ордасынан «жұмыс істейтін» мекемелерге айналдыруда. «Коммуна, парламенттік мекеме болмай, жұмыс істейтін, әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын мекеме болуға тиіс болды».

«Парламенттік емес, жұмыс істейтін» мекеме деген сөз — осы күнгі парламентарийлердің және социал-демократияның парламенттегі «үй күшіктерінің» өңменіне оқтай қадалатын сөз! Парламентті елдердің кез келгенін алып қараңыз, Америкадан Швейцарияға дейін, Франциядан Англияға, Норвегияға дейін және басқаларын алып қараңыз: нағыз «мемлекеттік» жұмыс қалтарыс жерде істеледі және оны департаменттер, кеңселер, штабтар орындайды. Парламенттерде «қарапайым халықты» әдейі алдау мақсатымен құр мылжыңға салынады. Мұның дұрыс екендігі сонша — тіпті орыс республикасында, буржуазиялық-демократиялық республикада нағыз парламентті құрып үлгірмей жатып-ақ парламентаризмнің әлгі міндерінің бәрі сол сәтте көрініп қалды. Шірік мещандықтың Скобелевтер мен Церетелилер, Черновтар мен Авксентьевтер сияқты сабаздары Советтерді сылдыр сөздің ордасына айналдырды, ең жиіркенішті буржуазиялық парламентаризмнің типіне салып, оларды да былғап үлгірді. «Со-

циалистік» министр мырзалар Советтерде отырып алып, сөзуарлықпен, қаулы-қарарларымен сенгіш мужиктерді алдап отыр. Үкімет ішінде үздіксіз кадриль биі билеуде, мұндағы мақсат, бір жағынан, табысы мол және құрметті жылы орындардың «самсасын» эсерлер мен меньшевиктерге кезекпе-кезек көбірек ұсыну, екінші жағынан, халықтың «көңілін аулау». Ал кеңселерде, штабтарда «мемлекеттік» жұмыс «істеліп» жатыр!

Билік жүргізіп отырған «социалист-революционерлер» партиясының органы «Дело Народа»[45] жуырда редакциялық бас мақаласында тіпті «социалистердің» (осылай атады деп айыпқа бұйырмаңыз!) министрліктерінде, тіпті осы министрліктерде де бүкіл чиновниктік аппарат, шынында, бұрынғы қалпында қалып қойғандығын, жұмысты ескіше істеп отырғандығын, революциялық бастамаларға әбден «емін-еркін» саботаж жасап отырғандығын мойындады,— мұның өзі «бәрі» бірдей саяси жезөкшелік жасаумен айналысатын «жақсы адамдар тобындағылардың» әбден ашық мойындауы болды! Егер ол осылайша мойындамаған күннің өзінде, эсерлер мен меньшевиктердің үкіметке қатысуының іс жүзіндегі тарихы осыны дәлелдеп отырған жоқ па? Мұндағы бір ерекше нәрсе мынау: министрлер қауымында кадеттермен бірге бола жүріп Черновтар, Русановтар, Зензиновтар сықылды мырзалардың және «Дело Народаның» басқа да редакторларының ар-ұяттан безгендігі соншалық — олар «өздерінің» министрліктерінде бәрі де ескіше жүріп жатқандығын шімірікпестен болымсыз нәрсе сияқты етіп айтуға жұрттың алдында ұялмайды!! Деревня Иванушкаларын алдап, ақымақ қылу үшін революциялық-демократиялық сөздер айтып, ал капиталистерге «жақсылық жасау» үшін әдейі чиновниктік кеңсе былығына жол беру —«адал» коалицияның *мәнісі* міне осы.

Буржуазиялық қоғамның сатылғыш және шіріген парламентаризмін Коммуна пікір білдіру және мәселе талқылау бостандығы алдауға айналып кетпейтін мекемелермен ауыстырады, өйткені парламентарийлердің өздері жұмыс істеуге, өз заңдарын өздері орындауға тиіс, істің өмірде не болып шығатындығын өздері тек-

серуге, өз сайлаушыларының алдында тікелей өздері жауап беруге тиіс. Өкілдік мекемелер қала береді, бірақ ерекше система ретінде, заң шығарушы және атқарушы болып еңбекті бөлісу ретінде, депутаттарға арналған пұрсатты жағдай ретінде парламентаризм мұнда *болмайды.* Демократия, тіпті пролетарлық демократияның өзі де өкілдік мекемелерсіз болады деп ойлай алмаймыз, ал егер буржуазиялық қоғамды сынауымыз біз үшін бос сөз болмаса, егер буржуазияның үстемдігін құлатуға ұмтылуымыз, меньшевиктер мен эсерлердікі, Шейдемандар мен Легиндердікі, Самбалар мен Вандервельделердікі сияқты жұмысшылардан дауысты көбірек алып қалу үшін «сайлауда» айтыла салған жел сөз болмай, шын және адал ұмтылу болса, онда біз парламентаризмсіз бола аламыз және болуға *тиіспіз.*

Коммунаға да, пролетарлық демократияға да керек болатын *сол бір* чиновниктердің функцияларын сөз қылғанда Маркстің салыстыру үшін «басқа жұмыс берушінің қай-қайсысының болса да» қызметшілерін мысалға алғандығы, яғни «жұмысшылары, бақылаушылары және бухгалтерлері» бар кәдімгі капиталистік кәсіпорынды алғандығы өте-мөте сабақ боларлық.

Маркс «жаңа» қоғамды ойдан шығарды, қиялдан туғызды деуге боларлықтай Марксте утопизмнің жұрнағы да жоқ. Жоқ, ол жаңа қоғамның ескі қоғамнан *туатынын,* ескі қоғам*нан* жаңа қоғамға өту формаларын табиғи-тарихи процесс ретінде зерттеп отыр. Ол пролетариаттың бұқаралық қозғалысының іс жүзіндегі тәжірибесін алып, одан практикалық сабақтар шығаруға тырысады. Революцияшыл ұлы ойшылдардың бәрі езілген таптың ұлы қозғалыстарына ешқашан да педанттық «ақыл үйретушілікпен» (Плехановтың: «қолға қару алмау керек еді» немесе Церетелидің: «тап өзін өзі тежеп отыруы керек» дегені сияқты) қарамай, сол қозғалыстардың тәжірибесінен үйренуден тартынбағандығы сияқты, Маркс те Коммунадан «үйреніп отыр».

Чиновниктікті бірден барлық жерде, түк қалдырмай құртып жіберу туралы сөз болуы мүмкін емес. Бұл — утопия. Ал ескі чиновниктік машинаны бірден *қиратып,* чиновниктік атаулыны бірте-бірте жоқ қылуға мүмкін-

дік беретін жаңа машинаны дереу орната бастау — утопия *емес*, бұл — Коммунаның тәжірибесі, бұл — революцияшыл пролетариаттың тікелей, кезекті міндеті.

Капитализм «мемлекеттік» басқару функцияларын оңайлатады, «әкімдік етуді» лақтырып тастауға және барлық істі пролетарлардың (үстем тап ретіндегі) бүкіл қоғам атынан «жұмысшыларды, бақылаушыларды, бухгалтерлерді» жалдайтын ұйымына айналдыруға мүмкіндік береді.

Біз утопистер емеспіз. Біз *бірден* ешбір басқарусыз, ешбір бағындырусыз тұра беруді «арман етпейміз»; пролетариат диктатурасының міндеттерін ұғынбағандыққа негізделген бұл анархистік қиялдар марксизмге түп тамырымен жат және іс жүзінде адамдар басқаша болғанға дейін социалистік революцияны кідірте тұруға ғана себепші болады. Жоқ, біз бағындырусыз, бақылаусыз, «бақылаушыларсыз, бухгалтерлерсіз» тұра алмайтын қазіргі адамдар сияқты адамдармен социалистік революция жасауды тілейміз.

Бірақ барлық қаналушылар мен еңбекшілердің қаруланған авангарды — пролетариатқа бағыну керек. Мемлекет чиновниктерінің ерекше «әкімдік етуін» дереу, бүгін ертеңнен қалдырмай «бақылаушылар мен бухгалтерлердің» қарапайым функцияларымен ауыстыра бастауға болады және ауыстыру керек те, бұл функциялар жалпы қала халқының даму дәрежесіне қазірдің өзінде әбден сай келеді және оларды «жұмысшы жалақысындай» ақы алып атқаруға әбден болады.

Капитализмнің осы уақытқа дейін жасағанына сүйене отырып, ірі өндірісті ұйымдастырамыз, өзіміздің жұмысшылық тәжірибемізге сүйене отырып, қаруланған жұмысшылардың мемлекеттік өкіметі қолдап отыратын өте қатаң; темірдей берік тәртіп орната отырып, біз *өзіміз*, жұмысшылар, мемлекет чиновниктерін тапсырған ісімізді қарапайым орындаушыларға, жауап беретін, қажет болғанда орындарынан түсірілетін, шағын ғана ақы алатын «бақылаушылар мен бухгалтерлерге» (әрине, барлық сорттағы, түрдегі және дәрежедегі техниктермен қосып) айналдырамыз — *біздің* пролетарлық міндетіміз міне осы, пролетарлық революцияны жаса-

ғанда істі міне осыдан *бастауға* болады және бастау керек те. Ірі өндіріс негізіне сүйенген мұндай бастау өзінен-өзі чиновниктік атаулының бірте-бірте «құруына», бірте-бірте мынадай тәртіптің,— кекесінсіз мағынадағы тәртіптің, жалдама құлдыққа ұқсамайтын тәртіптің,— тууына жеткізеді; мұндай тәртіптің тұсында бақылау және есеп беру функциялары барған сайын оңайлана береді де, оларды жұрттың бәрі кезектесіп атқаратын болады, содан соң олар әдетке айналып, ақырында, адамдардың ерекше тобының *ерекше* функциялары болудан да қалып, құриды.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында өмір сүрген бір өткір тілді неміс социал-демократы *почтаны* социалистік шаруашылықтың үлгісі деген екен. Бұл өте дұрыс. Осы күні почта — мемлекеттік-*капиталистік* монополия типінде ұйымдастырылған шаруашылық. Империализм трест атаулының бәрін бірте-бірте осы типті ұйымдарға айналдырып келеді. Мұнда да сол баяғы буржуазиялық бюрократия жұмыс басып, ашығып жүрген «қарапайым» еңбекшілердің үстінен қарайды. Бірақ мұнда қоғам болып қожалық ету механизмі қазірдің өзінде дайын. Капиталистерді құлатып, қаруланған жұмысшылардың темірдей берік қолымен осы қанаушылардың қарсылығын күл-талқан ету керек, осы заманғы мемлекеттің бюрократиялық машинасын қирату керек,— сонда «паразиттен» арылған, техника жағынан жоғары дәрежеде жабдықталған механизмге ие боламыз; техниктерді, бақылаушыларды, бухгалтерлерді жалдап алып, олардың *бәрінің* жұмысына, жалпы «мемлекет» чиновниктерінің *бәрінің* жұмысына төленетіні сияқты, жұмысшы жалақысын төлей отырып, бұл механизмді біріккен жұмысшылардың өздері де іске ойдағыдай қоса алады. Міне бұл — нақты, практикалық, барлық трестер жөнінде дереу жүзеге асыруға болатын міндет, еңбекшілерді қанаудан құтқаратын, Коммунаның практика жүзінде бастап та қойған (әсіресе мемлекет құрылысы саласында) тәжірибесін ескеретін міндет.

Барлық лауазымды адамдары сияқты, техниктер, бақылаушылар, бухгалтерлер «жұмысшы жалақысынан»

аспайтын ақы алуы, *бүкіл* халық шаруашылығы қаруланған пролетариаттың бақылауымен және басшылығымен почта сияқты ұйымдастырылуы керек — біздің ең таяудағы мақсатымыз міне осы. Бізге міне осындай экономикалық негізде құрылған, міне осындай мемлекет қажет. Парламентаризмді құртып, өкілдік мекемелерді сақтап қалғанда, біздің табатынымыз міне осы, сол мекемелерді буржуазияның азғындатып жіберуінен еңбекші таптарды құтқаратын да міне осы.

4. ҰЛТ БІРЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«...Уақыт болмағандықтан, Коммуна одан әрі талдап әзірлей алмаған ұлт ұйымының қысқаша очеркінде былай деп әбден анық айтылған: Коммуна тіпті ең кішкене деревняның да саяси формасы... болуға тиіс еді»... Париждегі «ұлт делегациясы» да коммуналардан сайланар еді.

«...Ол кезде әлі де орталық үкіметтің қолында қала тұратын аз да болса өте маңызды функциялар жойылмауға тиіс болатын еді,— бұлай деу қасақана істелген арамдық еді,— қайта коммуналық, яғни жауаптылығы өте күшті чиновниктерге тапсырылуға тиіс болатын еді...

...Ұлт бірлігі құртылуға тиіс емес, қайта, керісінше, коммуналық құрылыс арқылы ұйымдастырылуға тиіс еді. Өзін ұлт бірлігінің тұлғасы деп көрсеткен, бірақ ұлтқа тәуелді болмай, одан жоғары тұрғысы келген мемлекеттік өкіметті жою арқылы ұлт бірлігі өмір шындығына айналуға тиіс еді. Іс жүзінде бұл мемлекеттік өкімет ұлт денесіндегі паразиттік өлі ет еді... Міндет: ескі үкімет билігінің таза езушілік органдарын сылып тастап, ал оның заңды функцияларын қоғамнан жоғары тұруға дәмеленетін өкіметтен тартып алып, қоғамның жауапты қызметшілеріне беру еді»[46].

Маркстің осы пайымдауларын қазіргі социал-демократия оппортунистерінің қаншалық ұқпағандығын —

бәлкім, ұққысы келмегендігін деп айту дұрысырақ, болар — ренегат Бернштейннің: «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген геростратша әйгілі кітабы бәрінен де гөрі жақсы көрсетеді. Маркстің нақ осы келтіріліп өткен сөздері жөнінде Бернштейн былай деп жазған: бұл программа «өзінің саяси мазмұны жағынан барлық мәнді белгілеріне қарағанда Прудонның федерализміне керемет ұқсастығын көрсетеді... Маркс пен «ұсақ буржуа» Прудонның («ұсақ буржуа» деген сөздерді Бернштейн тырнақшаның ішіне алған, мұнысы, өзінше, кекесіні болуға тиіс) арасында басқа да неше түрлі пікір алалықтары болғанымен, бұл пункттер жөнінде олардың ой толғаулары мүмкіндігіне қарай мейлінше жақын». Әрине, дейді одан әрі Бернштейн, муниципалитеттердің маңызы артып келеді, бірақ «меніңше, демократияның бірінші міндеті, Маркс пен Прудон ойлағандай, қазіргі мемлекеттерді керексіз ету (Auflösung — сөзбе-сөз аударғанда — тарату, іріту) және олардың ұйымдастырылуын толық өзгертіп жіберу (Umwandlung — төңкеріс жасау) — өзгерткенде, провинциялық немесе облыстық жиналыстардың делегаттарынан ұлттық жиналыс құру, бұлар өз ретінде коммуналардың делегаттарынан құрылуға тиіс болады — ұлт өкілдіктерінің бұрынғы формасы түгел мүлде құрып кететіндей етіп өзгерту екендігі күмәнды сияқты» (Бернштейн, «Алғы шарттар», 1899 жылғы немісше басылымының 134 және 136-беттері).

«Мемлекеттік өкіметті — паразитті құрту» жөніндегі Маркстің көзқарастарын Прудонның федерализмімен шатастырып жіберу, бұл барып тұрған масқаралық! Бірақ бұл кездейсоқ емес, өйткені бұл жерде Маркстің айтып отырғаны әсте централизмге қарсы федерализм туралы емес екендігі, қайта буржуазиялық елдердің бәрінде өмір сүріп отырған ескі, буржуазиялық мемлекеттік машинаны қирату екендігі оппортунистің ойына кіріп те шықпайды.

Оппортунист өзінің төңірегінен, мещандық тоғышарлық пен «реформистік» тоқыраудың арасында нені көретін болса, оның ойына тек сол ғана, атап айтқан-

да, тек «муниципалитеттер» ғана кіріп шығады! Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған.

Бұл кісі күлерлік нәрсе. Бірақ мұның тамаша жері сол — осы пункт жөнінде Бернштейнмен ешкім таласқан жоқ. Бернштейннің пікірін көптеген адамдар — әсіресе орыс әдебиетінде Плеханов, Европа әдебиетінде Каутский бекерге шығарып келді, бірақ бұлардың ешқайсысы да Маркстің пікірін Бернштейннің *осы* бұрмалауы жөнінде сөз *етпеді*.

Оппортунистің революциялық тұрғыдан ойлаудан және революция туралы ойлаудан қарайып қалғандығы соншалық — ол «федерализмді» Маркске таңып отыр, Марксті анархизмнің негізін салған Прудонмен шатастырып отыр. Ал ортодокс марксистер болғылары келетін, революциялық марксизм ілімін қорғағылары келетін Каутский мен Плеханов бұл туралы жұмған ауыздарын ашпай отыр! Марксизм мен анархизмнің арасындағы айырмашылық жөніндегі көзқарастарды мейлінше бұрмалаушылықтың бір тамыры осында жатыр; каутскийшілдерге де, оппортунистерге де тән бұл бұрмалаушылық туралы тағы да әңгіме етуімізге тура келеді.

Коммунаның тәжірибесі туралы Маркстің жоғарыда келтірілген пайымдауларында федерализмнің ізі де жоқ. Маркстің Прудонмен келісетін жері дәл қайсы екендігін оппортунист Бернштейн көрмей отыр. Бернштейннің Маркс пен Прудонның келісетін жері деп отырғаны — Маркстің Прудонмен дәл келіспейтін жері.

Маркстің Прудонмен келісетін жері сол — бұлардың екеуі де қазіргі мемлекеттік машинаны «қиратуды» жақтайды. Марксизмнің анархизммен (Прудонмен де, Бакунинмен де) ұқсас жері осы екендігін оппортунистердің де, каутскийшілдердің де көргілері келмейді, өйткені олар бұл пунктте марксизмнен аулақ кеткен.

Маркс Прудонмен де, Бакунинмен де дәл федерализм туралы мәселе жөнінде (пролетариат диктатурасы туралы айтпағанның өзінде) келіспейді. Анархизмнің ұсақ буржуазиялық көзқарастарынан федерализм

принципті түрде туып отыр. Маркс централист. Сондықтан оның жоғарыда келтірілген пайымдауларында централизмнен шегінгендіктің ешқандай белгісі жоқ. Буржуазиялық мемлекеттік машинаны құртуды централизмді құрту деп тек мемлекетке мещандық «діни соқыр сеніммен табынуы» күшті адамдар ғана есептей алады!

Ал егер пролетариат пен ең кедей шаруалар мемлекеттік өкіметті өз қолдарына алып, коммуна коммуна болып әбден ерікті түрде ұйымдасса және капиталға соққы беруде, капиталистердің қарсылығын қиратуда, жеке меншіктегі темір жолдарды, фабрикаларды, жерді және басқаларды *бүкіл* ұлтқа, бүкіл қоғамға беруде барлық коммуналардың қимылын *біріктірсе,* мұның өзі централизм болмай ма екен? мұның өзі ең дәйекті демократиялық централизм болмай ма екен? оның үстіне пролетарлық централизм болмай ма екен?

Ерікті централизм болуы, коммуналар өз еркімен ұлт болып бірігуі, буржуазияның үстемдігін, буржуазиялық мемлекеттік машинаны қирату ісінде пролетарлық коммуналар өз еркімен қосылуы мүмкін екендігі Бернштейннің тіпті ойына да кіріп шықпайды. Жалпы филистер атаулы сияқты, Бернштейнге де централизм тек жоғарыдан ғана орнатылатын, тек чиновниктер мен соғысқұмарлар ғана күшпен таңып, сақтай алатын бірдеңе болып көрінеді.

Маркс, өзінің көзқарастарын бұрмалаушылық болуы мүмкіндігін білгендей-ақ, Коммуна ұлт бірлігін құртып, орталық өкіметті жойғысы келеді-міс деп оны айыптау қасақана істелген арамдық болып табылатындығын әдейі атап көрсеткен. Саналы, демократиялық, пролетарлық централизмді буржуазиялық, соғыс құмарлық, чиновниктік централизмге қарама-қарсы қою үшін Маркс «ұлт бірлігін ұйымдастыру» деген сөз тіркесін әдейі қолданып отыр.

Бірақ... естігісі келмейтін адам кереңнен де жаман. Ал қазіргі социал-демократия оппортунистерінің мемлекеттік өкіметті жою, паразитті сылып тастау жөнінде тыңдағысы да келмейді.

5. ПАРАЗИТТІ — МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРТУ

Біз Маркстің тиісті сөздерін келтіріп өттік, енді соларды толықтыруымыз керек.

> «...Дүниеге келген тарихи жаңа нәрсенің,— деп жазды Маркс,— кәдімгі тағдыры мынадай болады: әлгі жаңа нәрсені қоғамдық өмірдің ескі, тіпті тозығы жеткен формалары сияқты бірдеңе деп есептейді, себебі жаңа мекемелер сол формаларға аз да болса ұқсайды. Сондай-ақ қазіргі мемлекеттік өкіметті қиратататын (bricht — сындыратын) осы жаңа Коммуна да орта ғасырлық коммунаның қайта тірілуі... ұсақ мемлекеттердің одағы (Монтескье, жирондистер[47])... шектен асқан орталықтану ісіне қарсы жүргізілген бұрынғы күрестің тым үлкейтілген формасы деп есептелген еді...
>
> ...Қоғам есебінен тамақ асырап, оның еркін қозғалысына бөгет болып отырған «мемлекет» деген бұл паразиттік өлі ет осы уақытқа дейін жалмап келген барлық күштерді коммуналық құрылыс қоғам денесінің өзіне қайтарар еді. Францияның қайта өркендеуі осының өзімен де ілгері басар еді...
>
> ...Коммуналық құрылыс әрбір облыстағы басты қалалардың селолық өндірушілерге рухани басшы болуына жеткізер еді, ол қалаларда қала жұмысшылары сияқты селолық өндірушілердің мүдделерін білдіретін табиғи өкілдері болуын қамтамасыз етер еді. Коммунаның өмір сүруінің өзі де өзіненөзі түсінікті нәрсе ретінде жергілікті өзін өзі басқаруды туғызды, бірақ оны енді артық нәрсе болып бара жатқан мемлекеттік өкіметке қарама-қарсы нәрсе ретінде туғызып отырған жоқ»[48].

«Паразиттік өлі ет» болған «мемлекеттік өкіметті құрту», оны «сылып тастау», оны «қирату»; «мемлекеттік өкімет енді артық нәрсе болып барады» — Коммунаның тәжірибесін бағалап, талдағанда Маркстің мемлекет туралы айтқан сөздері міне осы.

Мұның бәрінің жазылғанына жарты ғасырға аз-ақ

жетпейтін уақыт өтті, сондықтан қазір, қалың бұқараның санасына бұрмаланбаған марксизмді дұрыс жеткізу үшін, дәл бір көмбені қазуға тура келетін сияқты. Маркстің өзі басынан кешірген соңғы ұлы революцияда байқағандарынан жасаған қорытындылары дәл пролетариаттың ендігі ұлы революцияларының кезі келгенде ұмытылып қалды.

> «...Коммуна тудырған түсініктердің алуан түрлілігі, Коммунада білдірілген мүдделердің алуан түрлілігі оның мейлінше икемді саяси форма болғандығын дәлелдейді, ал одан бұрынғы үкімет формаларының бәрі де, өздерінің негізі жағынан, езушілік формалар еді. Коммунаның шын сыры мынау еді: ол, шынына келгенде, *жұмысшы табының үкіметі* болды, өндіруші таптың иемденуші тапқа қарсы күресінің нәтижесі болды, ол, ақырында, ашық саяси форма болды, бұл форманың тұсында еңбектің экономикалық жағынан азат болуы қамтамасыз етіле алатын еді...
>
> Осы соңғы шарты болмаса, коммуналық құрылыс мүмкін болмас еді, алдау болар еді...»[49]

Утопистер қоғамның социалистік жолмен қайта құрылуына керек болатын саяси формаларды «ашумен» шұғылданды. Анархистер жалпы саяси формалар туралы мәселеден іргесін аулақ салды. Қазіргі социал-демократия оппортунистері парламентарлық демократиялық мемлекеттің буржуазиялық саяси формаларын аттап өтуге болмайтын шек деп білді де, сол «үлгіге» табынып, маңдайларын жарып алды, бұл формаларды *сындыруға* тырысудың қандайын болса да анархизм деп жариялады.

Маркс социализмнің және саяси күрестің бүкіл тарихынан: мемлекет құруға тиіс, «үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат» мемлекеттің құруындағы өтпелі (мемлекеттен мемлекетсіздікке өту) форма болады деген қорытынды шығарды. Бірақ осы болашақтың саяси *формаларын ашу* ісін Маркс қолына алған жоқ. Ол француз тарихын өте қадағалап байқаумен, оған талдау жасаумен және 1851 жылдан туған қорытынды-

мен шектелді, ол мәселе буржуазиялық мемлекеттік машинаны *қиратуға* жақындап келеді деген қорытынды еді.

Ал пролетариаттың бұқаралық революциялық қозғалысы өршіген кезде, бұл қозғалыстың сәтсіздігіне қарамастан, оның өмірінің қысқалығына және әлсіздігі бадырайып көрініп тұрғандығына қарамастан, Маркс сол қозғалыстың *ашқан* формаларын зерттеп білуге кірісті.

Коммуна —«ақырында» пролетарлық революция «ашқан» форма, бұл форманың тұсында еңбек экономикалық жағынан азат бола алады.

Коммуна — пролетарлық революцияның буржуазиялық мемлекеттік машинаны *қиратуға* жасалған бірінші әрекеті және «ақырында ашылған» саяси форма, бұл формамен қиратылғанды *ауыстыруға* болады және *ауыстыру* керек те.

1905 және 1917 жылдардағы орыс революциялары Коммуна ісін басқа жағдайда, өзге жағдайларда жалғастырып отырғандығын және Маркстің жасаған данышпандық тарихи талдауын растап отырғандығын бұдан былайғы баяндауымыздан көреміз.

IV ТАРАУ

ЖАЛҒАСЫ. ЭНГЕЛЬСТІҢ ҚОСЫМША ТҮСІНІКТЕРІ

Маркс Коммуна тәжірибесінің маңызы туралы мәселе жөніндегі негізгі түйінді баяндап берді. Маркстің жасаған талдауы мен қорытындыларын түсіндіре отырып, кейде мәселенің *өзге* жақтарын мейлінше күшті, айқын түрде баяндай отырып, Энгельс нақ осы тақырыпқа талай рет қайта оралды, сондықтан бұл түсініктерге айрықша тоқталып өту қажет.

1. «ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ»

Тұрғын үй мәселесі туралы шығармасының (1872 ж.)[50] өзінде-ақ Энгельс Коммунаның тәжірибесін ескеріп, революцияның мемлекет жөніндегі міндеттеріне бірнеше рет тоқталып өтті. Көңіл бөлерлік жері сол, нақты тақырыптан мынадар: бір жағынан, пролетарлық мем-

лекет пен қазіргі мемлекеттің ұқсастық белгілері,— екі жағдайда да мемлекет туралы сөз қылуға негіз боларлық белгілер,— ал екінші жағынан, айырмашылық белгілері немесе мемлекетті құртуға көшу айқын көрінеді.

«Тұрғын үй мәселесін қалай шешу керек? Қазіргі қоғамда басқа қоғамдық мәселелердің бәрі қалай шешілсе, бұл мәселе де нақ солай шешіледі: сұраным мен ұсынымды экономика жағынан біртө-бірте теңгеріп отыру арқылы шешіледі, ал бұл шешім — мәселені өзі үнемі қайта тудырып отыратын, яғни түк те шешпейтін шешім. Бұл мәселені әлеуметтік революцияның қалай шешетіндігі, мұның өзі уақыт пен орынның жағдайларына ғана байланысты емес, мұның өзі одан анағұрлым әрі кететін мәселелерге де байланысты; ол мәселелердің ең маңыздыларының бірі — қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою туралы мәселе. Біз болашақ қоғам құрылысының утопиялық системаларын ойлап шығарайық деп отырғанымыз жоқ, сондықтан бұған тоқталып жату барып тұрған еріккендік іс болар еді. Бір күмәнсыз нәрсе, атап айтқанда, мынау: үлкен қалаларда тұрғын үй жөніндегі шын *мұқтаждыққа* дереу жәрдемдесу үшін тұрғын үйлер, олар байыпты пайдаланылған жағдайда, қазірдің өзінде-ақ жеткілікті. Әлбетте, мұны қазіргі үй иелерін экспроприациялау арқылы ғана, ол үйлерге үйсіз жұмысшыларды немесе қазір тым көп адам тұратын пәтерлердегі жұмысшыларды көшіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Пролетариат саяси өкіметті өз қолына алысымен, қоғам пайдасының мүдделері керек қылатын мұндай шара да, қазіргі мемлекеттің пәтерлерді экспроприациялауы және оларды иемденуі жөніндегі басқа да шаралары сияқты, оңай орындалатын болады» (1887 жылғы немісше басылымының 22-беті)[51].

Мұнда мемлекеттік өкімет формасының өзгеруі қарастырылып отырған жоқ, оның қызметінің мазмұны

ғана алынып отыр. Пәтерлерді экспроприациялау және оларды иемдену осы күнгі мемлекеттің жарлығымен де істеліп тұрады. Істің формальдық жағынан қарағанда, пролетарлық мемлекет те пәтерлерді иемдену және үйлерді экспроприациялау жөнінде «жарлық береді». Бірақ пролетарлық мемлекеттің жарлықтарын жүзеге асыруға ескі атқару аппаратының, буржуазиямен байланысты чиновниктердің мүлде жарамайтындығы айқын.

> «...Барлық еңбек құралдарын, бүкіл индустрияны еңбекші халықтың іс жүзінде иеленуі — прудондық «төлем құнына» мүлде қарама-қарсы екендігін атап корсету қажет. Соңғыша болғанда, жеке жұмысшы тұрғын үйді, шаруалық жер учаскесін, еңбек құралдарын меншіктенуші болып алады; ал алдыңғыша болғанда, үйлерді, фабрикаларды, еңбек құралдарын бірлесіп меншіктенуші «еңбекші халық» болады. Бұл үйлер, фабрикалар және басқалар, ең болмағанда, өтпелі кезде, жеке адамдардың немесе серіктіктердің пайдалануына берілгенде шығынның орнын толтыртпай беріле қояр ма екен. Нақ сол сияқты, жерді меншіктенушілікті жою жер рентасын жоюды көздемейді, оны, түрі өзгертілген формада болса да, қоғамға беруді көздейді. Демек, барлық еңбек құралдарын еңбекші халықтың іс жүзінде иеленуі жалдау мен жалға берудің сақталуын еш-бір жоққа шығармайды» (68-бет)[52].

Бұл пайымдауда қозғалып отырған мәселені, атап айтқанда: мемлекеттің құруының экономикалық негіздері туралы мәселені біз келесі тарауда қарастырамыз. Энгельс өте сақтық жасап, пролетарлық мемлекет пәтерлерді, «ең болмағанда өтпелі кезде», ақысыз үлестіре «қояр ма екен» дейді. Бүкіл халықтың иелігіндегі пәтерлерді жеке семьяларға ақыға беру ісі бұл ақыны алуды да, белгілі дәрежеде бақылау жасауды да, пәтерлерді бөлудің бір мөлшері болуын да көздейді. Мұның бәрі мемлекеттің белгілі бір формасын керек қылады, бірақ қызмет адамдары ерекше пұрсатты жағдайда

болатын ерекше әскери және бюрократиялық аппаратты өсте керек қылмайды. Ал пәтерлерді тегін беруге болатын жағдайға көшу мемлекеттің толық «құруына» байланысты.

Бланкистердің[53], Коммунадан кейін және соның тәжірибесінің әсерімен, марксизмнің принциптік позициясына көше бастағандығы туралы айта келіп, Энгельс ол позицияны жол-жөнекей былайша тұжырымдайды:

> «...Таптарды, олармен бірге мемлекетті де жоюға көшу ретінде, пролетариат пен оның диктатурасының саяси қимыл жасауының қажеттігі...» (55-бет)[54].

Қайдағы бір әріп санауға құмар сыншылар немесе «марксизмді қырушы» буржуазияшылдар «мемлекетті жоюды» осылай *мойындаушылықтың* және «Анти-Дюрингтің» жоғарыда келтірілген жеріндегі мұндай формуланы анархистік формула деп теріске шығарғандықтың арасында, бәлкім, қайшылық бар деп білер. Оппортунистер Энгельсті де «анархистердің» қатарына қосып қойса, бұған таңдануға болмас еді,— қазір социал-шовинистердің тарапынан интернационалистерді анархизмге көшті деп айыптау барған сайын өріс алып отыр.

Таптардың жойылуымен бірге мемлекет те жойылады деп марксизм әрдайым үйретіп келді. «Анти-Дюрингтің» «мемлекеттің құруы» жайындағы жалпыға мәлім жері анархистерді мемлекеттің жойылуын жақтайтындығы үшін емес, мемлекетті «бүгін-ертеңнен қалдырмай» жойып жіберуге болады деп уағыздайтындығы үшін айыптайды.

Мемлекеттің құруы туралы мәселе жөніндегі марксизмнің анархизмге көзқарасын қазіргі үстем болып отырған «социал-демократиялық» доктрина әбден бұрмалап отырғандықтан, Маркс пен Энгельстің анархистермен бір айтысын еске салып өтудің ерекше пайдасы бар.

2. АНАРХИСТЕРМЕН АЙТЫС

Бұл айтыс 1873 жылы болған. Маркс пен Энгельс итальян социалистік жинағына прудонистерге[55], «автономистерге» немесе «антиавторитаристерге» қарсы мақалалар берген болатын; ол мақалалар немісшеге аударылып, «Neue Zeit»-те тек 1913 жылы ғана жарық көрді[56].

> «...Егер жұмысшы табының саяси күресі,— деп жазды Маркс, саясатты теріске шығарған анархистерді мысқылдап — революциялық форма алса, егер жұмысшылар буржуазия диктатурасының орнына өздерінің революциялық диктатурасын орнатса, онда олар принципті қорлайтын сұрапыл қылмыс жасайды екен, өйткені өздерінің бүгінгі болымсыз, дөрекі тілектерін қанағаттандыру үшін, буржуазияның қарсылығын басу үшін жұмысшылар қаруды тастау және мемлекетті жоя салу орнына мемлекетке революциялық және өткінші форма береді екен...» («Neue Zeit», 1913—1914, 32 жыл, 1-том, 40-бет)[57].

Маркс анархистердің пікірін бекерге шығара отырып, мемлекетті тек осылай «жойып жіберуге» ғана қарсы болды! Таптардың жоғалуымен бірге мемлекеттің жоғалуына немесе таптардың жойылуымен бірге мемлекеттің жойылуына ешбір қарсы болған жоқ, жұмысшылардың қару-жарақ қолданудан, ұйымдасып күш көрсетуден бас тартуына, *яғни* «буржуазияның қарсылығын қирату» мақсатына қызмет етуге тиісті *мемлекеттен* бас тартуына қарсы болды.

Маркс өзінің анархизмге қарсы күресінің шын мағынасы бұрмаланып кетпесін деп, пролетариатқа қажетті мемлекеттің «революциялық және *өткінші* формасын» әдейі баса көрсетіп отыр. Пролетариатқа мемлекет тек уақытша ғана керек. Мемлекетті жою туралы мәселеге *мақсат* ретінде қарауға келгенде біздің анархистермен ешбір таласымыз жоқ. Біз былай дейміз: таптарды жою үшін езілген таптың уақытша диктатурасы қажет болатыны сияқты, әлгі мақсатқа жету үшін мемлекеттік

өкіметтің қару-жарақтарын, құрал-жабдықтарын, тәсілдерін қанаушыларға *қарсы* уақытша пайдалану да қажет. Маркс мәселені анархистерге қарсы өте қатты, өте айқын түрде қойып отыр: капиталистердің езгісін құлатқанда, жұмысшылар «қаруды тастауға» тиіс пе, әлде капиталистердің қарсылығын басу үшін ол қаруды соларға қарсы пайдалануға тиіс пе? Ал бір таптың екінші тапқа қарсы қаруды үнемі пайдалануы,— мұның өзі мемлекеттің «өткінші формасы» емей немене?

Әрбір социал-демократ өзінен былай деп сұрасын: анархистермен айтысқанда мемлекет туралы мәселені ол *осылайша* қойды ма екен? екінші Интернационалдың ресми социалистік партияларының орасан көпшілігі бұл мәселені *осылайша* қойды ма екен?

Нақ осы ой-пікірлерді Энгельс мұнан да гөрі толығырақ, түсініктірек етіп баяндайды. Бәрінен бұрын ол өздерін «антиавторитаристер» деп атаған, ягни бедел атаулыны, бағындыру атаулыны, өкімет атаулыны теріске шығарған прудонистердің шатасқан ой-пікірін мысқылдайды. Мысалға фабриканы, темір жолды, ашық теңіздегі кемені алып қарасаңыз,— дейді Энгельс,— белгілі бір бағындыру, демек, белгілі бір бедел немесе өкімет болмаса, машиналарды қолдануға және көп адамның жоспарлы түрде істес болуына негізделген осындай күрделі техникалық кәсіп орындардың бірдебірінің қызмет атқаруына болмайтыны айқын емес пе?

> «...Егер мен ең барып тұрған антиавторитаристерге қарсы осындай дәлелдерді айтсам,— деп жазады Энгельс,— олар маған тек қана мынадай жауап қайыруы мүмкін: «Иә! ол рас, бірақ бұл арада әңгіме біз өзіміздің делегаттарымызға тұғызатын бедел туралы емес, *қайта белгілі бір тапсырма туралы* болып отыр». Бұл адамдар егер біз белгілі бір заттың атын өзгертсек, сол заттың өзін де өзгерте аламыз деп ойлайды...»[58]

Сонымен, бедел мен автономия относительдік ұғымдар екендігін, олардың қолданылатын орны қоғамдық дамудың әр түрлі фазаларында өзгеріп отыратындығын,

оларды абсолют деудің өзі қисынсыз екенін көрсетіп, машиналар мен ірі өндірістің қолданылатын саласы ылғи ұлғайып келе жатқандығын қоса көрсетіп, Энгельс бедел туралы жалпы пайымдаулардан мемлекет туралы мәселеге көшеді.

«...Егер автономистер,— деп жазады ол,— келешектегі әлеуметтік ұйым беделге жол бергенде тек өндіріс жағдайлары жасамай қоймайтын шектерде ғана жол береді деп айтқылары келсе ғана, онда олармен түсінісуге болар еді. Бірақ олар беделді қажетті етіп тұрған фактілердің бәрін де көрмейді, сондықтан олар осы сөзге қарсы құлшынып күреседі.

Антиавторитаристер саяси беделге қарсы, мемлекетке қарсы айқайлаумен ғана неге тынбайды? Мемлекеттің, сонымен бірге саяси беделдің де келешектегі әлеуметтік революцияның нәтижесінде жоғалатындығын, яғни қоғамдық функциялар өздерінің саяси сипатынан айрылып, әлеуметтік мүдделерді қадағалайтын жай әкімшілік функцияларға айналып кететіндігін социалистердің бәрі де мақұлдайды. Ал антиавторитаристер саяси мемлекеттің бірден жойылуын, өзін тудырған әлеуметтік қатынастардың жойылуынан да гөрі бұрынырақ жойылуын талап етеді. Олар беделді жою әлеуметтік революцияның бірінші актісі болуын талап етеді.

Олар, бұл мырзалар, революцияны бұрын-соңды көрді ме екен? Күмән жоқ, революция — мүмкіндігіне қарай мейлінше авторитарлы нәрсе. Революция — халықтың бір бөлегі екінші бөлегіне өзінің еркін мылтық, штык, зеңбірек арқылы, яғни өте-мөте авторитарлы құралдар арқылы орындаттыратын акт. Сөйтіп, жеңген партия өз қаруының реакционерлерге туғызатын үрейі арқылы өзінің үстемдігін сақтап тұруға қажеттіліктен мәжбүр болады. Егер Париж Коммунасы буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделіне сүйенбеген болса, ол бір күннен артық өмір сүре алар ма еді?

Керісінше, Коммуна сол беделді тым аз пайдаланды деп біз оған кінә тағуға праволы емеспіз бе? Сонымен: екінің бірі. Немесе антиавторитаристер не айтып отырғанын өздері де білмейді, ал бұлай болған күнде олар жұртты құр шатастырып жүр. Немесе олар не айтып отырғанын біледі, ал бұлай болған күнде, олар пролетариаттың ісіне опасыздық жасап жүр. Осының екеуінде де олар тек реакцияға ғана қызмет етеді» (39-бет)[59].

Бұл пайымдауда мемлекеттің құритын кезіндегі саясат пен экономиканың арасалмағы туралы тақырыппен байланыстыра қаралуға тиісті мәселелер қозғалған (бұл тақырыпқа келесі тарау арналып отыр). Қоғамдық функциялардың саяси функциялардан жай әкімшілік функцияларға айналуы туралы және «саяси мемлекет» туралы мәселелер осындай. Түсінбеушілік тугызуға өте-мөте ыңғайлы тұрған осы соңғы сөз мемлекеттің құру процесін көрсетеді: құрып бара жатқан мемлекетті оның құруының белгілі бір сатысында саяси емес мемлекет деп атауға болады.

Энгельстің бұл пайымдауындағы ең тамаша жері тағы да — анархистерге қарсы мәселенің қойылысы. Энгельстің шәкірті болғысы келген социал-демократтар 1873 жылдан бері анархистермен миллиондаған рет айтысты, бірақ олар, марксистердің қалай айтысуына болатын болса және олардың қалай айтысуы керек болса, нақ солай *айтыспады*. Анархистердің мемлекетті жою туралы түсінігі — шатасқан және *революциялық емес* түсінік,— Энгельс мәселені міне осылай қойған. Анархистер нақ осы революцияны оның пайда болуы және дамуы жағынан, күштеу, бедел, өкімет, мемлекет жөніндегі айрықша міндеттері жағынан көргілері келмейді.

Осы күнгі социал-демократтардың анархизмді кәдімгі сынауы «біз мемлекетті мойындаймыз, ал анархистер мойындамайды!» деген нағыз мещандық сорақылыққа айналды. Әлбетте, мұндай сорақылық азды-көпті ойлай білетін, революцияшыл жұмысшыларды бездірмей тұр-

майды. Энгельс былай деп басқаша айтады: ол социалистік революцияның нәтижесі ретінде мемлекеттің жоғалуын социалистердің бәрі мойындайды деп атап көрсетеді. Содан кейін ол революция туралы мәселені, атап айтқанда, оппортунизмдегі социал-демократтар әдетте анархистердің, былайша айтқанда, айрықша «талдауына» қалдырып өте шығатын мәселені нақты қояды. Осы мәселені көтергенде, Энгельс тоқ етерін айтып: *мемлекеттің,* яғни қаруланған, үстем тап болып ұйымдасқан пролетариаттың *революциялық* өкіметін Коммунаның *көбірек* пайдалануы керек емес пе еді?— дейді.

Үстем болып жүрген ресми социал-демократия пролетариаттың революциядағы нақты міндеттері туралы мәселеден, әдетте, не филистердің мысқылы арқылы, не, мықтағанда, «кезінде көре жатармыз» деген софистік екіұшты сөздер арқылы құтылып жүрді. Ал анархистер мұндай социал-демократия өзінің жұмысшыларға революциялық тәрбие беру жөніндегі міндетінен айныды деп, оған қарсы сөйлеуге право алды. Энгельс пролетариаттың банктер жөнінде де, мемлекет жөнінде де не істеуі және қалай істеуі керектігін барынша нақты зерттеп білу үшін соңғы пролетарлық революцияның тәжірибесін пайдаланды.

8. БЕБЕЛЬГЕ ХАТ

Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы мәселе жөніндегі шығармаларындағы ең тамаша пайымдау демеген күнде, ең тамаша пайымдаулардың бірі — Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта Бебельге жазған хатының[60] мына жері. Жақшаның ішіне алып айта кетейік, біздің білуімізше, бұл хатты Бебель тұңғыш рет өз мемуарларының («Өз өмірімнен») екінші томында бастырып шығарды; ол том 1911 жылы, яғни бұл хат жазылып, жіберілгеннен кейін 36 жыл өткен соң жарық көрді.

Браккеге жазған атақты хатында[61] Маркс сынаған Гота программасының нақ сол жобасын Энгельс те сынай келіп, мемлекет туралы мәселеге әдейі тоқталып, Бебельге былай деп жазды:

«...Ерікті халықтық мемлекет ерікті мемлекетке айналды. Бұл сөздердің грамматикалық мағынасы бойынша, ерікті мемлекет дегеніміз мемлекет өз азаматтары жөнінде ерікті мемлекет, яғни деспоттық үкіметі бар мемлекет. Мемлекет туралы осы былшылдардың бәрін тастаған жөн болар еді, әсіресе Коммунадан кейін осылай еткен жөн болар еді; Коммуна шын мағынасында мемлекет болған жоқ-ты. Маркстің Прудонға қарсы шығармасы[62], одан кейін «Коммунистік Манифест»: социалистік қоғам құрылысы орнатылған соң мемлекет өзінен өзі-ақ таратылады (sich auflöst) және жоқ болады деп тура айтса да, анархистер «халықтық мемлекетпен» көзімізді әбден шұқып болды. Мемлекет дегеніміз күресте, революцияда өз дұшпандарын күшпен басып-жаншу үшін пайдалануға тура келетін тек өткінші мекеме ғана болғандықтан, ерікті халықтық мемлекет туралы сөз қылуда түк мағына жоқ: пролетариат әзірше мемлекетке *мұқтаж* болып отыр, ол оған бостандық мүдделері үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу мүдделері үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғау мүмкін болған кезде, мемлекет мемлекет ретінде өмір сүруден қалады. Сондықтан біз *мемлекет* деген сөздің орнына барлық жерде «қауым» (Gemeinwesen) деген сөзді қоюды ұсынар едік; бұл — немістің керемет жақсы бір ескі сөзі, француздың «коммуна» деген сөзіне сәйкес келеді» (немісше түпнұсқаның 321—322-беттері)[63].

Мынаны еске алу керек: бұл хат партия программасы жөнінде, ал сол программаны Маркс осы хаттан кейін не бары бірнеше аптадан соң жазылған хатта (Маркстің 1875 жылғы 5 майдағы хаты) сынады; ол кезде Энгельс Маркспен бірге Лондонда тұрған. Сондықтан соңғы сөйлемде «біз» дегенде, Энгельс, күмән жоқ, өз атынан да, Маркстің атынан да, неміс жұмысшы партиясының көсеміне *программадан* «мемлекет» деген сөзді *шы-*

ғарып тастап, оны *«қауым»* деген сөзбен ауыстыруды ұсынады.

Егер оппортунистерге бейімделген осы күнгі, боямаланған «марксизмнің» басшыларына программаны осылай түзету ұсынылса, олар «анархизм» деп қандай айқай-шу көтерер еді!

Айқай-шу көтерсе, көтере берсін. Буржуазия оларды осынысы үшін мақтайды.

Ал біз өз ісімізді істей береміз. Партиямыздың программасын қайта қараганда, ақиқатқа жақынырақ болу үшін, марксизмді бұрмалаушылықтардан тазартып, қалпына келтіру үшін, жұмысшы табының өзін азат ету жолындағы күресіне дұрысырақ бағыт беру үшін, Энгельс пен Маркстің кеңесін сөзсіз еске алу керек. Большевиктердің арасынан Энгельс пен Маркстің кеңесіне қарсылар, сірә, табыла қоймас. Қиыншылық, бәлкім, тек термин жөнінде ғана болар. Немісше «қауым» деген екі сөз бар; бұл сөздерден Энгельс жеке қауымды *емес,* қауымдар жиынтығын, қауымдар системасын білдіретін сөзді таңдап алған. Орысша мұндай сөз жоқ, сондықтан, ыңғайсыз жерлері бола тұрса да, мүмкін, француздың «коммуна» деген сөзін таңдап алуға тура келер.

«Коммуна шын мағынасында мемлекет болған жоқты»,— Энгельстің теориялық жағынан ең маңызды пікірі міне осы. Жоғарыда баяндалғандардан кейін, бұл пікір әбден түсінікті. Коммуна мемлекет болудан *қала бастады,* өйткені оның халықтың көпшілігін емес, қайта азшылығын (қанаушыларды) басып-жаншуына тура келді; ол буржуазиялық мемлекеттік машинаны қиратты; басып-жаншуға арналған *ерекше* күштің орнына сахнаға халықтың өзі шықты. Осының бәрі — шын мағынасында мемлекеттен шегінгендік. Егер Коммуна бекінген болса, Коммунада мемлекеттің ізі өзінен-өзі «құрыр» еді. Коммунаға мемлекеттің мекемелерін «жою» қажет болмас еді: ол мекемелер істейтін ештеңесі болмаған сайын, қызмет атқарудан қала берер еді.

«Анархистер «халықтық мемлекетпен» көзімізді шұқып жүр»; бұлай дегенде Энгельс бәрінен бұрын Бакунинді және оның неміс социал-демократтарына жасаған

шабуылын айтып отыр. Энгельстің бұл шабуылды дұрыс деп тапитын *себебі*, «ерікті халықтық мемлекет» сияқты, «халықтық мемлекет» те — ақылға сыймайтын нәрсө және социализмнен шегінгендік. Энгельс неміс социал-демократтарының анархистергө қарсы күресін жөнге салуға, бұл күресті принцип жағынан дұрыс күрес етуге, бұл күресті «мемлекет» жөніндегі оппортунистік соқыр сенімдерден тазартуға тырысады. Бірақ не пайда! Энгельстің хаты 36 жыл бойы тығулы жатты. Бұл хат жарияланғаннан кейін де Каутскийдің Энгельс сақтандырған қателердің нақ өзін, шын мәнінде, қасарыса қайталап отырғандығын біз төменде көреміз.

Бебель Энгельске 1875 жылы 21 сентябрьде хат жазып жауап қайырды; айта кетейік, бұл хатында ол: программаның жобасы туралы пікіріңізге «әбден қосыламын» және Либкнехтті конгіштігі үшін кінәладым деп жазды (Бебельдің мемуарларының немісше басылымы, II том, 334-бет). Ал егер Бебельдің «Біздің мақсаттарымыз» деген кітапшасын алып қарасақ, біз одан мемлекет туралы мүлде теріс пайымдауларды кездестіреміз:

«Мемлекет *таптық үстемдікке* негізделген мемлекеттен *халықтық мемлекетке* айналуға тиіс» («Unsere Ziele»-нің немісше басылымы, 1886, 14-бет).

Бебельдің кітапшасының *9* (тоғызыншы!) басылуында осылай делінген! Мемлекет туралы оппортунистік пайымдауларды мұншалық қасарысып қайталау неміс социал-демократиясының бойына сіңгені, әсіресе Энгельстің революциялық түсініктері тығулы жатқан, бүкіл өмір жағдайы ұзақ уақыт революцияны «ұмыттырған» кезде бойына сіңуі таңырқарлық нәрсе емес.

4. ЭРФУРТ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА СЫН

Эрфурт программасының[64] жобасына арналған сынды Энгельс 1891 жылы 29 июньде Каутскийге жіберген еді, ол сын тек он жыл өткеннен кейін ғана «Neue Zeit»-те жарияланды; марксизмнің мемлекет туралы ілімін талдағанда оған соқпай кетуге болмайды, өйткені ол

сын, негізінен, социал-демократияның *мемлекеттік* құрылыс мәселелері жөніндегі нақ *оппортунистік* көзқарастарын сынауға арналған.

Жол-жөнекей айта кетейік: экономика мәселелері жөнінде Энгельс тағы бір тамаша бағалы нұсқау береді; бұл нұсқау Энгельстің нақ ең жаңа капитализмнің өзгерістерін көңіл бөліп, ақылға салып қадағалап отырғандығын, сондықтан да біздің, империалистік, дәуірдің міндеттерін белгілі дәрежеде болжай білгендігін көрсетеді. Ол нұсқау мынау: программаның жобасында капитализмді сипаттау үшін қолданылған «жоспарлылықтың жоқтығы» (Planlosigkeit) деген сөздер жөнінде Энгельс былай деп жазады:

> «...Егер біз акционерлік қоғамдардан өнеркәсіптің тұтас салаларын өзіне бағындырып, монополиялайтын трестерге көшсек, онда бұларда тек жеке өндіріс қана емес, сонымен бірге жоспарлылықтың жоқтығы да тоқталады» («Neue Zeit», 20 жыл, 1-том, 1901—1902, 8-бет)[65].

Бұл арада ең жаңа капитализмге, яғни империализмге берілген теориялық бағаның ең негізгі жері, атап айтқанда, капитализм монополистік *капитализмге* айналып отыр деген жері алынған. Соңғысын баса көрсету керек, өйткені бейне бір монополистік немесе мемлекеттік-монополистік капитализм *қазірдің өзінде-ақ* капитализм *емес*, оны қазірдің өзінде-ақ «мемлекеттік социализм» деп атауға болады деген және сол сияқты буржуазиялық-реформистік пікір — ең көп тараған қате пікір. Әрине, трестер толық жоспарлылыққа жеткен емес, әлі де жеткен жоқ, жете де алмайды. Бірақ трестер жоспарлылыққа жетіп отырғандықтан, капиталдың алпауыттары өндірістің мөлшерін ұлттық немесе тіпті интернационалдық көлемде күні бұрын есепке алып отырғандықтан, олар мұны жоспарлы түрде ретке салып отырғандықтан, біз қалайда *капитализм* тұсында, оның жаңа кезеңінде болса да, күмәнсыз, капитализм тұсында қалып отырмыз. *Мұндай* капитализмнің социализмге «жақындығы» пролетариаттың шын

өкілдері үшін, барлық реформистердің істеп отырғанындай, социалистік революцияны теріске шығаруға және капитализмді боямалауға төзімділікпен қарауды көрсететін дәлел болуға тиіс емес, социалистік революцияның жақындығын, жеңілдігін, жүзеге асатындығын, оны кейінге қалдыруға болмайтындығын көрсететін дәлел болуға тиіс.

Алайда мемлекет туралы мәселеге қайта оралайық. Энгельс бұл арада өте-мөте бағалы үш түрлі нұсқау береді: біріншіден, республика туралы мәселе жөнінде; екіншіден, ұлт мәселесінің мемлекет құрылысымен байланысы туралы; үшіншіден, жергілікті өзін өзі басқару туралы.

Республикаға келсек, мұны Энгельс Эрфурт программасының жобасына жазған сынында ең негізгі мәселе етіп алды. Ал егер біз Эрфурт программасының бүкіл халықаралық социал-демократияда қандай маңыз алғандығын, оның бүкіл екінші Интернационалға қалай үлгі болғандығын еске түсірсек, онда Энгельс бұл арада бүкіл екінші Интернационалдың оппортунизмін сынап отыр деп асырмай-ақ айтуға болады.

> «Жобаның саяси талаптарында,— деп жазады Энгельс,— үлкен кемшілік бар. Нақ айтылуға тиісті нәрсе *жобада жоқ»* (курсив Энгельстікі)[66].

Бұдан кейін мыналар түсіндіріледі: герман конституциясы шынында 1850 жылғы ең реакциялық конституцияның көшірмесі, рейхстаг,— Вильгельм Либкнехт айтқандай,—«абсолютизмнің бүркеншігі» ғана, ұсақ мемлекеттерді және немістің ұсақ мемлекеттерінің одағын заңды ететін конституцияға сүйеніп, «еңбек құралдарының бәрін ортақ меншікке айналдыруды» жүзеге асырмақ болу —«көпе-көрінеу мағынасыздық».

> «Бұл тақырыпты қозғау қауіпті»,— дегенді қоса айтады Энгельс; ол Германияда республиканы талап етуді программада жария түрде қоюға болмайтындығын жақсы біледі. Бірақ Энгельс «жұрттың бәрі» қанағаттанып жүрген осы айқын пікір-

> ге әншейін көне салмайды. Энгельс одан әрі былай дейді: «Бірақ іс, солай бола тұрса да, қайткен күнде де алға жылжытылуға тиіс. Мұның қаншалық дәрежеде қажет екендігін социал-демократиялық баспасөздің көп бөлігінде нақ қазір өріс алып отырған (einreißende) оппортунизм көрсетіп отыр. Социалистерге қарсы заңның[67] қайта шығуынан қорқып, немесе осы заң үстем болып тұрғанда күні бұрын жасалған кейбір мәлімдемелерді еске түсіріп, жұрт енді Германиядағы қазіргі заң тәртібін партия өзінің барлық талаптарын бейбіт жолмен жүзеге асыруына жеткілікті тәртіп деп тануын тілейді...»[68]

Герман социал-демократтары ерекше заңның қайта шығуынан қорқып қимыл жасады, міне осы негізгі фактіні Энгельс алдыңғы қатарға қояды да, ешбір жалтақсыз, оны оппортунизм деп атайды, Германияда республика мен бостандық болмағандықтан да, «бейбіт» жол туралы қиялдардың ешқандай мағынасы жоқ деп жариялайды. Энгельс, өз қолын өзі байламауы үшін, жеткілікті дәрежеде сақтық жасайды. Ол: республикалы елде немесе бостандығы өте көп елде социализмге бет алған бейбіт дамуды «шамалауға болады» (тек «шамалауға» ғана болады!) деп мойындайды да, бірақ Германияда,

> «...үкіметі құдіретті дерлік, ал рейхстагының және басқа барлық өкілдік мекемелерінің шын өкіметі жоқ Германияда,— осындай Германияда бұл тәрізді нәрсені жариялау, және де ешбір қажеті жоқ жерде жариялау — абсолютизмнің бүркеншін жұлып тастап, жалаңаш тәнді өзің бүркеуің керек деген сөз...»[69],— деп қайталайды.

Бұл нұсқауларды «тығып» тастаған герман социал-демократиялық партиясының ресми көсемдерінің орасан көпшілігі шынында да абсолютизмді бүркеушілер болып шықты.

«...Мұндай саясат, түбінде, партияны тек жалған жолға ғана сала алады. Жалпы, абстракт саяси мәселелерді алдыңғы қатарға қойып отыр, сөйтіп ең бірінші ірі оқиғаларда-ақ, ең бірінші саяси дағдарыста-ақ өзінен-өзі күн тәртібіне қойылатын таяудағы нақты мәселелерді бүркеп отыр. Бұдан мынадан басқа не шықпақ: партия шешуші кезеңде кенеттен дәрменсіз болып қалады, партияда шешуші мәселелер жөнінде көмескілік және бірліктің жоқтығы басым болады, өйткені бұл мәселелер еш уақытта талқыланған жоқ...

Бүгінгі күннің минуттық мүдделеріне бола ұлы, түбегейлі пікірлерді осылай ұмытушылық, минуттық табыстардың қызығына осылай түсушілік және келешектегі нәтижелерді есепке алмай, сол минуттық табыстарға бола күресушілік, келешектегі қозғалысты қазіргі қозғалысқа осылай құрбан етушілік, мүмкін, «адал» дәлелдерге бола істеліп отырған шығар. Бірақ мұның өзі — оппортунизм және оппортунизм болып қала береді де, ал «адал» оппортунизм, бәлкім, басқаларының бәрінен де қауіптірек болар...

Егер ешбір күмәндануға болмайтын нәрсе болса, ол мынау: біздің партия мен жұмысшы табы демократиялық республика сияқты саяси форманың тұсында ғана үстемдікке жете алады. Бұл демократиялық республика, ұлы француз революциясының әлдеқашан көрсеткеніндей, тіпті пролетариат диктатурасына арналған айрықша форма болып табылады...»[70].

Бұл арада Энгельс Маркстің барлық шығармаларына арқау болып тартылған негізгі идеяны, атап айтқанда, демократиялық республика — пролетариат диктатурасына ең таяу табалдырық деген идеяны ерекше айқын түрде қайталап отыр. Өйткені мұндай республика капитал үстемдігін, демек, бұқараның езілуі мен тап күресін ешбір жоймай-ақ, бұл күрестің соншалықты ұлғаюына, өршуіне, өріс алуына және шиеленісуіне соқтырмай қоймайды: езілген бұқараның түбегейлі

мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік туғаннан кейін, бұл мүмкіндік сөзсіз және бірден-бір пролетариат диктатурасы арқылы, пролетариаттың бұл бұқараға басшылық етуі арқылы жүзеге асады. Бүкіл екінші Интернационал үшін бұл да — марксизмнің «ұмытылған сөздері», ал бұл сөздердің ұмытылғандығын меньшевиктер партиясының 1917 жылғы орыс революциясының алғашқы жарты жылындағы тарихы өте-мөте айқын көрсетті.

Халықтың ұлттық құрамымен байлапысты федерациялық республика туралы мәселе жөнінде Энгельс былай деп жазады:

> «Қазіргі Германияның орнында не болуға тиіс?» (бұл Германияда реакциялық монархиялық конституция бар және нақ сондалық реакциялық түрде ұсақ мемлекеттерге бөлінушілік бар, бөлінушілік болғанда, оларды тұтас Германияға сіңіріп жіберудің орнына «пруссияшылдықтың» ерекшелігін мәңгілік ететін бөлінушілік бар). «Меніңше, пролетариат тек біртұтас және бөлінбейтін республика формасын ғана қолдана алады. Федерациялық республика, Құрама Штаттардың шығыс жағында қазірдің өзінде кедергі болып келе жатса да, Құрама Штаттардың орасан үлкен территориясында, жалпы және тұтас алғанда, әлі де қажет болып отыр. Екі аралында төрт ұлт тұратын және, парламентінің бірлігіне қарамастан, заң шығарудың үш системасы қатар өмір сүріп отырған Англия үшін федерациялық республика бір адым ілгері басқандық болар еді. Кішкене Швейцарияда федерациялық республика әлдеқашан кедергіге айналды, ал егер онда әлі федерациялық республикаға төзуге болатын болса, мұның бірден-бір себебі — Швейцария европалық мемлекет системасының пағыз енжар мүшесінің ролін атқарғанға мәз болып отыр. Германияның федералистік швейцариялануы ол үшін орасан кейін шегінгендік болар еді. Одақтық мемлекетті әбден біртұтас мемлекеттен айыратын екі пункт,

атап айтқанда, мынау: одаққа кіретін әрбір жеке мемлекеттің өзінің ерекше азаматтық заңдары мен қылмысты істерді қарайтын заңдары, өзінің ерекше сот орындары болады, содан соң, халық палатасымен қатар, мемлекеттерден жіберілген өкілдер палатасы болады және онда әрбір кантон, үлкен-кішілігіне қармастан, кантон ретінде дауыс береді». Германияда одақтық мемлекет әбден біртұтас мемлекетке өту болып табылады, сондықтан 1866 және 1870 жылдардағы «жоғарыдап болған революцияны» кері бұрмау керек, қайта «төменнен болған қозғалыспен» толықтыру керек[71].

Энгельс мемлекеттің формалары туралы мәселеге жайбарақат қарамайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, әрбір жеке оқиғаның пақты-тарихи ерекшеліктеріне қарай, белгілі бір өтпелі форманың *неден неге* өту болып табылатындығын есепке алу үшін, нақ сол өтпелі формаларды барынша мұқият талдауға тырысады.

Маркс сияқты, Энгельс те пролетариат пен пролетарлық революцияның тұрғысынан қарап, демократиялық централизмді, біртұтас және бөлінбейтін республиканы жақтайды. Ол федерациялық республиканы не ерекшелік деп және дамуға кедергі деп қарайды, не монархиядан централистік республикаға өту деп, белгілі бір ерекше жағдайларда «бір адым ілгері басқандық» деп қарайды. Ал осы ерекше жағдайлардың ішінде ұлт мәселесі алға қойылады.

Маркс сияқты, Энгельс те ұсақ мемлекеттердің реакцияшылдығын және белгілі бір нақты жағдайларда бұл реакцияшылдықты ұлт мәселесі арқылы бүркеушілікті аяусыз сынайды; бұған қарамастан, олардың екеуінде де ұлт мәселесінен зәрредей де бас тартуға тырысушылық жоқ;— ал «өздерінің» кішкене мемлекеттерінің мещандық-тар өрісті ұлтшылдығына қарсы мейлінше заңды күреске сүйенетін голланд және поляк марксистері сол ұлт мәселесінен бас тартуға тырысып, жиі қателесіп жүр.

Тіпті Англияның өзінде, географиялық жағдайлары

да, тіл ортақтығы да, әлденеше жүз жылдық тарихы да Англияның жеке ұсақ топтарға бөлінуіндегі ұлт мәселесін «құртқан» сияқты болып көрінсе де, Энгельс мұнда да ұлт мәселесінің әлі жойылмағандығы жөніндегі айқын фактіні есепке алады, сондықтан федерациялық республиканы «бір адым ілгері басқандық» деп біледі. Әлбетте, бұл арада федерациялық республиканың кемшіліктерін сынаудан және біртұтас, централистік-демократиялық республика жолында нағыз батыл насихат жүргізіп, күресуден зәредей де бас тартушылық жоқ.

Бірақ Энгельс демократиялық централизмді тіпті де бюрократиялық мағынада түсініп отырған жоқ; ал буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеологтар, ұсақ буржуазиялық идеологтардың ішінде анархистер де бұл ұғымды бюрократиялық мағынада қолданады. Энгельстің ойынша, «коммуналар» мен облыстар мемлекет бірлігін ерікті түрде жақтаған күнде, централизм бюрократизмнің қандайын болса да, жоғарыдан «бұйырудың» қандайын болса да сөзсіз жоятын, кең көлемдегі жергілікті өзін өзі басқаруды тіпті де жоққа шығармайды.

> «...Сонымен, біртұтас республика керек,— деп жазады Энгельс, марксизмнің мемлекет жөніндегі программалық көзқарастарын дамыта отырып,— бірақ бұл 1798 жылы құрылған императорсыз империядан түк артықтығы жоқ қазіргі француз республикасы мағынасында емес. 1792 жылдан 1798 жылға дейін француздың әрбір департаменті, әрбір қауымы (Gemeinde) американық үлгі бойынша толық өзін өзі басқаруды пайдаланды, бізде де осылай болуға тиіс. Өзін өзі басқаруды қалай ұйымдастыру керек және істі бюрократиясыз-ақ қалай жүргізуге болады, мұны бізге Америка мен бірінші француз республикасы корсетіп берді және дәлелдеді, ал қазір Канада, Австралия және басқа ағылшын отарлары тағы да көрсетіп отыр. Ал мұндай провинциялық (облыстық) және қауымдық өзін өзі басқару — мәселен, швейцария-

лық федерализмнен гөрі анағұрлым еркін мекемелер; рас, швейцариялық федерализмде кантон бундқа» (яғни тұтас алғанда федерациялық мемлекетке) «мүлде тәуелді емес, бірақ сонымен қатар уезге (бециркке) де, қауымға да тәуелді емес. Кантондық үкіметтер уездік исправниктер (штатгальтерлер) мен префектілерді тағайындайды; бұл жағдай ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде мүлде жоқ және біз де келешекте өз ішімізде, Пруссия ландраттары мен регирунгсраттарын» (комиссарларды, исправниктерді, губернаторларды, жалпы алғанда жоғарыдан тағайындалатын чиновниктерді) «жоюмен қатар, мұны да батыл түрде жоюға тиіспіз». Энгельс, осыған сәйкестіріп, программаның өзін өзі басқару туралы пунктін былайша тұжырымдауды ұсынады: «Жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша сайланған чиновниктер арқылы провинцияда» (губернияда немесе облыста), «уезде және қауымда толық өзін өзі басқару болсын; мемлекет тарапынан тағайындалатын жергілікті және провинциялық өкімдердің бәрі жойылсын»[72].

Керенскийдің және басқа «социалистік» министрлердің үкіметі жауып тастаған «Правдада»[73] (№ 68, 1917 жылғы 28 май) мен: бұл пункт жөнінде — әлбетте, тек жалғыз бұл пункт жөнінде ғана емес — жалған революциялық жалған демократияның біздегі жалған социалистік өкілдері *демократизмнен* адам айтқысыз шегінушіліктер жасағандығын атап көрсеткенмін*. Өздерін империалистік буржуазиямен «коалиция жасау» арқылы матап отырған адамдардың бұл нұсқауларды естімейтін керең болып қалғаны түсінікті.

Мына жағдайды көрсетіп өту аса қажет: Энгельс фактілер келтіре отырып, ең анық дәлелдерге сүйене отырып, әсіресе ұсақ буржуазиялық демократияның арасында мейлінше көп тараған соқыр сенімді,— федера-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 243—246-беттер. *Ред.*

циялық республика централистік республикадан гөрі қалайда көбірек бостандық береді-міс деген соқыр сенімді бекерге шығарады. Бұл соқыр сенім дұрыс емес. Мұны Францияның 1792—1798 жылдардағы централистік республикасы мен Швейцарияның федералистік республикасы жөнінде Энгельстің келтіріп отырған фактілері бекерге шығарады. Шын демократиялық централистік республика федералистік республикадан гөрі *көбірек* бостандық беріп отырды. Немесе басқаша айтқанда: тарихта мәлім жергілікті, облыстық және басқа бостандықтың *ең көбірегін* берген федерациялық республика емес, *централистік* республика.

Федерациялық республика мен централистік республика туралы және жергілікті өзін өзі басқару туралы бүкіл жалпы мәселе сияқты, бұл фактіге де біздің партиялық насихатымыз бен үгітімізде көңіл жеткіліксіз бөлініп келді, әлі де жеткіліксіз бөлініп жүр.

5. МАРКСТІҢ «АЗАМАТ СОҒЫСЫНА» 1891 ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛҒАН АЛҒЫ СӨЗ

«Франциядағы азамат соғысының» 3-басылуына жазған алғы сөзінде — бұл алғы сөз 1891 жылы 18 мартта жазылып, бірінші рет «Neue Zeit» журналында басылған болатын — Энгельс мемлекет туралы көзқарасқа байланысты мәселелер жөнінде жол-жөнекей қызық ескертпелер жасаумен қатар, Коммунаның сабақтарын тамаша айқын жинақтап көрсетеді[74]. Авторды Коммунадан бөліп тұрған жиырма жылдық дәуірдің бүкіл тәжірибесі арқылы тереңдетілген және Германияда етек алып отырған «мемлекетке діни соқыр сеніммен табынушылыққа» әдейі қарсы қойылған бұл жиынтықты марксизмнің қарастырылып отырған мәселе жөніндегі *соңғы сөзі* деп атауға әбден болады.

> Францияда, деп атап көрсетеді Энгельс, әрбір революциядан соң жұмысшылар қаруланған күйінде қалып жүрді; «сондықтан, мемлекет билігінің тізгінін ұстаған буржуаның бірінші парызы жұмысшыларды қарусыздандыру болды. Осы-

> дан — жұмысшылар жеңіп алған әрбір революциядан кейін жаңа күрес туып, бұл күрес жұмысшылардың жеңілуімен тынып отырды...»[75]

Буржуазиялық революциялардың тәжірибесі мұнда қаншалық қысқа айтылса, соншалық мағыналы айтылған. Істің мәні — басқаларын былай қойғанда, мемлекет туралы мәселе жөнінде де *(езілген тапта қару бар ма?)* — мұнда тамаша айтылған. Буржуазиялық идеологияның ықпалында жүрген профессорлар да, ұсақ буржуазиялық демократтар да істің нақ осы мәнін көбінесе ескермейді. 1917 жылғы орыс революциясында буржуазиялық революциялардың осы құпиясын айтып, сыр шашу абыройы (кавеньяктік абырой) «меньшевик», «марксистсымақ» Церетелидің үлесіне тиді. Өзінің 11 июньдегі «тарихи» сөзінде Церетели буржуазияның Питер жұмысшыларын қарусыздандыруды үйғарып отырғандығын айтып салды, әрине, ол осы шешімді әрі өзінікі, әрі жалпы алғанда «мемлекеттік» қажеттіктен туған шешім етіп көрсетті![76]

Церетелидің 11 июньдегі тарихи сөзі, әрине, 1917 жылғы революцияның тарихын зерттеушілердің қайқайсысына болса да, эсерлер мен меньшевиктердің Церетели мырза бастаған блогы революцияшыл пролетариатқа *қарсы* шығып, буржуазия жағына өтіп кеткендігін көрсететін өте айқын дәлелдердің бірі болады.

Энгельстің жол-жөнекей айта кеткен, тағы да мемлекет туралы мәселемен байланысы бар, екінші бір ескертпесі дін жөнінде. Жұртқа мәлім, герман социал-демократиясы барған сайын оппортунистік социал-демократияға айналып, іріп-шіріген сайын «дінді жеке бастың ісі деп жариялау» деген атақты формуланы филистерлерше бұрмалап түсіндіруді жиілете түскен болатын. Атап айтқанда: олардың бұл формуланы түсіндіруіне қарағанда, дін туралы мәселе революцияшыл пролетариаттың *партиясы үшін де* жеке бастың ісі болып табылады-мыс!! Пролетариаттың революциялық программасына осылай толық опасыздық жасаушылыққа Энгельс қарсы күресті; 1891 жылы ол өз партиясындағы оппортунизмнің тек *ең әлсіз* ұрықтарын ғана бай-

қаған еді, сондықтан ол былай деп мейлінше сақтықпен айтқан еді:

«Коммунада мәжіліс жасаушылардың бәрі дерлік кілең жұмысшылар немесе жұмысшылардың танылған өкілдері болуына сәйкес, оның қаулылары да нағыз пролетарлық сипатымен ерекшеленді. Не бұл қаулылар республикалық буржуазия тек пасық қорқақтық жасап қана бас тартқан реформаларды, жұмысшы табының еркін іс істеуіне қажетті негіз болып табылатын реформаларды заңдандырды. Дін *мемлекетке қатысы жөнінде* тек жеке бастың ғана ісі болып табылады деген принциптің жүзеге асырылуы осындай болды. Не Коммунаның шығарған қаулылары тікелей жұмысшы табының мүдделерін көздеді және ол қаулылар ескі қоғамдық тәртіпке ішінара терең қайшы келіп отырды...»[77].

Энгельс «мемлекетке қатысы жөнінде» деген сөздерді әдейі баса көрсетіп, тікеден-тіке неміс оппортунизміне соққы беріп отыр; бұл оппортунизм дінді *партияға қатысы жөнінде* жеке бастың ісі деп жариялады, сөйтіп революцияшыл пролетариаттың партиясын ең пасық «еркін ойлы» мещандардың дәрежесіне түсірді, ал мещандар ешқандай дінде болмауға болады деуге дайын тұрады, бірақ халықтың басын айналдыратын дін апиынына қарсы *партиялық* күрес жүргізу міндетінен безеді.

Герман социал-демократиясының болашақ тарихшысы, оның 1914 жылы масқара болып күйреуінің түп тамырларын қадағалай отырып, бұл мәселе жөнінде көптеген қызықты материалдар табады, партияның идеялық көсемі Каутскийдің мақалаларындағы оппортунизмге есікті шалқасынан ашып тастайтын бұлтарма мәлімдемелерден бастап, партияның 1913 жылы «Los-von-Kirche-Bewegung»-ке (шіркеуден бөліну қозғалысына)[78] қалай қарағандығына дейін, бәрін де табады.

Ал енді, Коммунадан кейін жиырма жыл өткен соң, Энгельстің Коммуна сабақтарын күресуші пролетариатқа қалай қорытындылап көрсеткендігіне келейік.

Энгельстің алдыңғы қатарға шығарған сабақтары міне мыналар болды:

«...Нақ бұрынғы орталықтанған үкіметтің езуші өкіметі, армия, саяси полиция, бюрократия,— 1798 жылы Наполеон құрған өкімет, содан бері қарай әрбір жаңа үкіметтің керекті құрал ретінде қабылдап, өзінің дұшпандарына қарсы пайдаланып келген өкіметі,— міне, нақ осы өкімет Парижде құлаған сияқты, Францияның барлық жерінде де құлауға тиіс еді.

Коммуна әуел бастан-ақ мынаны мойындауға тиіс болды: жұмысшы табы, үстемдікті қолына алғаннан кейін, бұдан былай ескі мемлекеттік машинамен қожалық құра алмайды; жұмысшы табы, өзінің тек жаңа ғана жеңіп алған үстемдігінен тағы да айрылмау үшін, бір жағынан, осы уақытқа дейін өзіне қарсы жұмсалып келген бүкіл ескі езушілік машинасын құртуға тиіс, ал екінші жағынан, өз депутаттары мен чиновниктеріне қарсы өзін қамтамасыз етуге тиіс, бірі қалмай бұлардың бәрі де кез келген уақытта ауыстырылатындығын жариялауға тиіс...»[79].

Монархия былай тұрсын, тіпті *демократиялық республикада да* мемлекеттің мемлекет болып қалатындығын, яғни лауазымды адамдарды, «қоғамның қызметшілерін», оның органдарын сол қоғамның үстінен қарайтын *қожаға* айналдыру жөніндегі өзінің негізгі ерекшелік белгісін сақтап қалатындығын Энгельс әлденеше рет баса көрсетеді.

«...Мемлекет пен мемлекет органдарын қоғамның қызметшілерінен сол қоғамның үстінен қарайтын қожаға айналдырушылыққа қарсы, бұл күнге дейін өмір сүрген мемлекеттердің бәрінде сөзсіз болып келген осы жағдайға қарсы Коммуна қатесіз екі әдісті қолданды. Біріншіден, Коммуна ел басқару, сот, халық ағарту жөніндегі қызмет орындарының бәріне де жалпыға бірдей сайлау

правосы бойынша сайланған адамдарды тағайындап отырды, оның үстіне осы сайланған адамдарды оларды сайлаушылардың ұйғаруы бойынша кез келген уақытта кері шақырып алу правосын енгізді. Екіншіден, Коммуна лауазымды адамдардың бәріне, жоғары дәрежедегісіне де, төменгі дәрежедегісіне де, өзге жұмысшылар алатындай ғана ақы төлеп отырды. Жалпы алғанда, Коммуна төлеп келген ең көп ақы 6000 франк болды*. Сөйтіп, тіпті Коммунаның өкілдік мекемелердегі депутаттарға арнап императивтік мандаттарды енгізуіне де қарамастан, жылы орынға таласушылыққа, мансапқорлыққа айтарлықтай бөгет жасалды...»[81]

Энгельс бұл арада қызықты жерге, дәйекті демократияның, бір жағынан, социализмге *айналатын* жеріне, екінші жағынан, оның социализмді *керек қылатын* жеріне келіп отыр. Өйткені мемлекетті құрту үшін мемлекеттік қызмет функцияларын халықтың орасан көпшілігі, одан соң бүкіл халық түгелімен игеріп аларлықтай, шамасы жетерліктей етіп, бақылау жасау мен есеп жүргізудің қарапайым операцияларына айналдыру қажет. Ал мансапқорлықты толық жою мемлекет қызметіндегі, табыссыз болса да, «құрметті» орындарды банктер мен акционерлік қоғамдардағы табысы мол қызмет орындарына өтіп кетуге арналған көпір бола *алмайтындай* етуді керек қылады, ал мұның өзі ең еркін капиталистік елдердің бәрінде де *үнемі* осылай болып отыр.

Бірақ Энгельс, мәселен, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде: капитализм тұсында бұлай ету мүмкін емес, ал социализм тұсында қажетсіз деп есептейтін кейбір марксистер сияқты қателеспейді. Тауып айтылған сияқты, ал іс жүзінде теріс осы пайымдауды *кез келген* демократиялық мекеме туралы да,

* Номиналды түрде бұл 2400 сомға жуық, ал қазіргі ақша құны бойынша 6000 сомға жуық. *Бүкіл мемлекет үшін* максимум 6000 сом,— бұл жеткілікті сома,— болып белгіленсін деудің орнына, мәселен, қалалық думаларда жалақы 9000 сомнан болсын дейтін большевиктердің ұсынысы мүлде кешіргісіз[80].

соның ішінде чиновниктерге берілетін шағын ақы туралы да, қайталап айтуға болар еді, өйткені капитализм тұсында ақырына дейін дәйекті демократизмнің болуы мүмкін емес, ал социализм тұсында демократия атаулының бәрі *құриды*.

Мұның өзі — бір тал шашы түскен адам қасқа бас бола ма, жоқ па деген көне әзіл сияқты софизм.

Демократияны *ақырына дейін* дамыту, сондай дамытудың *формаларын* іздестіру, оларды *практикада* сынап көру, т. т., осының бәрі — әлеуметтік революция жолындағы күрестің өзекті міндеттерінің бірі. Жеке алғанда, қандай демократизмнен болса да социализм шықпайды, ал өмірде демократизм ешқашан «жеке алынбайды», «бірге алынады», өзінің ықпалын экономикаға да тигізеді, *оның* қайта құрылуына түрткі болады, өзі де экономикалық дамудың ықпалына ұпырайды, т. т. Өмір тарихының диалектикасы осындай.

Одан әрі Энгельс былай дейді:

> «...Ескі мемлекеттік өкіметтің осы қопарылысы (Sprengung) және бұл өкіметтің жаңа, нағыз демократиялық, мемлекеттік өкіметпен ауыстырылатындығы «Азамат соғысының» үшінші бөлімінде толық айтылған. Бірақ бұл арада осы ауыстырылудың кейбір белгілеріне қысқаша тағы да тоқталып өту қажет болып отыр, өйткені дәл Германияның өзінде мемлекетке діни соқыр сеніммен табынушылық дегеніңіз философиядан шығып, буржуазияның, тіпті көптеген жұмысшылардың жалпы санасына көшкен. Философтардың ілімі бойынша, мемлекет дегеніміз «идеяның жүзеге асуы» немесе, философиялық тілге аударғанда, құдай тағаланың жердегі патшалығы, мемлекет — мәңгі ақиқат пен әділдік жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуға тиіс орын. Осыдан барып мемлекетті және мемлекетке қатысы барлардың бәрін діни соқыр сеніммен құрметтеушілік шыққан,— бұл діни соқыр сеніммен құрметтеушілік бүкіл қоғамға ортақ істер мен мүдделердің бұрынғы әдіспен ғана орындалып, қорғалуы мүмкін

екен, яғни мемлекет арқылы және оның табысты орындармен сыйланған чиновниктері арқылы орындалып, қорғалуы мүмкін екен деп ойлауға адамдар балалық шақтан дағдыланған сайын, соғұрлым оңай орнығады. Егер мұралық монархияға сенуден құтылып, демократиялық республиканы жақтаушы бола қалса, жұрт алға қарай тым батыл қадам жасадық деп ойлайды. Ал, шынында, мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес, сөйтіп ол демократиялық республикада монархиядағыдан ешбір кем соқпайды. Ең мықтағанда мемлекет — таптық үстемдік жолындағы күресте жеңіске жеткен пролетариаттың қолына мұра болып көшетін қырсық; нақ Коммуна сияқты, жеңген пролетариат та,— жаңа, ерікті қоғамдық жағдайларда өскен ұрпақ мемлекеттіктің бүкіл осы қоқсығын лақтырып тастауға жарағанша,— осы қырсықтың жаман жақтарын дереу сылып тастауға мәжбүр болады»[82].

Монархияны республикамен ауыстырған күнде, жалпы мемлекет туралы мәселе жөніндегі социализмнің негіздерін ұмытпау керек деп, Энгельс немістерді алдын ала сақтандырды. Өздерінің «коалициялық» практикасында мемлекетке діни соқыр сеніммен табынып, оған діни соқыр сеніммен құрмет көрсеткен Церетелилер мен Черновтардай мырзаларға Энгельстің бұл сақтандырулары қазір тура сабақ боларлықтай оқылып отыр!

Тағы да екі ескертпеміз бар: 1) Егер Энгельс: мемлекеттің «бір таптың екінші тапты езуіне арналған машина» болып қала беруі демократиялық республика тұсында монархия тұсындағыдан «ешбір кем соқпайды» десе, мұның өзі әсте, кейбір анархистердің «үйретіп жүргеніндей», пролетариат үшін езгі *формасының* қандайы болса да бәрібір дегендік болып шықпайды. Таптық күрес пен таптық езгінің анағұрлым кең, анағұрлым еркін, анағұрлым ашық *формасы* пролетариатқа

оның тап атаулыны жою жолындағы күресінде орасан зор жеңілдік береді.

2) Осы мемлекеттіктің бүкіл қоқсығын мүлде лақтырып тастауға тек жаңа ұрпақтың ғана жарайтын себебі не,— бұл мәселе демократияны жеңу туралы мәселеге байланысты, енді біз осы мәселеге көшеміз.

6. ЭНГЕЛЬС ДЕМОКРАТИЯНЫ ЖЕҢУ ТУРАЛЫ

Бұл жөнінде Энгельстің «социал-демократ» деген аттың *ғылыми* жағынан терістігі туралы мәселеге байланысты пікір айтуына тура келді.

Өзінің 1870-ші жылдары әр түрлі тақырыптарға жазылған, көбінесе «интернационалдық» мазмұндағы мақалаларының басылуына («Internationales aus dem «Volksstaat»»*) арнаған алғы сөзінде,— 1894 жылғы 3 январь деп белгі салынған, яғни өзі қайтыс болардан бір жарым жыл бұрын жазылған алғы сөзінде,— Энгельс барлық мақалаларда «социал-демократ» *емес*, «коммунист» деген сөз қолданылды деп жазды, өйткені ол кезде Франциядағы прудонистер, Германиядағы лассальшылдар[83] өздерін социал-демократтармыз деп атайтын.

> «...Сондықтан,— дейді одан әрі Энгельс,— өз көзқарастарымызды әдейілеп көрсетуге мұндай екіұшты сөзді қолдану Маркске де, маған да мүлде мүмкін болмады. Қазіргі уақытта істің жайы басқаша болып отыр, енді бұл сөз («социал-демократ»), бәлкім, жарап кетер (mag passieren), дегенмен, экономикалық программасы жалпы алғанда тек социалистік қана емес, тура коммунистік болып отырған партияға,— түпкі саяси мақсаты бүкіл мемлекетті жеңу, ал олай болса, демократияны да жеңу болып отырған партияға бұл сөз дәл келмейтін (unpassend, жарамсыз) сөз болып қала береді. Алайда, *шын* (курсив Энгельстікі) саяси партиялардың аттары өздеріне ешқашан то-

* — ««Халықтық Мемлекеттің» халықаралық тақырыптары жөнінде». *Ред.*

лық сай келмейді; партия дамиды, ал аты қалпынша қала береді»[84].

Диалектик Энгельс өмірінің ақырғы күндеріне дейін диалектикадан танбаған. Маркс пен екеуміздің партияға қоярлық тамаша, ғылыми жағынан дәл атымыз бар еді, бірақ шын, яғни бұқаралық пролетарлық партия болмады, дейді ол. Қазір (XIX ғасырдың ақырында) шын партия бар, бірақ оның аты ғылыми жағынан бұрыс. Оқасы жоқ, «жарап кетер», тек партия *дами берсін,* тек атының ғылыми жағынан дәл еместігі оның өзінен жасырылмасын және оның дұрыс бағытта дами беруіне бөгет болмасын!

Бәлкім, қайсыбір әзілқой адам біздерді, большевиктерді де, Энгельсше былай деп жұбатар: бізде шын партия бар, ол тамаша дамып келеді; «большевик» деген мағынасыз, болымсыз сөз де оған ат болуға «жарап кетер», бұл сөздің өзі мүлде кездейсоқ болған бір жағдайдан басқа — 1903 жылғы Брюссель-Лондон съезінде біздің көпшілік болғандығымыздан басқа[85] тіпті еш нәрсенің де мағынасын бере алмайды... Мүмкін, қазіргі кезде, республикашылдар мен «революцияшыл» мещандық демократияның июль мен августа біздің партиямызды қудалағаны «большевик» деген сөзді бүкіл халық алдында құрметті сөзге айналдырған кезде, бұл қудалаулар біздің партиямыздың шындап дамуы жолында алға қарай соншалық зор, тарихи қадам басқандығын көрсеткен кезде, мүмкін, партиямыздың атын өзгерту жөнінде апрельде жасаған ұсынысыма мен де екі ойлылау болар едім*. Мүмкін, мен өзімнің жолдастарыма мынадай «мәмлеге» келуді ұсынар едім: коммунистік партия деп аталайық, ал жақшаның ішінде большевиктер деген сөз қала берсін...

Бірақ революцияшыл пролетариаттың мемлекетке көзқарасы туралы мәселеге қарағанда, партияның аты туралы мәселенің маңызы әлдеқайда кем.

Мемлекет туралы айтылып жүрген кәдімгі пайымдауларда Энгельс осы арада сақтандырып отырған және

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 109, 122, 127-беттер. *Ред.*

осыдан бұрынғы баяндауымызда біз жол-жөнекей атап өткен қатеге үнемі жол беріледі. Атап айтқанда: мемлекеттің жойылуы демократияның да жойылуы екендігі, мемлекеттің құруы демократияның да құруы екендігі ылғи ұмытыла береді.

Тосыннан қарағанда мұндай пікір өте қисынсыз және түсініксіз сияқты болып көрінеді; бәлкім, тіпті кейбіреулердің: біз азшылықтың көпшілікке бағыну принципі сақталмайтын қоғамдық құрылыстың келуін күтіп жүрген жоқ па екенбіз, өйткені демократия дегеннің өзі сондай принципті мойындағандық қой?— деп қауіптенуі де мүмкін.

Жоқ. Демократия мен азшылықтың көпшілікке бағынуы барабар *емес*. Демократия дегеніміз азшылықтың көпшілікке бағынуын мойындайтын *мемлекет*, яғни бір таптың екінші тапқа, халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне ұдайы *күш* көрсететін ұйымы.

Біз мемлекетті құртуды, яғни ұйымдасқан түрде және ұдайы күш көрсетудің қандайын болса да, жалпы адам атаулыға күш көрсетудің қандайын болса да құртуды алдымызға түпкі мақсат етіп қоямыз. Біз азшылықтың көпшілікке бағыну принципі сақталмайтын қоғамдық тәртіптің келуін күтіп отырғанымыз жоқ. Бірақ социализмге жетуге ұмтыла отырып, біз мынаған көз жеткіздік: социализм коммунизмге ұласады, ал осыған байланысты жалпы адам атаулыға күш көрсетуге, бір адамның екінші адамға, халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне *бағынуына* қандай да болсын қажеттік жойылады, өйткені жұрт қоғамдық тұрмыстың қарапайым шарттарын *күштеусіз* және *бағынусыз* орындауға *дағдыланады*.

Осы дағдылану элементін баса көрсету үшін Энгельс жаңа *ұрпақ* туралы айтып отыр, бұл ұрпақ —«жаңа, еркін қоғамдық жағдайларда өскен, осы мемлекеттіктің бүкіл қоқсығын мүлде лақтырып тастай алатын»[86],— мемлекеттік атаулының, оның ішінде демократиялық-республикалық мемлекеттіктің де бүкіл қоқсығын лақтырып тастай алатын ұрпақ.

Мұны ұғындыру үшін мемлекеттің құруының экономикалық негіздері туралы мәселені талдау керек.

V ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мәселені Маркс өзінің «Гота программасына сынында» (1875 жылы 5 майда Браккеге жазған хаты; бұл хат тек 1891 жылы «Neue Zeit»-те, IX, 1 басылған; орысшасы жеке кітапша болып шыққан)[87] мейлінше толық түсіндірген. Бұл тамаша шығарманың лассальшылдықты сынаған айтыс жағы шығарманың, былайша айтқанда, ұтымды бөлігін, атап айтқанда: коммунизмнің дамуы мен мемлекеттің құруы арасындағы байланысты талдаған бөлігін көлегейлеп кеткен.

1. МАРКСТІҢ МӘСЕЛЕ ҚОЮЫ

Маркстің 1875 жылы 5 майда Браккеге жазған хатын Энгельстің 1875 жылы 28 мартта Бебельге жазған, жоғарыда сөз болған хатымен[88] үстірт салыстырғанда Энгельстен гөрі Маркстің анағұрлым «мемлекетшіл» сияқты болып көрінуі, екі жазушының мемлекетке көзқарастарында өте елеулі айырмашылық бар сияқты болып көрінуі мүмкін.

Энгельс Бебельге мемлекет жайындағы бос сөзді таста, мемлекет деген сөзді программадан мүлде алып тастап, оны «қауым» деген сөзбен ауыстыр деп ұсыныс жасайды; Энгельс тіпті: Коммуна толық мағынасында мемлекет болған жоқ-ты, дейді. Ал Маркс тіпті «коммунистік қоғамның болашақ мемлекеттігі» дегенді айтады, яғни тіпті коммунизм тұсында да мемлекет қажет деп білетін сияқты.

Бірақ мұндай көзқарас мейлінше теріс болар еді. Байыптап қарағанда, мемлекетке, оның құруына Маркс пен Энгельстің көзқарастарының әбден үйлесетіндігі көрінеді, ал Маркстің әлгі келтірілген сөзі дәл сол *құритын* мемлекеттік туралы айтылған.

Әрине, мемлекеттің *келешектегі* «құритын» мезгілін белгілеу туралы сөз болуы да мүмкін емес, себебі — мұның өзі көріне көзге ұзақ уақытқа созылатын процесс. Маркс пен Энгельстің арасында айырмашылық бар

тәрізді болып тұрған себебі — олардың алған тақырыптары, көздеген міндеттері әр түрлі. Энгельс мемлекет жөнінде айтылып жүрген (және Лассаль едәуір дәрежеде мақұлдап отырған) соқыр сенімдердің қисынсыздығын Бебельге әбден бадырайтып, айқын, тіке көрсетуді алдына міндет етіп қойған. Маркс *бұл* мәселеге тек жол-жөнекей ғана соғады, оның көңіл бөлгені екінші тақырып: коммунистік қоғамның *дамуы*.

Маркстің бүкіл теориясы — даму теориясын неғұрлым дәйекті, толық, ойластырылған, мазмұнға бай түрінде алып, қазіргі капитализмге қолдану. Маркс үшін бұл теорияны капитализмнің *алдағы* күйреуіне де, *болашақ* коммунизмнің *болашақ* дамуына да қолдану туралы мәселенің алға қойылуы — табиғи нәрсе.

Болашақ коммунизмнің болашақ дамуы туралы мәселені қандай *деректердің* негізінде қоюға болады?

Ол негіз мынау: коммунизм капитализмнен *шығады*, тарихи жағынан алғанда капитализмнен дамиды, капитализм *туғызған* қоғамдық күштің қимылдарының нәтижесі болады. Маркс утопия ойлап шығаруға ешқандай әрекет етпеген, білу мүмкін емес нәрсені беталды топшылап бал ашпаған. Жаратылыс зерттеуші, айталық, жаңа биологиялық түрдің дамуы туралы мәселені қалай қоятын болса, коммунизм туралы мәселені Маркс те солай қойып отыр, өйткені биологиялық түрдің қалай пайда болғандығын және қандай белгілі бағытта өзгеретіндігін біз білеміз.

Маркс бәрінен бұрын мемлекет пен қоғамның арақатынасы туралы мәселеге Гота программасы енгізген былықты аулақ ысырып тастайды.

> «...Қазіргі қоғам — капиталистік қоғам,— деп жазады ол,— бұл қоғам цивилизациялы елдердің бәрінде де бар, бұл қоғам — орта ғасырлықтың қоспасынан азды-көпті арылған қоғам, әрбір елдің тарихи дамуының ерекшеліктеріне қарай түрі азды-көпті өзгерген қоғам, азды-көпті дамыған қоғам. Мұның керісінше, «қазіргі мемлекет» әрбір мемлекеттік шекараны аттаған сайын өзгеріп отырады. Пруссия-Германия империясындағы мемле-

кет Швейцариядағыдан мүлдем басқа, Англиядағы мемлекет Құрама Штаттардағыдан мүлдем басқа. Демек, «қазіргі мемлекет» — жалған нәрсе.

Алайда, формаларының ала-құла алуан түрлілігіне қарамастан, әр түрлі цивилизациялы елдердегі әр түрлі мемлекеттерге ортақ бір белгі бар, ол мынау: бұл мемлекеттер азды-көпті капиталистік жолмен дамыған қазіргі буржуазиялық қоғамға табан тіреп тұр. Сондықтан бұларда кейбір ортақ елеулі белгілер бар. «Қазіргі мемлекеттік» туралы осы мағынада, оның қазіргі түп-тамыры — буржуазиялық қоғам — құритын болашақ кезге қарама-қарсы мағынада сөз қылуға болады.

Одан соң мәселе былай қойылмақ: коммунистік қоғамда мемлекеттік қандай өзгеріске ұшырайды? Басқаша айтқанда: ол кезде қазіргі мемлекеттік функцияларға орайлас қандай қоғамдық функциялар қалады? Бұл сұраққа тек ғылыми жолмен ғана жауап беруге болады; «халық» деген сөзді «мемлекет» деген сөзге неше мың мәрте қосақтасаңыз да, мұның өзі мәселенің шешілуін титтей де алға жылжытпайды...»[89]

«Халықтық мемлекет» туралы айтылған сөздердің бәрін осылайша келекелеп, Маркс мәселенің қалай қойылуы керек екендігін көрсетеді және мәселеге ғылыми жауап беру үшін тек әбден анықталған ғылыми деректерге ғана сүйенуге болады деп алдын ала ескерткендей болады.

Бүкіл даму теориясы, жалпы алғанда бүкіл ғылым әбден дәл анықтаған бірінші мәселе,— утопистер ұмытқан, социалистік революциядан қорқатын қазіргі оппортунистер де ұмытып жүрген мәселе,— мынау: капитализмнен коммунизмге *өтудің* тарихи жағынан ерекше сатысы немесе ерекше кезеңі болуға тиіс екендігі күмәнсыз.

2. КАПИТАЛИЗМНЕН КОММУНИЗМГЕ ӨТУ

«...Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында,— дейді одан әрі Маркс,— біріншi-

сінің екіншісіне революциялық жолмен айналу дәуірі жатыр. Осы дәуірге саяси өтпелі дәуір де сәйкес келеді, ал бұл дәуірдің мемлекеті *пролетариаттың революциялық диктатурасынан* басқа еш нәрсе де бола алмайды...»[90]

Маркстің бұл қорытындысы пролетариаттың қазіргі капиталистік қоғамда атқарып отырған ролін талдауға, осы қоғамның дамуы туралы және пролетариат пен буржуазияның қарама-қарсы мүдделерінің сыйыса алмайтындығы туралы деректерге негізделген.

Бұрын мәселе былайша қойылатын: өзін азат ету үшін пролетариат буржуазияны құлатуы, саяси өкіметті жеңіп алуы, өзінің революциялық диктатурасын орнатуы керек.

Енді мәселе біраз басқаша қойылып отыр: коммунизмге қарай дамып отырған капиталистік қоғамнан коммунистік қоғамға «саяси өтпелі дәуірсіз» өту мүмкін емес, ал бұл дәуірдің мемлекеті тек пролетариаттың революциялық диктатурасы ғана бола алады.

Ал осы диктатураның демократияға қатынасы қандай?

Біз жоғарыда көрдік, «Коммунистік Манифест» «пролетариатты үстем тапқа айналдыру» және «демократияны жеңіп алу» деген екі ұғымды жай ғана қатар қойды[91]. Жоғарыда баяндалғандардың бәрін негізге ала отырып, капитализмнен коммунизмге өткенде демократияның қалай өзгеретіндігін дәлірек анықтауға болады.

Капиталистік қоғамда, ол неғұрлым қолайлы дамыған жағдайда, демократиялық республикада азды-көпті толық демократизм болады. Бірақ бұл демократизм қашан да болсын капиталистік қанаудың тар шеңберінің қыспағында қалады да, сондықтан қашан да болсын, шын мәнісінде, тек азшылықтың ғана, тек дәулетті таптардың ғана, тек байлардың ғана демократизмі болып қала береді. Капиталистік қоғамның бостандығы қашан да болсын ежелгі грек республикаларындағы бостандық: құл иеленушілерге арналған бостандық қандай болса, шамамен алғанда сондай бостандық болып қала береді. Қазіргі жалдама құлдар, капиталистік қа-

наудың жағдайларына сәйкес, жоқшылық пен қайыршылықтан титықтағаны соншалық, олардың «демократиямен», «саясатпен» айналысар халі жоқ, оқиғалар дағдылы, бейбіт өтіп жатқанда, халықтың копшілігі қоғамдық-саяси өмірге қатысудан шеттетілген.

Бұл пікірдің дұрыстығын бәрінен де гөрі Германия айқын көрсететін болуы керек, өйткені бұл мемлекетте конституциялық жариялылық ғажап ұзақ және жарты ғасырдай (1871—1914) бекем орнығып тұрды, ал социал-демократия сол уақыттың ішінде «жариялылықты пайдалану» үшін, жұмысшылардың көп бөлегін саяси партияға ұйымдастыру үшін өзге елдерге қарағанда дүние жүзінің ешбір жерінде болмаған дәрежеде анағұрлым көп жұмыс істей білді.

Ал капиталистік қоғамда козге түскен саяси саналы әрі іскер жалдама құлдардың әлгі неғұрлым көп бөлегі қанша? 15 миллион жалдама жұмысшыдан социал-демократтар партиясына мүше болғандары бір миллион! 15 миллионнан кәсіптік түрде ұйымдасқандары үш миллион!

Болымсыз азшылықтың демократиясы, байлардың демократиясы — капиталистік қоғамның демократизмі міне осындай. Капиталистік демократияның тетігіне байыпты қарасақ, қай жерінен болса да біздің көретініміз: сайлау правосының «ұсақ-түйек», ұсақ-түйек деп саналатын егжей-тегжейінен де (отырықшылық цензісі, әйелдерге жол берілмеуі, т. т.), өкілдік мекемелердің техникасынан да, жиналыстар өткізу правосына іс жүзінде жасалатын кедергілерден де (қоғам үйлері «қайыршылар» үшін емес!), күнделікті баспасөздің таза капиталистік тұрғыда ұйымдастырылуынан да, осы сияқты нәрселердің бәрінен де біздің көретініміз — демократизм өрісінің тарылған үстіне тарыла беруі. Кедейлерге деген өрісті тарылту, праводан айыру, шеттету және кедергі жасау сырт қарағанда, әсіресе, өзі еш уақытта жоқшылықты көрмеген, езілген таптардың бұқаралық өмірінде олармен етене араласпаған адамдарға (ал буржуазияшыл публицистер мен саясатшылардың жүзден тоқсан тоғызы болмаса да, оннан тоғызы — сондай адамдар) ұсақ-түйек нәрсе тәрізді көріне-

ді, бірақ осы шектеушіліктердің бәрін қоса алғанда бұлар кедейлерді саясаттан, демократияға белсене қатысудан тайдырып, сыртқа теуіп тастайды.

Капиталистік демократияның бұл *мәнін* Маркс өте жақсы аңғарып, Коммунаның тәжірибесіне жасаған талдауында былай деді: езілушілердің атынан парламентке езуші таптың нақ қай өкілі кіріп, оларды қалайша жаныштап отыратындығын шешуге сол езілушілердің өздеріне бірнеше жылда бір рет ерік беріледі![92]

Ал осы капиталистік демократиядан,— өрісі сөзсіз тар, кедейлерді астыртын шетке қағып отыратын, сондықтан да мейлінше екіжүзді әрі жалған осы капиталистік демократиядан,— ілгері даму, «барған сайын неғұрлым кең демократияға қарай» даму, либерал профессорлар мен ұсақ буржуазиялық оппортунистер ойлағандай, оп-оңай, тұп-тура және епқандай кедергісіз болмайды. Жоқ. Ілгері даму, яғни коммунизмге қарай даму пролетариат диктатурасы арқылы болады, басқаша бола алмайды, өйткені қанаушы-капиталистердің *қарсылығын қиратаtын* пролетариаттан басқа ешкім жоқ, бұл жолдан басқа жол да жоқ.

Ал пролетариат диктатурасы, яғни езушілерді басып-жаншу үшін езілгендер авангардының үстем тап болып ұйымдасуы, демократияны тек кеңейтіп қана қоймайды. Пролетариат диктатурасы, байлардың демократизмі болмай, *тұңғыш рет* кедейлердің демократизмі, халықтың демократизмі болатын демократизмді орасан кеңейтумен *бірге,* езушілерге, қанаушыларға, капиталистерге келгенде, бостандыққа бірсыпыра шек қояды. Адамзатты жалдама құлдықтан құтқару үшін, бұларды біз басып-жаншуға тиіспіз, бұлардың қарсылығын күшпен қирату керек — әрине, басып-жаншу бар жерде, күштеу бар жерде, бостандық болмайды, демократия болмайды.

Энгельс Бебельге жазған хатында мұны өте жақсы айтып берген; оқушылардың есінде болар, Энгельс былай деген: «пролетариат мемлекетке мұқтаж болғанда бостандық үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғау мүмкін болған кезде, мемлекет болмайды»[93].

Демократия халықтың орасан көпшілігіне арналады, халықты қанаушылар мен езушілер күшпен жанышталады, яғни демократиядан шеттетіледі,— капитализмнен коммунизмге *өту* кезіндегі демократияның өзгерісі міне осындай.

Тек коммунистік қоғамда ғана, капиталистердің қарсылығы біржолата қиратылғанда, капиталистер құрығанда, таптар жоғалғанда (яғни қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасы жағынан қоғам мүшелерінің араларында айырмашылық қалмағанда),— *тек* сонда *ғана* «мемлекет жоғалады және *бостандық туралы сөз қылуға болады»*. Шын мәнінде толық, шын мәнінде еңбір шашауы жоқ демократия тек сонда ғана мүмкін болады, тек сонда ғана жүзеге асырылады. Тек сонда ғана демократия *құри* бастайды, өйткені капитализмнің құлдығынан, капиталистік қанаудың сансыз көп сұмдығынан, айуандығынан, пасықтығынан, зұлымдығынан арылған адамдар қоғам тұрмысының ғасырлар бойы белгілі, мыңдаған жылдар бойы барлық жазуларда қайталанған қарапайым ережелерін орындауға, бұл ережелерді күштеусіз, зорлықсыз, бағындырусыз, зорлап көндіруге арналған, мемлекет деп аталатын *ерекше аппаратсыз* орындауға бірте-бірте *дағдыланады*.

«Мемлекет *құриды*» деген сөз тіркесі өте сәтті алынған, өйткені бұл сөз тіркесі процестің бірте-бірте болатындығын да, стихиялылығын да көрсетеді. Тек дағды ғана осылай әсер етуі мүмкін және сөзсіз осылай әсер етеді, өйткені қанау болмаса, наразылық білдірерліктей, қарсылық көрсетерліктей, көтеріліс жасарлықтай, *басып-жаншуды* қажет етерліктей ештеңе болмаса, қоғам тұрмысының өздеріне қажетті ережелерін орындауға адамдардың қалай оп-оңай дағдыланып кететіндігін төңірегімізден сан миллион рет байқап жүрміз.

Сонымен: капиталистік қоғамда біз күзелген, ұсқынсыз, жалған демократияны, тек байларға ғана, тек азшылыққа ғана арналған демократияны көреміз. Пролетариат диктатурасы, коммунизмге өту дәуірі, азшылықты, қанаушыларды сөзсіз басып-жаныша отырып, халық

үшін, көпшілік үшін тұңғыш рет демократия жасайды. Шын мәнінде толық демократияны тек коммунизм ғана бере алады, ал ол толық болса, соғұрлым тез керексіз болады, өзінен-өзі құриды.

Басқаша айтқанда: капитализм тұсында біз сөздің шын мағынасындағы мемлекетті, бір тапты екінші таптың және де көпшілікті азшылықтың басып-жаншып отыруына арналған ерекше машинаны көреміз. Әрине, азшылық болған қанаушылардың көпшілік болған қаналушыларды үнемі басып-жаншып отыруы сияқты істің табысты болуы үшін асқан қатыгездік, айуандықпен жаныштаушылық керек, телегей-теңіз болып қан төгілуі керек; адамзат құлдық, крепостнойлық, жалдамалылық күйінде өзінің жолын нақ осылар арқылы өтіп келеді.

Содан соң, капитализмнен коммунизмге *өту* кезінде басып-жаныштау *әлі де* қажет болады, бірақ бұл жолы — қанаушы азшылықты қаналушы көпшілік басып-жаныштайды. Басып-жаныштауға арналған ерекше аппарат, ерекше машина ретіндегі «мемлекет» *әлі де* қажет болады, бірақ енді бұл — өтпелі мемлекет, енді бұл өз мағынасындағы мемлекет емес, өйткені қанаушы азшылықты *кешегі* жалдама құлдар көпшілігінің басып-жаныштауы, салыстырып қарағанда, құлдардың, крепостнойлардың, жалдама жұмысшылардың көтерілістерін басқандағыдан қан анағұрлым аз төгілетін, адамзатқа анағұрлым арзанға түсетін жеңіл, оңай және табиғи іс болады. Сөйтіп бұл іс демократияны халықтың басым көпшілігіне таратуға жағдай жасайды, сондықтан басып-жаныштауға арналған *ерекше машинаның* қажеттігі жоғала бастайды. Әрине, қанаушылар халықты басып-жаныштау міндетін орындауға арналған аса күрделі машинасыз халықты басып-жаныштай алмайды, ал *халық* қанаушыларды өте қарапайым «машинамен» де, «машинасыз» дерлік, ерекше аппаратсыз дерлік *қаруланған бұқараның* жай *ұйымы* (күн ілгері айталық: жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері сияқты ұйымы) арқылы-ақ басып-жаныштай алады.

Ақырында, тек коммунизм ғана мемлекетті мүлдем

керексіз етеді, ойткені жанышталатын *ешкім* болмайды,—«ешкім» дегенде *тап* мағынасында, халықтың белгілі бір болегімен үнемі күресіп отыру мағынасында ешкім болмайды. Біз утопистер емеспіз, *жеке адамдардың* бұзақылық істеуі мүмкін екендігін және оның болмай тұрмайтындығын, сондай-ақ *ондай* бұзақылықтарды басып-жаншып отырудың қажет екендігін біз титтей де теріске шығармаймыз. Бірақ, біріншіден, бұл үшін ерекше машинаның, ерекше басып-жаныштау аппаратының керегі жоқ, мұны қаруланған халықтың озі-ақ істейді, істегенде, тіпті осы қазіргі қоғамда кез келген цивилизациялы адамдар тобы төбелесіп жатқандарды қалай оп-оңай айырып жіберетін болса немесе әйелге зорлық-зомбылық корсетуге жол бермейтін болса, дәл солай оп-оңай істейді. Ал, екіншіден, қоғам тұрмысының ережелерін бұзушылық болып табылатын бұзақылықтардың түпкі әлеуметтік себебі: бұқараны қанаушылық, бұқараның жоқшылығы мен қайыршылығы екендігін біз білеміз. Осы басты себеп жойылғаннан кейін, бұзақылық сөзсіз *«құри»* бастайды. Қаншалық тез және қалайша біртіндеп құритындығын біз білмейміз, бірақ біз оның құритындығын білеміз. Бұзақылық құрыған соң мемлекет те *құриды.*

Маркс қиялға берілмей-ақ, сол келешек жонінде *қазір* анықтауға болатын нәрсені, атап айтқанда: коммунистік қоғамның төменгі фазасы мен жоғары фазасының (сатысының, кезеңінің) арасындағы айырмашылықты толығырақ анықтап берді.

3. КОММУНИСТІК ҚОҒАМНЫҢ БІРІНШІ ФАЗАСЫ

Социализм тұсында жұмысшы өз «еңбегінің өнімін кемітпей» немесе «түгел» алады деген Лассальдың идеясын «Гота программасына сын» деген кітабында Маркс толық бекерге шығарады. Маркс бүкіл қоғамның бүкіл қоғамдық еңбегінен резервтік қорды да, өндірісті ұлғайтуға, «тозған» машиналардың орнын толтыруға, басқа да сол сияқты жұмыстарға арналған қорды да шығарып тастау керек, одан соң тұтыну заттарынан басқару шығындарына, мектептерге, аурухаиаларға,

кәрілер панаханасына және басқа сол сияқтыларға жұмсалатын қорды шығарып тастау керек деп көрсетеді.

Лассальдың күңгірт, түсініксіз, жалпылама («жұмысшыға еңбегінің толық өнімі берілсін» деген) сөздерінің орнына, Маркс социалистік қоғам шаруашылықты нақ қалай жүргізуге тиісті болатындығын байыптылықпен есепке алады. Маркс капитализм болмайтын қоғамдағы тұрмыс жағдайларын *нақты* талдай келіп, сонымен қатар былай дейді:

> «Біз бұл арада» (жұмысшы партиясының программасын талдағанда) «өз негізіне сүйеніп *дамыған* коммунистік қоғам туралы емес, нақ капиталистік қоғамнан жаңа ғана *шығып келе жатқан,* сондықтан қай жағынан болса да, экономика, адамгершілік және ақыл-ой жағынан, өзін тудырған ескі қоғамның таңбасын әлі де бойында сақтап қалатын қоғам туралы айтып отырмыз»[94].

Капитализмнің қойнауынан жарық дүниеге жаңа ғана шыққан, қай жағынан болса да ескі қоғамның таңбасын әлі де өз бойында сақтап қалатын осындай коммунистік қоғамды Маркс коммунистік қоғамның «бірінші» немесе төменгі фазасы деп атайды.

Өндіріс құрал-жабдықтары ол кезде жеке адамдардың меншігі болудан кетеді. Өндіріс құрал-жабдықтары бүкіл қоғамдікі болады. Қоғамның әрбір мүшесі, қоғамға қажет жұмыстың белгілі бір үлесін орындайды да, пәлендей мөлшерде жұмыс атқарды деп қоғамнан куәлік алады. Осы куәлігі бойынша ол тұтыну заттарының қоғамдық қоймаларынан тиісті мөлшерде азық-түлік, бұйым алады. Демек, еңбектің қоғамдық қорға жұмсалатын мөлшері шығарылып тасталған соң, әрбір жұмысшы қоғамға қанша берсе, одан сонша алады.

Былайша, «теңдік» дәурені орнаған тәрізді.

Бірақ Лассаль осындай қоғамдық тәртіптерді (әдетте социализм деп аталатын, ал Маркссе коммунизмнің бірінші фазасы деп аталатын тәртіптерді) сөз қылғанда: мұның өзі «әділ бөліс», «еңбек өнімінен әркімнің тең

алуға тең праволы болуы» деп қателеседі, ал Маркс оның қатесін түсіндіреді.

Бұл арада «тең право» шынында да бар,— дейді Маркс,— бірақ бұл *әлі* «буржуазиялық право», мұның өзі, право атаулының бәрі сияқты, *теңсіздіктің бар екендігін көрсетеді.* Право атаулының бәрі іс жүзінде бірдей емес, бірімен-бірі тең емес, *әр түрлі* адамдарға *бірдей* мөлшер қолданғандық; сондықтан да «тең право» деген теңдікті бұзғандық және әділетсіздік болып табылады. Шынында да, әрбір адам басқа адаммен қоғамдық еңбектің тең үлесін атқарады да, қоғамдық өнімнің (жоғарыда айтылған шығарылын тасталатындарды қоспағанда) тең үлесін алады.

Ал оның бер жағында жеке адамдар тең емес: біреуі күштірек, екіншісі әлсіздеу; біреуі үйленген, екіншісі бойдақ; біреуінде бала көп, екіншісінде аз, т. т.

> «...Ендеше, тең еңбек етіп, қоғамдық тұтыну қорына тең қатысқан күнде,— деп қорытады Маркс,— бір адам екінші бір адамға қарағанда шынында көбірек алады, басқа бір адамнан гөрі байырақ болады, т. т. Осының бәрін де болдырмау үшін право тең болудың орнына тең болмауы керек еді...»[95]

Ендеше, коммунизмнің бірінші фазасы әділдік пен теңдікті әлі орната алмайды; байлық жөніндегі айырмашылықтар сақталып қалады, бұл айырмашылықтар — әділетсіз айырмашылықтар, бірақ адамды адамның *қанауына* мүмкіндік болмайды, өйткені *өндіріс құрал-жабдықтарын*, фабрикаларды, машиналарды, жерді және басқа сол сияқтыларды жеке меншік етіп басып алуға болмайды. Лассальдың *жалпы* «теңдік» пен «әділдік» туралы ұсақ буржуазиялық түсініксіз сөздерін Маркс іске алғысыз етіп тастап, коммунистік қоғамның *даму барысын* көрсетеді, ол қоғам әуелі *тек* өндіріс құрал-жабдықтарын жеке адамдардың меншіктеніп алуы жөніндегі «әділетсіздікті» *ғана* жоюға *мәжбүр болады*, ал тұтыну заттарын әркімнің «жұмысына қарай»

(керегіне қарай емес) бөлуден көрінетін келесі әділетсіздікті бірден жойып жіберуге *шамасы келмейді.*

Тұрпайы экономистер, солардың ішінде буржуазиялық профессорлар, солардың ішінде «біздің» Туган да,— социалистер адамдардың тең емес екендігін ұмытып, сол теңсіздікті жоюды «арман етеді» деп,— оларды әрдайым кінәлайды. Бұл сияқты кінәлау буржуазияшыл идеолог мырзалардың тек барып тұрған надандығын ғана дәлелдейтіндігін біз көріп отырмыз.

Маркс адамдардың тең болмауы сөзсіз екендігін мейлінше дәл ескеріп қана коймайды, сонымен қатар ол өндіріс құрал-жабдықтарының бүкіл қоғамның (әдетте айтылып жүрген «социализмнің») ортақ меншігіне көшуінің бір өзі өнімді бөлу жөніндегі кемшіліктерді және «буржуазиялық правоның» теңсіздігін әлі *жоймайтындығын да,* өнім әркімнің «жұмысына қарай» бөлінетіндіктен «буржуазиялық правоның» *үстемдік ете тұратындығын да* ескереді.

> «...Бірақ бұл кемшіліктер,— дейді одан әрі Маркс,— коммунистік қоғамның бірінші фазасында, ұзақ ауыр толғақтан кейін барып, оның капиталистік қоғамнан шыққан күйінде, болмай қоймайды. Право еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның сол құрылысқа сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмайды...»[96]

Сонымен, коммунистік қоғамның бірінші фазасында (әдетте ол социализм деп аталады) «буржуазиялық право» толық *емес,* тек жарым-жартылай ғана жойылады, тек қана қол жеткен экономикалық төңкерістің мөлшеріне қарай, яғни тек өндіріс құрал-жабдықтары жөнінде ғана жойылады. «Буржуазиялық право» оларды жеке адамдардың жеке меншігі деп таниды. Социализм оларды *ортақ* меншік етеді. «Буржуазиялық право» *сол шамада,*— тек сол шамада ғана — жойылады.

Бірақ, дегенмен «буржуазиялық правоның» екінші бөлегі сақталып қалады, қоғам мүшелері арасында өнімді бөлу мен еңбекті бөлуді реттеуші (белгілеуші)

ретінде сақталып қалады. «Еңбек етпеген ішіп-жемеуге тиіс» — социализмнің бұл принципі *қазірдің өзінде* жүзеге асырылған; «еңбектің тең мөлшері үшін өнімнің тең мөлшері берілсін» — социализмнің бұл принципі де *қазірдің өзінде* жүзеге асырылған. Бірақ бұл, әлі де болса, коммунизм емес, бұл, әлі де болса, тең емес адамдардың тең емес (іс жүзінде тең емес) мөлшердегі еңбегі үшін тең мөлшерде өнім беретін «буржуазиялық правоны» жоймайды.

Бұл — «кемшілік», дейді Маркс, бірақ бұл — коммунизмнің бірінші фазасында болмай қоймайтын кемшілік, өйткені, капитализмді құлата сала, адамдар *ешбір право нормаларынсыз* қоғамға қызмет істеуді бірден үйрене қалады деп ойлау утопияға берілгендік болады, сонымен бірге капитализмнің жойылуы *мұндай* өзгеріс жасай қоярлықтай экономикалық алғы шарттарды *бірден жасамайды да.*

Ал «буржуазиялық праводан» басқа нормалар жоқ. Сондықтан да өндіріс құрал-жабдықтарының ортақ меншіктілігін қорғай отырып, еңбектің теңдігі мен өнім бөлісінің теңдігін қорғап отыратын мемлекеттің қажеттілігі әлі де болса сақталып қалады.

Капиталистер біткеннен кейін, таптар біткеннен кейін, сондықтан қандай да болсын *тапты басып-жаншу* мүмкін болмағаннан кейін, мемлекет құриды.

Бірақ мемлекет әлі мүлдем құрып жеткен жоқ, өйткені іс жүзіндегі теңсіздікті қолпаштайтын «буржуазиялық правоны» қорғау сақталып қалып отыр. Мемлекеттің толық құруы үшін толық коммунизм керек.

4. КОММУНИСТІК ҚОҒАМНЫҢ ЖОҒАРЫ ФАЗАСЫ

Маркс одан әрі былай дейді:

> «...Коммунистік қоғамның жоғары фазасында, адамды құл ететін еңбек бөлінісіне адамның бағынуы жоғалғаннан кейін; сонымен бірге ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылық жоғалғаннан кейін; еңбек тек тіршілік амалы ғана болудан қалып, өзі өмірдің бірінші керегіне

> айналғаннан кейін; индивидуумдардың жан-жақты есейіп жетілуімен бірге, өндіргіш күштер де өсіп, қоғам байлығының барлық қайнар көздері телегей-теңіз болып құйылғаннан кейін,— тек сонда ғана буржуазиялық правоның тар шеңберін мүлдем жеңуге болады, сөйтіп қоғам өзінің туына: «Әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деп жаза алады»[97].

«Бостандық» және «мемлекет» деген сөздерді бір-біріне тіркестірудің қисынсыз екенін аяусыз әшкерелеп көрсеткен Энгельстің ескертпелері барынша дұрыс екендігін біз тек енді ғана бағалай аламыз. Мемлекет тұрғанда бостандық жоқ. Бостандық болғанда мемлекет болмайды.

Мемлекеттің толық құруының экономикалық негізі — коммунизмнің жоғары дәрежеде дамуы; коммунизм тұсында ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылық жойылады, демек, қазіргі *қоғамдық* теңсіздіктің ең маңызды қайнар көздерінің бірі жойылады, ал мұндай қайнар көзді өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке тек көшіру арқылы ғана, капиталистерді тек экспроприациялау арқылы ғана бірден құртып жіберуге ешбір болмайды.

Осы экспроприация өндіргіш күштердің орасан зор дамуына *мүмкіндік* береді. Капитализм қазірдің өзінде-ақ сол дамуды адам айтқысыз *бөгеп отырғанын*, осы күнгі қолда бар техниканың негізінде-ақ көп ілгері басуға болатынын көріп білгеннен кейін біз: капиталистерді экспроприациялау ісі адамзат қоғамының өндіргіш күштерін сөзсіз орасан зор дамытады деп кесіп айтуға әбден праволымыз. Бірақ бұл дамудың бұдан әрі қаншалық жылдамдай түсетіндігін, оның еңбек бөлінісінен арылуға, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуына, еңбектің «өмірдің бірінші керегіне» айналуына қаншалық тез жететіндігін біз білмейміз, біле де *алмаймыз*.

Сондықтан да біз мемлекеттің тек сөзсіз құритындығын ғана айтуға праволымыз, бұл процестің ұзаққа созылатындығын, бұл процесс коммунизмнің *жоғары*

фазасының шапшаң дамуына байланысты екендігін баса айтамыз, ал мемлекеттің құруының мерзімдері туралы немесе нақты формалары туралы мәселені мүлдем ашық қалдырамыз, өйткені ондай мәселелерді шешерлік материал *жоқ*.

Қоғам «әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген қағиданы жүзеге асырған кезде, яғни қоғам тұрмысының негізгі ережелерін орындауға адамдар соншалық дағдыланған, олардың еңбегінің өнімділігі соншалық өскен, олар өз *қабілеттеріне қарай* ерікті түрде еңбек ететін болған кезде мемлекет толық құриды. Жұмысты басқадан жарты сағат болса да көп істемесем екен, ақыны өзгеден кем алмасам екен, деп Шейлоктай[98] қатыгез болып, бәрін есептеп отыруға мәжбүр ететін «буржуазиялық правоның тар шеңбері»,— міне осы тар шеңбер сол кезде артта қалады. Сол кезде өнімді бөлгенде әркімнің алатын өніміне қоғам тарапынан норма қою талап етілмейтін болады; әркім «керегінше» емін-еркін алып отырады.

Буржуазиялық тұрғыдан қарағанда мұндай қоғамдық құрылысты «таза утопия» деп жариялау оп-оңай және: социалистер жеке азаматтың еңбегіне ешбір бақылау қоймастан, әркімнің қоғамнан трюфельдер, автомобильдер, пианинолар, т. б. нәрселерді қанша болса да алып тұруына право береміз деп уәде етеді деп сықақтау да оп-оңай. Буржуазиялық «оқымыстылардың» көбі күні бүгінге дейін осындай сықақ айтудан басқа дәнеңе бітірмей жүр, ал мұның өзі олардың әрі надандығын, әрі құлқыншылдық мақсатпен капитализмді қорғап отырғандығын көрсетеді.

Надандық дейтін себебіміз — коммунизм дамуының жоғары фазасы болады деп «уәде ету» бірде-бір социалистің ойына келмеді, ал ұлы социалистердің коммунизмнің жоғары фазасы болады деп *болжауы* еңбектің қазіргі өнімділігіне де емес, Помяловскийдің бурсактары сияқты, «бостан-босқа» қоғам байлығының қоймаларын бүлдіріп, мүмкін емес нәрсені талап ететін *қазіргі* тоғышарға да байланысты *емес*.

Коммунизмнің «жоғары» фазасы болғанға дейін социалистер еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшеріне қо-

ғам тарапынан *және мемлекет тарапынан өте қатты* бақылау болуын талап етеді, бірақ бұл бақылау капиталистерді экспроприациялаудан, жұмысшылардың капиталистерді бақылауынан *басталуы* керек және бұл бақылауды чиновниктердің мемлекеті емес, *қаруланған жұмысшылардың* мемлекеті жүзеге асырып отыруға тиіс.

Буржуазия идеологтарының (және олардың Церетели, Чернов мырзалар мен К° сияқты құйыршықтарының) капитализмді құлқыншылдық мақсатпен қорғауы нақ мынадан көрініп отыр: алыс болашақ туралы сөз таластырып, әңгіме қоздырып, бұлар осы арқылы *бүгін таңдағы* саясаттың толғағы жеткен көкейтесті мәселелерін: капиталистерді экспроприациялау, *барлық* азаматтарды *бір* ірі «синдикаттың», атап айтқанда: бүкіл мемлекеттің қызметкерлері мен қызметшілеріне айналдыру және бүкіл осы синдикаттың бүкіл жұмысын шын демократиялық мемлекетке, *жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің мемлекетіне* толық бағындыру мәселелерін *қаға берісте* қалдырады.

Шынында, ғалым профессор, одан соң тоғышар, бұдан кейін Церетели мен Чернов мырзалар миға қонбайтын утопиялар туралы, большевиктердің демагогиялық уәделері туралы, социализмді «енгізудің» мүмкін еместігі туралы сөз еткенде олар коммунизмнің нақ осы жоғары сатысы немесе фазасы туралы айтады; ал коммунизмнің бұл сатысын немесе фазасын «енгізуді» ешкім уәде етпегені былай тұрсын, тіпті ойлаған да емес, өйткені мұны «енгізуге» мүлде болмайды.

Дәл осы жерде біз социализм мен коммунизмнің арасындағы ғылыми айырмашылық туралы мәселеге келдік; бұл мәселеге Энгельс «социал-демократтар» деген аттың теріс екендігі жайындағы жоғарыда біз келтірген пайымдауында тоқталып өткен болатын. Саяси жағынан алып қарағанда коммунизмнің бірінші немесе төменгі фазасы мен жоғары фазасының арасындағы айырмашылық күндердің күнінде зор болуы мүмкін, бірақ қазір, капитализм тұсында, соны мойындау адам күлерлік нәрсе болар еді және оны алдыңғы қатарға тек жеке анархистер ғана қоя алар еді (егер анархис-

тердің арасында Кропоткиндер, Грав, Корнелиссен және анархизмнің өзге де «жұлдыздары» «плехановшылап» социал-шовинист болып, немесе, ар-намысынан айрылмаған азғана анархистердің бірі Ге айтқандай, анархо-траншейник болып кеткеннен кейін де еш нәрсеге үйрене алмаған адамдар әлі де қалған болса).

Ал социализм мен коммунизмнің арасындағы ғылыми айырмашылық айқын. Әдетте социализм деп аталып жүргенді Маркс коммунистік қоғамның «бірінші» немесе төменгі фазасы деп атаған болатын. Өндіріс құрал-жабдықтары *ортақ* меншік болғаннан кейін, «коммунизм» деген сөзді бұл арада да қолдануға болады, тек мұның толық коммунизм *емес* екендігін ұмытпау керек. Маркстің берген түсініктерінің орасан зор маңызы сол: коммунизмді капитализмнің *ішінен* дамитын нәрсе деп қарап, ол мұнда да материалистік диалектиканы, даму туралы ілімді дәйекті түрде қолданып отыр. Ойдан шығарылған, «қиыстырылған» схоластикалық анықтамалардың орнына, сөздің мәнісі туралы (социализм не, коммунизм не деген) нәтижесіз таластардың орнына Маркс коммунизмнің экономикалық кемелдену сатылары деп аталарлық нәрселерді талдап отыр.

Өзінің бірінші фазасында, өзінің бірінші сатысында коммунизм әлі де экономика жағынан әбден кемелдене, капитализмнің дәстүрлерінен немесе сарқыншақтарынан әбден арыла *алмайды*. Коммунизмнің бірінші фазасында «*буржуазиялық* правоның тар шеңберінің» сақтала тұратыны сияқты қызық көріністің болатыны осыдан. *Тұтыну* өнімдерін бөлудегі буржуазиялық право, әрине, сөзсіз *буржуазиялық мемлекетті* де керек қылады, өйткені право нормаларын орындауға *мәжбүр ете* алатын аппарат болмаса, право деген түк емес.

Сонымен, буржуазиялық правоның коммунизм тұсында белгілі бір уақыт бойы бола тұратыны былай тұрсын, тіпті буржуазиясыз буржуазиялық мемлекет те бола тұрады!

Мұның парадокс немесе ақыл-ойдың әншейін диалектикалық құбылысы болып көрінуі мүмкін; марксизмнің мейлінше терең мазмұнын зерттеп білу жөнінде зәрредей де еңбек сіңірмеген адамдар марксизмді көбінесе

ақыл-ойдың әншейін диалектикалық құбылысы деп айыптайды.

Шынында ескінің жаңадағы қалдықтарын өмір бізге аяқ басқан сайын табиғаттан да, қоғамнан да көрсетіп отырады. Сондықтан Маркс «буржуазиялық» правоның бір үзімін коммунизмге беталды қоса салған жоқ, капитализмнің *қойнауынан* шығатын қоғамда экономикалық жағынан да, саяси жағынан да сөзсіз болатын нәрсені алды.

Жұмысшы табының өз азаттығы үшін капиталистерге қарсы күресінде демократияның маңызы аса зор. Бірақ демократия дегеніміз эсте аттап өтуге болмайтын шек емес; ол — феодализмнен капитализмге және капитализмнен коммунизмге өтер жолдағы кезеңдердің тек бірі ғана.

Демократия — теңдік деген сөз. Егер теңдікті *таптарды* жою мағынасында алып дұрыс түсінетін болсақ, пролетариаттың теңдік және теңдік ұраны жолындағы күресінің қанша аса зор маңызы бар екендігі түсінікті. Бірақ демократия — тек қана *формальды* теңдік. Қоғамның барлық мүшелерінің өндіріс құрал-жабдықтарын иемдену *жөніндегі* теңдігі, яғни еңбек теңдігі, жалақы теңдігі жүзеге асырылысымен дереу әрі қарай, формальды теңдіктен іс жүзіндегі теңдікке қарай, яғни: «әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген қағиданы жүзеге асыруға қарай ілгері басу туралы мәселе адамзаттың алдына сөзсіз қойылады. Адамзат осы ұлы мақсатқа қандай кезеңдер арқылы, қандай практикалық шаралар арқылы жететіндігін біз білмейміз және біле де алмаймыз. Бірақ социализмді бейне бір жансыз, қатып қалған, мәңгі өзгермейтін бірдеңе дейтін әдеттегі буржуазиялық түсініктің түпсіз өтірік екендігін, шынына келгенде, қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан жедел, нағыз, шын мәніпде бұқаралық дамуы, халықтың *көпшілігі,* содан соң бүкіл халық қатысатын дамуы *тек* социализмнен *ғана* басталатынын түсініп алудың зор маңызы бар.

Демократия дегеніміз мемлекет формасы, мемлекет түрлерінің бірі. Демек, мемлекет атаулы сияқты, демократия да адамдарға ұйымдасқан түрде, ұдайы күш

көрсету болып табылады. Бұл бір жағынан. Ал, екінші жағынан, демократия азаматтар арасында теңдік болуын, мемлекет құрылымын белгілеуге және оны басқаруға барша жұрттың тең праволы болуын формальды түрде мойындағандық болып табылады. Ал бұл, өз кезегі келгенде, мынадай жағдайға байланысты болады: демократия өз дамуының белгілі бір сатысына келгенде, біріншіден, капитализмге қарсы революцияшыл тапты — пролетариатты топтастырады және оған буржуазиялық, тіпті республикалық-буржуазиялық болса да, мемлекеттік машинаны, тұрақты армияны, полицияны, чиновниктерді қиратуға, күл-талқан етіп сындыруға, күлін көкке ұшыруға, бұларды қаруланған жұмысшылар бұқарасы түріндегі — халықтың милицияға жаппай қатысуына көшетін — *анағұрлым* демократиялық, бірақ әлі де болса мемлекеттік машинамен ауыстыруға мүмкіндік береді.

Мұнда «сан сапаға айналады»: демократизмнің *мұндай* дәрежесі буржуазиялық қоғамның шеңберінен шығуға, оның социалистік жолмен қайта құрыла бастауына байланысты. Егер мемлекетті басқаруға шынымен *барша жұрт* қатысса, онда капитализм тұрақтай алмайды. Ал капитализм дамуының өзі де мемлекетті басқаруға шынымен «барша жұрт» қатыса *аларлықтай алғы шарттар* жасайды. Ол алғы шарттар мыналар: анағұрлым алдыңғы қатарлы бірсыпыра капиталистік елдерде қазірдің өзінде жүзеге асып отырған жаппай сауаттылық, одан кейін миллиондаған жұмысшыларды почтаның, темір жолдардың, ірі фабрикалардың, ірі сауданың, банк ісінің ірі, күрделі, қоғамдастырылған аппараты арқылы «үйрету және тәртіпке жаттықтыру», т. т., т. с.

Осындай *экономикалық* алғы шарттар болған кезде, дереу, бүгін-ертеңнен қалдырмай, капиталистер мен чиновниктерді құлатып, өндірісті, өнімнің бөлінуін *бақылау* ісінде, еңбек пен өнімнің *есебін жүргізу* ісінде олардың орнына қаруланған жұмысшыларды, жаппай қаруланған халықты қоюға әбден болады. (Бақылау мен есеп жүргізу туралы мәселені инженерлердің, агрономдардың және басқалардың ғылыми білімді персона-

лы туралы мәселемен шатастырмау керек: бұл мырзалар бүгін капиталистерге бағына отырып жұмыс істеп жүр, ертең қаруланған жұмысшыларға бағына отырып бұдан да жақсы жұмыс істейтін болады.)

Есеп жүргізу мен бақылау ісі — коммунистік қоғамның *бірінші фазасын* «жөнге салу» үшін, оның дұрыс қызмет атқаруы үшін талап етілетін *басты* шарт міне осы. Мұнда *барлық* азаматтар мемлекетке жалданған қызметшілерге айналады, ал мемлекет дегеніміз қаруланған жұмысшылар. *Барлық* азаматтар бүкіл халықтық, мемлекеттік *бір* «синдикаттың» қызметшілері мен жұмысшылары болады. Бар әңгіме — солардың бірдей жұмыс істеп, жұмыс өлшемін дұрыс қолданып, бірдей ақы алып отыруында. Мұның есебін жүргізуді, мұны бақылауды капитализм байқау және жазу, арифметиканың төрт амалын білу және тиісті тіл хат беру жөніндегі әрбір сауатты адамның öресі жететін барынша қарапайым операциялар деңгейіне дейін мейлінше *о ң а й л а т т ы**.

Халықтың *көпшілігі* барлық жерде, өз бетімен осындай есеп жүргізіп, капиталистерді (қазір қызметшілерге айналғандарды) және капиталистік салттарынан арылмаған интеллигентсымақ мырзаларды осылайша бақылай бастаған кезде, бұл бақылау шын мәнінде оңтайлы, жалпыға бірдей, бүкіл халықтық бақылау болады, онда бұл бақылаудан жалтаруға ешбір мүмкіндік болмайды, «жасырынар жер қалмайды».

Еңбек пен ақы теңеледі — бүкіл қоғам бір контор, бір фабрика болады.

Ал капиталистерді жеңіп, қанаушыларды құлатқан пролетариат бүкіл қоғамға қолданатын осы «фабрикалық» тәртіп мүлде біздің мұратымыз да емес, біздің түпкі мақсатымыз да болмайды, қайта капиталистік қанаудың сұмдықтары мен арамдықтарынан қоғамды әбден арылтуға *және одан әрі* ілгері баса беруге қажетті *саты* ғана болады.

* Мемлекет өз функцияларының ең басты саласы жағынан жұмысшылардың өздері тарапынан осындай есеп жүргізу мен бақылауға келін сайын кезде. ол «саяси мемлекет» болудан қалады. ол кезде «қоғамдық функциялар саяси функциялардан жай әкімшілік функцияларға айналады» (жоғарыдағымен салыстырыңыз: IV тарау, § 2. Энгельстің анархистермен айтысы туралы)[99].

Қоғамның барлық мүшелері немесе, ең болмағанда, олардың орасан көпшілігі мемлекетті басқаруды *өздері* үйренген кезден, бұл істі өз қолдарына алған кезден, болмашы азшылық болып отырған капиталистерді, капиталистік салтты сақтап қалғысы келетін мырзасымақтарды, капитализм қатты аздырған жұмысшыларды бақылау ісін «жөнге салған» кезден бастап,— сол кезден бастап басқару атаулының қандайы болса да керексіз бола бастайды. Демократия неғұрлым толық болса, оның керексіз болатын кезі де соғұрлым жақындай береді. Қаруланған жұмысшылардан құрылған, «енді сөздің шын мағынасында мемлекет болудан қалған» «мемлекет» неғұрлым демократияшыл болса, мемлекет *атаулы* соғұрлым тез құри бастайды.

Өйткені *барша жұрт* қоғамдық өндірісті өз бетімен басқаруды үйренгенде және іс жүзінде басқаратын болғанда, арамтамақтарды, бариндерді, алаяқтарды және басқа да солар сияқты «капитализм дәстүрлерін сақтаушыларды» өз бетімен есепке алып, бақылайтын болған кезде,— сол кезде осы бүкіл халықтық есеп жүргізу мен бақылаудан жалтару, сөз жоқ, адам айтқысыз қиын болады, аса сирек кездесетін оқиға болады; мұндай қылықтарға, бәлкім, елеулі, жедел жаза қолданылып отырады (өйткені қаруланған жұмысшылар — практикалық өмірдің адамдары, бұлар көлгірсіген интеллигентсымақтар емес, сондықтан олар қылжаққа көне қоймайды); демек, жалпы адамзат қауымының күрделі емес, негізгі ережелерін орындау *қажеттігі* өте тез-ақ *дағдыға* айналып кетеді.

Ал сол кезде коммунистік қоғамның бірінші фазасынан жоғары фазасына өтуге, сонымен бірге мемлекеттің толық құруына есік кең ашылатын болады.

VI ТАРАУ

ОППОРТУНИСТЕРДІҢ МАРКСИЗМДІ ҚОРЛАУЫ

II Интернационалдың (1889—1914) ең көрнекті теоретиктері мен публицистері жалпы алғанда революция туралы мәселеге де, сол сияқты мемлекеттің әлеуметтік революцияға және әлеуметтік революцияның мемлекет-

ке қатысы туралы мәселеге де өте аз көңіл бөліп келді. Бірақ оппортунизмнің — 1914 жылы II Интернационалды күйреуге ұшыратқан оппортунизмнің — біртіндеп өсу процесіндегі ең бір ерекше нәрсе сол, тіпті бұл мәселеге бетпе-бет келіп қалғанда да, олар оны *ауызға алмауға тырысты* немесе оны байқамаған болды.

Жалпы және тұтас алып қарағанда, пролетарлық революцияның мемлекетке қатысы туралы мәселе жөніндегі *жалтарушылықтан*, оппортунизмге тиімді және соған қорек болған жалтарушылықтан марксизмді *бурмалаушылық*, оны толық қорлаушылық пайда болды.

Осы күйініштi процесті ең болмағанда қысқаша сипаттап өту үшін марксизмнің ең көрнекті теоретиктері Плеханов пен Каутскийді алайық.

1. ПЛЕХАНОВТЫҢ АНАРХИСТЕРМЕН АЙТЫСЫ

Анархизмнің социализмге көзқарасы туралы мәселеге Плеханов «Анархизм және социализм» деген ерекше кітапшасын арнады, ол кітапша 1894 жылы неміс тілінде жарық көрді.

Осы тақырыпты сөз қылғанда Плеханов анархизмге қарсы күрестің бүгін таңдағы толғағы жеткен ең көкейтесті және саяси жағынан ең мәнді жерін, атап айтқанда, революцияның мемлекетке қатысын және жалпы алғанда мемлекет туралы мәселені мүлде ауызға алмай, қулық жасап отыр! Оның кітапшасының көзге түсетін екі бөлімі бар: бірі — Штирнердің, Прудонның және басқалардың идеяларының тарихы жөнінде бағалы материалы бар тарихи-әдеби бөлім. Екінші бөлімі: анархисті бандиттен айыра алмайсың деген тақырыпқа айтылған болымсыз пікір бар филистерлік бөлім.

Тақырыптарды ұштастыруы Плехановтың Россиядағы революция қарсаңында және революция дәуірі бойына атқарған бүкіл қызметіне ең қызықты және ең ерекше сипаттама болып табылады: Плеханов 1905—1917 жылдары өзін жартылай доктринер, жартылай филистер, саясатта буржуазияның соңынан еруші етіп көрсетті.

Жоғарыда көрдік, Маркс пен Энгельс, анархистермен

айтыса отырып, революцияның мемлекетке қатысы жөніндегі өз көзқарастарын бәрінен де гөрі мұқият айқындап берді. 1891 жылы Маркстің «Гота программасына сынын» бастырып шығарғанда, Энгельс былай деп жазған болатын: «ол кезде біз (яғни Энгельс пен Маркс) Бакунинге және оның анархистеріне қарсы мейлінше қызу күресіп жатқан едік — Интернационалдың (біріншісінің) Гаага конгресінен[100] кейін екі-ақ жыл өткен болатын»[101].

Анархистер нақ Париж Коммунасын, былайша айтқанда, «өздерінікі» деп, өздерінің ілімін растайтын нәрсе деп жариялауға тырысты, оның бер жағында олар Коммунаның сабақтарын да, ол сабақтарға Маркстің жасаған талдауын да мүлдем ұққан жоқ. Ескі мемлекеттік машинаны *қирату* керек пе? оның орнына *нені* қою керек? деген нақты саяси мәселелер жөнінде анархизм тіпті ақиқатқа шамалы жуықтайтын да жауап бере алған жоқ.

Ал «анархизм мен социализм» туралы сөз қылғанда мемлекет туралы мәселені түгелімен ауызға алмау, марксизмнің Коммунаға дейінгі және одан кейінгі бүкіл дамуын *байқамаған болу,* мұның өзі сөзсіз оппортунизмге қарай сырғып кеткендік еді. Өйткені оппортунизм жаңағы өзіміз айтқан екі мәселенің мүлдем *қойылмауын* нақ бәрінен де гөрі көбірек тілейді. Осының өзі-*ақ* оппортунизмнің жеңісі болып табылады.

2. КАУТСКИЙДІҢ ОППОРТУНИСТЕРМЕН АЙТЫСЫ

Каутскийдің шығармалары қандай да болсын басқа бір әдебиетке қарағанда орыс әдебиетінде өлшеусіз көп аударылғаны күмәнсыз. Кейбір неміс социал-демократтарының: Каутскийді Германиядағылардан гөрі Россиядағылар көбірек оқиды деп қалжыңдауы тегін емес (жақшаның ішінде айта кетейік: бұл қалжыңда оны шығарғандардың өздері ойлағаннан гөрі анағұрлым терең тарихи мазмұн бар, атап айтсақ: 1905 жылы орыс жұмысшылары дүние жүзіндегі таңдаулы социал-демократиялық әдебиеттің таңдаулы шығармаларын өте қатты, бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде керек-

сінді, және олар осы шығармалардың аудармалары мен басылымдарын басқа елдерде болып көрмеген мөлшерде көп алды, сөйтіп неғұрлым алдыңғы қатарлы көршілес елдің орасан зор тәжірибесін біздің пролетарлық қозғалысымыздың жас негізіне жеделдете қолдапды).

Бізде Каутский әсіресе марксизмді көпшілікке түсінікті етіп баяндауы арқылы, сонымен бірге оппортунистермен және олардың басшысы Бернштейнмен айтысуы арқылы әйгілі. Бірақ белгісіз дерлік бір факт бар, ал егер Каутскийдің адам айтқысыз масқара абыржып, 1914—1915 жылдардағы өте үлкен дағдарыс кезінде социал-шовинизмді қорғап кеткендігін қадағалауды өзіміздің міндетіміз етіп қойсақ, сол фактіні ауызға алмай болмайды. Ол факт атап айтқанда мынау — оппортунизмнің Франциядағы (Мильеран мен Жорес) және Германиядағы (Бернштейн) ең көрнекті өкілдеріне қарсы шығар алдында Каутский өте қатты қобалжыды. 1901—1902 жылдары Штутгартта шығып тұрған және революциялық-пролетарлық көзқарастарды жақтаған маркстік «Заря»[102] Каутскиймен *айтысуға,* 1900 жылы Парижде шақырылған халықаралық социалистік конгрестегі[103] Каутскийдің жартыкеш, жалтақ және оппортунистерге ымырашылдық жасаған қарарын «каучук» қарар деп атауға мәжбүр болды. Каутскийдің неміс әдебиетінде басылған хаттары оның Бернштейнге қарсы жорыққа аттанар алдында аз қобалжымағандығын көрсетті.

Алайда, мынадай жағдайды ескерудің өлшеусіз зор маңызы бар: Каутскийдің марксизмге опасыздық жасаудағы ең кейінгі сұмдықтарының *тарихын* зерттегенімізде біздің қазіргі байқағапымыз — оппортунистермен айтысуының өзінде, мәселені қойысында, мәселені баяндау әдісінде ол дәл мемлекет туралы мәселеде ылғи оппортунизмге қарай ауытқып отырады.

Каутскийдің оппортунизмге қарсы жазған бірінші ірі шығармасы —«Бернштейн және социал-демократиялық программа» деген кітабын алып қарайық. Каутский Бернштейннің пікірлерін толық бекерге шығарады. Бірақ мынадай бір ерекшелігі бар.

Бернштейн өзінің «Социализмнің алғы шарттары»

деген геростратша-әйгілі шығармасында марксизмді «*бланкизмге* бой ұру» деп айыптайды (Россиядағы оппортунистер мен либерал буржуа да революциялық марксизмнің өкілдерін, большевиктерді, содан бері мың қайыра осылай айыптап келді). Бұл ретте Бернштейн Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасына арнайы тоқталып, Маркстің Коммунаның сабақтары жөніндегі көзқарасын Прудонның көзқарасымен барабар етіп көрсетуге тырысады, бірақ оның өте сәтсіз екендігін біз жоғарыда көрдік. Бернштейн Маркстің бір қорытындысына арнайы назар аударады; ол қорытындыны Маркс «Коммунистік Манифеске» 1872 жылы жазған алғы сөзінде баса айтқан болатын, онда былай делінген: «жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны қолына жай ала салып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды»[104].

Бұл нақылдың Бернштейнге «ұнағаны» соншалық, ол өзінің кітабында осыны кемінде үш рет қайталайды, бірақ, оны барынша бұрмалап, нағыз оппортунистік мағынада түсіндіреді.

Жоғарыда көріп өттік, Маркстің айтайын дегені: жұмысшы табы бүкіл мемлекеттік машинаны *қиратуға, сындыруға, қопарып тастауға* тиіс (Sprengung, қопару,— Энгельстің қолданған сөзі). Ал Бернштейнше, Маркс бұл сөздерімен жұмысшы табын өкімет билігін қолға аларда тым революцияшыл *болып кетуден* сақтандырған сияқты.

Маркстің ой-пікірін бұрмалауда бұдан өткен дөрекілікті, бұдан өткен сұмпайылықты кездестіре алмассыз.

Ал бернштейншілдікті бастан-аяқ бекерге шығарғанда Каутский не істеді деңіз?[105]

Бұл пунктке келгенде, ол оппортунизмнің марксизмді бұрмалауын жеріне жеткізе талдаудан жалтарды. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне Энгельстің жазған алғы сөзінен жоғарыда цитатқа алынған үзіндіні келтіріп, Каутский: Маркстің айтуына қарағанда, жұмысшы табы *дайын* тұрған мемлекеттік машинаны *жай* меңгере салмайды, бірақ жалпы алғанда оны меңгере *алады* деді, бар айтқаны тек осы ғана. Маркстің нағыз ой-пікіріне *мүлдем қарама-*

қарсы нәрсені Бернштейннің Маркске таңғаны туралы, Маркстің пролетарлық революцияның мемлекеттік машинаны «қирату»[106] жөніндегі міндетін 1852 жылдан бері алға қойып келгендігі туралы Каутский жұмған аузын ашпады.

Сонымен, пролетарлық революцияның міндеттері жайындағы мәселеде марксизмнің оппортунизмнен ең мәнді айырмашылығын Каутский көмескілеп жіберді!

«Пролетариат диктатурасының проблемасы жайындағы мәселенің шешуін біз ешбір алаңдамай-ақ келешекке қалдыра аламыз»,— деп жазды Каутский Бернштейнге *«қарсы»* (немісше басылымның 172-беті).

Мұның өзі Бернштейнге *қарсы* айтысқандық емес, шынына келгенде, оған *кеңшілік жасағандық*, оппортунизмге позицияны беріп қойғандық, өйткені пролетарлық революцияның міндеттері жайындағы барлық түбегейлі мәселелерді «ешбір алаңдамай-ақ келешекке қалдырсаң» болғаны, содан басқаның оппортунистерге керегі жоқ.

Маркс пен Энгельс 1852 жылдан 1891 жылға дейін, қырық жыл бойына, пролетариатқа мемлекеттік машинаны қиратуға тиіссің деп үйретті. Ал Каутский 1899 жылы, осы пунктте оппортунистердің марксизмнен әбден айныған кезінде, әлгі машинаны қирату қажет пе деген мәселені жылы жауып қойып, *оның орнына* қиратудың нақты формалары жайындағы мәселемен шұғылданады да, нақты формаларды күні бұрын біле алмаймыз деген «талассыз» (әрі жеміссіз) филистерлік ақиқаттың көлеңкесін паналап құтылады!!

Жұмысшы табын революцияға әзірлеудегі пролетариат партиясының міндетіне көзқарастары жағынан алып қарағанда, Маркс пен Каутскийдің арасында түпсіз тереңшыңырау жатыр.

Каутскийдің әлгіден гөрі тәуірлеу мына бір шығармасын алып қарайық, мұнысы да — едәуір дәрежеде оппортунизмнің қателерін бекерге шығаруға арналған шығарма. Бұл — оның «Әлеуметтік революция» туралы кітапшасы. Автор мұнда «пролетарлық революция» туралы және «пролетарлық режим» туралы мәселені

өзінің арнаулы тақырыбы етіп алған. Автор аса бағалы нәрселерді өте көп айтқан, бірақ дәл мемлекет туралы мәселені *ауызға алмаған.* Кітапшаның барлық жерінде де мемлекеттік өкіметті жеңіп алу туралы айтылады, бар болғаны сол-ақ, яғни оппортунистерге кеңшілік жасайтын тұжырым қолданылған, өйткені онда өкіметті мемлекеттік машинаны қиратпай-ақ жеңіп алуға *болады* делінген. Нақ Маркстің 1872 жылы «Коммунистік Манифест» программасында «ескіріп қалды» деп жариялағанын[107] 1902 жылы Каутский *қайта туғызып отыр.*

Кітапшада «Әлеуметтік революцияның формалары мен қаруына» әдейі бір параграф арналған. Онда бұқаралық саяси стачка туралы да, азамат соғысы туралы да, «қазіргі ірі мемлекет күшінің бюрократия мен армия сияқты құралдары» туралы да айтылады, бірақ Коммунаның жұмысшыларға қандай сабақ үйреткендігі туралы ештеңе айтылмаған. Анығында, Энгельстің мемлекетті «діни соқыр сеніммен құрметтеуден» сақтандырғаны, әсіресе неміс социалистерін сақтандырғаны, тегін емес-ті.

Каутский істің жайын былайша баяндайды: жеңген пролетариат «демократиялық программаны жүзеге асырады» дейді де, сол программаның параграфтарын баяндайды. Ал буржуазия демократиясының орнына пролетариат демократиясын орнату туралы мәселе жөнінде 1871 жылдың берген жаңалықтары туралы ештеңе айтпайды. Каутский «қомақты» естілетін мынадай қадірі кеткен сөздерді айтқан да қойған:

«Қазіргі тәртіптердің тұсында үстемдікке жете алмайтындығымыз өзінен-өзі айқын. Революцияның өзі ұзаққа созылатын және тереңнен толғайтын күресті керек етеді, бұл күрес біздің қазіргі саяси және әлеуметтік құрылымымызды өзгертіп үлгіреді».

Жылқының сұлы жейтіндігінің, Волганың Каспий теңізіне құятындығының ақиқат екендігі сияқты, мұның «өзінен-өзі айқын» екендігі дә күмәнсыз. Бірақ, нә пайда, «тереңнен толғайтын» күрес туралы мағынасыз, сылдыр сөздердің салдарынан, революцияшыл пролета-

риат үшін өте керек мәселе, *оның* революциясының бұрынғы пролетарлық емес революциялардан өзгеше, мемлекет жөніндегі, демократия жөніндегі «тереңдігі» *қай жерінде* деген мәселе *ауызға алынбай отыр.*

Бұл мәселені ауызға алмай өте шыққан Каутский, *сөз жүзінде* оппортунизмге қаһарлы соғыс жариялап, «революция идеясының» маңызын баса көрсетіп (революцияның нақты сабақтарын жұмысшыларға насихаттаудан қорыққан соң, ол «идеяның» қаншалық құны бар?), немесе: «ең алдымен революциялық идеализм керек» дегенді айтып, не болмаса: ағылшын жұмысшыларының қазір «ұсақ буржуадан аса көп өзгешелігі жоқ» дегенді айтып, *іс жүзінде* нақ сол аса мәнді пунктке келгенде оппортунизмге кеңшілік жасап отыр.

«Социалистік қоғамда,— деп жазады Каутский,— кәсіпорындардың мейлінше әр түрлі формалары: бюрократиялық (??), тред-юнионистік, кооперативтік, жеке меншіктік формалар бірбірімен қатар өмір сүре алады»... «Мысалы, бюрократиялық (??) ұйымсыз күн көре алмайтын кәсіпорындар да бар,— мәселен: темір жолдар. Мұндағы демократиялық ұйым түрі мынадай бола алады: жұмысшылар делегаттар сайлайды, олар парламент тектес нәрсе құрады, ал сол парламент жұмыс тәртібін белгілеп береді де, бюрократиялық аппараттың басқаруын бақылап отырады. Екінші бір кәсіпорындарды жұмысшы одақтарының қарамағына беруге болады, үшіншілерін кооперативтік негізде ұйымдастыруға болады» (орысша аударманың 148 және 115-беттері, 1903 жылғы Женева басылымы).

Бұл пайымдау қате: Маркс пен Энгельстің, Коммуна сабақтарын мысалға ала отырып, 70-ші жылдары түсіндіргендерімен салыстырғанда, мұның өзі бір адым кері шегінгендік.

Бейне қажетті болатын «бюрократиялық» ұйым тұрғысынан алып қарағанда, темір жолдардың ірі машиналы индустриядағы жалпы барлық кәсіпорындардан, фабрика атаулыдан, үлкен магазиннен, капиталистік ірі ауыл шаруашылық кәсіпорнынан тіпті ешқандай айырмасы жоқ. Мұндай кәсіпорындардың бәрінде техника сөзсіз аса қатаң тәртіп болуын, әркімнің өз үлесіне тиген жұмысты орындағанда аса зор мұқияттылық көрсетуін міндеттейді, олай болмаған күнде бүкіл істің тоқтап қалуы немесе механизмнің бүлінуі, өнімнің бү-

лінуі мүмкін. Мұндай кәсіпорындардың бәрінде де жұмысшылар, әрине, *«парламент тектес нәрсе* құратын делегаттарды сайлайды».

Бірақ әңгіменің бар тетігі мынада: осы «парламент тектес нәрсе» буржуазиялық-парламенттік мекемелер мағынасындағы парламент *болмайды.* Әңгіменің бар тетігі мынада: осы «парламент тектес нәрсе», Каутский ойлағандай, тек «тәртіпті белгілеп, бюрократиялық аппараттың басқаруын бақылап» қана *қоймайды;* ал Каутскийдің ой-пікірі буржуазиялық парламентаризмнің шеңберінен шыға алмай отыр. Социалистік қоғамда жұмысшы депутаттарынан құралған «парламент тектес нәрсе», әрине, «тәртіпті белгілеп», «аппараттың» «басқаруын бақылап отырады», *бірақ* ол аппарат «бюрократиялық» аппарат *болмайды.* Жұмысшылар саяси өкіметті жеңіп алған соң бюрократиялық ескі аппаратты қиратады, оның тас-талқанын шығарып, тамтығын қалдырмай талқандайды, сөйтіп оның орнына жаңа аппарат орнатады, мұнда істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің өздері болады, бұлардың бюрократқа айналып кетуіне *қарсы* шұғыл шаралар қолданылады; Маркс пен Энгельс толық талдаған ол шаралар мынау: 1) тек сайланып қойылу ғана емес, сонымен бірге кез келген уақытта ауыстырылу; 2) жұмысшы ақысынан артық ақы төлемеу; 3) жұрттың *бәрі* бақылау мен қадағалау функцияларын орындайтып, жұрттың *бәрі* уақытша «бюрократ» болатын, сондықтан *ешкім де* «бюрократ» бола алмайтын жағдайға дереу кошу.

Маркстің: «Коммуна парламентарлық корпорация емес, жұмыс істейтін, әрі заң шығаратын, әрі ол заңдарды орындап отыратын корпорация болды»[108] деген сөздерін Каутский мүлдем ой елегінен өткізбеген.

Демократияны *(халыққа арналмаған* демократияны) бюрократизммен *(халыққа қарсы* бюрократизммен) ұштастыратын буржуазиялық парламентаризмнің және бюрократизмнің тамырына балта шабу үшін шұғыл шаралар қолданатын, бұл шараларды жеріне жеткізе, бюрократизмді толық құртқанға дейін, халыққа арналған демократияны толық енгізген-

ге дейін қолдана алатын пролетарлық демократизмнің арасындағы айырмашылықты Каутский мүлдем түсінбеген.

Бұл жерде Каутский мемлекетті «діни соқыр сеніммен құрметтеушілікті», бюрократизмге «діни соқыр сеніммен нанушылықты» тағы да көрсетіп отыр.

Енді Каутскийдің оппортунистерге қарсы жазған соңғы, ең таңдаулы шығармасына, оның «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшасына келейік (мұнысы орысша басылып шықпады білем, өйткені оның өзі бізде реакцияның асқынып тұрған кезінде, 1909 жылы шыққан болатын[109]). Бұл кітапша ілгері басқан үлкен адым, өйткені мұнда 1899 жылы Бернштейнге қарсы жазылған кітапшадағыдай жалпы революциялық программа сөз болып отырған жоқ, 1902 жылғы «Әлеуметтік революция» деген кітапшадағыдай әлеуметтік революцияның міндеттері революцияның болатын уақытына сәйкестірілместен сөз болып отырған жоқ, мұнда «революциялар заманының» *туа бастағанын* бізге мойындататын нақты жағдайлар туралы айтылған.

Автор жалпы таптық қайшылықтардың шиеленіскендігін және бұл ретте өте-мөте үлкен маңызы бар империализмді анықтап көрсетеді. Батыс Европадағы «1789—1871 жылдардағы революциялық дәуірден» кейін, 1905 жылдан бері Шығыста да сол сияқты дәуір басталды. Бүкіл дүние жүзілік соғыс керемет тездікпен төніп келеді. «Пролетариат ендігі жерде революцияны мезгілсіз деп айта алмайды». «Біз революциялық дәуірге кірдік». «Революция заманы басталып келеді».

Бұл мәлімдемелер өте айқын айтылған. Империалистік соғыстың алдында герман социал-демократиясының қандай *боламыз деп уәде бергенін*, ал соғыс бұрқ ете түскенде, оның қандай масқаралықпен азғындағанын (оның ішінде Каутскийдің өзі де азғындағанын) салыстыруға Каутскийдің бұл кітапшасы өлшем болуға тиіс. Осы қарастырылып отырған кітапшасында Каутский былай деп жазған: «Қазіргі жағдайдан туатын бір қауіп бар, ол қауіп — бізді (яғни герман социал-демократиясын) шын қалпымыздағыдан гөрі баяурақ деп

білу оп-оңай». Іс жүзінде герман социал-демократиялық партиясы сыртқы көрінісінен әлдеқайда баяу жәпе оппортунизмшіл болып шықты!

Тағы өзгешелігі, Каутский революциялар заманы қазірдің өзінде-ақ басталды деп ашық айтып отырса да, өз айтуынша, нақ «*саяси* революция» жайындағы мәселені талдауға арналған кітапшасында мемлекет туралы мәселені тағы да мүлдем ауызға алмаған.

Мәселені осылайша ауызға алмаудың, ол туралы үндемей өте шығудың, жалтарудың бәрін қосқанда, осылардан барып оппортунизмге сөзсіз толық ауып кетушілік шықты, енді осыны сөз қылуымызға тура келеді.

Герман социал-демократиясы, Каутский арқылы, былай деп мәлімдегендей болды: мен революциялық көзқараста қаламын (1899 ж.). Мен әсіресе пролетариаттың әлеуметтік революциясының сөзсіз болатындығын мойындаймын (1902 ж.). Мен революциялардың жаңа заманы туа бастағандығын мойындаймын (1909 ж.). Бірақ, пролетарлық революцияның мемлекетке көзқарас жөніндегі міндеттері туралы мәселе қойылып отырғандықтан, мен Маркстің 1852 жылдың өзінде-ақ айтқанына қалай дегенмен де керісінше істеймін (1912 ж.).

Каутскийдің Паннекукпен айтысуында мәселе нақ осылайша тікесінен қойылды.

3. КАУТСКИЙДІҢ ПАННЕКУКПЕН АЙТЫСЫ

Паннекук «солшыл радикалдық» ағым өкілдерінің бірі ретінде Каутскийге қарсы шықты, бұл ағымның қатарында Роза Люксембург, Карл Радек және басқалар болды, ағым революциялық тактиканы қорғай отырып, Каутский марксизм мен оппортунизмнің арасында принципсіз ауытқып жүрген «центрдің» позициясына көшеді деген сеніммен бірікті. Бұл көзқарастың дұрыс екендігін соғыс әбден дәлелдеді, соғыс кезінде «центр» ағымы (маркстік деп қате аталып жүрген «центр» ағымы) немесе «каутскийшілдік» ағымы өзінің жиіркенішті сұмпайылығын толық көрсетті.

Паннекук мемлекет туралы мәселе қозғаған «Бұқаралық қимылдар және революция» («Neue Zeit», 1912, XXX, 2) деген мақаласында Каутскийдің позициясын «енжар радикализм» позициясы, «қимылсыз күтіп отыру теориясы» деп сипаттады. «Каутский революция процесін көргісі келмейді» (616-бет). Паннекук мәселені осылай қоя отырып, біздің зейін қойып отырған тақырыбымызға, пролетарлық революцияның мемлекет туралы міндеттері жайындағы тақырыпқа жақындай түсті.

«Пролетариат күресі,— деп жазды ол,— мемлекеттік өкімет *үшін* тек буржуазияға қарсы жүргізілетін күрес қана емес, мемлекеттік өкіметке *қарсы* жүргізілетін күрес... Пролетарлық революцияның мазмұны — мемлекет күшінің құралдарын пролетариат күшінің құралдарымен жойып, ығыстырып шығару (сөзбе-сөз: ыдырату, Auflösung)... Күрестің түпкі нәтижесі ретінде, мемлекеттік ұйым толық қирап болғанда ғана, күрес тоқтайды. Көпшілік ұйымы үстем азшылықтың ұйымын құрту арқылы өзінің артықшылығын дәлелдейді» (548-бет).

Паннекуктің өз ой-пікірлерін тұжырымдап айтуында үлкен-үлкен кемшіліктер бар. Бірақ, солай бола тұрса да, оның ой-пікірі айқын, сондықтан оны Каутскийдің *қалайша* бекерге шығарғаны қызық-ақ.

«Осы күнге дейін,— деп жазды ол,— социал-демократтар мен анархистердің арасындағы қарама-қарсылық — алғашқылары мемлекеттік өкіметті жеңіп алғылары келді, екіншілері оны қиратқылары келді. Паннекук осының екеуін де тілейді» (724-бет).

Егер Паннекуктің баяндауында көмескі жерлер болып, нақтылық жетпесе (оның мақаласының талданып отырған тақырыпқа қатысы жоқ өзге де кемшіліктерін бұл арада сөз етпегенде), ал Каутский істің пәк Паннекук белгілеген *принциптік* мәнін алды, сөйтіп *түбегейлі принциптік* мәселеде Каутский марксизмнің позициясынан бүтіндей безіп, біржолата оппортунизмге көшті. Социал-демократтар мен анархистердің арасындағы айырмашылықты ол мүлдем теріс көрсеткен, марксизмді біржола бұрмалап, қорлаған.

Марксистер мен анархистердің арасындағы айырмашылық мынау: (1) марксистер мемлекетті толық құр-

туды өздеріне мақсат етіп қояды да, бұл мақсат социалистік революция таптарды құртқаннан кейін ғана, мемлекеттің құруына жеткізетін социализм орнауының нәтижесі ретінде жүзеге асады деп біледі; анархистер мемлекетті бүгін-ертеңнен қалдырмай толық құртуды тілейді де, ол құртуды жүзеге асыру шарттарын ұқпайды. (2) Марксистер пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін ескі мемлекеттік машинаны толық қиратуы қажет, оның орнына қаруланған жұмысшылардың ұйымынан құралған, Коммуна типтес жаңа машинаны орнатуы қажет деп біледі; анархистер, мемлекеттік машинаны қирату керек дегенімен, оның орнына пролетариаттың *нені* қоятындығын, революциялық өкіметті оның *қалай* пайдаланатындығын тіпті анық білмейді; анархистер тіпті революцияшыл пролетариаттың мемлекеттік өкіметті пайдалануын да, оның революциялық диктатурасын да мойындамайды. (3) Марксистер қазіргі мемлекетті пайдалану арқылы пролетариатты революцияға әзірлеуді талап етеді; анархистер мұны мойындамайды.

Бұл таласта Каутскийге қарсы марксизм өкілі нақ Паннекук болып отыр, өйткені дәл Маркстің өзі пролетариат мемлекеттік өкіметті тек ескі мемлекеттік аппараттың жаңа қолға көшуі мағынасында ғана жеңіп алмайды, ол осы аппаратты қиратуға, сындыруға тиіс, оны жаңа аппаратпен ауыстыруға тиіс деп үйреткен болатын.

Каутский марксизмнен оппортунистерге кетіп отыр, өйткені мемлекеттік машинаны нақ осылай қиратуды, оппортунистер мүлдем қабылдамайтын осы қиратуды Каутский мүлдем ауызға алмайды, сөйтіп «жеңіп алу» дегенді оппортунистердің жай көпшілікке ие болу мағынасында түсіндіруіне саңылау қалдырылып отыр.

Марксизмді бұрмалағандығын бүркеу үшін, Каутский, жаттампазша әрекет істейді: ол Маркстің өзінен «цитат» келтіреді. 1850 жылы Маркс «күштерді мемлекеттік өкіметтің қолына батыл орталықтандыру»[110] қажет деп жазған болатын. Ал Каутский масаттанып: Панне-

кук «централизмді» қиратқалы жүрген жоқ па екен?— деп сұрайды.

Мұнысы, Бернштейннің централизм орнына федерация болсын деген пікірге көзқарас жағынан марксизм мен прудонизм бірдей дегені сияқты, нағыз көз бояушылық.

Каутскийдің бұл «цитатты» келтіруінде мүлде жөнжосық жоқ. Централизм мемлекеттік машинаның ескісінде де, жаңасында да болуы мүмкін. Егер жұмысшылар өздерінің қарулы күштерін өз ықтиярларымен біріктірсе, мұның өзі централизм болады, бірақ бұл мемлекеттің централистік аппаратын, тұрақты армияны, полицияны, бюрократияны «толық қирату» негізінде болады. Маркс пен Энгельстің Коммуна жайындағы әбден мәлім пайымдауларын орағытып өтіп, мәселеге қатысы жоқ цитатты тықпалап, Каутский нағыз алаяқтық істеп отыр.

«...Мүмкін, Паннекук чиновниктердің мемлекеттік функцияларын құртқалы жүрген болар?— дейді одан әрі Каутский.— Бірақ, мемлекет басқару ісін айтпағанның өзінде, партия ұйымында да, кәсіптік ұйымда да біз чиновниктерсіз күн көре алмаймыз. Біздің программамыз мемлекеттік чиновниктерді құртуды талап етпейді, чиновниктерді халықтың сайлап қоюын талап етеді... Қазіргі әңгімеміз «болашақ мемлекетте» басқару аппаратының қандай түр алатындығы жайында емес, біздің саяси күресіміз мемлекеттік өкіметті, *өзіміз оны жеңіп алмай тұрып* (курсив Каутскийдікі) құрта ма (сөзбе-сөз: ыдырата ма, auflöst), міне әңгіме осы жайында болып отыр. Чиновниктерімен қоса қандай министрлікті жоюға болады?» Оқу, юстиция, финанс, соғыс министрліктері аталады. «Жоқ, үкіметке қарсы жүргізіп отырған саяси күресіміз қазіргі министрліктердің ешқайсысын да жоймайды... Ұғыныспаушылық тумас үшін мен қайталап айтайын: әңгіме жеңімпаз социал-демократия «болашақтағы мемлекетке» қандай түр беретіндігі туралы емес, біздің оппозиция қазіргі мемлекетті қалай өзгертетіндігі туралы болып отыр» (725-бет).

Бұл нағыз асыра сілтеушілік. Паннекук дәл *революция* туралы мәселе көтерген болатын. Онысы мақаласының атында да, цитатқа алынған жерлерінде де айқын айтылған. «Оппозиция» жайындағы мәселеге аттап өтіп, Каутский шынында да революциялық көзқарасты оппортунистік көзқараспен ауыстырып отыр. Ол: қазір

оппозиция жөнінде, ал өкіметті жеңіп алғаннан *кейінгісін* өз алдына сөз етеміз, деп отыр. *Революция жоғалады!* Оппортунистерге керегінің өзі де дәл осы ғой.

Әңгіме оппозиция туралы да емес, жалпы саяси күрес туралы да емес, дәл *революция* туралы болып отыр. Революция дегеніміз сол — пролетариат «басқару аппаратын» және *бүкіл* мемлекеттік аппаратты *қиратады* да, оның орнына қарулапған жұмысшылардан құралатын жаңа аппарат орнатады. Каутский «министрліктерді» «діни соқыр сеніммен құрметтейтінін» корсетеді, бірақ оларды, айталық, барынша өктем әрі құдіреті күшті жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің жанындағы мамандар комиссияларымен ауыстыруға болмай ма екен?

Әңгіменің мәнісі «министрліктердің» қалу-қалмауында, «мамандар комиссияларының» немесе қандай да болсын басқа мекемелердің болу-болмауында емес, мұның ешқандай маңызы жоқ. Әңгіменің мәнісі мынада — ескі мемлекеттік машина (буржуазиямен мыңдаған арқаулар арқылы байланысқан және кертартпалық пен кеpенаулық әбден сүйегіне сіңген машина) сақталып қала ма немесе ол *қиратылып, жаңа* мемлекеттік машинамен ауыстырыла ма. Революция дегеніміз жаңа тап *ескі* мемлекеттік машинаның көмегімен жарлық берсін, басқарсын деген сөз емес, қайта ол сол машинаны *қиратсын* және *жаңа* машинаның көмегімен жарлық берсін, басқарсын деген сөз,— Каутский марксизмнің осы *негізгі* ой-пікірін бүркеп кеткен немесе мүлдем ұқпаған.

Оның чиновниктер жайында қойған мәселесі Коммуна сабақтарын да, Маркстің ілімін де оның ұқпағандығын айқын көрсетіп отыр. «Партия ұйымдарында да, кәсіптік ұйымдарында да біз чиновниктерсіз күн коре алмаймыз...»

Капитализм тұсында, буржуазия үстемдігі тұсында біз чиновниктерсіз күн көре алмаймыз. Капитализм пролетариатты езген, еңбекші бұқараны құл еткен. Капитализм тұсында бүкіл жалдама құлдық жағдайынан, бұқараның жоқшылығы мен мұқтаждығы салдары-

нан демократизм тарылып, қысқарып, күзеліп, бүлінген. Сондықтан, тек сондықтан ғана, біздегі саяси және кәсіптік ұйымдарда лауазымды адамдар капитализм жағдайынан бұзылып жүр (немесе, дәлірек айтсақ, бұзылуға бет алып жүр), бюрократқа, яғни бұқарадан қол үзген, бұқарадан *жоғары* тұратын, пұрсаттылық жағдайдағы адамдарға айналып кетуге бет алып жүр.

Бюрократизмнің *мәнісі* осында: капиталистер экспроприацияланбай, буржуазия құлатылмай тұрғанда, *тіпті* пролетарлық лауазымды адамдар да біраз «бюрократтануы» сөзсіз.

Каутскийдің ойынша мынадай болып шығады: сайланып қойылатын лауазымды адамдар болған соң, демек, социализм тұсында чиновниктер де қала береді, бюрократия да қала береді! Міне нақ осынысы дұрыс емес. Маркс, нақ Коммунаны мысалға ала отырып, социализм тұсында лауазымды адамдар, сайланып қойылатын болумен бірге, *тағы да* кез келген уақытта ауыстырылатын болуға, және *тағы да* ақының орта жұмысшы ақысы дәрежесіне түсірілуіне, және *тағы да* парламенттік мекемелердің орнына «жұмыс істейтін, яғни заң шығаратын және ол заңдарды жүзеге асыратын»[111] мекемелердің қойылуына *қарай*, «бюрократ» болудан, «чиновник» болудан қалады деп көрсеткен болатын.

Шынына келгенде, Каутскийдің Паннекукке қарсы айтқан дәлелдерінің бәрі, әсіресе Каутскийдің кәсіптік ұйымдарда да, партия ұйымдарында да біз чиновниктерсіз күн көре алмаймыз деген тамаша дәлелі Бернштейннің жалпы марксизмге қарсы айтқан ескі «дәлелдерін» Каутскийдің қайталап отырғандығын көрсетеді. «Социализмнің алғы шарттары» деген өзінің ренегаттық кітабында Бернштейн «қарапайым» демократия жөніндегі идеяларға қарсы күреседі, өзі «доктринерлік демократизм» деп атаған нәрсеге — императивтік мандаттардың, ақы алмайтын лауазымды адамдардың, дәрменсіз орталық өкілдіктің және т. т. болуына қарсылық білдіреді. Әлгі «қарапайым» демократизмнің негізсіздігін дәлелдеу үшін Бернштейн ағылшын тред-юнионда-

рының ерлі-зайыпты Веббтер[112] түсіндірген тәжірибесіне сүйенеді. Бейне бір «мейлінше ерікті түрде» (немісше басылымның 137-беті) дамыған тред-юниондар өздерінің жетпіс жылдық дамуында «қарапайым» демократизмнің жарамсыздығына көздері жеткен соң, оның орнына кәдімгі демократизмді: бюрократизммен ұштасқан парламентаризмді қабылдады-мыс дейді.

Іс жүзінде тред-юниондар «мейлінше ерікті түрде» дамыған жоқ, *қайта толық капиталистік құлдықта* болды, ол құлдықтың тұсында, әлбетте, етек алып отырған қырсыққа, зорлыққа, өтірікке, кедейлерді «жоғарғы» басқару ісіне жуытпаушылыққа бірсыпыра төзбейінше «күн көруге» болмайды. Ал социализм тұсында «қарапайым» демократияның көп жері сөзсіз жанданады, өйткені халық *бұқарасы* цивилизациялы қоғамдардың тарихында тұңғыш рет тек дауыс беру мен сайлауға ғана емес, *күнбе-күнгі басқару ісіне де дербес* қатысу дәрежесіне дейін көтеріледі. Социализм тұсында жұрттың *б ә р і* кезекпен басқаратын болады да, ешкім де басқармайтын болуына тез дағдыланып кетеді.

Сыншыл-талдағыш данышпан ақыл иесі Маркс Коммунаның практикалық шараларындағы *шұғыл өзгерісті* көре білді, ал оппортунистер шұғыл өзгерістен қорқады және өздерінің қорқақтығынан, буржуазиямен біржола айрылысқысы келмегендіктен, шұғыл өзгерісті мойындағысы келмейді; не асығыстықтың, не жалпы бұқаралық әлеуметтік өзгерістердің шарттарын ұғынбаушылықтың салдарынан анархистердің шұғыл өзгерісті көргілері келмейді. «Ескі мемлекеттік машинаны қирату дегенді тіпті ойға алып та керегі жоқ, министрліктер мен чиновниктерсіз бізге күн көру қайда» — деп пайымдайды филистерлік әдет сүйегіне әбден сіңген және, шынында, революцияға, революцияның творчествосына сенбеуі былай тұрсын, тіпті сол революциядан өлердей қорқатын (революциядан біздегі меньшевиктер мен эсерлердің қорқатыны сияқты) оппортунист.

«*Тек* ескі мемлекеттік машинаны қиратуды *ғана* ойлау керек, ал бұрынғы пролетарлық революциялардың *нақты* сабақтарына үңілудің, қиратылатынның орнына

нені және *қалай* қою керектігін талдап жатудың керегі жоқ»,— деп пайымдайды анархист (әрине, Кропоткин мырзаларға және К°-ге еріп, буржуазияның соңынан салпақтап жүрген анархист емес, анархистердің тәуірі осылай деп пайымдайды); сондықтан анархистің тактикасы аяусыз-батыл және сонымен бірге нақты міндеттерді орындау үшін жүргізілетін революциялық жұмыста бұқара қозғалысының практикалық жағдайларымен есептесетін тактика болмай, *түңілу* тактикасы болып шығады.

Маркс бізді осы екі қатенің екеуіне де ұрынбау керек деп үйретеді, бүкіл ескі мемлекеттік машинаны қиратуда мейлінше батыл болу керек деп үйретеді, сонымен бірге мәселені нақты қоюды үйретеді: Коммуна бірнеше аптаның ішінде *жаңа,* пролетарлық, мемлекеттік машинаны былайша орната *бастады,* келелі демократизмді жүзеге асыру және бюрократизмді құрту жөнінде көрсетілген шараларды былайша жүргізді деп үйретеді. Революциялық батылдықты коммунарлардан үйренейік, солардың практикалық шараларын практикалық-көкейтесті және дереу мүмкін болатын шаралардың *нұсқасы* деп білейік, сонда, *осы жолмен жүріп отырып,* біз бюрократизмді толық қиратуға жетеміз.

Мұндай қирату мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттар: социализм жұмыс күнін қысқартады, *бұқараны* жаңа өмірге жеткізеді, халықтың *көпшілігіне* жұрттың *бәрінің* түгел «мемлекеттік функцияларды» атқаруына мүмкіндік беретін жағдайлар жасайды, ал мұның өзі жалпы мемлекет атаулының *толық құруына* жеткізеді.

«...Бұқаралық стачканың міндеті,— дейді одан әрі Каутский,— ешқашан да мемлекеттік өкіметті *қирату* бола алмайды, оның міндеті — тек белгілі бір мәселеде үкіметті өз айтқанына көндіру немесе пролетариатқа жау үкіметтің орнына пролетариатқа жәрдемдесетін (entgegenkommende) үкіметті қою ғана бола алады... Бірақ ешқашан да, қандай жағдайларда болса да мұның өзі» (яғни пролетариаттың өзіне жау үкіметті жеңуі) «мемлекеттік өкіметтің *қиратылуына* жеткізе алмайды, тек *мемлекеттік өкіметтің ішіндегі* күштер қатынастарының белгілі шамада *ауысуына* (Verschiebung) ғана жеткізеді... Бұл ретте біздің саяси күресіміздің мақсаты да, осы кезге дейінгідей,

парламентте көпшілік алу арқылы мемлекеттік өкіметті жеңіп алу және парламентті үкіметтің қожасына айналдыру болып қала бермек» (726, 727, 732-беттер).

Мұның өзі — ең таза және ең пасық оппортунизм, революцияны сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде одан безгендік. Каутскийдің ой-пікірі «пролетариатқа жәрдемдесетін үкіметтен» әрі аспайды, мұнысы — «Коммунистік Манифест» «пролетариатты үстем тап етіп ұйымдастыру керек»[113] деп жариялаған 1847 жылғымен салыстырғанда филистерлікке қарай бір адым кері шегінгендік.

Шейдемандардың, Плехановтардың, Вандервельделердің бәрі «пролетариатқа жәрдемдесетін» үкімет үшін күресуге келісіп отыр, Каутскийдің олармен өзінің өте ұнатқан «бірлігін» іске асыруына тура келеді.

Ал біз социализмге опасыздық жасаған бұл адамдармен мүлдем айрылысамыз, қаруланған пролетариаттың өзі *үкімет болуы* үшін бүкіл ескі мемлекеттік машинаны қирату жолында күресеміз. Бұл — «мүлде екі басқа нәрсе».

Легиндер мен Давидтердің, Плехановтардың, Потресовтардың, Церетелилердің, Черновтардың сыбайлас тобында Каутскийдің болуына тура келеді, өйткені олар «мемлекеттік өкіметтің ішіндегі күш қатынастарының ауысуы» үшін, «парламентте көпшілік алу және парламенттің үкіметке толық билік жүргізуі» үшін күресуге әбден келісіп отыр, — асыл-ақ мақсат емес пе, мұнда бәрі де оппортунистерге қолайлы, бәрі де буржуазиялық парламенттік республиканың шеңберінде қала береді.

Ал біз оппортунистермен мүлдем айрылысуға барамыз; және «күш қатынастарының ауысуы» жолындағы емес, *буржуазияны құлату* жолындағы, буржуазиялық парламентаризмді *қирату* жолындағы, Коммуна тектес демократиялық республиканы немесе жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің республикасын, пролетариаттың революциялық диктатурасын орнату жолындағы күресте бүкіл саналы пролетариат бізбен бірге болады.

Халықаралық социализмде Каутскийден оңшылырақ тұрған ағымдар — Германиядағы «Социалистік Әрайлық»[114] (Легин, Давид, Кольб және басқа көптеген адамдар, олардың ішінде скандинавтар Стаунинг пен Брантинг те бар), Франция мен Бельгиядағы — жоресшілдер[115] мен Вандервельд, итальян партиясының[116] оң қанатының Турати, Тревес және басқа да өкілдері, Англиядағы фабийшылдар мен «тәуелсіздер»[117] («тәуелсіз жұмысшы партиясы», іс жүзінде әрдайым либералдарға тәуелді болған партия) және басқа солар сияқтылар. Бұл мырзалардың бәрі де, парламенттік жұмыс пен партия публицистикасында аса зор, көп ретте өте басым роль атқара отырып, пролетариат диктатурасын турадан-тура теріске шығарады; бүркемесіз оппортунизмді жүзеге асырады. Бұл мырзалар үшін пролетариат «диктатурасы» демократияға «қайшы келеді»!! Шынына келгенде, ұсақ буржуазияшыл демократтардан бұлардың ешбір елеулі айырмашылығы жоқ.

Осы жағдайды ескере отырып, біз екінші Интернационал өзінің ресми өкілдерінің орасан көпшілігімен оппортунизмге қарай біржола сырғып кетті деп қорытынды жасауға әбден праволымыз. Бұлар Коммунаның тәжірибесін тек ұмытып қана қойған жоқ, бұрмалады да. Бұлар жұмысшылар бұқарасы майданға шығып, ескі мемлекеттік машинаны қирататын, оның орнына жаңа мемлекеттік машина орнататын, сөйтіп, өзінің саяси үстемдігін қоғамды социалистік жолмен қайта құруға негіз ететін кез жақындап келеді деген пікірді сол жұмысшылар бұқарасына ұғындырмады,— бұқараға мұны керісінше ұғындырды, ал «өкіметті жеңіп алудың» теріс түсіндірілгені соншалық, оппортунизмнің өріс алуына мыңдаған саңылаулар қалып келді.

Империалистік бәсекенің салдарынан күшейтілген әскери аппараты бар мемлекеттер, дүниеге Англия үстемдік етуі керек пе, әлде Германия үстемдік етуі керек пе, қай финанс капиталы үстемдік етуі керек деген таласты шешу үшін миллиондаған адамдарды қы-

рып тастайтын соғыс құбыжығына айналып отырғанда, пролетарлық революцияның мемлекетке қатысы жайындағы мәселені бұрмалау жәпе ауызға алмау орасан зор роль атқармай қала алмады*.

---

* Қолжазбада бұдан әрі былай делінген:

«VII ТАРАУ

1905 ЖӘНЕ 1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Осы тараудың атында көрсетілген тақырыптың қисапсыз үлкен тақырып екендігі соншалық, бұл тақырып жайында томдар жазуға болады және жазу керек те. Бұл кітапшада, әлбетте, пролетариаттың революцияда мемлекеттік өкімет жөніндегі міндеттеріне тікелей қатысы бар тек ең басты тәжірибелік сабақтарды ғана баяндаумен шектелуге тура келеді». (Қолжазба осы арадан үзіледі.) *Ред.*

БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫ СӨЗ

Бұл кітапша 1917 жылы август пен сентябрьде жазылған. Мен келесі, жетінші, тараудың жоспарын да жасап қойып едім; ол тарау: «1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының тәжірибесі». Бірақ, бұл тараудың атынан басқа бір жолын да жазып үлгіре алмадым: саяси дағдарыс, 1917 жылғы октябрь революциясының қарсаңы «бөгет болды». Мұндай «бөгетке» тек қана қуануға болады. Ал кітапшаның екінші бөлегін («1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының тәжірибесіне» арналған бөлегін), сірә, көпке дейін кідірте тұруға тура келетін шығар; «революцияның тәжірибесін» жазғаннан гөрі, оны жасау әлдеқайда ұнамды да, пайдалы да.

Автор

Петроград.
30 ноябрь, 1917 жыл.

«МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ» КІТАБЫНА ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Марксизмъ о государствѣ.

В. И. Лениннің «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптерінің мұқабасы.— Январь — февраль, 1917 ж.

Кішірейтілген

I

МАРКСИЗМ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ[118]

	Беттер[119]:
«Коммунистік Манифеске» 1872 ж. алғы сөз	—1 [126]
«Франциядағы азамат соғысынан»	—1 [126—128]
Маркстің хаты 12/IV. 1871 ж. («Француз жұмысшыларының қару ұстауды үйренуінің» маңызы)	—*1*—*2* [128—130] *2* (жиегінде) [132]
«18-брюмерден»	*2*—*4* [134—138]
Маркстің Варленге және Франкельге хаты 13.V.1871	*4*-бет [138—140]
Энгельс. 1891 ж. программаға сын	*5*—*8* [140—152] (және *10*) [156]
Англияда федерациялық республика прогресс болар еді: «4 ұлт» (NB)	7-бет [146]
Энгельстің жастарға жауабы 13. IX. 1890*	9-бет жиегінде [154—156]

* Қолжазбада осы пункт қайталанып былай жазылған: «Энгельстің жастарға жауабы: *9-бет жиегінде*». *Ред.*

---

* — жоспарлылықтың жоқтығы. *Ред.*
** — «Философия қайыршылығы» және «Коммунистік Манифест». *Ред.*
*** — «Тұрғын үй мәселесіне». *Ред.*
**** — «Франциядағы азамат соғысы». *Ред.*

* — «Мемлекеттің шыруы және т. б.». *Ред.*
** — Қазіргі Европадағы «жаулап алу бәсекесі». *Ред.*
*** — Энгельс. «Бедел туралы». *Ред.*

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

дәлірек айтқанда:
Пролетарлық революцияның мемлекет жөніндегі міндеттері.

Маркс пен Энгельс мемлекет және революцияның саяси саладағы **(оның мемлекетке қатысы жағынан алғанда)** ***міндеттері туралы.***

«Азамат соғысының» бір жері ерекше назар аударарлық. Айтпақшы, *екі* автордың екеуі де қол қойған *«Коммунистік Манифеске»* жазылған соңғы алғы сөзде сол жері цитатқа келтірілген. Бұл алғы сөздің жазылған күні: Лондон 24. VI. 1872 (Karl *Marx* және Friedrich *Engels*) деп көрсетілген. Алғы сөзде «Коммунистік Манифест» программасының «ist heute stellenweise veraltet» делінген («Das Kommunistische Manifest», 7. Ausgabe, Berlin, 1906, S. 17; Каутскийдің *тұрпайы* жазылған алғы сөзімен шыққан! — және екі автордың 24. VI. 1872 ж., Энгельстің 28. VI. 1883 және 1. V. 1890 алғы сөздерімен шыққан, соңғысында *орысша* аудармаға алғы сөзден, орыс қауымы туралы, Лондон 21. I. 1882, heute «bildet Sic!!! Rußland die Vorhut der revolutionären Bewegung Europas» деген цитат келтірілген, S. 20).

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

дәлірек айтқанда:
Пролетарлық революцияның мемлекет жөніндегі міндеттері.

Маркс пен Энгельс мемлекет және революцияның саяси саладағы (оның мемлекетке қатысы жағынан алғанда) *міндеттері туралы.*

«Азамат соғысының» бір жері ерекше назар аударарлық. Айтпақшы, *екі* автордың екеуі де қол қойған *«Коммунистік Манифеске»* жазылған соңғы алғы сөзде сол жері цитатқа келтірілген. Бұл алғы сөздің жазылған күні: Лондон 24. VI. 1872 (Карл *Маркс* және Фридрих *Энгельс)* деп көрсетілген. Алғы сөзде «Коммунистік Манифест» программасының «енді кей жерлері ескірді» делінген («Коммунистік Манифест», 7-басылуы, Берлин, 1906, 17-бет[120]; Каутскийдің *тұрпайы* жазылған алғы сөзімен шыққан! — және екі автордың 24. VI. 1872 ж., Энгельстің 28. VI. 1883 және 1. V. 1890 алғы сөздерімен шыққан, соңғысында *орысша* аудармаға алғы сөзден, орыс қауымы туралы, Лондон 21. I. 1882, енді «Россия Европадағы революциялық қозғалыстың алдыңғы қатарлы отряды болып отыр» деген цитат келтірілген, 20-бет[121]).

Солай!!!

Программаның қай жерлері «ескірген»? Авторлар жауап береді: (((қарау керек: төменде, 27-бет)))

«Namentlich hat die Kommune den Beweis geliefert, daβ «die Arbeiterklasse nicht die fertige Staatsmaschine | 1876 басылымда: Staatsmaschinerie | einfach in Besitz nehmen und sie | 1876 ж. басылымда: diese | für ihre eigenen Zwecke in Bewegung setzen kann»» («Der Bürgerkrieg in Frankreich», S. 19). 1876 ж. басылым, S. 23, III тараудың басы).

Осы жері, бөліп алғанда, түсініксіз; ол, 1 қарағанда, «дайын» «мемлекеттік машинаны» «өншейін» «қолға» (in Besitz) ала салуға болмайды-мыс — *д е м е к*... революциялар керек емес, олардан сақ болған дұрыс, өкіметті басып алу идеясына *е м е с,* баяу даму, ұласу, т. т. және т. б. идеясына көбірек назар аудару керек деген мағынада түсіндіруге мүмкіндік береді де, оппортунизмнің сыналап кіруіне сацылау қалдырады | Қарау керек: *B e r n s t e i n.* «Voraussetzungen». Stuttgart, 1899, S. VI (und S. *18*, S. *134*), мұнда осы жері Энгельстің 1895 ж. алғы сөзімен *қатар* қойылады да, революциядан бас тарту мағынасында түсіндіріледі!!! Бернштейн өзінің бір кітабында әлгі жерді *ү ш* рет цитатқа келтіреді!! | *

Бұлайша түсіндіру (ол маған бір жерде кездескен сияқты, қай жерде кездескені есімде жоқ) мейлінше жалған. Шындығында, Маркс *м ү л д е м* керісінше айтып отыр: пролетариат революциясы «дайын» мемлекеттік машинаны «әншейін» қолға ала салмайды, революция **оны,** осы дайын машинаны, **қиратуға** тиіс, сөйтіп *жаңа* машинамен ауыстыруға тиіс. Өте-мөте айқын және шешуші жері мынау:

---

* Шаршы жақшаға алынған тексті В. И. Ленин қолжазба жолдарының аралығына жазған. *Ред.*

Программаның қай жерлері «ескірген»? Авторлар жауап береді: (((қараңыз: төменде, 27-бет*)))

«Әсіресе Коммунаның дәлелдегені — «жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны тек жай меңгере салып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды»»** («Франциядағы азамат соғысы», 19-бет). (1876 ж. басылым, 23-бет, III тараудың басы.)[122] ||

Осы жері, бөліп алғанда, түсініксіз; ол, 1 қарағанда, «дайын» «мемлекеттік машинаны» «әншейін» «қолға» (in Besitz) ала салуға болмайды-мыс — *демек*... революциялар керек емес, олардан сақ болған дұрыс, өкіметті басып алу идеясына *емес*, баяу даму, ұласу, т. т. және т. б. идеясына көбірек назар аудару керек деген мағынада түсіндіруге мүмкіндік береді де, оппортунизмнің сыналап кіруіне саңылау қалдырады |Қарау керек: *Бернштейн*. «Алғы шарттар». Штутгарт, 1899, VI бет (және *18*-бет, *134*-бет), мұнда осы жері Энгельстің 1895 ж. алғы сөзімен *қатар* қойылады да, революциядан бас тарту мағынасында түсіндіріледі!!![123] Бернштейн өзінің бір кітабында өлгі жерді *үш* рет цитатқа келтіреді!!| (B

Бұлайша түсіндіру (ол маған бір жерде кездескен сияқты, қай жерде кездескені есімде жоқ) мейлінше жалған. Шындығында, Маркс *мүлдем* керісінше айтып отыр: пролетариат революциясы «дайын» мемлекеттік машинаны «әншейін» қолға ала салмайды, революция **оны,** осы *дайын* машинаны, **қиратуға** тиіс, сөйтіп *жаңа* машинамен ауыстыруға тиіс. Өте-мөте айқын және шешуші жері мынау:

---

* Қараңыз: осы том, 229—231-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 40-бет. *Ред.*

МАРКСТІҢ КУГЕЛЬМАНҒА ХАТТАРЫ

Бакунинмен зейін қойып салыстыру керек (X. 1870, S. 113, bei Steklow): «...es ist für mich augenscheinlich, daß nach der faktischen Zerstörung der administrativen und Regierungsmaschinerie nur die unmittelbare revolutionäre Aktion des Volkes Frankreich retten kann...»*

1871 ж. 12 апрельде Маркс Кугельманға (*«Neue Zeit»*, XX, 1, 1901—1902, S. 709; бұл томда Коммуна туралы екі-ақ хат бар; Кугельманға жазған басқа хаттары XX томда, 2. NB) былай деп жазады:

«Wenn du das letzte Kapitel meines «Achtzehnten Brumaire» nachsiehst, wirst du finden, daß ich als nächsten Versuch der französischen Revolution ausspreche, nicht mehr wie bisher die bureaukratisch-militärische Maschinerie aus einer Hand in die andere zu übertragen, sondern sie zu *zerbrechen* (курсив Маркстікі), und dies ist die Vorbedingung jeder wirklichen Volksrevolution auf dem Kontinent. Dies ist auch der Versuch unserer heroischen Pariser Parteigenossen». NB

Коммунаның екі қатесі:

Коммунаның ықтимал жеңілісінің себептері туралы *Маркстің* мына пікірі (12. IV. 1871) өте маңызды: «Wenn sie» (Париж жұмысшылары) «unterliegen, so ist nichts daran schuld, als ihre «Gutmütigkeit». Es galt gleich nach Versailles zu marschieren... Der richtige Moment wurde versäumt aus Gewissensskrupel. Man wollte den Bürgerkrieg nicht eröffnen als ob... Thiers den Bürgerkrieg ...nicht bereits eröffnet gehabt hätte. Zweiter

* Бұл текстi В. И. Ленин қолжазба бетiнiң жоғарғы жағынан жазған. *Ред.*

МАРКСТІҢ КУГЕЛЬМАНҒА ХАТТАРЫ

1871 ж. 12 апрельде Маркс Кугельманға («*Neue Zeit*», XX, 1, 1901—1902, 709-бет; бұл томда Коммуна туралы екі-ақ хат бар; Кугельманға жазған басқа хаттары XX томда, 2. NB)[124] былай деп жазады:

«Егер сен менің «Он сегізінші брюмерімнің» соңғы тарауына көз салсаң, онда мынаны көресің: мен онда француз революциясының келесі әрекетін былай деп жариялаймын: бюрократиялық-әскери машинаны, бұған дейін болып келгеніндей, бір қолдан екінші қолға бере салмау керек, қайта оны *сындыру* керек» (курсив Маркстікі), континентте болатын әрбір шын халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт та нақ осындай. Біздің париждік ержүрек жолдастарымыздың әрекетінің өзі де дәл осы»*.

NB

Бакунинмен зейін қойып салыстыру керек (Х. 1870, 113-бет, Стекловта): «...мен үшін анық нәрсе мынау: әкімшілік және үкімет машиналары іс жүзінде қиратылғаннан кейін тек халықтың тікелей революциялық қимылы ғана Францияны құтқарып қала алады...»[125].

Коммунаның ықтимал жеңілісінің себептері туралы *Маркстің* мына пікірі (12. IV. 1871) өте маңызды: «Егер олар» (Париж жұмысшылары) «жеңіліп қалса, бұған кінәлы олардың «ақ көңілділігінен» басқа ештеңе емес. Дереу Версальға аттану керек еді... Ұжданы бармай, уақытты өткізіп алды. Бейне бір... Тьер... азамат соғысын қазірдің өзінде бастамаған секілді, азамат соғысын бастағылары келмеді. Екінші қате: Коммунаға орын беру үшін Орталық комитет өз

Коммунаның екі қатесі!

* Қараңыз: осы том, 41-бет. *Ред.*

Fehler: Das Zentralkomitee gab seine Macht zu früh auf, um der Kommune Platz zu machen. Wieder aus zu «ehrenhafter» Skrupulosität» (S. 709).

NB

екі қатенің екеуі де оффензиваның жетіспеуінде, мемлекеттің бюрократиялық-әскери машинасы мен буржуазия өкіметін *қирату үшін* саналылықтың және батылдықтың жетіспеуінде болып отыр. Әйтсе де Париж Коммунасында Маркс не нәрсеге сүйсінеді? *Elastizität, historische I n i t i a t i v e, A u f o p f e r u n g s f ä h i g k e i t* in diesen Parisern (ibidem). «Himmelsstürmer von Paris».

Nota bene:

Маркс Кугельманға 3. III. 1869 («Neue Zeit», XX, 2, 1901—1902, S. 412): «In Frankreich geht sehr interessante Bewegung vor. Die Pariser studieren förmlich ihre jüngste revolutionäre Vergangenheit wieder ein, um sich für das bevorstehende neue Revolutionsgeschäft vorzubereiten...». Барлық партиялардың он-ондаған кітаптары, либералдар, республикашыл-демократтар, прудонистер, бланкистер... «Wann wird's *bei uns* soweit sein!» (413).

NB

тағы да *М а р к с* Кугельманға 13. XII. 1870: «...wie aber der Krieg immer ende, er hat das französische Proletariat in den Waffen geübt, und das ist die beste Garantie der Zukunft» (S. 544, «Neue Zeit», XX, 2, 1901—1902)*. NB

* Бұл абзацты В. И. Ленин қолжазбаның жанынан, шет жағынан жазған. *Ред.*

өкілдігінен тым ерте бас тартты. Тағы да соң елжіректікке дейін жеткізілген «адалдықтың» арқасында бас тартты» (709-бет)[126].

екі қатенің екеуі де оффензиваның* жетіспеуінде, мемлекеттің бюрократиялық-әскери машинасы мен буржуазия өкіметін *қирату үшін* саналылықтың және батылдықтың жетіспеуінде болып отыр. Әйтсе де Париж Коммунасында Маркс не нәрсеге сүйсінеді? Осы париждіктердегі *оралымдылық, тарихи инициатива, өздерін құрбан етуге қабілеттілік* (бұл да сонда). «Аспанға атой салған париждіктер». NB

Маркс Кугельманға 3. III. 1869 («Neue Zeit», XX, 2, 1901—1902, 412-бет): «Францияда өте қызық қозғалыс болып жатыр. Алда тұрған жаңа революциялық күреске дайындалу үшін париждіктер өздерінің жуырда болып өткен революциясын тағы да әбден тәптештеп зерттей бастауда...». Барлық партиялардың он-ондаған кітаптары, либералдар, республикашыл-демократтар, прудонистер, бланкистер... «Бір кезде *бізде* осыған жетеді!» (413)[127]. Nota bene:

NB тағы да *Маркс* Кугельманға 13. XII. 1870: «...бірақ соғыс қандай нәтижемен аяқталса да, ол француз пролетариатын қару меңгеруге үйретті, ал мұның өзі болашақтың ең зор кепілі болып табылады» (544-бет, «Neue Zeit», XX, 2, 1901—1902)[128]. NB

* — шабуылды қимылдың. *Ред.*

ал 18. VI. 1871 (*«Neue Zeit»*, XX, 2, S. 797) Маркс Кугельманға «Адресті» (Бас Советтің «Адресі», яғни «Франциядағы азамат соғысы») сен, Кугельман, ендігі алған да боларсың және осы «Адрес» баспасөзде өршеленген шу мен ашу-ыза туғызып отыр деп жазады.

Әлбетте, Интернационалдың Бас Советінің май айының аяғында жазылған (уақыты 30. V. 1871 деп көрсетілген) «Адресіне» енген пікірдің *дәл өзі* Маркстің апрельдегі (12. IV. 1871) хатында айтылған.

«Азамат соғысында» «дайып мемлекеттік машина» деп аталған нәрсе,— 12. IV. 1871 хатта «бюрократиялық-әскери машина» деп аталған; «Азамат соғысында» «әншейін иелікке ала салу» деген сөздермен білдірілген ой 12. IV. 1871 хатта: «бір қолдан екінші қолға бере салу» деп тағы да дәлірек, айқынырақ, жақсырақ тұжырымдалған. «Азамат соғысында» жазылмаған мына қосымша да ерекше көзге түседі: дайып нәрсені бір қолдан екінші қолға бере салу емес, оны қирату керек. Коммуна осыны істей *бастады* да, бірақ, өкінішке қарай, ақырына дейін істемеді.

«Континентте болатын әрбір нағыз халықтық (NB: терең мағыналы сөз!) революцияға алдын ала қойылатын шарт» осы болып табылады (неге континенттегі? өйткені Англияда ол кезде бюрократия да, милитаризм де болған жоқ).

«18-БРЮМЕР»

Маркс 12. IV. 1871 хатында «18-брюмердің» соңғы тарауына сілтеме жасайды. «18-брюмердің» бұл соңғы (VII) тарауында 98 және 99-беттерде (4-басылуы, Hamburg, 1907) былай делінген:

«Aber die Revolution ist gründlich. Sie ist NB ||| noch auf der Reise durch das Fegefeuer begriffen. Sie vollbringt ihr Geschäft mit Methode. Bis zum 2. XII. 1851 hatte sie die eine Hälfte ihrer Vorbereitung absolviert, sie absolviert jetzt die andere. Sie vollendete erst die parlamentarische Gewalt, um sie stürzen zu können. Jetzt, wo sie dies erreicht, vollendet sie die *Exe-*

ал 18. VI. 1871 («*Neue Zeit*», XX, 2, 797-бет) Маркс Кугельманға «Адресті» (Бас Советтің «Адресі», яғни «Франциядағы азамат соғысы») сен, Кугельман, ендігі алған да боларсың және осы «Адрес» баспасөзде өршеленген шу мен ашу-ыза туғызып отыр[129] деп жазады.

Әлбетте, Интернационалдың Бас Советінің май айының аяғында жазылған (уақыты 30. V. 1871 деп көрсетілген) «Адресіне» енген пікірдің *дәл өзі* Маркстің апрельдегі (12. IV. 1871) хатында айтылған.

«Азамат соғысында» «дайын мемлекеттік машина» деп аталған нәрсе,— 12. IV. 1871 хатта «бюрократиялық-әскери машина» деп аталған; «Азамат соғысында» «әншейін иелікке ала салу» деген сөздермен білдірілген ой 12. IV. 1871 хатта: «бір қолдан екінші қолға бере салу» деп тағы да дәлірек, айқынырақ, жақсырақ тұжырымдалған. «Азамат соғысында» жазылмаған мына қосымша да ерекше көзге түседі: дайын нәрсені бір қолдан екінші қолға бере салу емес, оны *қирату* керек. Коммуна осыны істей *бастады* да, бірақ, өкінішке қарай, ақырына дейін істемеді.

«Континентте болатын әрбір нағыз халықтық (NB: терең мағыналы сөз!) революцияға алдын ала қойылатын шарт»[130] осы болып табылады (неге континенттегі? өйткені Англияда ол кезде бюрократия да, милитаризм де болған жоқ).

«18-БРЮМЕР»

Маркс 12. IV. 1871 хатында «18-брюмердің» соңғы тарауына сілтеме жасайды. «18-брюмердің» бұл соңғы (VII) тарауында 98 және 99-беттерде (4-басылуы, Гамбург, 1907) былай делінген:

«Бірақ революция негізді. Ол әлі де қыл көпірден өту жолында. Ол өз ісін жүйелеп орындайды. 1851 жылғы 2 декабрьге дейін ол өзінің әзірлік жұмысының жартысын аяқтады, қазір ол екінші жартысын аяқтап келеді. Парламентарлық өкіметті құлатуға мүмкіндік алу үшін, ол әуелі парламентарлық өкіметті кемеліне келтіреді. Енді, бұған қолы жеткеннен кейін, ол

kutivgewalt, reduziert sie auf ihren reinsten Ausdruck, isoliert sie, stellt sie sich als einzigen

NB ||| Vorwurf gegenüber, **um alle ihre Kräfte der Zerstörung gegen sie zu konzentrieren** (S. 98). Und wenn sie diese zweite Hälfte ihrer Vorarbeit

NB # vollbracht hat, wird Europa von seinem Sitze aufspringen und jubeln: Brav gewühlt, alter Maulwurf!

Nota bene ||| Diese Exekutivgewalt mit ihrer ungeheuern bureaukratischen und militärischen Organisation, mit ihrer weitschichtigen und künstlichen Staatsmaschinerie, ein Beamtenheer von einer halben Million neben einer Armee von einer andern halben Million, dieser fürchterliche Parasitenkörper, der sich wie eine Netzhaut um den Leib der französischen Gesellschaft schlingt und ihr alle Poren verstopft, entstand in der Zeit der absoluten Monarchie, beim Verfall des Feudalwesens, den er beschleunigen half» (98). Ал бұдан әрі 1-ші француз революциясы орталықтануды «дамытты» (entwickelte) (99), «aber zugleich den Umfang, die Attribute und die Handlanger der Regierungsgewalt. Napoleon vollendete diese Staatsmaschinerie». Легитимді монархия мен Июль монархиясы «fügten nichts hinzu, als eine größere Teilung der Arbeit...».

«Die parlamentarische Republik endlich sah sich in ihrem Kampfe wider die Revolution gezwungen, mit den Repressivmaßregeln die Mittel und die Zentralisation der Regierungsgewalt zu verstärken. **Alle Umwälzungen vervollkommneten diese Maschine, statt sie zu brechen.** Die Parteien, die abwechselnd um die Herrschaft rangen, betrachteten die Besitznahme dieses ungeheueren Staatsgebäudes als die Hauptbeute des Sieges» (99).

атқарушы өкіметті кемеліне келтіреді, оны нағыз таза белгісіне жеткізеді, оны оқшаулайды, **қиратушы күштің бәрін соған қарсы шоғырландыру үшін** оны өзіне қарсы бірден-бір объект етіп қояды (98-бет). Сөйтіп революция өзінің алдын ала істейтін жұмысының осы екінші жартысын аяқтаған кезде, Европа өзінің орнынан көтеріліп, масаттана: е, кәрі көртышқан, сен інді жақсы-ақ қазады екенсің! — дейтін болады. NB NB

Өзінің орасан зор бюрократиялық және әскери ұйымы бар, аса күрделі және жасанды мемлекеттік машинасы бар, жарты миллион армиясымен қатар тағы да жарты миллион адам чиновник әскері бар осы атқарушы өкімет, француз қоғамының бүкіл денесін нақ тордай шырмап алған, оның бойындағы тыныс алатын жерлерінің бәрін бітеп алған осы сұмдық паразит-организм самодержавиелік монархия дәуірінде туды, феодализмнің құлдыраған кезінде, бұл организм сол құлдыраудың тездеуіне өзі көмектескен кезде туды» (98). Ал будан әрі: 1-ші француз революциясы орталықтануды «дамытты» (entwickelte) (99), «ал сонымен бірге үкімет билігінің көлемін, атрибуттарын ұлғайтып, көмекшілерінің санын көбейтті. Бұл мемлекеттік машинаны Наполеон аяқтады». Легитимді монархия мен Июль монархиясы «көбірек еңбек бөлінісінен басқа тыңнан еш нәрсе қосқан жоқ...». Nota bene

«Ақырында, парламентарлық республика өзінің революцияга қарсы күресінде, жазалау шараларымен бірге, үкімет билігінің құралдары мен орталықтануын күшейтуге мәжбүр болып шықты. **Төңкерістердің бәрі бұл машинаны қиратудың орнына оны жетілдіре берді.** Бірінің орнын бірі басып, үстемдік үшін күрескен партиялар осы орасан зор мемлекеттік ғимаратты қолына түсіруді өздері жеңгенде алатын ең іргелі олжа деп есептеді»* (99)[131].

* Қараңыз: осы том, 30—31-беттер. *Ред.*

Міне тамаша жерлер осы! *Француз тарихының,* Энгельстің «18-брюмердің» 3-басылуына алғы сөзде айтқанындай (Vorrede zur dritten Auflage), ерекше маңызы бар, атап айтқанда:

«Frankreich ist das Land, wo die geschichtlichen Klassenkämpfe *mehr als anderswo* jedesmal *bis zur Entscheidung* durchgefochten wurden, wo also auch die wechselnden politischen Formen, innerhalb deren sie sich bewegen und in denen ihre Resultate sich zusammenfassen, in den *schärfsten* Umrissen ausgeprägt (S. 3) sind (S. 4). Mittelpunkt des Feudalismus im Mittelalter, Musterland der einheitlichen ständischen Monarchie seit der Renaissance, hat Frankreich in der großen Revolution den Feudalismus zertrümmert und die reine Herrschaft der Bourgeoisie begründet *in einer Klassizität* wie kein anderes europäisches Land. Und auch der Kampf des aufstrebenden Proletariats gegen die herrschende Bourgeoisie tritt hier in einer, *anderswo unbekannten,* akuten Form auf» (S. 4). ((Бұл алғы сөзге төртінші басылуында жазылған уақыты көрсетілмей тек қана *F. E.* деп белгі соғылған. Жазылған уақытын анықтау үшін 3-басылуын табу керек!! Айта кетсек, Энгельс бұл арада «18-брюмерді»—«in der Tat war es eine geniale Arbeit» деп атайды.))

Капиталистік мемлекеттердің көпшілігінде (қазір, 1917, *бәрінде* деуге болады) «мемлекеттік машина» бюрократиялық-әскери машина болып табылады. Бір жағынан, осы машинаны жасаудың (орта ғасырлар,— абсолюттік монархия,— конституциялық монархия,— парламентарлық монархия немесе республика), екінші жағынан, оны «өзінің ең таза мағынасына жеткізудің» (1917 барлық жерде!!), сөйтіп оны *«Zerstörung»* жолындағы күресті жақындата түсудің *жалпы* капиталистік процесі Францияда «ерекше» *«классикалық»* айқындылықпен бейнеленді. Міне нақ осы «Zerstörung» туралы, «brechen», «zerbrechen» туралы мәселе жөнінде оппортунистер

Міне тамаша жерлер осы! *Француз тарихының*, Энгельстің «18-брюмердің» 3-басылуына алғы сөзде айтқанындай (Vorrede zur dritten Auflage), ерекше маңызы бар, атап айтқанда:

«Франция — таптардың тарихи күресі әрбір ретте *басқа елдердегіден гөрі көбірек жеріріне жеткізіліп* келген ел. Францияда өзгере беретін саяси формалар *неғұрлым айқын* түрде шыңдалып жасалды, ал осы формалардың ішінде әлгі тап күресі ілгері басты және олардан күрес нәтижелері көрініс тапты (3—4-беттер). Орта ғасырларда феодализмнің ордасы болған, Ренессанс заманынан бері біртектес сословиелік монархияның үлгілі елі болған Франция ұлы революция кезінде феодализмнің күл-талқанын шығарды да, буржуазияның таза үстемдігін *классикалық айқындылық пен* орнатты, мұны Европаның өзге елдерінің ешқайсысы да істей алмаған еді. Үстем буржуазияға қарсы бас көтеріп келе жатқан пролетариаттың күресі де мұнда *өзге елдер әлі білмеген* шиеленіскен формада көрініп отыр» (4-бет)*. ((Бұл алғы сөзге төртінші басылуында жазылған уақыты көрсетілмей тек қана *Ф. Э.* деп белгі соғылған. Жазылған уақытын анықтау үшін 3-басылуын табу керек!! Айта кетсек, Энгельс бұл арада «18-брюмерді» — «шындығында, бұл данышпандық еңбек болды»[132] деп атайды.))

Капиталистік мемлекеттердің көпшілігінде (қазір, 1917, бәрінде деуге болады) «мемлекеттік машина» бюрократиялық-әскери машина болып табылады. Бір жағынан, осы машинаны жасаудың (орта ғасырлар,— абсолюттік монархия,— конституциялық монархия,— парламентарлық монархия немесе республика), екінші жағынан, оны «өзінің ең таза мағынасына жеткізудің» (1917 барлық жерде!!), сөйтіп оны *«талқандау»* жолындағы күресті жақындата түсудің *жалпы* капиталистік процесі Францияда «ерекше» *«классикалық»* айқындылықпен бейнелепді. Міне нақ осы «талқандау» туралы, «сындыру», «қирату» туралы мәселе жөнінде оппортунис-

* Қараңыз: осы том, 85-бет. *Ред.*

де, каутскийшілдер де ұдайы *жұмған ауыздарын ашпайды!!!*

Маркс 18*52* ж. «brechen», «Zerstörung» дейді.

Маркс 18*71* ж. «zerbrechen» дейді.

Энгельс 18*72* ж. («Zur Wohnungsfrage», 2. Auflage, 1887, S. 55 in finem) «пролетариат диктатурасы» туралы. Маркс idem 1875 ж. («Гота программасына сын»).

Маркстің Коммуна мүшелері Франкель мен Варленге хаты, қарау керек: *«Neue Zeit»*-те, *29*, 1, S. 796 (10. III. 1911). Бұл хат 13. V. 1871 жазылған. Коммунаға барынша тілектес болған Маркс, Коммуна істері жөнінде өзінің жүздеген хат жазғанын айтады. Провинциялар жайында ол былай деп жазады: «leider ist ihre (провинциялардың) Aktion eine lokal beschränkte und «friedliche» (pacifique)»... «Die Kommune verschwendet, wie mir scheint, zu viel Zeit mit Kleinigkeiten und persönlichen Streitereien» (796)*.

«ZUR KRITIK DES SOZIALDEMOKRATISCHEN PROGRAMMENTWURFES 1891»

Энгельс 1891 жылы айтады («Zur Kritik des sozialdemokratischen Programmentwurfes 1891», *«Neue Zeit»*, XX, 1, 1901—1902, Seite 5 ff. Энгельстің осы сынды жолдағаны туралы Каутскийге хатының жазылған уақыты 29. VI. 1891 деп көрсетілген).

NB ‖ «Die politischen Forderungen des Entwurfes haben einen großen Fehler. Das, was eigentlich gesagt werden sollte, *steht nicht drin*» (курсив Энгельстікі) (S. 9).

Сөйтіп Энгельс герман конституциясы — 1850 ж. конституцияның «Abklatsch»-ы, рейхстаг (Либкнехттің айтқанындай) — «das Feigenblatt des Absolutismus» (S. 10) деп түсіндіреді.

---

* Қоршауға алынған тексті В. И. Ленин қолжазбаның жапынаашет жағынан жазған. *Ред.*

тер де, каутскийшілдер де ұдайы *жұмған ауыздарын ашпайды!!!*

Маркс 18*52* ж. «сындыру», «талқандау»[133] дейді.

Маркс 18*71* ж. «сындыру»[134] дейді.

Энгельс 18*72* ж. («Тұрғын үй мәселесіне», 2-басылуы, 1887, 55-бет соңында) «пролетариат диктатурасы» туралы[135]. Маркс те сол туралы 1875 ж. («Гота программасына сын»)[136].

Маркстің Коммуна мүшелері Франкель мен Варлепге хаты, қарау керек: *«Neue Zeit»*-те, *29,* 1, 796-бет (10. III. 1911). Бұл хат 13. V. 1871 жазылған. Коммунаға барынша тілектес болған Маркс, Коммуна істері жөнінде өзінің жүздеген хат жазғанын айтады. Провинциялар жайында ол былай деп жазады: «амал не, олардың (провинциялардың) қозғалысының тым жергілікті және «бейбіт» сипаты бар»... «Менің ойымша, Коммуна ұсақ-түйектерге, бас араздықтарға тым көп уақыт кетіріп жүр» (796)[137].

«1891 ЖЫЛҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОГРАММА ЖОБАСЫНА СЫН ЖӨНІНДЕ»

Энгельс 1891 жылы айтады («1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде», *«Neue Zeit»*, XX, 1, 1901—1902, 5 және келесі беттер[138]. Энгельстің осы сынды жолдағаны туралы Каутскийге хатының жазылған уақыты 29. VI. 1891 деп көрсетілген[139]).

«Жобаның саяси талантарында үлкен кемшілік бар. Нақ айтылуға тиісті нәрсе *жобада жоқ* (курсив Энгельстікі)» (9-бет)*. NB

Сөйтіп Энгельс герман конституциясы — 1850 ж. конституцияның «көшірмесі», рейхстаг (Либкнехттің айтқанындай) —«абсолютизмнің бүркеніші» (10-бет) деп түсіндіреді.

---

* Қараңыз. осы том, 75-бет. *Ред.*

«...Auf Grundlage dieser Verfassung und der von ihr sanktionierten Kleinstaaterei, auf Grundlage eines Bundes zwischen Preußen, Reuß Greiz Schleiz Lobenstein, wovon das eine soviel Quadratmeilen hat als das andre Quadratzoll, auf solcher Grundlage die «Umwandlung aller Arbeitsmittel in Gemeineigentum» durchführen zu wollen, ist augenscheinlich sinnlos.

Daran zu tasten, ist aber gefährlich. Und dennoch muß so oder so die Sache angegriffen werden. Wie nötig das ist, beweist gerade jetzt der in einem großen Teile der sozialdemokratischen Presse einreißende Opportunismus. Aus Furcht vor einer Erneuerung des Sozialistengesetzes, aus der Erinnerung an allerlei unter der Herrschaft jenes Gesetzes gefallenen voreiligen Äußerungen soll jetzt auf einmal der gegenwärtige gesetzliche Zustand in Deutschland der Partei genügen können, alle ihre Forderungen auf friedlichem Wege durchzuführen».

NB: дәлел және «халық еркі...»

Бұдан әрі Энгельс былай дейді: демократиялық республикалар болып табылатын елдерде, Францияда, Америкада, «wo die bevorstehende Abkaufung der Dynastie tagtäglich in der Presse besprochen wird und wo diese Dynastie gegen den Volkswillen ohnmächtig ist...» Англия сияқты монархияларда ғана «бейбіт» «ұласу» жайында сөз етуге болады («man kann sich vorstellen»— мұның өзі тек *шамалауға* ғана болады деген сөздерден әлсізірек және сағырақ)

«...Осы конституцияның және ол заңдастырған ұсақ мемлекеттерге бөлшектенушіліктің негізінде, одақтастардың бірінің қанша шаршы дюйм жері болуына қарай, одақтастардың екіншісінің сонша шаршы миль жері болатын Пруссия мен Рейс-Грейц-Шлейц-Лобенштейн арасында жасалған одақ негізінде,— осындай негізде «еңбек құралдарының бәрін ортақ меншікке айналдыруды» жүзеге асырмақ болу — көпе-көріноу мағынасыздық.

Бұл тақырыпты қозғау қауіпті. Бірақ іс, солай бола тұрса да, қайткен күнде де алға жылжытылуға тиіс. Мұның қаншалық дәрежеде қажет екендігін социал-демократиялық баспасөздің көп бөлігінде нақ қазір өріс алып отырған (einreiβende) оппортунизм көрсетіп отыр. Социалистерге қарсы заңның қайта шығуынан қорқып, немесе осы заң үстем болып тұрғанда күні бұрын жасалған кейбір мәлімдемелерді еске түсіріп, жұрт енді Германиядағы қазіргі заң тәртібін партия өзінің барлық талаптарын бейбіт жолмен жүзеге асыруына жеткілікті тәртіп деп тануын тілейді»*.

Бұдан әрі Энгельс былай дейді: демократиялық республикалар болып табылатын елдерде, Францияда, Америкада, «ақшалай сый-сияпат үшін династияның өз билігінен алдағы уақытта бас тартуы баспасөзде күн сайын талқыланып отырған және осы династия халық еркі алдында дәрменсіз болып отырған...» Англия сияқты монархияларда ғана «бейбіт» «ұласу» жайында сөз етуге болады («шамалауға болады» — мұның өзі тек *шамалауға* ғана болады деген сөздерден әлсізірек және сағырақ)

NB: дәлел және «халық еркі...»

* Қараңыз: осы том, 76-бет. *Ред.*

«Aber in Deutschland, wo die Regierung fast allmächtig und der Reichstag und alle anderen Vertretungskörper ohne wirkliche Macht, in Deutschland so etwas proklamieren und noch dazu ohne Not, heißt das Feigenblatt dem Absolutismus abnehmen und sich selbst vor die Blöße binden.

((Абстракт нәрсені 1-қатарға қойып, нақты нәрсені бояма-лау!!)) *Nota bene!* NB

Eine solche Politik kann nur die eigene Partei auf die Dauer irreführen. Man schickt allgemeine, abstrakte politische Fragen in den Vordergrund und verdeckt dadurch die nächsten konkreten Fragen, die Fragen, die bei den ersten großen Ereignissen, bei der ersten politischen Krise sich selbst auf die Tagesordnung setzen. Was kann dabei herauskommen, als daß die Partei plötzlich im entscheidenden Moment ratlos ist, daß über die entscheidendsten Punkte Unklarheit und Uneinigkeit herrscht, weil diese Punkte *nie diskutiert* worden sind...» (S. 10).

ғажап! бастысы алынған! NB

«Dies (S. 11) Vergessen der großen Hauptgesichtspunkte über den augenblicklichen Interessen des Tages, dies Ringen und Trachten nach dem Augenblickserfolg ohne Rücksicht auf die späteren Folgen, dies Preisgeben der Zukunft der Bewegung um der Gegenwart der Bewegung willen mag «ehrlich» gemeint sein, *aber Opportunismus ist* und *bleibt* es, und **der «ehrliche» Opportunismus** *ist vielleicht der gefährlichste von allen.* Welches sind nun diese kitzlichen, aber sehr wesentlichen Punkte?»

«адал» оппортунизм бәрінен қауіптірек*

* Қоршауға алынған тексті В. И. Ленин түсті қарындашпен жазған. *Ред.*

«Бірақ үкіметі құдіретті дерлік, ал рейхстагының және басқа барлық өкілдік мекемелерінің шын өкіметі жоқ Германияда,— осындай Германияда бұл тәрізді нәрсені жариялау, және де ешбір қажеті жоқ жерде жариялау — абсолютизмнің бүркеншін жұлып тастап, жалаңаш тәнді өзің бүркеуің керек деген сөз.

Мұндай саясат, түбінде, партияны тек жалған жолға ғана сала алады. Жалпы, абстракт саяси мәселелерді алдыңғы қатарға қойып отыр, сөйтіп ең бірінші ірі оқиғаларда-ақ, ең бірінші саяси дағдарыста-ақ өзінен-өзі күн тәртібіне қойылатын таяудағы нақты мәселелерді бүркеп отыр. Бұдан мынадан басқа не шықпақ: партия шешуші кезеңде кенеттен дәрменсіз болып қалады, партияда шешуші мәселелер жөнінде көмескілік және бірліктің жоқтығы басым болады, өйткені бұл мәселелер *еш уақытта талқыланған жоқ...»* (10-бет).

((Абстракт нәрсені 1-қатарға қойып, нақты нәрсені бояма-лау!!))
Nota bene!
NB
ғажап!
бастысы алынған!
NB

«Бүгінгі күннің минуттық мүдделеріне (11-бет) бола ұлы, түбегейлі пікірлерді осылай ұмытушылық, минуттық табыстардың қызығына осылай түсушілік және келешектегі нәтижелерді есепке алмай, сол минуттық табыстарға бола күресушілік, келешектегі қозғалысты қазіргі қозғалысқа осылай құрбан етушілік, мүмкін, «адал» дәлелдерге бола істеліп отырған шығар. *Бірақ* мұның өзі — *оппортунизм* және оппортунизм *болып қала береді* де, ал **«адал» оппортунизм,** *бәлкім, басқаларының бәрінен де қауіптірек болар**. Ал осы шетін, бірақ өте елеулі пункттер қандай?»

«адал» оппортунизм бәрінен қауіптірек

* Қараңыз: осы том, 76—77-беттер. *Ред.*

«Erstens. Wenn etwas feststeht, so ist es dies, daß unsere Partei und die Arbeiterklasse nur zur Herrschaft kommen kann unter der Form der demokratischen Republik. **Diese ist sogar die spezifische Form für die Diktatur des Proletariats, wie schon die große französische Revolution gezeigt hat...»**

«...Nun scheint es gesetzlich nicht anzugehen, daß man die Forderung der Republik direkt ins Programm setzt, obwohl das sogar unter Louis Philippe in Frankreich ebenso zulässig war wie jetzt in Italien. Aber das Faktum, daß man nicht einmal ein offen republikanisches Parteiprogramm in Deutschland aufstellen darf, beweist, wie kolossal die Illusion ist, als könne man dort auf gemütlich friedlichem Wege die Republik einrichten und nicht nur Republik, sondern die kommunistische Gesellschaft.

Indes kann man an der Republik sich allenfalls vorbeidrücken. Was aber nach meiner Ansicht hinein sollte und hinein kann, das ist die Forderung der *Konzentration aller politischen Macht in den Händen der Volksvertretung*. Und das
«егер» würde einstweilen genügen, wenn man
«өзірге» nicht weitergehen kann».

«Zweitens. Die Rekonstitution Deutschlands...» Атап айтқанда (a) Kleinstaaterei-ды жою, (b) «Preußen muß aufhören zu existieren, muß in selbstverwaltende

Қолжазбаның бірінші бетінде кітаптың авторы «Ф. Ф. Ивановский» деп көрсетілген. Уақытша үкімет шығарманы конфискелемеуі үшін Ленин өз еңбегін әлгі бүркеншік есіммен шығаруды ұйғарды. «Мемлекет және революция» деген кітапты бастырып шығару 1918 жылы жүзеге асырылғандықтан, бұл бүркеншік есімнің қажеттігі болмады, сондықтан кітап Владимир Ильичтің «В. Ильин (Н. Ленин)» деген белгілі әдеби бүркеншік есімімен тиражы 30 700 дана болып шықты. Кітаптың алғы сөзі мен I тарауының 1 және 2-параграфтарының 1917 жылы 17(30) декабрьде «Правда» газетінде жариялануы Ленин шығармасының кең таралуына жәрдемдесті. Кітапты жергілікті баспалар да басып шығарды.

«Мемлекет және революция» кітабының екінші басылуы 1919 жылы жүзеге асырылды. Автор екінші тарауға

«Маркстің 1852 жылғы мәселе қойысы» деген жаңа параграф енгізді.

Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітабы СССР-де және шет елдерде кең таралды. Ол 1918 жылдан 1961 жылға дейін СССР-де 190 рет, СССР халықтарының 46 тілінде тиражы 6592 мың дана болып басылып шықты. Толық емес деректер бойынша, шет елдерде Лениннің кітабы 35 тілде шықты.— *1.*

2 *Фабийшылдар* — Фабий қоғамының — 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымының мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл шайқас жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (С. және Б. Вебבтер, Р. Макдональд, Б. Шоу және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау, қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. В. И. Ленин фабийшылдықты «*барып тұрған оппортунизм* бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 363-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) фабийшылдар социал-шовинизм позициясын ұстады. Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *3.*

3 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 23—178-беттер.— *7.*

4 Мемлекет теориясын Гегель 1821 жылы басылып шыққан «Grundlinien der Philosophie des Rechts» («Право философиясының негіздері») деген кітабының қорытынды бөлімінде баяндады. Гегельдің кітабын (мемлекет туралы мәселе түсіндірілетін 261—313-параграфтарды) Маркс «Гегельдің право философиясына сын жөнінде» деген еңбегінде (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 219—368, 414—429-беттер) кең түрде талдайды. Гегельдің көзқарастарын сын көзбен қарап талдаудың нәтижесінде Маркстің жасаған қорытындылары туралы Энгельс «Карл Маркс» деген мақаласында былай деп жаз-

ды: «Гегельдің право философиясына сүйене отырып, Маркс адамзаттың тарихи даму процесін ұғынуға кілтті Гегельдің «бүкіл ғимараттың көркі» деп суреттеген мемлекетінен емес, қайта, керісінше, Гегельдің соншалық менсінбей қараған азаматтық қоғамынан»— міне осы саладан іздеу керек деген сенімге келді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 378—379-беттер).— *7.*

[5] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 169—170-беттер.— *8.*

[6] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», социалист-революционерлер партиясы, т. т.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлер меньшевиктермен бірге буржуазиялық Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді. Октябрь қарулы көтерілісі қарсаңында партия капиталистік құрылысты қорғап, ашықтан-ашық контрреволюциялық буржуазия жағына шығып кетті, сөйтіп революцияшыл халық бұқарасынан аулақтанып қалды.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы

ақ гвардияшылар қосынында жүріп, дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *9.*

[7] *Қоғамның гентильдік, рулық ұйымы* — алғашқы қауымдық құрылыс, немесе адамзат тарихындағы тұңғыш қоғамдық-экономикалық формация. Рулық қауым шаруашылық және қоғамдық байланыстармен біріккен қаны бір туыстар коллективі болды. Рулық құрылыс өз дамуында екі дәуірден: матриархат және патриархат дәуірлерінен өтті. Патриархат алғашқы қауымдық қоғамның таптық қоғамға айналып, мемлекеттің шығуымен аяқталды. Алғашқы қауымдық құрылыстың өндірістік қатынастарының негізі өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік және өнімдерді теңгере бөлу болды. Мұның өзі сол дәуірдегі өндіргіш күштер дамуының төмен дәрежесіне және олардың сипатына негізінен алғанда сай келді.

Алғашқы қауымдық құрылыс туралы мыналарды қараңыз: К. Маркс. «Льюис Г. Морганның «Ежелгі қоғам» деген кітабының конспектісі» (Маркс пен Энгельстің архиві, IX том, 1941) және Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегі (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 23—178-беттер).— *10.*

[8] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылуы, 21-том, 170—171-беттер.— *10.*

[9] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 171-бет.— *13.*

[10] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 214—225-беттер.— *13.*

[11] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 171-бет.— *14.*

[12] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 171—172-беттер.— *15.*

[13] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 172—173-беттер.—*15.*

[14] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 173-бет.— *16.*

[15] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 173-бет.— *17.*

[16] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 291—292-беттер.— *19.*

17 Бұл арада К. Маркстің «Гота программасына сын» (IV бөлім) және Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген еңбектері, сондай-ақ Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хаты туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 26—32-беттер; 20-том, 291—292-беттер; 19-том, 1—8-беттер).— *22.*

18 К. Маркс. «Капитал», I том (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 761-бет).— *23.*

19 1618—1648 жылдардағы *отыз жылдық соғыс* — жалпы европалық бірінші соғыс, ол европалық мемлекеттердің әр түрлі топтасулары арасындағы қайшылықтардың шиеленісуінің нәтижесі болды және протестанттар мен католиктердің арасындағы күрестің формасына айналды. Соғыс Габсбург монархиясының езгісіне және католиктік реакцияның өршуіне қарсы Чехияда болған көтерілістен басталды. Кейіннен соғысқа араласқан европалық мемлекеттер екі лагерь құрды. Папа, Испания және Австрия Габсбургтері, Германияның католиктік князьдары католицизм туының астында бірігіп, протестанттық елдерге: Чехияға, Данияға, Швецияға, Голландия республикасына және Реформацияны қабылдаған бірқатар неміс мемлекеттеріне қарсы шықты. Протестанттық елдерді француз корольдері — Габсбургтердің қарсыластары қолдады. Германия осы күрестің басты майданы, соғысқа қатысушылардың соғыс тонауы мен басқыншылық әрекеттерінің объектісі болды. Соғыс Германияның саяси бөлшектенуін ныгайта түскен Вестфаль бітімін жасасумен аяқталды.— *23.*

20 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 189-бет.— *23.*

21 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 184—185-беттер.— *24.*

22 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 459-бет.— *24.*

23 *Гота программасы* — Германия социалистік жұмысшы партиясының программасы; 1875 жылы Готада болған съезде оған дейін жеке-жеке өмір сүріп келген немістің социалистік екі партиясын: эйзенахшылдар (А. Бебель мен В. Либкнехт басшылық еткен, Маркс пен Энгельстің идеялық ықпалында болған) мен лассальшылдар біріккенде қабылданған программа. Программаға эклектизмнің зардабы тиді және ол оппортунистік программа болды, өйткені эйзенахшылдар аса маңызды мәселелер жөнінен лассальшылдардың ырқымен кетіп, лассальдық тұжырымдарды қабыл-

лады. К. Маркс «Гота программасына сын» деген еңбегінде және Ф. Энгельс 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хатында Гота программасының жобасын өлтіре сынап, оны 1869 жылғы Эйзенах программасымен салыстырғанда едәуір кері кеткендік деп бағалады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 9—32, 1—8-беттер).— *24.*

24 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 184-бет.— *26.*

25 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 435, 446-беттер.— *26.*

26 «Марксизм мемлекет туралы» деген еңбекте Лениннің былай деп жазғаны бар: «Мынаны тауып, анықтау керек: Маркс пен Энгельс *1871 жылға дейін* «пролетариат диктатурасы» туралы айтты ма, жоқ па? Айтқап жоқ сияқты!» (осы том, 175-бет). «Мемлекет және революция» деген кітабын жазған кезінде В. И. Ленин, сірә, бұл мәселені анықтай алмаса керек. К. Маркстің И. Вейдемейерге жазған хаты туралы Ленин, сірә, кейінірек, кітап басылып шыққаннан кейін ғана білсе керек. «Мемлекет және революция» деген кітаптың бірінші басылуының В. И. Ленинге тиесілі данасының соңғы бетінде неміс тілінде жазылған мынадай сөздер бар: ««Neue Zeit» (XXV, 2-том, 164-бет), 1906—1907, № 31 (2. V. 1907): Ф. Меринг: «К. Маркс пен Ф. Энгельстің өмірбаяны жөніндегі жаңа материалдар», Маркстің 5. III. 1852 Вейдемейерге жазған хатынан», ал бұдан әрі осы хаттан алынған үзінді келтіріледі, онда пролетариат диктатурасы туралы сөз болады.

Ленин «Мемлекет және революция» деген кітабының 1919 жылы шыққан екінші басылуына тиісті қосымша енгізген (осы том, 37—39-беттер).— *26.*

27 XIX ғасырдың аяғында — XX ғасырдың басында бірқатар елдерде буржуазияның билеуші топтары жұмысшы қозғалысын жікке бөлуге және бөлмашы кеңшіліктер жасау арқылы пролетариатты революциялық күрестен алаңдатуға тырыса отырып, күрделі айла-шарғы қолданды: социалистік партиялардың кейбір реформистік лидерлерін реакциялық буржуазиялық үкіметтерге қатыстырды. «Министрлік орынға бола буржуазияға сатылып, жұмысшы табына тікелей опасыздық етушілердің» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 17-том, 262-бет) бірі Джон Бернс Англияда 1892 жылы парламентке сайланды. Буржуазияның өз саясатын жүзеге асыруына көмектескен социалист Александр Этьенн Мильеран Францияда 1899 жылы Р. Вальдек-Руссоның буржуазиялық үкіметіне кірді. Мильеранның реакциялық буржуазиялық үкіметке енуі Францияның

жұмысшы қозғалысына үлкен зиян келтірді. В. И. Ленин мильеранизмді ренегаттық, ревизионизм, «практикалық бернштейншілдік» деп сипаттады. Мильеран типіндегі «социалистер», деп атап көрсетті Ленин, «болмашы әлеуметтік реформалар жасау дегенмен» жұмысшы табын революциялық күрестен аландатып отырды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 27-бет). Италияда XX ғасырдың бас кезінде Леонид Биссолати, Иваноэ Бономи және басқа социалистер үкіметпен ынтымақтасудың неғұрлым ашық жақтастары болды, бұлар 1912 жылы социалистік партиядан шығарылды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бірқатар елдердегі социал-демократиялық партиялардың оңшыл оппортунистік лидерлері ашықтан-ашық социал-шовинизм позициясына көшті, өз елдерінің буржуазиялық үкіметтеріне кіріп, олардың саясатын жүргізушілер болды. ««Алдыңғы қатарлы» парламентті елдердің пролетариаты,— деп көрсетті Ленин,— Шейдемандар, Давидтер, Легиндер, Самбалар, Ренодельдер, Гендерсондар, Вандервельделер, Стаунингтер, Брантингтер, Биссолатилер және К° сықылды «социалистерді» көргенде барынша жиіркеніп, анархо-синдикализмнің оппортунизммен бір туысқандығына қарамастан, анархо-синдикализмді барған сайын жиі ұпатса, мұның таңдаларлық ештеңесі жоқ» (осы том, 50-бет). Ленин бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Табандатқан он «социалистік» министр» деген мақаласында (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 216—218-беттер) оңшыл социал-демократтар лидерлерінің оппортунистік қызметін ашып көрсетеді.— *28.*

28 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 205—206-беттер.— *31.*

29 Россиядағы екінші буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде 1917 жылы 27 февральда (12 мартта) самодержавие құлатылып, буржуазиялық Уақытша үкімет құрылды. В. И. Ленин «1917 жылғы 4(17) марттағы тезистердің нобайында», «Алыстан жазылған хаттарда» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 1—6, 9—65-беттер) және басқа еңбектерінде Уақытша үкіметке сипаттама берді.— *33.*

30 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Кадеттер бұдан былай империалистік

буржуазияның партиясына айналып кетті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсенді қолдап отырды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Кадеттер буржуазиялық Уақытша үкіметте басшылық роль атқара отырып, халыққа қарсы бағытталған, американ-ағылшын-француз империалистеріне тиімді контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы көтерілістер мен интервенттердің жорықтарына қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда болған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық қызметтерін тоқтатқан жоқ.— *34.*

[31] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 258—259-беттер.— *35.*

[32] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман»)— Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылдың октябріне дейін К. Каутский, кейіннен — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары тұңғыш рет жарияланды. Энгельс өзінің ақыл-кеңестері арқылы журнал редакциясына көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінуге жол берілгені үшін оны жиі сынады. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары үнемі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын ашқан Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» атты сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *37.*

[33] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 64-бет.— *37.*

[34] Пролетариат диктатурасы формаларының алуан түрлілігі туралы қағиданы В. И. Ленин тұңғыш рет 1916 жылдың өзінде-ақ «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласында айтты, мақала Пятаковтың оппортунистік көзқарастарына қарсы бағытталды. Бұл мақала Октябрь социалистік революциясынан кейін, тек 1924 жылы ғана жарық көрді. Империализм жағдайында тарихи дамудың барысын талдай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Барлық ұлттар да социализмге жетеді, бұл даусыз, бірақ бұлардың бәрі дәл бірдей

болып жетпейді, олардың әрқайсысы демократияның белгілі бір формасына, пролетариат диктатурасының белгілі бір түріне, қоғам өмірінің әр түрлі салаларына социалистік өзгеріс енгізудің белгілі бір қарқынына өзіндік өзгешелік енгізеді. «Тарихи материализмге бола» келешекті *бұл* жөнінен бір түсті сұрғылт бояумен суреттеуден асқан ешқандай теориялық бейшаралық, практикада күлкіге ұшыраушылық болмайды: келешекті бұлай суреттеу суздальдықтар салған сатпақ бірдеңе болар еді де, одан артық түк те болмас еді» (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 139-бет).

Бұдан әрі Ленин пролетариат диктатурасы формаларының алуан түрлілігі өкіметтің жұмысшы табының қолына өтуінің әр түрлі формаларынан, әр түрлі елдердегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың өзгешелігінен туатындығын атап көрсетті. Мәселен, 1919 жылы жазылған «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген мақаласында Ленин Совет өкіметін Россияның тарихи даму ерекшеліктерін бейнелеген пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы деп сипаттайды, Совет пролетарлық мемлекетінің жалпы және өзіне тән белгілерін ашып көрсетеді (қараңыз: Шығармалар, 30-том, 93—103-беттер).

Халықаралық азаттық қозғалысы Октябрь социалистік революциясынан кейін, әсіресе екінші дүние жүзілік соғыстан кейін пролетариат диктатурасының Совет өкіметінен өзгешелігі бар жаңа формасын — халықтық демократияны алға тартты; халықтық демократия Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа мен Азияның бірқатар елдерінде орнықты. Халықтық демократияның пайда болуы революцияның әлеуметтік базасын кеңейткен, қазіргі капиталистік дүниедегі таптық ілгерілеушіліктерді бейнелеген, революцияның жалпы демократиялық және социалистік міндеттерін жақындастырған өзгерген тарихи жағдайлардың нәтижесінде мүмкін болды. «Халқы өлшеусіз көп және әлеуметтік жағдайлары өлшеусіз әр қилы болған Шығыс елдеріндегі бұдан былайғы революциялардың,— деп жазды Ленин 1923 жылы «Біздің революция туралы» деген мақаласында,— оларға өзгешеліктерді орыс революциясынан да сөзсіз көп береді» (Шығармалар, 33-том, 481-бет).

В. И. Лениннің данышпандық көрегендігін тарих толық дәлелдеп отыр.— *39.*

85 Бұл арада «Европа мен Құрама Штаттардағы Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің мүшелеріне Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеу хаты» туралы айтылып отыр, үндеу хатты Маркс 1870 жылы 6 және 9 сентябрь аралығында Лондонда жазған болатын (қараңыз:

К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 274—282-беттер).— *39.*

36 Бұл арада Г. В. Плехановтың «Біздің жағдайымыз», «Тағы да біздегі жағдай туралы (Х жолдасқа хат)» деген мақалаларында айтқан пікірлері туралы айтылып отыр, мақалалар 1905 жылы ноябрь мен декабрьде «Дневник Социал-Демократаның» 3 және 4-номерлерінде жарияланған болатын.— *40.*

37 Қараңыз: К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер).— *40.*

38 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 90-бет.— *40.*

39 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 17-том, 339-бет.— *40.*

40 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер.— *41.*

41 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446-бет.— *44.*

42 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 339, 340, 341, 342, 343-беттер.— *46.*

43 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 345-бет.— *49.*

44 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 342, 344-беттер.— *50.*

45 *«Дело Народа»* («Халық Ісі»)— күнделікті газет, эсерлер партиясының органы; 1917 жылғы марттан 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды, атын бірнеше рет өзгертті. 1917 жылы газет редакциясына В. М. Зензинов, Р. В. Иванов-Разумник, В. В. Лункевич, Н. И. Ракитников, Н. С. Русанов, В. М. Чернов кірді. Газет қорғампаздық және келісімпаздық позиция ұстады, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Газет 1918 жылы октябрьде Самарада (4 номері шықты) және 1919 жылы мартта Москвада (10 номері шықты) қайта шықты. Газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды.— *52.*

46 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 343—344-беттер.— *56.*

47 *Жирондистер* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның саяси

тобы. Жирондистер баяу буржуазияның мүдделерін білдіріп, революция мен контрреволюция арасында ауытқып, монархиямен келісімге келу бағытын ұстады.— *60.*

48 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 344, 345-беттер.— *60.*

49 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 345—346-беттер.— *61.*

50 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 203—284-беттер.— *62.*

51 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 221-бет.— *63.*

52 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 278-бет.— *64.*

53 *Бланкистер* — француз социалистік қозғалысындағы аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарған ағымды жақтаушылар. Бланкистер «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» күтті (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет). Революциялық партияның қызметін заговоршылардың құпия шағын тобының әрекетімен алмастырған олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *65.*

54 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 262-бет.— *65.*

55 *Прудонистер* — ұсақ буржуазиялық социализмнің ғылымға жат, марксизмге қас ағымын жақтаушылар, бұл ағым өзінің идеологы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынап, Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгі-бақи сақтауды арман етті, «халықтық» және «айырбас» банктерін ұйымдастыруды ұсынды, осылар арқылы жұмысшылар өздерінің меншікті өндіріс құрал-жабдықтары болатын халге жетіп, қолөнерші бола алады және өздерінің өнімдерін «әділетті түрде» өткізуді қамтамасыз ете алады деп санады. Прудон пролетариаттың тарихи ролін түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына теріс көзқараста болды; мемлекеттің қажеттігін анархистік тұрғыдан теріске шығарды. Маркс пен Энгельс прудонистердің өз көзқарастарын I Интернационалға таңу

жөніндегі әрекеттеріне қарсы дәйекті күрес жүргізді. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизмді өлтіре сынады. Маркстің, Энгельстің және олардың жақтастарының I Интернационалдағы прудонизмге қарсы батыл күресі марксизмнің прудонизмді толық жеңуімен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасын бойына сіңіре алмайтын «мещанин мен филистердің топастығы» деп атады. Таптық ынтымақтасуды уағыздау үшін буржуазия «теоретиктері» прудонизм идеяларын кең пайдаланды.— *66.*

56 Бұл арада К. Маркстің «Саяси индифферентизм» деген мақаласы мен Ф. Энгельстің «Бедел туралы» деген мақаласы туралы айтылып отыр, бұл мақалалар 1873 жылы декабрьде «Almanacco Repubblicano per l'anno 1874» («1874 жылға арналған Республикалық Альманах») деген итальян жинағында, одан соң неміс тіліне аударылып, 1913 жылы «Die Neue Zeit» журналында жарияланған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 296—301, 302—305-беттер).— *66.*

57 К. Маркс. «Саяси индифферентизм» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 297-бет).— *66.*

58 Ф. Энгельс. «Бедел туралы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 304-бет).— *67.*

59 Ф. Энгельс. «Бедел туралы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 304—305-беттер).— *69.*

60 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер.— *70.*

61 Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 9—32-беттер).— *70.*

62 Бұл арада К. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегі туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер).— *71.*

63 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 5-бет.— *71.*

64 *Эрфурт программасы* — Герман социал-демократиялық партиясының программасы, 1891 жылы октябрьде Эрфуртта болған съезде қабылданды. Эрфурт программасы Гота

программасымен (1875) салыстырғанда бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы табының саяси күрес жүргізуінің қажеттігі баса айтылды, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді; бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі икемделушілікке жол берілді. Ф. Энгельс программаның бастапқы жобасын «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген еңбегінде жан-жақты сынға алды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 227—243-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы оның басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен шегінуі болды деп есептеді.— *73.*

65 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 234-бет.— *74.*

66 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 236-бет.— *75.*

67 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғынға ұшыратылды, жер аударылды. Алайда қуғындау мен жазалау социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы — «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларды құпия Орталық Комитет басқарды. Сонымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды, оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Бұқаралық қозғалыс пен барған сайын күшейе

түскен жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *76.*

68 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 236-бет.— *76.*

69 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 237-бет.— *76.*

70 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 237-бет.— *77.*

71 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 238—239-беттер.— *79.*

72 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 239—240-беттер.— *81.*

73 *«Правда»* («Шындық») — күнделікті большевиктік жария газет; газеттің бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды, газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды.

«Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Орталық және Петербург комитеттерінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. 1914 жылы 8(21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5(18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық және Петербург комитеттерінің органы ретінде шыға бастады.

Ленин Петроградқа келгеннен кейін редакция құрамына енді, сөйтіп «Правда» буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың лениндік жоспары жолында күрес бастады.

1917 жылы июль — октябрьде контрреволюциялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап газет өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңыз-

ды орын алады. Ол тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды. «Правда» тұңғыш жария бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россия жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. «Правданың» бірінші номері шыққан күн 1914 жылдан бастап жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» онжылдық мерекесіне» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; 25-том, 249—258, 411—423, 464—472-беттер, Шығармалар, 33-том, 345—348-беттер) және басқалар.— *81.*

74 Қараңыз: Ф. Энгельс. «К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне кіріспе» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 189—201-беттер).— *82.*

75 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 191-бет.— *83.*

76 Бұл арада Уақытша үкіметтің министрі меньшевик Церетелидің 1917 жылы 11(24) июньде Советтердің Бүкіл россиялық I съезі Президиумының, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің, шаруа депутаттары Советі Атқару комитетінің және съездегі барлық фракциялар бюросының біріккен мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр. Эсерлік-меньшевиктік лидерлер бұл мәжілісті ұйымдастырғанда, онда өздерінің көпшілік болуын пайдалана отырып, большевиктік партияға соққы беру үшін ұйымдастырды. Өзінің байбаламға толы сөзінде Церетели 10(23) июньде большевиктер бастаған демонстрация «большевиктердің үкіметті құлатып, өкіметті басып алу үшін жасаған заговоры» болды деп мәлімдеді. Церетелидің бүкіл сөзі жалақорлық және контрреволюциялық сөз болды. Церетелидің, эсерлер мен меньшевиктердің басқа да лидерлерінің жаласына қарсылық білдіру белгісі ретінде большевиктер мәжілістен кетіп қалды. В. И. Ленин бұл мәжіліске қатыспады және оған қатысуға қарсы болды. «Правда» газетінің редакциясына жазған хатында Ленин былай деп хабарлады: мен «большевиктердің мұндай мәселелер (манифестацияларға тыйым салу) жөніндегі кеңестердің ешқандайына да қатыспаймыз деген жазбаша мәлімдемесін табыс етіп, олардың бұл кеңеске қатысудан прин-

ципті түрде бас тартуын жақтадым» (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 373-бет).— *83.*

77 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 195-бет.— *84.*

78 *Los-von-Kirche-Bewegung* (шіркеуден бөліну жөніндегі қозғалыс), немесе Kirchenaustrittsbewegung (шіркеуден шығу жолындағы қозғалыс), Германияда бірінші дүние жүзілік соғыс алдында бұқаралық сипат алды. Бұл қозғалысқа Германия социал-демократиялық партиясының көзқарасы туралы мәселені талқылау 1914 жылы январьда «Die Neue Zeit» журналының беттерінде ревизионист Пауль Гёренің «Kirchenaustrittsbewegung und Sozialdemokratie» («Шіркеуден шығу жолындағы қозғалыс және социал-демократия») деген мақаласынан басталды. Дискуссияның барысында герман социал-демократиясының көрнекті қайраткерлері Гёреге тойтарыс бермеді, ал ол шіркеуден шығу жолындағы қозғалысқа көзқарас жөнінде партия бейтараптылықты сақтауға тиіс және өз мүшелерінің партия атынан дін мен шіркеуге қарсы насихат жүргізуіне тыйым салуға тиіс деп кесіп айтқан болатын.

В. И. Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабына (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 600—601-беттер) арналған материалдармен шұғылданғанда сол дискуссияға назар аударды.— *84.*

79 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 199-бет.— *85.*

80 Мүмкін болатын табыс окладтары жөнінде В. И. Ленин келтіріп отырған цифрлар 1917 жылдың екінші жартысындағы қағаз ақшада көрсетілген.

Россияда бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында қағаз ақшаның бағасы едәуір түсті.— *86.*

81 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 200-бет.— *86.*

82 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 200—201-беттер.— *88.*

83 *Лассальшылдар* — немістің ұсақ буржуавияшыл социалисі Ф. Лассальдың жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері; бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигте болған съезінде — жұмысшы табын өз ықпалына бағындыруға тырысқан буржуазияшыл прогрессистерге қарсы құрылды. Одақтың бірінші президенті Лассаль болды, ол Одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдады. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес — Одақтың саяси

программасы, мемлекеттің жәрдем ақшасымен жұмысшылардың өндіргіш ассоциацияларын құру — оның экономикалық программасы деп жарияланды. Пруссияның гегемон болуына бейімделген Лассаль мен оның жақтастары өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державалық саясатын қолдады; «объективтік жағынан алғанда,— деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылы 27 январьда К. Маркске,— бұл бүкіл жұмысшы қозғалысында пруссактардың пайдасына жасалған арамдық пен опасыздық болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс лассальшылдықтың теориясын, тактикасын және ұйымдық принциптеріп герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде талай рет қатты сынады.— *89.*

84 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 434—435-беттер.— *90.*

85 Бұл арада *РСДРП II съезі* туралы айтылып отыр, ол 1903 жылы 17 июльде — 10 августа (30 июльде — 23 августа) болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қуғындауына байланысты съезд мәжілістері Лондонға ауыстырылды.

Съезді «Искра» әзірледі, ол Лениннің басшылығымен Россия социал-демократтарын революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру жолында орасан зор жұмыс жүргізді.

Съездегі ең маңызды мәселелер партияның программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оның жақтастары съезде оппортунистермен батыл күрес жүргізді.

«Искра» редакциясы әзірлеген және съезде талқыланған партия программасының жобасына, әсіресе партияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пунктке және программаның аграрлық бөліміне оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс беріп, партия программасын бір ауыздан (бір адам қалыс қалды) бекітті, программада пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңісін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында бірінші рет революциялық программа қабылданды, онда Лениннің табандылығы арқасында пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылды.

Партия уставын талқылаған кезде партия құрылысының

ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінен қызу күрес болды. Ленин және оның жақтастары жұмысшы табының жауынгер революциялық партиясын құру үшін күресті. Сондықтан уставтың Ленин ұсынған бірінші параграфының тұжырымында партияға мүше болу программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарының біріне жеке басының тікелей қатысуы да шарт етіліп қойылды. Съезде Мартов бірінші параграф жөнінде өзінің тұжырымын ұсынды, ол партияға мүше болу үшін программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, тек партияның бір ұйымының басшылығымен жеке басының партияға үнемі жәрдемдесуін шарт етіп қойды. Барлық тұрақсыз элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезд шамалы көпшілік дауыспен қабылдады. Съезд негізінен Ленин дайындаған уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде «Искраның» бағытын дәйекті жақтаушылардың — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдардың — және Мартовты жақтаушылардың арасында жік туды. Лениндік бағытты жақтаушылар партияның орталық мекемелерін сайлауда көпшілік дауыс алып, большевиктер деп аталды, ал азшылық дауыс алған оппортунистер — меньшевиктер деп аталды.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ленин былай деп жазды: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет). РСДРП II съезі барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі-өнеге болған жаңа түрпатты пролетарлық партия құрып, халықаралық жұмысшы қозғалысында бетбұрыс пункт болды.— *90.*

86 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 201-бет.— *91.*

87 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 9—32-беттер.— *91.*

88 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер.— *92.*

89 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет.— *94.*

90 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет.— *95.*

91 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446-бет.— *95.*

92 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 344-бет).— *97.*

93 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 5-бет.— *97.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 18-бет.— *101.*

95 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 19-бет.— *102.*

96 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 19-бет.— *103.*

97 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 20-бет.— *105.*

98 *Шейлок* — В. Шекспирдің «Венециялық копес» деген комедиясының кейіпкері; борыштан дер кезінде құтыла алмаған қарыздар адамынан, вексельдің шарттары бойынша, бір қадақ ет кесіп алуды ырыққа көнбей талап еткен қатал да қыңыр өсімқор.— *106.*

99 КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы «Мемлекет және революция» деген кітаптың қолжазбасында бұл ескерту жоқ. Қолжазбаның 68-бетінде мынадай жазу бар: «Қосымшаны қараңыз — ескерту *68 а* - бетте». Ленин сілтеме жасап отырған қосымшасы бар бет, сірə, жоғалып қалса керек.— *111.*

100 *I Интернационалдың Гаага конгресі* 1872 жылы 2—7 сентябрьде болып өтті. Оған 15 ұлттық ұйымнан 65 делегат қатысты. Маркс пен Энгельс конгресті əзірлеу кезінде пролетарлық революциялық күштерді топтастыру жөнінде орасан зор жұмыс істеді. Маркс пен Энгельстің ұсынысы бойынша күн тəртібі қабылданып, конгресті шақыру мерзімі белгіленді. Конгрестің күн тəртібінде негізгі екі мəселе болды: 1) Бас Советтің праволары туралы жəне 2) пролетариаттың саяси қызметі туралы.

Конгресс Бас Советтің уəкілдіктерін кеңейту туралы, Бас Советтің мекенін ауыстыру туралы, жасырын «Социалистік демократия альянсының» қызметі жəне басқа мəселелер туралы қарарлар қабылдады. Бұл қарарлардың көбін Маркс пен Энгельс жазды. Олардың ұсыныстары басқа қарарларға негіз етіп алынды.

Конгрестің екінші мəселе жөніндегі шешімінде былай делінген: «саяси өкіметті жеңіп алу пролетариаттың ұлы

міндеті болды», ал «әлеуметтік революцияның жеңуін және оның түпкі мақсатқа жетуін — таптарды жоюын қамтамасыз ету үшін» пролетариаттың саяси партия болып ұйымдасуы қажет (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 143-бет).

Маркс пен Энгельстің және олардың жақтастарының ұсақ буржуазиялық сектанттықтың барлық түрлеріне қарсы көп жылғы күресі конгресте қорытындыланды. Анархистердің лидерлері М. А. Бакунин, Д. Гильом және басқалар Интернационалдан шығарылды.

Бүкіл жұмысы Маркс пен Энгельстің тікелей басшылығымен және олардың мейлінше белсене қатысуымен өткен Гаага конгресінің шешімдері анархистердің дүниеге ұсақ буржуазиялық көзқарасын марксизмнің жеңгендігін дәлелдеді және келешекте жұмысшы табының дербес ұлттық саяси партияларын құрудың негізін қалады.— *114.*

101 Қараңыз: Ф. Энгельс. «К. Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегіне алғы сөз» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 96-бет).— *114.*

102 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10(23) мартта шықты), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» және «Заря» редакциясының ішінде алауыздық туып, жанжал шыққан кезде Г. В. Плеханов («Заряны» өзі редакциялауды көздеп) журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп ол органдардың редакциясы үнемі ортақ қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Զаряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.— *115.*

[103] Бұл арада *II Интернационалдың бесінші халықаралық конгресі* туралы айтылып отыр, конгресс Парижде 1900 жылы 23—27 сентябрьде болып өтті. «Саяси өкіметті жеңіп алу және буржуазиялық партиялармен одақ» туралы негізгі мәселе — А. Мильеранның Вальдек-Руссоның контрреволюциялық үкіметіне енуіне байланысты мәселе бойынша конгресс К. Каутскийдің ұсынған қарарын көпшілік дауыспен қабылдады. Қарарда былай делінген: «жеке социалистің буржуазиялық үкіметтің құрамына енуін саяси өкіметті жеңіп алуды дұрыс бастау деп қарауға болмайды, бірақ қиын жағдайларға қарсы күрестегі уақытша қолданылуға мәжбүр етілген бірден-бір құрал деп есептеуге болады». Кейін оппортунистер өздерінің буржуазиямен ыптымақтасуын ақтау үшін көбінесе қарардың осы пунктін тілге тиек етті.

«Заря» журналының 1901 жылы апрельде шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың «Парижде өткен соңғы халықаралық социалистік конгресс туралы бірер сөз (Маған уәкілдік жолдаған жолдастарға ашық хат)» деген мақаласы жарияланды, ол мақалада Каутскийдің қарары қатты сыналды.— *115.*

[104] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 339-бет және 18-том, 90-бет.— *116.*

[105] *Бернштейниада, бернштейншілдік* — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан оппортунистік ағым, бұл ағым XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болды және ревизионизмді неғұрлым ашық бейнелеуші Э. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар жариялап, оларда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншілдердің марксизмді ревизиялауы социал-демократияны әлеуметтік революция партиясынан

әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға бағытталды.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінің беттерінде Бернштейнге қарсы күрес бастады. Оң, оппортунистік қанат бернштейншілдікті қорғады. Партияның Орталық комитеті бернштейншілдік жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, оған тойтарыс берген жоқ. «Die Neue Zeit» журналында Бернштейн мақалалары жөніндегі айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың ревизионизмге қарсы бағытталған «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен ашылды.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде — бернштейншілдік айыпталды, бірақ, лидерлердің көбі ымырашылдық позиция ұстауы себепті, партия Бернштейнпен іргені ажыратқан жоқ. «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналы мен партия ұйымдарында бернштейншілдер ревизионистік идеяларды одан әрі ашықтан-ашық уағыздай берді.

Бернштейншілдік II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтері тарапынан қолдау тапты. Россияда бернштейншілдік теорияларды «жария марксистер» мен «экономистер» қолдады.

Тек Россияның революцияшыл марксистері, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оны жақтаушыларға қарсы батыл әрі дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдікке қарсы шықты; Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм мен ревизионизм», «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; 17-том, 15—26-беттер; 20-том, 67—75-беттер) деген және басқа мақалаларында бернштейншілдік кеңінен сынға алынды.— *116.*

106 Қараңыз: К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 205—206-беттер).— *117.*

107 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесінің» 1872 жылы немісше басылымына арналған алғы сөз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 90-бет).— *118.*

108 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 342-бет).— *120.*

109 К. Каутскийдің мына кітапшасы «Der Weg zur Macht. Politische Betrachtungen über das Hineinwachsen in die Revolution». Berlin, 1909 («Өкімет билігіне жеткізетін жол. Революцияға ұласу туралы саяси ойлар». Берлин, 1909) орыс тілінде тек 1918 жылы ғана шықты.— *121.*

110 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 266-бет).— *124.*

111 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 342-бет).— *127.*

112 Бұл арада С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабы туралы айтылып отыр.— *127.*

113 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446-бет.— *130.*

114 *«Социалистік Әрайлық»* («Sozialistische Monatshefte») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *130.*

115 *Жоресшілдер* — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері Ж. Жорестің жақтастары. Жорес демократия, халықтар бостандығы жолында, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Алайда Жорес пен оның жақтастары марксизмнің негізгі қағидаларын ревизияламақ болды. Жоресшілдер социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі жолымен жеңбейді, «демократиялық идеялардың гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Жоресшілдер қанаушылар мен қаналушылар арасындағы таптық татулықты уағыздады, кооперация жөніндегі прудонистік жалған үміттерді қолдады, капитализм жағдайында кооперацияны дамыту бірте-бірте социализмге өтуге жәрдемдесетін болады-мыс деп санады. 1902 жылы жоресшілдер реформистік позицияда болған Француз социалистік партиясын құрды. 1905 жылы бұл партия Францияның гедшілдік Социалистік партиясымен бір партия — Француз социалистік партиясы болып бірікті. В. И. Ленин Жорес пен жоресшілдердің реформистік көзқарастарын қатты сынады. Жорестің бейбітшілік жолында, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі оған империалистік буржуазияның өшпенділігін туғызды. Бірінші дүние жүзілік

соғыстың қарсаңында Жоресті реакцияның итаршылары өлтірді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Француз социалистік партиясының басшылығында басым болған жоресшілдер империалистік соғысты ашық қолдады және социал-шовинизм позициясын ұстады.— *131.*

116 *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылып, бастапқы кезде «Итальян еңбекшілерінің партиясы» деп аталды; 1893 жылы Реджио-Эмилиядағы съезінде ол «Итальян еңбекшілерінің социалистік партиясы» деген ат алды; 1895 жылы «Итальян социалистік партиясы» деп аталатын болды. Партия құрылған кезден бастап-ақ оның ішінде партияның саясаты мен тактикасының мәселелері жөнінде кереғар тұрған екі бағыттың — оппортунистік бағыт пен революциялық бағыттың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджио-Эмилиядағы съезде, солшылдардың қысымымен, ең ашық реформистер — соғысты, үкіметпен және буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (Бономи, Биссолати және басқалар) партиядан шығарылды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа араласқанға дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шығып, «Соғысқа қарсымыз, бейтараптықты жақтаймыз!» деген ұран көтерді. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған және соғысты жақтаған ренегаттар тобы (Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италияның Антанта жағында соғысқа араласуына байланысты (май, 1915) Итальян социалистік партиясында мынадай үш бағыт айқын көрінді: 1) буржуазияның соғысты жүргізуіне көмектескен оңшыл бағыт; 2) партия мүшелерінің көпшілігін біріктірген және «соғысқа қатыспау керек және оған саботаж жасамау да керек» деген ұран көтерген центристік бағыт; 3) соғысқа қарсы неғұрлым батыл позиция ұстаған, бірақ соғысқа қарсы дәйекті күрес ұйымдастыра алмаған солшыл бағыт; солшылдар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, буржуазиямен ынтымақ жасаған реформистерден іргені батыл бөлу қажеттігін түсінбеді. Итальян социалистері Швейцария социалистерімен бірлесіп Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальд (1915) пен Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға белсене қатысты.

1916 жылдың аяғында Итальян социалистік партиясы социал-пацифизм жолына түсті.— *131.*

117 *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған рефор-

мистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди мен Р. Макдональд басқарды. Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде Тәуелсіз жұмысшы партиясы соғысқа қарсы манифест жариялады, алайда көп кешікпей социал-шовинизм позициясына түсті.— *131.*

118 *«Марксизм мемлекет туралы»* деген еңбекті В. И. Ленин 1917 жылы январь — февральда Цюрихте жазған, оның материалдарын В. И. Ленин «Мемлекет және революция» деген кітабын әзірлеу кезінде пайдаланды, бұл еңбек бірінші рет 1930 жылы Лениннің XIV жинағында басылған. «Марксизм мемлекет туралы» деген қолжазба — ұсақ әріптермен тығыз етіп жазылған 48 беттік көк тысты дәптер, ол дәптерге кейін қосымшалар енгізіліп, шеттеріне сөздер жазылып, белгілер салынған, бұлар Лениннің бұл материалдарға әлденеше рет қайта оралғандығын дәлелдейді. Еңбекте К. Маркс пен Ф. Энгельстің мемлекет және пролетариат диктатурасы туралы айтқан барлық аса маңызды пікірлері, К. Каутскийдің, А. Паннекуктің, Э. Бернштейннің мақалалары мен кітаптарынан алынған үзінділер, В. И. Лениннің оларға жазған ескертпелері мен қосымшалары, тұжырымдары мен қорытындылары бар.

1917 жылы апрельде Швейцариядан Россияға көшкенде Ленин басқа материалдарымен бірге «Марксизм мемлекет туралы» деген қолжазбасын да шетелде сақтауға қалдырып кеткен. Кейінірек, 1917 жылы июльде, осы материалдарының тағдырын ойлап мазасызданған В. И. Ленин былай деп жазды: «Entre nous: егер мені мерт қылса, менің «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптерімді Сіздің бастырып шығаруыңызды сұраймын (Стокгольмде қалып қойды). Түптелген, мұқабасы көк. Маркс пен Энгельстен цитаттардың бәрі жиналған, сондай-ақ Паннекукке қарсы Каутскийден де цитаттар жиналған. Бірқатар ескертпелер және заметкалар, тұжырымдар бар. Бір апта еңбек етіп, бастырып шығаруға болар деп ойлаймын» (Шығармалар, 36-том, 454-бет).

1917 жылғы июль күндерінен кейін Ленин, Разливте жасырынып жүріп, осы дәптерді өзіне жеткізуді өтінді, өйтке-

ні ол дәптер «Мемлекет және революция» деген кітап жазу үшін қажет болды.

«Мемлекет және революция» деген кітабында Ленин «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптерінде жинаған материалдарының бәрін бірдей пайдаланған жоқ. Кітапты жазған кезінде Ленин «Коммунистік манифестен», К. Маркстің Л. Кугельманға жазған хатынан, К. Маркстің «Гота программасына сын» және Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде», «Тұрғын үй мәселесіне» деген және басқа еңбектерінен алынған тек кейбір негізгі цитаттар келтірумен ғана шектелді. «Мемлекет және революцияда» Ф. Энгельстің П. Лафаргқа Француз жұмысшы партиясы туралы жазған хаттарынан, К. Маркстің Париж Коммунасының мүшелері Франкель мен Варленге және басқаларға жазған хатынан «Марксизм мемлекет туралыда» алынған цитаттар пайдаланылмады.

Лениннің «Марксизм мемлекет туралы» деген еңбегінің өз алдына зор маңызы бар. Ол 1931, 1932, 1933, 1934 және 1958 жылдары жеке басылым болып шықты. Осы томда Лениннің бұл еңбегі қолжазба бойынша жарияланып отыр. Бұл еңбек ғылыми зерттеудің лениндік әдісімен, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының теориясы мен практикасы жөніндегі аса күрделі мәселелерді зерттеуге және шешуге Лениннің қалай жол табатындығымен таныстырады.— *137.*

119 Бұл мазмұнды «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптердің тысына В. И. Ленин жазған. Оң жағынан автор қолжазбаның беттерін көрсеткен. Шаршы жақшалардың ішінде петитпен осы томның беттері көрсетілген.— *137.*

120 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 90-бет.— *141.*

121 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 89—90-беттер; 21-том, 1—2-беттер; 22-том, 56—63-беттер; 19-том, 305-бет.— *141.*

122 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 90-бет; 17-том, 339-бет.— *143.*

123 Бұл арада К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» туралы айтылып отыр, «Кіріспе» еңбектің Берлинде 1895 жылы жеке басылым болып шығуына арналып жазылған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 529—548-беттер).

«Кіріспені» жариялардың алдында Германия социал-демократиялық партиясының Басқармасы Энгельстен еңбек-

тің тым (Басқарманың пікірі бойынша) революциялық сарынын жұмсарта түсуді, социалистерге қарсы жаңа заң жобасының рейхстагта талқыланылуына байланысты елде шиеленіскен жағдайды ескере отырып, еңбекте негұрлым сақтық жасауды қатты өтінді.

Энгельс партия басшылығының толқымалы позициясын, оның «тек заң шеңберінде ғана қимыл жасауға» тырысуын сынады. Алайда Басқарманың пікірімен есептесуге мәжбүр болған Энгельс корректурадан бірқатар тұжырымды алып тастауға және кейбір тұжырымдарды өзгертуге келіскен, оның пікірінше, соның салдарынан «Кіріспенің» бастапқы текстіне «біраз нұқсан келген».

Сонымен бірге герман социал-демократиясының кейбір лидерлері Энгельсті, оның осы еңбегіне сүйеніп, өкіметтің жұмысшы табына көшуінің қандай жағдайда болса да тек бейбіт жолын ғана жақтаушы етіп көрсетуге әрекет жасаған.

1895 жылы 30 мартта Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы «Vorwärts» («Алға») газетінде «Қазір революция қалай жасалады» деген атаумен бас мақала жарияланған, онда Энгельстің рұқсатынсыз оның «Кіріспесінен» контекспен байланыспайтындай етіп әдейі теріп алынған жеке үзінділер келтірілген, бұл үзінділер Энгельс «қалай болған күнде де заңдылықты» жақтады-мыс деген әсер қалдыратын еді. Энгельс өз көзқарастарының осылай бұрмалануына қарсы «Vorwärts»-тің редакторы В. Либкнехтке батыл наразылық білдірген. 1895 жылы 1 апрельде К. Каутскийге, 3 апрельде П. Лафаргқа жазған хаттарында Энгельс өзінің қатты ашу-ызасын білдіріп, бұл «ұятқа қалдыратын әсерді сейілту үшін» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 516—517-беттер) «Кіріспенің» дайындалған текстін «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында жариялаудың маңыздылығын атап корсеткен.

Маркс еңбегінің жеке басылымының шығуынан біраз уақыт бұрын Энгельстің «Кіріспесі» оның талап етуі бойынша «Die Neue Zeit» журналында арнайы басылды, бірақ сол қысқартылған түрінде басылды, автордың жеке басылым үшін дәл осылай етуіне тура келді. Тіпті қысқартылып жарияланғанның өзінде «Кіріспе» өзінің революциялық сипатын толық сақтады. Бұл документті реформистік рухта түсіндіру үшін Энгельстің көзқарастарын өрескел бұрмалау қажет болды, Энгельс қайтыс болғаннан кейін Бернштейн «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген еңбегінде және ревизионизм мен оппортунизмнің басқа да идеологтары осылай істеген болатын. Еңбектің қолжазбасы оқушылардың қарамағында болғанымен, «Кіріспе» текстінің толық нұсқасын олардан жасырып, корректураға кейбір қысқартулар енгізуге Энгельсті мәжбүр еткен жағдайларды айтпай, жарияланған текстің

мазмұнын бұрмалай отырып, Бернштейн мен басқа да ревизионистер: Энгельс өзінің «Кіріспесінде» — олар мұны Энгельстің «саяси осиеті» деп атады — бұрынғы көзқарастарын қайта қарап, реформистік позицияға көше жаздады-мыс деп жала жапты.

Энгельске жалғап сілтемелер жасау арқылы ревизионистер өздерінің марксизмнен ауытқып, оның революциялық принциптеріне тиісіп отырғандықтарын бүркемелеуге тырысты.

Бірінші рет «Кіріспенің» толық тексті СССР-де 1930 жылы жарияланды.— *143.*

[124] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер.— *145.*

[125] Бұл арада В. И. Ленин М. А. Бакуниннің француз социалисі Палникске 1870 жылы 28 сентябрьде жазған хаты туралы айтып отыр. Хаттан Ю. М. Стеклов мына кітабында цитат келтірген болатын: «Michael Bakunin. Ein Lebensbild». Stuttgart, 1913 («Михаил Бакунин. Өмірбаяны». Штутгарт).— *145.*

[126] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер.— *147.*

[127] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 234, 235-беттер.— *147.*

[128] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 272-бет.— *147.*

[129] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 126-бет.— *149.*

[130] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер.— *149.*

[131] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 205—206-беттер.— *151.*

[132] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 258—259-беттер.— *153.*

[133] Қараңыз: К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 205—206-беттер).— *154.*

[134] Қараңыз: К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер).— *154.*

135 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 262-бет.— *154.*

136 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет.— *154.*

137 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 284—285-беттер.— *155.*

138 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 227—243-беттер.— *155.*

139 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 324—326-беттер.— *155.*

140 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 236—240-беттер.— *169.*

141 Қараңыз: Ф. Энгельс. «К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне кіріспе» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 195-бет).— *169.*

142 *«Жастар»* — герман социал-демократиясындағы ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік оппозиция; 1890 жылы пайда болды. Оппозицияның негізгі ұйтқысы партияның теоретигі, басшысы роліне дәмеленген жас әдебиетшілер мен студенттер еді (оппозицияның аты осыдан алынған). Бұл оппозиция социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейінгі (1878—1890) партияның қызмет жағдайының өзгергенін түсінбей, күрестің жария формаларын қолданудың қажеттігін теріске шығарды, социал-демократияның парламентке қатысуына қарсы шықты, партияны ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғайды деп, оппортунизм жолына түсті деп айыптады. Ф. Энгельс «жастар» оппозициясына қарсы күрес жүргізді. «Жастардың» органы «Sächsische Arbeiter-Zeitung» («Саксон Жұмысшы Газеті») Энгельсті оппозициямен ынтымақтасты деп жариялауға тырысқан кезде, ол, өзінің сөзімен айтқанда, мұндай «шексіз әдепсіздікке» үзілді-кесілді тойтарыс берді және «жастардың» көзқарастары мен тактикасын өлтіре сынады.

Энгельстің В. И. Ленин ауызға алған ««Sächsische Arbeiter-Zeitung» газетінің редакциясына жауап» деген хатында жазылғанындай, оппозицияның теориялық көзқарастары «шексіз бұрмаланған «марксизм»» болып табылады. «Жастардың» нақты шындықтан қол үзген, авантюристік тактикасы, Энгельстің сөзімен айтқанда, «қатарында миллиондаған адамы бар ең күшті партияның өзін оның қас дұшпандарына таба қылып, өлтірген болар еді». Энгельс «жастардың» партиядағы өз салмағы мен алатын орны

жөнінде өздерін асыра бағалап, қиялға берілуін мысқылдады. «Олардың «академиялық білімі», былайша айтқанда, түбегейлі сыннан өтуі қажет білімі,— деп көрсетті Энгельс,— оларға партияда тиісті қызмет алуға праволы ететін офицерлік шенді әсте бермейтінін олар түсінуі керек; біздің партияда әркімнің қызметті ең төменнен бастауы керек; партияда жауапты орында отыру үшін тек әдеби талант пен теориялық білім, тіпті екеуі де талассыз болған күннің өзінде де, жеткіліксіз болар еді, ол үшін сондай-ақ партия күресінің жағдайымен жақсы таныс болу және оның формаларын толық игеру, жеке басының шын берілгендігі мен мінез беріктігі және, ақырында, өзін өзі күрескерлер қатарына еркімен қосуы қажет болады; бір сөзбен айтқанда, жалпы және тұтас алғанда жұмысшылар олардан емес, олар, «академиялық білімі» бар адамдар, жұмысшылардан неғұрлым көбірек үйренулері керек болады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 73—75-беттер). 1891 жылы октябрьде герман социал-демократиясының Эрфурт съезі «жастар» басшыларының бір тобын партиядан шығарды.— *171.*

[143] *«Социал-Демократ»* («Der Sozialdemokrat»)— газет, Герман социал-демократиялық партиясының социалистерге қарсы ерекше заң заманындағы орталық органы; 1879 жылғы 28 сентябрьден 1888 жылғы 22 сентябрьге дейін Цюрихте және 1888 жылғы 1 октябрьден 1890 жылғы 27 сентябрьге дейін Лондонда шығып тұрды. Энгельстің идеялық басшылығы «Социал-Демократтың» маркстік бағытта болуын қамтамасыз етті. «Социал-Демократ», жекелеген қателіктеріне қарамастан, революциялық тактиканы табандылықпен қорғады және герман социал-демократиясының күштерін жинап, ұйымдастыруда аса көрнекті роль атқарды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін «Социал-Демократты» шығару тоқтатылды, партияның орталық органы қайтадан «Vorwärts» («Алға») газеті болды.— *171.*

[144] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 337—338-беттер.— *173.*

[145] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 241-бет.— *173.*

[146] Қараңыз: К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 8-том, 205—206-беттер).— *175.*

[147] Қараңыз: К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—283-беттер).— *175.*

[148] Қараңыз: Ф. Энгельс. 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазылған хат; К. Маркс. «Гота программасына сын» (Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8, 9—32-беттер).— *175.*

[149] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 434, 459, 446-беттер.— *175.*

[150] Қараңыз: Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 237, 239-беттер).— *177.*

[151] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 200-бет.— *177.*

[152] Бұл арада әңгіме Ф. Энгельстің П. Лафаргқа 1886 жылы 16 февраль мен 7 майда, 1887 жылы 22 ноябрь мен 5 декабрьде, 1890 жылы 27 октябрьде, 1894 жылы 6 март пен 2 июньде және 1895 жылы 3 апрельде жазған хаттары туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 539—540, 556—557, 666, 672-беттер; XXVIII том, 1940, 254—255-беттер; XXIX том, 1946, 311-бет; К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 504, 517-беттер).— *177.*

[153] *«Le Mouvement Socialiste»* («Социалистік Қозғалыс»)— әр түрлі мерзімдерде шығып тұрған қоғамдық-саяси журнал; 1899 жылғы январьдан 1914 жылғы июньге дейін Парижде француз тілінде Г. Лагарделльдің редакциясымен шықты. «Le Mouvement Socialiste»-де Ф. Энгельстің бірқатар хаттары мен мақалалары басылды. Журналға халықаралық социал-демократияның көрнекті өкілдері: В. Либкнехт, Г. Квелч, Ж. Жорес, А. Бебель, Р. Люксембург және басқалар жазып тұрды. Сонымен бірге журнал II Интернационалда үстем болған оппортунистер мен ревизионистердің мақалаларын да басты.

1900 жылы Э. Бернштейн Ф. Энгельстің оған жазған хаттарынан әдейі іріктеп алған сыңар жақ үзінділерді «Le Mouvement Socialiste»-де жариялады. Бұл хаттардың толық тексті СССР-де басылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 156—162, 192—199, 232—235, 241—244, 246—249, 253—257, 325—327-беттер).— *177.*

[154] *Гедшілдер, гедшілдік ағым* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы француз социалистік қозғалысындағы революциялық маркстік ағым, оны Ж. Гед басқарды. Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция Социалистік партиясын құрды. 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. Партия ішінде гедшілдер центристік позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында олар социал-

шовинизм жағына шықты. Ж. Гед, М. Самба Францияның империалистік үкіметіне кірді.— *177*.

[155] *«Vorwärts»* («Алға»)—күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП ішіндегі оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ баяндап, «Vorwärts» «экономистерді», одан соң, партия жікке бөлінгеннен кейін, меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Лениннің, большевиктердің оған тойтарыс беріп, партия ішіндегі істің жайына объективті баға берген мақалаларын жарияламады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *177*.

[156] *«Le Socialiste»* («Социалист»)—күнделікті газет; 1885 жылдан бастап француз жұмысшы партиясының теориялық органы ретінде шықты, 1902 жылдан бастап Франция социалистік партиясының органы, 1905 жылдан бастап Француз социалистік партиясының органы болды. Газетте К. Маркс пен Ф. Энгельстің еңбектерінен үзінділер басылды, XIX ғасырдың аяғындағы — XX ғасырдың басындағы француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері П. Лафаргтың, В. Либкнехттің, К. Цеткиннің, Г. В. Плехановтың және басқалардың мақалалары мен хаттары жарияланды; газетті басып шығару 1915 жылы тоқтатылды.— *177*.

[157] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 504-бет.— *179*.

[158] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 529—548-беттер.— *179*.

[159] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 517-бет.— *179*.

[160] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 517-бет.— *181*.

[161] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 311-бет.— *181.*

[162] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 666-бет.— *183.*

[163] К. Маркс пен Ф. Энгельстің куәландыруына қарағанда, Г. Гейне айтқан бұл сөздерді олар бірінші рет «Неміс идеологиясы» деген еңбекте келтірген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 514-бет).— *183.*

[164] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 254—255-беттер.— *183.*

[165] *«New-Yorker Volkszeitung»* («Нью-Йорк Халық Газеті»)— Америка Құрама Штаттарындағы неміс социал-демократтарының күнделікті газеті; Нью-Йоркте 1878 жылдан 1932 жылға дейін шығып тұрды.— *183.*

[166] Еске алынып отырған сөзді К. Маркс Брюссельдегі экономистер конгресінде сөз сөйлеуім мүмкін деп әзірлеген. Маркс конгресте сөз алмады және конгресс жабылғаннан кейін өзінің сөзін баспасөзге арнап өңдеп, Бельгиядағы «Atelier Démocratique» («Демократиялық Шеберхана») газетінде 1847 жылы 29 сентябрьде жариялады. Бізге бұл сөздің бастапқы бөлімінің тек немісше аудармасы ғана жетті, бұл аударманы Маркс пен Энгельстің досы И. Вейдемейер Маркстің сауда бостандығы туралы 1848 жылы 9 январьда сөйлеген басқа бір сөзінің аудармасымен бірге 1848 жылы Хаммада жариялады. Сөздің аяқ жағын Вейдемейер алып тастады, өйткені оның мазмұны 9 январьда сөйленген сөзде қайталанады деп есептеді. К. Маркстің екінші сөзі орыс тілінде бірінші рет «Протекционистер, фритредерлер және жұмысшы табы» деген атаумен басылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 254—256-беттер).—*183.*

[167] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер.— *183.*

[168] Бұл арада Н. И. Бухариннің «Der imperialistische Raubstaat» («Империалистік тонаушылық мемлекет») деген мақаласы туралы айтылып отыр, «Nota-Bene» деп қол қойылған бұл мақала «Jugend-Internationale» («Жастар Интернационалы») газетінің 1916 жылғы 1 декабрьдегі 6-номерінде жарияланған болатын. В. И. Ленин «Жастар Интернационалы» деген заметкасында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 30-том, 251—255-беттер) Бухариннің мақаласын қатты сы-

пады. Бухариннің мақаласына жасаған Лениннің ескертпелерін осы томның 357-бетінен қараңыз.— *191.*

169 М. Бердің «Betrachtungen über den Niedergang Englands» («Англияның құлдырауы туралы ойлар»), «Sozialer Imperialismus» («Әлеуметтік империализм») және «Die gegenwärtige Lage des Trade Unionismus» («Тред-юнионизмнің қазіргі жағдайы») деген мақалаларына В. И. Ленин бұрын да көңіл бөлген болатын. Бұл мақалалардан алынған үзінділер «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбекке арналған дайындық материалдарда бар (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 602-бет).— *191.*

170 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 9—32-беттер.— *191.*

171 1865 жылы пайда болған *Неміс халықтық партиясы*, негізінен алғанда, оңтүстік герман мемлекеттеріндегі ұсақ буржуазияның демократияшыл элементтерінен құралды. Партия жалпы демократиялық ұрандар ұсынды, федерациялық герман мемлекеті жөніндегі идеяны насихаттады; юнкерлік Пруссияның басшылығымен Германияны біріктірудің бисмарктік саясатына да, сондай-ақ оны бірыңғай орталықтандырылған демократиялық республика формасында біріктіруге де қарсы болды.

1866 жылы Неміс халықтық партиясына Саксон халықтық партиясы қосылды, бұл партияның негізгі ұйтқысы жұмысшылар болатын. Осы сол қанат алдағы уақытта социалистік бағытта дамыды. Ұсақ буржуазиялық демократтардан бөлінген бұл қанат 1869 жылы августа неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құруға қатысты.— *197.*

172 *Бейбітшілік пен бостандық лигасы* — 1867 жылы Швейцарияда ұсақ буржуазиялық республикашылдар мен либералдар құрған буржуазиялық пацифистік ұйым; 1867—1868 жылдары Лиганың жұмысына М. А. Бакунин қатысты. Өз қызметінің бас кезінде Лига жұмысшы қозғалысын оз мақсатына пайдалануға тырысты.

Маркс пен Энгельс Лигаға теріс көзқараста болды, өйткені Лига «Европа Құрама Штаттарын» құру арқылы капитализм тұсында соғысты болдырмаудың мүмкіндігі туралы көп нәрседен үміттендіретін құрғақ мәлімдемелер жасап, бұқара арасында жалған үміт таратты, сөйтіп, пролетариатты тап күресінен алаңдатты. 1867 жылы 13 августа I Интернационалдың Бас Советінің мәжілісінде сөйлеген сөзінде Маркс бейбітшілік жолындағы нағыз күрескер — Интернационал, өйткені «әр түрлі елдердің жұмысшы табын біріктіру сайып келгенде халықтар арасындағы соғыстарды

болдырмауға тиіс» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 556-бет) деп атап көрсетті.— *197.*

173 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27—28-беттер.— *197.*

174 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 18—20-беттер.— *205.*

175 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 2, 4, 5—6-беттер.— *211.*

176 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 184-бет.— *213.*

177 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 69-бет.— *213.*

178 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446-бет.— *215.*

179 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 435, 446, 447, 426-беттер.— *219.*

180 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 360, 361-беттер.— *221.*

181 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 203—284-беттер.— *221.*

182 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 221, 226-беттер.— *223.*

183 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Тұрғын үй мәселесіне» деген кітаптың екінші басылуына арналған алғы сөз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 343, 342-беттер).— *223.*

184 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 239, 261—262-беттер.— *225.*

185 Бұл арада мына кітапша туралы айтылып отыр: «Internationale et révolution. A propos du congrès de la Haye par des réfugiés de la Commune, ex-membres du Conseil Général de l'Internationale». Londres, 1872 («Интернационал және революция. Коммуна эмигранттары, Интернационалдың Бас Советінің бұрынғы мүшелері Гаага конгресі жөнінде жазған». Лондон).— *225.*

186 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 262—263, 278—279-беттер.—*231.*

187 Қараңыз: Ф. Энгельстің 1895 жылы 3 январьда, 25 мартта және 1 апрельде К. Каутскийге жазған хаттары (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 358—359, 402—404-беттер және К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 516—517-беттер).— *231.*

188 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 339—354-беттер.— *231.*

189 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 339—346-беттер.— *243.*

190 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 348, 350—351-беттер.— *245.*

191 Бұл арада әңгіме К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 189—201-беттер).— *257.*

192 Энгельстің қолжазбасында «социал-демократиялық» деп жазылған. Сөзді «Die Neue Zeit»-тің редакциясы Энгельстің еңбегін жариялаған кезде өзгерткен.— *269.*

193 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 191, 195, 197, 198—201-беттер.— *269.*

194 Бұл арада Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хаты туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер).— *269.*

195 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 365-бет.— *271.*

196 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 122, 123-беттер.— *273.*

197 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 23—178-беттер.— *273.*

198 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 214—225-беттер.— *273.*

199 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 169—171-беттер.— *275.*

200 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 247—264-беттер.— *277.*

201 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 171—173-беттер.— *281.*

202 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 1—338-беттер.— *281.*

203 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 291—292-беттер.— *285.*

204 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 435-бет.— *285.*

205 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 302—305-беттер.— *285.*

206 Бұл белгіні Ленин Ф. Энгельстің «Бедел туралы» деген мақаласынан алынған цитаттардың осы және келесі абзацтары көшірілген, қолжазбаға жеке қосымша ретінде берілген параққа салған.

Ленин Бухариннің «Империалистік тонаушылық мемлекет» деген мақаласында Энгельстің сөздерін толық келтірмегенін көрсетеді.— *289.*

207 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 296—301-беттер.— *291.*

208 Бұл белгіні В. И. Ленин қолжазбаға қоса берілген жеке параққа салған, ол параққа К. Маркстің Ленин «Мемлекет және революция» деген кітапта цитат келтірген «Саяси индифферентизм» деген мақаласындағы осы абзацтың бір бөлегі көшіріліп жазылған болатын (қараңыз: осы том, 66-бет).

Бакуниншілдер — анархизмнің идеологы және марксизм мен ғылыми социализмнің қас жауы М. А. Бакуниннің есімімен аталған ағымды жақтаушылар. Бакуниншілдер жұмысшы қозғалысының маркстік теориясы мен тактикасына қарсы қасарыса күресті. Мемлекет атаулыны, оның ішінде пролетариат диктатурасын да, теріске шығару, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеу бакунизмнің негізгі қағидасы болды. Бакунин таптарды «теңестіру», «еркін ассоциацияларды» төменнен біріктіру идеясын ұсынды. Бакуниншілдердің пікірі бойынша, «аса көрнекті» жеке адамдардан құралған астыртын революциялық қоғам дереу бұрқ ете түсетін халық бүліктерін басқаруға тиісті болды. Мысалы, бакуниншілдер Россияда шаруалар дереу көтеріліске шығуға дайын отыр деп жорамалдады. Олардың заговоршылдық, дереу бүлік шығару және терроршылдық тактикасы авантюристік тактика еді және ол көтеріліс туралы маркстік ілімге дұшпандық тактика болатын. Бакунизм прудонизмге жақын.

I Интернационалға кіруге тырысқан Бакунин оны 1868 жылы өзі негізін қалаған «Социалистік демократия альянсымен» — құрамына астыртын бакуниндік одақ кіретіп осы ұйыммен — қоса қабылдауды талап етті. Интернационалдың Бас Советінің «Альянсты» тарату туралы шешіміне қарамастан, Бакунин бұл шешімге формальды түрде ғана бағынып, өзінің астыртын ұйымын сақтап қалды, сөйтіп оны, «Альянс» деген атын сақтай отырып, Интернационалдың Женевадағы секциясы ретінде Интернационалға енгізді.

Бас Советті өзінің қолына түсіріп алу мақсатын көздеген Бакунин Маркске қарсы күрес жүргізді, мұның өзінде ол қандай құралды болса да қолданудан тартынған жоқ. «Альянс», деп көрсетті Маркс пен Энгельс, өзінің мақсаттарына жету үшін «қандай құралдан болса да, қандай зұлымдықтан болса да» тайынбады, «өтірік айту, жала жабу, қорқыту, тасада тұрып тап беру — мұның бәрі оған бірдей мөлшерде тән еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 329-бет). Өздерінің іріткі салған әрекеттері үшін анархизмнің лидерлері Бакунин мен Гильом 1872 жылы Гаага конгресінде I Интернационалдан шығарылды. К. Маркс пен Ф. Энгельс бакуниншілдердің теориясы мен тактикасын қатты айыптады. В. И. Ленин бакунизмді «өзін сақтап қалудан түңілген ұсақ буржуаның» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 286-бет) дүниеге көзқарасы деп сипаттады. Бакунизм халықшылдықтың идеялық қайнар бұлақтарының бірі болды. Бакунин және бакуниншілдер туралы мына еңбектерді: К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Социалистік демократия альянсы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі», Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті», «Эмиграттық әдебиет» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 323—452, 457—474, 501—548-беттер), сондай-ақ В. И. Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» (екінші мақала) (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 256—264-беттер) деген еңбектерін және басқаларын қараңыз.— *291.*

209 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 296—298-беттер.— *293.*

210 Қараңыз: Ф. Энгельс. 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазылған хат (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 4—5-беттер).— *297.*

211 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 189-бет.— *307.*

212 Бұл арада 1873 жылы жазда Испанияда болған көтеріліс туралы айтылып отыр, бұл көтеріліске жұмысшыларды «интрансиженттер» дейтіндер («ымыраласпайтындар») — ұсақ қала буржуазиясының мүдделерін білдірген республи-

кашылдар және бакуниншіл-анархистер көтерді. Көтеріліс Испанияны Швейцарияның үлгісі бойынша жеке дербес кантондарға айналдыру ұранымен өтті. Ол Севильяны, Гранаданы, Валенсияны, елдің басқа да бірқатар провинциялары мен қалаларын қамтыды; көтеріліс аяусыз басып-жаншылды. Анархистердің авантюристік тактикасы Испания жұмысшы табының революциялық бой көрсетуіне үлкен зиян келтірді. Анархистер көтерілісшілердің бірлесіп қимыл жасауына жәрдемдеспеді, әрбір қала немесе провинция өз алдына қимыл жасап, мұның өзі жаппай бой көрсетуге мүмкіндік бермеді. Испаниядағы көтеріліс туралы Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 457—474-беттер) және В. И. Лениннің «Уақытша революциялық үкімет туралы» (екінші мақала) (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 256—264-беттер) деген еңбектерін қараңыз.— *309.*

213 Бұл арада М. Гедельдің 1878 жылғы 11 майда және К. Э. Нобилингтің 1878 жылғы 2 июньде I Вильгельмге жасаған қастандықтары туралы айтылып отыр, бұл қастандықтарды Бисмарк 1878 жылы октябрьде социалистерге қарсы ерекше заң енгізу үшін сылтау ретінде пайдаланды.— *309.*

214 Бұл арада Австрия анархистері А. Каммерер, Г. Штельмахер және басқалар жасаған бірқатар қастандықтар туралы айтылып отыр. Бұл террористік актілер Бисмарктің айрықша заңы сияқты Австрияда 1884 жылы социалистерге қарсы заң енгізу үшін сылтау болды.— *309.*

215 Бұл арада 1886 жылы 4 майда Чикагода болған оқиғалар туралы айтылып отыр. Арандатушылар жұмысшыларға қарсы қудалау шараларын күшейту мақсатымен митинг кезінде бомба лақтырып, сол бомбаның жарылуынан 4 жұмысшы, 7 полицей қаза тапқан. Арандатушылардың жалған куәландырулары негізінде митингіні ұйымдастырған 4 адам дарға асылып, митингіге қатысқан көптеген адамдар ұзақ уақыт бойы түрмеге қамалуға кесілді.— *309.*

216 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 359 бет.— *309.*

217 Бұл арада Ленин К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (1851—1852), «Франциядағы азамат соғысы» (1871) деген еңбектері, Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген еңбегі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер; 17-том, 317—370-беттер; 22-том, 227—243-беттер) туралы айтып отыр.— *313.*

218 Бұл арада бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде 1905 жылы болған *Бүкіл россиялық октябрь стачкасы* айтылып отыр.

Октябрьдегі жаппай стачкаға қатысқандардың саны екі миллионнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Бүкіл россиялық саяси стачка жұмысшы қозғалысының күші мен қуатын көрсетті, деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғаушы болды. Октябрь стачкасы пролетариатты декабрь қарулы көтерілісіне алып келді. Октябрь стачкасы жөнінде В. И. Лениннің «Бүкіл россиялық саяси стачка» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 1—4-беттер).— *317*.

219 Бұл арада бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде 1905 жылы Москвада болған *декабрь қарулы көтерілісі* айтылып отыр. 1905 жылы 5(18) декабрьде большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы, жұмысшылардың еркін білдіре отырып, жаппай ереуіл жариялау және қарулы күрес бастау жөнінде шешім қабылдады. Москва Советінің шақыруы бойынша 7(20) декабрьде жаппай саяси ереуіл басталды. 10(23) декабрьде стачка қарулы көтеріліске ұласты. Пресня, Замоскворечье, Рогожск-Симонов ауданы және Қазан темір жолы ауданы көтерілістің орталығы болды. Күрес тоғыз күнге созылды. Москва жұмысшылары жанқиярлықпен шайқасты, бірақ көтерілісшілердің қарулы күрестен әлі тәжірибесі жоқ еді, қажетті қару-жарақ жетіспеді, әскермен айтарлықтай байланыс жасалмады. Күрестің барысында шабуыл тактикасы емес, қорғаныс тактикасы қолданылды. Көтеріліске басшылық ету бұқара қозғалысының стихиялы түрде өрлеуіпен жалпы алғанда кейін қалып отырды. Көтерілістің бас кезінде большевиктердің Москва комитетінің басшы қызметкерлері тұтқынға алынды. Меньшевиктер мен эсерлер қарулы күресті тоқтатуды талап етіп, жауынгерлік қимылдардың өрістеуіне кедергі жасады. Москваға патша үкіметі Петербургтен, Тверьден, Батыс өлкеден әскер әкелді. 17(30) декабрьде Пресняға шабуыл басталды, ол қанға боялды. Москва партия комитеті мен Москва Советі революциялық күштерді сақтап қалу үшін және болашақ күреске дайындалу үшін 1905 жылғы 19 декабрьден (1906 жылғы 1 январьдан) бастап қарулы қарсыласуды тоқтату жөнінде шешім қабылдады.

Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс басқа да бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбаста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы бой көрсетулер болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып тастады.

Декабрь қарулы көтерілісі революцияның өрлеуінің жоғары шыңы болды. Декабрь қарулы көтерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: халық «жауынгерлік сынпан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты» (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 407—415-беттер).— *319.*

220 Бұл арада К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» туралы айтылып отыр. 123-ескертуді қараңыз.— *321.*

221 Бұл арада В. И. Ленин «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуінен» цитат келтіріп отыр, оны 1850 жылы марттың аяғында К. Маркс пен Ф. Энгельс жазып, 1885 жылы К. Маркстің «Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеулер» деген еңбегінің (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 266-бет) немісше басылымына қосымша түрінде Ф. Энгельс жариялаған.— *323.*

222 *Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырды. Базель манифесіне Штутгарт конгресінің (1907) қарарынан В. И. Ленин алып тұжырымдаған пункт енгізілді, онда империалистік соғыс басталa қалған жағдайда социалистер соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты капиталистік таптық үстемдікті құлатуды тездету үшін, социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс делінген.— *327.*

223 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 189-бет.— *329.*

224 *«Германиядағы революция және контрреволюция»* деген еңбек (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 3—113-беттер) 1848—1849 жылдардағы герман революциясының алғы шарттарын, сипатын және қозғаушы күштерін ашып көрсетеді. Бұл еңбекті Ф. Энгельс жазған, бірақ ұзақ уақыт бойы К. Маркс оның авторы

болып есептелген, сондықтан «Германиядағы революция және контрреволюция» деген еңбектің бірқатар жеке басылымдары Маркстің есімімен шыққан.

«New-York Daily Tribune» («Нью-Йорк Күнделікті Трибунасы») газетіне жазып тұру туралы К. Маркске жасалған ұсыныс еңбекті жазуға тікелей себеп болған. Экономикалық зерттеулермен шұғылданып жүрген Маркс Энгельстен газетке арнап герман революциясы туралы бірқатар мақалалар жазуды өтінген. Бірақ «New-York Daily Tribune»-де Энгельстің мақалалары Маркстің қолымен басылған. Маркс пен Энгельстің тірі кездерінде еңбек қайта басылып шықпаған, сондықтан Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарының жариялануына байланысты тек 1913 жылы ғана «Германиядағы революция және контрреволюцияның» авторы Ф. Энгельс екені белгілі болған.— *331.*

225 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 100—101-беттер. Ленин бұл цитатты «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар, 26-том, 116—117-беттер) келтіреді.— *333.*

226 *«Мемлекет және революция» деген кітапқа арналған жоспарларды, конспектілерді және заметкаларды* В. И. Ленин 1917 жылы июль — сентябрьде жазған және олар бірінші рет 1931 жылы «Большевик» журналының 17-номерінде жарияланған. Жарияланып отырған материалдар Лениннің ғылыми, творчестволық қызметін ашып көрсетеді және өз кітабының «толып жатқан үзінділер әзірлеп, барлық жағынан ойластырып қойған» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. Москва, 1957, 300-бет) әрбір мәселесін Лениннің қалай мұқият әрі терең зерттеп талдағанын көрсетеді.— *334.*

227 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 346-бет).— *335.*

228 Бұл арада әңгіме К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282—284-беттер).— *335.*

229 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 89—90-беттер.— *335.*

230 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 169—170-беттер.— *336.*

231 Бұл арада және жоспардың келесі параграфтарында «Марксизм мемлекет туралы» деген қолжазбаның беттері көрсе-

тілген. Шаршы жақшалардың ішінде петитпен осы томның беттері берілген.— *336*.

232 Қараңыз: Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 234-бет).— *336*.

233 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 189-бет.— *337*.

234 Бұл арада К. Каутскийдің «Banditenpolitik» («Бандиттік саясат») деген мақаласынан үзінді жазылған парақ туралы айтылып отыр, «Die Neue Zeit» журналының 1911 жылғы 6 октябрьдегі 1-номерінде жарияланған бұл мақала: «Ол (біздің сайлау күресіміз) бір түнде («über Nacht») өкімет билігін алу жолындағы күреске айналуы мүмкін» деген сөздермен аяқталған. В. И. Ленин бұл цитатты «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегіне арналған дайындық материалдарда да келтіреді (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 375-бет).— *339*.

235 *Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық I съезі* 1917 жылғы 3—24 июньде (16 июнь — 7 июльде) Петроградта өтті. Съезге жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың біріккен 305 ұйымының, 53 аудандық, облыстық және губерниялық Советтің, майдандық армияның 21 ұйымының, тылдық әскери 8 ұйымның және флоттың 5 ұйымының атынан 1090 делегат қатысты. Ол кезде Советтерде азшылық болған большевиктердің 105 делегаты бар еді. Делегаттардың басым көпшілігі меньшевиктік-эсерлік блоктың және оларды қолдаған ұсақ топтардың өкілдері болды. Съездің күн тәртібінде 12 мәселе тұрды: революциялық демократия және үкіметтік өкімет билігі, соғысқа көзқарас, Құрылтай жиналысына әзірлік, ұлт мәселесі, жер мәселесі және басқа мәселелер. В. И. Ленин Уақытша үкіметке көзқарас туралы және соғыс туралы сөз сөйледі. Меньшевиктер мен эсерлер өздерінің сөйлеген сөздері мен қабылдаған қарарларында армиядағы тәртіпті күшейтуге, майданда шабуылға шығуға, Уақытша үкіметті қолдауға шақырды, Россияда бүкіл өкімет билігін бір өзі қолына ала алатындай бірде-бір саяси партия жоқ деп мәлімдеп (министр Церетели арқылы), өкімет билігін Советтерге беруге үзілді-кесілді қарсы шықты. Бұған жауап ретінде В. И. Ленин большевиктер партиясының атынан: «Бар!»,— деп мәлімдеді, ал съезд трибунасынан сөйлеген сөзінде большевиктік партия әрбір минутта «өкімет билігін түгелдей өз қолына алуға әзір отыр»,— деді.

Большевиктер Уақытша үкіметтің империалистік саясатын, меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық тактикасын әшкерелеу үшін съезд трибунасын кең пайдаланды,

Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «қанды жорықпен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті, сөйтіп 20 жыл бойына ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда Бисмарктің болымсыз садақаларымен жұмысшы қозғалысын аздырмақ болған әрекетінен ештеңе шықпады. 1890 жылы отставкаға кетті.— *15, 279.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920) — Итальян социалистік партиясын құрушылардың және оның барып тұрған оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы — «Avanti!» («Алға!») газетінің редакторы болды. 1897 жылдан — парламент мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылды да, «социал-реформистік партияны» құрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді.— *50.*

Бонапарт, Луи — қараңыз: III Наполеон.

Боркхейм (Borkheim), *Сигизмунд Людвиг* (1825—1885) — неміс публицисі, демократ. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; революция жеңілгеннен кейін шетелге эмиграцияға кетті, Швейцарияда, Францияда, ал 1851 жылдан бастап Англияда тұрды, К. Маркспен және Ф. Энгельспен достық қарым-қатынаста болды.— *219.*

Бракке (Bracke), *Вильгельм* (1842—1880) — неміс социалисі, кітап бастырушы және кітап сатушы, Эйзенах партиясының негізін салушылардың және басшыларының бірі (1869). Партиялық әдебиеттің басты бастырушыларының және таратушыларының бірі.— *70, 92, 93, 191.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1887—1917 жылдары (үзілістермен) — партияның орталық органы —«Social-demokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; 1897—1925 жылдары — риксдаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің

коалициялық либерал-социалистік үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды.— *50, 131.*

Брешко-Брешковская, Е. К. (1844—1934) — эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі, оның әсіре оң қанатында болды. Саяси қызметін 70-жылдарда «халық арасына барудан» бастады, бірнеше рет тұтқынға алынды, айдауда (1878 жылы — 193-тің процесі бойынша) болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметті қызу қолдады. Империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді жақтаушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді түрде күресті. 1919 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті, одан кейін Францияда тұрды. Шетелде Советтік Россияға қарсы жалақорлық науқан жүргізді, жаңа интервенцияны әзірлеуді жақтады, Париждегі ақ эмиграnттық орган —«Днигө» қатысты.— *3.*

Бухарин, Н. И. (Nota bene) (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде антиленииндік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясы қарсаңында Россияда социалистік революцияның жеңуі мүмкін емес деген меньшевиктік-троцкистік теорияны жақтады. Октябрь революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтер атқарды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің антилениндік тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды.— *188, 189, 191, 289, 356—357, 358—365.*

В

Вальтер (Walter), *М.*—«Der russische Imperialismus und Deutschlands China-Abenteuer» («Орыс империализмі және Германияның Қытайдағы авантюрасы») деген мақаланың авторы, бұл мақала «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында жарияланған болатын.— *191.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықара-

лық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті; II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдары — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасауға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы, В. И. Ленин атап көрсеткендей, ол еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы» шығады (Шығармалар, 28-том, 327-бет).— *8, 50, 53, 131.*

Варлен (Varlin), *Луи Эжен* (1839—1871) — француз революционері, 1871 жылғы Париж Коммунасының аса көрнекті қайраткері. Париж кітап түптеушілері қоғамының ұйымдастырушысы болды, 1864 және 1865 жылдары осылардың стачкасын басқарды. 1865 жылы I Интернационалға кірді, оның Париж секцияларының ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі болды. 1871 жылы — Ұлттық гвардия Орталық комитетінің мүшесі, Париж Коммунасы күндерінде — оның Советінің (үкіметінің) мүшесі, финанс, кейін әскери комиссиясының делегаты, Коммунаның солшыл азшылығына қосылды. Версальдықтар Парижге басакөктеп кіргеннен кейін 6 және 11-округтерді қорғау ісін басқарды, баррикадаларда ерлікпен шайқасты. 28 майда версальдықтардың қолына түсті, азапталып, сотсыз атылды.— *137, 155.*

Вебб (Webb), *Беатриса* (1858—1943) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері.— *127, 329.*

Вебб (Webb), *Сидней* (1859—1947) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері, реформист. Зайыбы Беатриса Веббпен бірге ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Олардың бастысы —«Industrial Democracy» (Россияда «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген атпен басылып шықты). В. И. Ленин осы еңбектің бірінші томын орыс тіліне аударып, екінші томының аудармасын редакциялады. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологы болған Сидней Вебб өзінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын жүргізді. Реформистік Фабий қоғамының негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясын ұстады. Бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Совет Одағына дұрыс ниетте болды.— *127, 329.*

Вейдемейер (Weydemeyer), *Иосиф* (1818—1866) — неміс және америкаи жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы әрі серігі. Олардың ықпалымен «ақиқат социализм» позициясынан ғылыми коммунизмге көшті. «Коммунистер одағының» мүшесі болды, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты; «Neue Deutsche Zeitung» («Жаңа Неміс Газеті») жауапты редакторларының бірі. Революция жеңілгеннен кейін Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті, мұнда Азамат соғысына солтүстіктіктер жағынан қатысты. Америка Құрама Штаттарында марксизмді насихаттаудың бастамасын жасады.— *37, 183.*

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдары — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін ол 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады.— *3.*

Ге, А. Ю. (1919 ж. қайтыс болды) — орыс анархисі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметін жақтады. 3 және 4-шақырылған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды; Солтүстік Кавказ совет үкіметінің құрамына кірді.— *108.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы еді, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болды. Алайда Гегель диалектикасының идеалистік сипаты бар-ды, бұл диалектика оның тұтас алғанда консервативтік, метафизикалық философиялық системасымен тығыз байланыста болды. Өзінің саяси көзқарастары жағынан алғанда Гегель конституциялық монархияны жақтады.

Гегельдің негізгі шығармалары: «Рух феноменологиясы», «Логика ғылымы», «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы», «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» және басқалар.— *7, 273.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдас-

тырушылары мен басшыларының бірі. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция Социалистік партиясын құрды, ол 1905 жылы реформистік француз социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталатын болды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді.

Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинистік позицияға көшіп, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. 1920 жылы Гед Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі көпшілігіне қосылмады.— *3.*

Гейне (Heine), *Генрих* (1797—1856) — неміcтің ұлы ақыны әрі жазушысы, XIX ғасырдағы ең ірі революцияшыл ақындардың бірі. Феодалдық-юнкерлік реакцияға, неміс ұлтшылдығы мен мещандығына қарсы шықты, бұл үшін Маркс пен Энгельс Гейнені жоғары бағалады; Маркспен жүзбе-жүз таныс болуы және хат жазысып тұруы ақынның саяси жағынан өсуіне зор ықпал жасады. Көзқарастарының барлық қайшылықтарына қарамастан, Гейне, революциялық патриотизмі, реакцияны мейлінше, өлердей жек көруі арқасында жұмысшы табының тарихи ролін түсінуге әбден жақындап қалған, өз заманындағы озат ойшылдардың қатарында болды.— *183.*

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Асквит коалициялық үкіметіне, одан соң Ллойд Джорджның әскери кабинетіне кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты жүргізе беруге үгіттеу үшін Россияға келді. 1919 жылы Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан бастап — біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалы Атқару комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметтеріне бірнеше рет кірді.— *50.*

Грав (Grave), *Жан* (1854—1939) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, анархизм теоретиктерінің бірі. Анархистік органдар «Le Révolté»-нің («Бүлікші») және «La Révolte»-нің («Бүлік») редакторы; анархизм жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. XX ғасырдың бас кезінде анархо-синдикализм позициясында болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, «La Bataille Syndicaliste» («Синдикалистік Күрес») газетінің қызметкері.— *108.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. В. И. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 296-бет) оппортунист деп сипаттады.— *8, 50, 130.*

Дантон (Danton), *Жорж Жак* (1759—1794) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткерлерінің бірі; кәсібі жөнінен адвокат. Монархия құлатылғаннан кейін — жирондистер үкіметінде юстиция министрі, одан соң Париждеп Конвент депутаты, Қоғамды аман сақтау комитетінің мүшесі. Бұқара арасында танымал болған талантты шешен. Интервенттердің армиялары Парижге қарай тез жақындаған 1792 жылдың август — сентябріндегі сын күндерінде Дантон орасан зор жігер, инициатива және батылдық көрсетіп, халықтың күшін революциялық отанды қорғауға жұмылдырды. Кейінірек, революцияның тереңдеуіне және таптық қайшылықтардың шиеленісуіне қарай, революция кезінде байыған жаңа буржуазияның мүддесін білдірген Дантон ауытқып, тұрақсыздық көрсете бастады. Ол революцияны өрістетуге тырысқан якобиншілдерді революцияның барысын бөгеуге тырысқан жирондистермен ымыраластыруға әрекет жасады; революциялық диктатураны әлсіретуге, Францияға қарсы контрреволюциялық коалициямен ымыраласуға шақырды. 1794 жылы 1 апрельге қараған түні Дантон мен оның ең жақын жақтаушылары тұтқынға алынып, Революциялық трибунал сотына берілді және 5 апрельде жазаланып өлтірілді.— *333.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегі ішінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокрити-

цизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық козқарастарын талай рет сынға алды.— *23.*

Ж

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз жəне халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттегі социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады. Жорес демократияны, халық бостандығын қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі арқылы емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Жорестің оны оппортунизм жолына итермелеген реформистік көзқарастарын Ленин қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Дүние жүзілік империалистік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның итаршысы өлтірді.— *115.*

Жуо (Jouhaux), *Леон* (1879—1954) — француз жəне халықаралық кәсіптік қозғалыстың реформистік қайраткері; кәсіподақтардың Амстердам Интернационалының оңшыл лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — шовинист. В. И. Ленин Жуоны «ең пасық социал-сатқындардың бірі» (Шығармалар, 30-том, 346—347-беттер) деп сипаттады.— *253.*

З

Зензинов, В. М. (1881 ж. туған) — эсерлер партиясы басшыларының бірі, оның Орталық комитетінің мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — қорғампаз. 1917 жылы — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиямен блок жасасуды жақтаушы; эсерлердің органы — «Дело Народа» газеті редакторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің дұшпаны, ақ эмигрант.— *52.*

К

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің)

дар жалпыға бірдей сайлау правосын жақтап жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру арқылы «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың қызметіне және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық сапасын қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин, «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *93, 101—102, 213.*

Лафарг (Lafargue), *Поль* (1842—1911) — француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты публицист, Франциядағы ғылыми коммунизмнің алғашқы ізбасарларының бірі, К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын досы әрі серігі. I Интернационалдың мүшесі болды. Ж. Гедпен бірге Франция жұмысшы партиясын құрды, оның органы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің редакторы болды. Лафарг II Интернационалдағы оппортунизмге қарсы белсене күресті, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құттықтады, кейін большевиктерге іш тартып қарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Лафарг саяси экономия, философия, тарих, тіл білімі саласында марксизм идеяларын насихаттады және қорғады; реформизм мен ревизионизмге қарсы күресті. Алайда Лафаргтың еңбектері, атап айтқанда, шаруа және ұлт мәселелері жөнінде, социалистік революцияның міндеттері туралы мәселе жөнінде қате теориялық қағидалардан ада емес еді.— *177.*

Легин (Legien), *Карл* (1861—1920) — немістің оңшыл социал-демократы, неміс кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — Германия кәсіподақтары Бас комиссиясының председателі. 1903 жылдан — Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан — председателі. 1893 жылдан 1920 жылға дейін (арасында үзілістер болды) — герман социал-демократиясынан рейхстагқа депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Веймар республикасы ұлттық жиналысының мүшесі. Буржуазияның саясатын қолдады, пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы күресті.— *3, 50, 53, 130.*

Ленин, В. И. (Ленин, Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *41, 81, 90, 133.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Герман социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі. 1875 жылдан өмірінің ақырына

дейін Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакциялық сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. I Интернационалдың қызметіне және II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады. Сонымен бірге олар Либкнехттің ымырашылдық сипаттағы жекелеген қателерін сынап, оның дұрыс позиция ұстауына көмектесті.— *73, 75, 155, 181, 211.*

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Вильгельм Либкнехттің ұлы, кәсібі жөнінен адвокат.

Социал-демократияның қатарында оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында тонаушылық соғыста «өз» кайзерлік үкіметін қолдауға қарсы шықты. 1914 жылы 2 декабрьде бүкіл рейхстагта жалғыз өзі соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін айуандықпен өлтірілді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет).— *253, 255.*

Лориа (Loria), *Акилле* (1857—1943) — итальян реакцияшыл социологы және экономист, марксизмді бұрмалаушы.— *356.*

Луи-Наполеон — *қараңыз:* III Наполеон.

Луи-Филипп (Louis Philippe) (1773—1850) — француз королі (1830—1848); Франциядағы 1848 жылғы Февраль революциясы кезінде тақтан құлатылды, Англияға қашып кетіп, сонда өлді.— *161, 197.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интерна-

ционалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға ымырашылдықпен қарады.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, айуандықпен өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позиция ұстауына көмектесті.— *122.*

М

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *4, 6—7, 9—10, 17, 19—20, 22, 24—25, 26—27, 28, 29—31, 32, 33—34, 37—38, 39, 40—43, 44—46, 47, 48—49, 50—51, 53, 56—58, 59, 60—66, 71, 72, 77, 79, 82, 89—90, 92, 93—95, 97, 99—102, 103—105, 108, 109, 113—114, 115, 116, 117—120, 122, 124, 126—127, 128, 129, 137, 138, 139, 141—151, 153—155, 175, 179, 183—185, 187, 189, 191—207, 213—219, 231—247, 249, 251, 259, 269—273, 291—295, 305, 313, 323, 327, 331—333, 334, 337, 338, 343—344, 346—348, 349, 353, 354, 367.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы —«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ онымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктеріне ұрынды. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *37.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері. 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі корінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түп-тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран басқа да бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — Француз республикасының президенті. 1924 жылы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1925—1927 жылдары сенатор болып сайланды.— *115.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либералдық халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің козқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде және басқа шығармаларында сыналған.— *11.*

Монтескьё (Montesquieu), *Шарль Луи* (1689—1755) — француздың аса көрнекті буржуазиялық социологы, экономист әрі жазушы. XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағартудың окілі, конституциялық монархияның теоретигі. Негізгі шығармалары: «Парсы хаттары», «Римдіктердің ұлылығы мен құлауының себептері туралы пайымдаулар», «Заңдардың рухы туралы».— *60, 241.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — 1804—1814 және 1815 жылдары француз императоры.— *31, 85, 151, 261.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи; Луи Наполеон) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген

басында ол «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.— *3, 39—40, 50—51, 58, 113, 130, 187, 335, 338, 339, 350, 355.*

Помяловский, Н. Г. (1835—1863) — орыстың демократ-жазушысы. Өзінің шығармаларында самодержавиелік-бюрократиялық Россияның негіздеріне, зорлық-зомбылық пен озбырлыққа қарсы шықты. Помяловскийдің творчествосын Н. Г. Чернышевский және А. М. Горький жоғары бағалады.— *106.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты.— *3, 130.*

Прудон (Proudhon), *Пьер Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономисі және социологы, ұсақ буржуазия идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі, кәсібі жөнінен өріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады. Ол «тегін кредит» арқылы жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына көмектесетін арнаулы «халық банкін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның

ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясы да нақ осындай реакциялық сипатта болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбектерінің өнімдерін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс, сонымен бірге өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді-міс деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, бейбіт жолмен «мемлекетті жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы, немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапартистік төңкерісті мақұлдады, ал бұл төңкерістен кейін Францияда Екінші империя режимі орнаған болатын.— *57—58, 59, 71, 113, 116, 185, 225, 239, 257—259, 293, 327—329.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан бастап Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; герман солшыл социал-демократтарының басылымдарына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Брест бітімін жасасу кезінде — «солшыл коммунист». 1923 жылдан бастап троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны партиядан шығарды; 1930 жылы қайта қабылданды, 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарылды.— *122.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. «Le Peuple» («Халық») (1902—1914), «Le'Humanité» («Адамзат») (1914—1920) газеттерінің редакторы; депутаттар палатасының мүшесі (1914—1919, 1924). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, 1933 жылы партиядан шығарылды; кейіннен шағын неосоциалистік топ құрды.— *3, 50.*

Рокфеллерлер — Америка Құрама Штаттарындағы аса ірі финанс магнаттарының семьясы. Әулеттің негізін салушы — Джон Дэвисон Рокфеллер (Rockfeller) (1839—1937) Америка Құрама Штаттарының мұнай өнеркәсібін өз монополиясына алған «Стандарт ойл» тресін құрды. Қазіргі кезде Рокфеллерлер — Америка

Құрама Штаттарының негізгі финанс-монополиялық топтарының бірі; елдің сыртқы және ішкі саясатын белгілеуде маңызды роль атқарады.— *329.*

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер лидерлерінің бірі. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің дұшпаны.— *3.*

Руге (Ruge), *Арнольд* (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазияшыл радикал. 1844 жылы Парижде К. Маркспен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-Француз Әржылдығы») журналын шығарды (алғашқы қосарланған кітабы шықты). Көп кешікпей Маркс Ругемен байланысын үзді. 1848 жылы Руге Франкфурт ұлттық жиналысының депутаты болды, сол қанатқа қосылды; 50-жылдары — Англиядағы неміс ұсақ буржуазияшыл эмиграциясы лидерлерінің бірі; 1866 жылдан кейін — национал-либерал, Бисмаркты жақтаушы, баспасөзде Пруссияның билеуімен Германияны біріктіруді жақтады.— *367.*

Русанов, Н. С. (1859—1939) — публицист, халық ерікшілі, кейін эсер. Эмиграцияда болған кезінде Ф. Энгельспен кездескен. 1905 жылы Россияға қайтып келді, бірқатар эсерлік газеттерді редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *52.*

С

Самба (Sembat), *Марсель* (1862—1922) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі, журналист. 1893 жылдан бастап депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1914 жылғы августан 1917 жылғы сентябрьге дейін Францияның империалистік «ұлттық қорғаныс үкіметінде» қоғамдық жұмыстар министрі болды. 1915 жылдың февралында Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясына қатысты; бұл конференция оларды социал-шовинизм программасы негізінде біріктіру мақсатында шақырылған болатын.— *50, 53.*

Сандерс (Sanders), *Даниель* (1819—1897) — неміс тілі маманы, профессор; неміс тілінің бірқатар сөздіктерін құрастырушы.— *183—185.*

Скобелев, М. И. (1885—1939) — 1903 жылдан бастап меньшевиктер қатарында социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі председателінің орынбасары, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті председателінің

орынбасары; 1917 жылғы майдан авгусқа дейін — буржуазиялық Уақытша үкіметте еңбек министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, кооперация жүйесінде, одан соң Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан РКП(б) мүшесі, жауапты шаруашылық жұмысында болды, 1936—1937 жылдары Бүкіл одақтық радио комитетінде істеді.— *16, 51.*

Спектатор — қараңыз: Нахимсон, М. И.

Спенсер (Spencer), *Герберт* (1820—1903) — ағылшын философы, психолог әрі социолог, позитивизмнің көрнекті өкілі, қоғамның органикалық теориясы дейтіннің негізін салушылардың бірі. Әлеуметтік теңсіздікті ақтауға тырысып, Спенсер адам қоғамын хайуанаттар организміне ұқсатты және тіршілік үшін күрес жөніндегі биологиялық ілімді адамзат тарихына көшіре салды. Спенсердің реакциялық философиялық және социологиялық көзқарастары оны ағылшын буржуазиясының ең танымал идеологтарының бірі етті. Негізгі еңбегі —«System of Synthetic Philosophy», 1862—1896 («Синтездік философия жүйесі»).— *11.*

Стаунинг (Stauning), *Торвальд Август Маринус* (1873—1942) — Данияның мемлекет қайраткері, Дат социал-демократиясы мен II Интернационалдың оңшыл лидерлерінің бірі; публицист. 1906 жылдан — дат парламентінің мүшесі. 1910 жылдан — Дат социал-демократиялық партиясы мен оның парламенттегі фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинистік позицияда болды. 1916—1920 жылдары — Данияның буржуазиялық үкіметінде портфельсіз министр. Бұдан былай социал-демократиялық үкіметті және буржуазиялық радикалдар мен оңшыл социал-демократтардың коалициялық үкіметтерін басқарды.— *50, 130.*

Стеклов, Ю. М. (1873—1941) — профессионал революционер, социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында РСДРП-ның Орталық Органы —«Социал-Демократ» газетіне, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «революциялық қорғампаздық» позиция ұстады; кейіннен большевиктер жағына шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, «Известия ВЦИК» газетінің, «Советское Строительство» журналының редакторы, 1929 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитет председателінің орынбасары. Революциялық қозғалыс тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *145.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары —

«жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның баспасөз органы —«Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *43.*

Т

Тревес (Treves), *Клаудио* (1868—1933) — Итальян социалистік партиясы реформист лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партия лидерлерінің бірі болды.— *131.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі. 90-жылдары —«жария марксизмнің» көрнекті өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украин орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері», «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» және басқалар.— *103.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі (1892), оның оңшыл, реформистік қанатының лидері. 1896 жылы парламентке сайланып, онда социалист-реформистер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *131.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазияшыл мемлекет қайраткері және тарихшы. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды.

Тарихшы ретінде Реставрация дәуіріндегі тарихнаманың буржуазиялық бағытына қосылды. Тьердің Франция тарихындағы ролін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 324—330-беттер).— *145.*

Ф

Франкель (Frankel), *Лео* (1844—1896) — венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен зергер-жұмысшы. 60-жылдары жұмыс іздеп Германияға келді, содан кейін Парижге барды, онда Франциядағы неміс жұмысшылары одағы басшыларының бірі болды. Франкельдің инициативасымен бұл ұйым I Интернационалға қосылды. 1871 жылы мартта Франкель Париж Коммунасының мүшелігіне сайланды; оның атқару комиссиясының құрамына енді, ал кейін еңбек, өнеркәсіп және сауда істері жөнінде делегат (министр) болды. Коммуна жеңіліске ұшырағаннан кейін Лондонға эмиграцияға кетті, онда I Интернационалдың Бас советі құрамына енгізілді және 5 жыл бойы Австро-Венгрия және Чехия бойынша корреспондент-секретарь болып істеді. Франкельдің және оның жауынгер жолдастарының қажымас революциялық қызметінің нәтижесінде 1880 жылы апрельде Венгрияда тұңғыш социалистік жұмысшы партиясы құрылды. Өмірінің соңғы жылдарында Франкель француз және неміс социалистік баспасөзіне белсенді қатысты, II Интернационалды құруға айтарлықтай ат салысты, II Интернационалдың Құрылтай конгресінің (1889) председателі орынбасарларының бірі болды.— *137, 155.*

Ц

Церетели, И. Г. (1882—1959) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, қорғампаз. 1917 жылы майда почта және телеграф министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді, июль оқиғаларынан кейін — ішкі істер министрі, большевиктерді ойрандата қудалауға дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Церетели Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметі басшыларының бірі болды. Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін — ақ эмигрант.— *3, 16, 51, 83—84, 88, 107—108, 130.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлердің орталық органы —«Революционная Россия» газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында солшыл сөздер-

---

МАЗМҰНЫ

«МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ»
КІТАБЫНА
ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

СУРЕТТЕР

ЛЕНИН В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды/ В. И. Ленин; Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: «Қазақстан».—

Т. 33. Мемлекет және революция.— 1978.— 469 бет.

3К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
А. Д. Копцева

Дайындаушының көмекшісі
Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындаған
М. М. Вассер

Редактор *Г. Д. Обичкин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 973

Сдано в набор 25.10.78. Подписано к печати 20.12.79. Формат 84×108[1]/32. Бумага типографская № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Высокая печать. Физ. печ. л. 15,5+5 вклеек 3/8 печ. л. Усл. печ. л. 25,67. Уч.-изд. л. 23,54. Тираж 15 000 экз. Зак. № 78. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480009, г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.
Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.